Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.06:159.923.2 (043)

Қолжазба құқығында

УТЕМИСОВА ЖАННА ЕРБОСЫНОВНА

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру

8D01101- Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы.,
профессор Абдигапбарова У.М.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, қауымд.профессор Gokhan Atik
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....3
АНЫҚТАМАЛАР.....4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....6
КІРІСПЕ.....7
1 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ......19
1.1 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі ұғымының мәні.....19
1.2 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары.....33
1.3 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру – психологиялық-педагогикалық проблема.....50
2 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ.....63
2.1 Еріктілік іс-әрекет процесінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері 63
2.2. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары.....86
2.3 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....101
3 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ 117
3.1 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың диагностикасы.....117
3.2. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясы мен оны жүзеге асыру.....133
3.3.Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері.....155
ҚОРЫТЫНДЫ.....178
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ......183
ҚОСЫМШАЛАР.....202

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы.
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248

Қазақстан Республикасында волонтерлікті дамыту мен қолдаудың 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы
https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanaiusunkolaudanyakimat/documents/details/743466?ysclid=moypewit90412875942

«Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI Заңы (2025.22.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000042

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы 08 қыркүйек 2025 https://www.akorda.kz/kz/addresses

АНЫҚТАМАЛАР

Аксиология - құндылықтар туралы ғылым. Адамның жеке және қоғамдық өміріндегі құндылықтардың табиғаты, пайда болуы, дамуы және функцияларын зерттейтін философияның бір саласы.

Алғыс хат– атқарылған жұмыс, көрсетілген кәсіби және тұлғалық қасиеттер, ерекше үлес үшін волонтерге алғыс білдіретін іскерлік хат. Ол ынталандыру құралы болып табылады.

Альтруизм (жанкештілік) - жеке бас мүддесінен бас тартып, өзгелердің игілігі үшін әрекет етуге негізделген моральдық ұстаным.

Әлеуметтік белсенділік – тұлғаның немесе әлеуметтік топтың қоғамдық өмірге қатысу дәрежесін сипаттайтын категория. Ол әлеуметтік институттардағы ерікті іс-әрекеттен бастап, қоғамдық қозғалыстар мен саяси-экологиялық акцияларға дейінгі әртүрлі формаларды қамтиды.

Әлеуметтік детерминанттар – экологиялық сана мен әлеуметтік белсенділіктің деңгейіне ықпал ететін әлеуметтік факторлар. Бұған жас ерекшелігі, жыныс, аймақ, әлеуметтік мәртебе, отбасылық құндылықтар мен білім беру деңгейі жатады.

Әлеуметтік жауапкершілік – бір жағынан тұтас тұлғалық қасиет болса, екінші жағынан нақты іс-әрекет түрлеріне байланысты (оқу, кәсіби, қоғамдық) құрамдас бөліктерге жіктелетін күрделі құрылым.

Әлеуметтік капитал – әлеуметтік байланыстарға, өзара сенімге, ынтымақтастыққа негізделген ресурстар жиынтығы. Жастардың экологиялық қозғалыстарға қатысуында әлеуметтік капитал олардың белсенділігін арттыратын маңызды фактор ретінде көрінеді

Донорлық (қан тапсыру еріктілігі) – қан мен оның компоненттерін ерікті түрде тапсыруды насихаттауға бағытталған еріктілік қызмет. Оған донорлық акцияларды ұйымдастыруға көмектесу, ағартушылық жұмыстар жүргізу, қан және оның компоненттерін тапсыру жатады.

Ерікті – Еріктілік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

Еріктілік - бұл әлеуметтік-мәдени және этикалық-философиялық құбылыс ретінде адамның өз еркімен, мәжбүрлеусіз және өтеусіз негізде қоғам игілігі үшін қызмет етуге немесе көмек көрсетуге ұмтылысын білдіретін азаматтық белсенділіктің көрінісі.

Еріктілік іс-әрекет - мәжбүрлеусіз жүзеге асырылатын, әлеуметтік маңызы бар мақсаттарға жетуге бағытталған және осы іс-әрекетке қатысушы тұлғаға әлеуметтендіруші әсер ететін іс-әрекет түрі.

Еріктілер тобы – осы Заңда белгіленген нормалар қолданылатын, еріктілік қызметті бірлесіп жүзеге асыру мақсатында құрылған жеке тұлғалардың тіркелмеген ерікті қоғамдастығы;

Еріктілік акция – еріктілік ұйым және (немесе) еріктілер және (немесе) еріктілер тобы орындайтын нақты әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндетті шешуге бағытталған іс-шара;

Еріктілік бағдарлама (жоба) – еріктілік ұйым және (немесе) еріктілер және (немесе) еріктілер тобы орындайтын іс-шаралар мен күтілетін нәтижелер көрсетіле отырып, әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге бағытталған жүйелі шаралар кешені;

Еріктілер қызметі – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделерінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын, әлеуметтік бағыттағы ерікті, ерік қалауымен орындалатын қоғамдық пайдалы қызмет;

Жауапкершілік – адамның өз іс-әрекеттері мен әрекеттерінің нәтижесі үшін есеп беру қажеттілігі мен міндеті.

Қайырымдылық - мұқтаж жандарға материалдық немесе рухани көмек көрсету арқылы қоғамға пайдалы іс-әрекет жасау.

Медиаеріктілік – қоғам үшін маңызды оқиғалар төңірегінде ақпараттық кеңістік қалыптастыруға және әлеуметтік жобаларды ақпараттық қолдауға бағытталған еріктілік қызмет. Оған контент жасау және оны БАҚ пен әлеуметтік желілерде тарату (фотограф, журналист, SMM-маман, бейнеоператор ретінде) жатады.

Сауалнама жүргізу– ең кең таралған сұрау салу әдісі, мұнда коммуникация сауалнама мәтіні арқылы жүзеге асырылады. Ол волонтерлікке үміткердің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтауға бағытталған.

Ұсыным хат– еріктінің жұмысы мен жеке қасиеттері туралы пікір беретін құжат, яғни еріктінің мінездемесі. Еркін формада жазылады. Оның мақсаты – адамның болашақ еріктілік жобаға, жұмысқа қабылдануына, портфолиоға немесе жоғарылатылған стипендия алуға қажетті маңызды қасиеттерін көрсету.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

DEAL - Describe, Examine, Articulate Learning
ORID - Objective, Reflective, Interpretive және Decisional
PhD – философия докторы
UNV – United Notion Volunteers
VFI – Volunteer Functions Inventory
БТ-бақылау тобы
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы ЮНЕСКО - (UNESCO – United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым-білім және мәдениет бойынша мәселелерімен айналысатын саласы (ұйымы).
ЖОО - жоғары оқу орны
КЕҰ (НКО) – Коммерциялық Емес Ұйымдар
ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ҚР – Қазақстан Республикасы
т.б. – тағы басқа
ҮЕҰ(НПО) – Үкіметтік Емес Ұйымдар
ХЕҰ -Халықаралық Еңбек Ұйымы
ЭТ-эксперимент тобы

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта қоғамда орын алып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мен жасанды интелектінің қарқынды дамуы жағдайында өскелең ұрпақ пен жастарды тәрбиелеуге жаңа талаптар қойылып отыр. Олардың бірі болып өз бетінше шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, серпінді және бәсекеге қабілетті, ел тағдырына және оның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне арналған жауапкершілік сезіміне ие бастамашыл тұлғалар қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жастардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мәселесін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы үлкен.

Қазақстан Республикасы бүгінгі білім беру жүйесінің цифрландыру мен жасанды интеллектіні ендіруге бағытталуымен қатар оқу-тәрбие үдерісінде жалпыадамзаттық, ұлттық, этномәдени және тұлғалық құндылықтарды үйлестіруге, білім алушының бойында біртұтас ізгілікті дүниетанымды қалыптастыруға, олардың азаматтық санасы мен өмір сүру дағдыларын, әлеуметтік біліктерін дамытуға арналғандығы сондықтан.

Білім алушылардың әлеуметтік біліктерінің даму деңгейі қоғамдық іс-шараларды жүзеге асыру барысындағы іс-әрекеттерінде көрініс табады. Соның ішінде еріктілік бастамалар – Қазақстан үшін өте өзекті тақырыптардың бірі. Өйткені қоғам игілігі үшін атқарылатын ерікті еңбектің әрбір адам үшін маңызды екендігін және оның елдің табысты дамуының негізгі шарттарының бірі болып саналатындығын жастардың санасына сіңіру аса қажет. Еріктілік іс-әрекет тұлғаның әлеуетін ашудың, ізгілікке тәрбиелеудің және білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамытудың ең тиімді әрі оң құралдарының бірі. Оның үстіне қазіргі таңда еріктілік іс-әрекет - оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық тәрбиелік тәсіл тұрғысынан адалдықтың, әділеттіліктің, мейірімділіктің, жауапкершіліктің, достықтың, ізгіліктің, төзімділік пен жасампаздықтың институты.

Қазақстан азаматтарының елдің қайырымдылық және әлеуметтік өміріне белсенді түрде қатысуы көкейкесті. Осыған байланысты мемлекетте еріктілік іс-әрекетін дамыту – жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі тұрғысынан жастарды дамытудағы жаһандық үрдістермен үндеседі. Бұл бағыт бірнеше мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттармен бекітілген.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары оқу орындарының «үшінші миссиясын» жүзеге асыру аясында олардың қоғаммен өзара байланысын күшейту, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуы және студенттердің қоғамдық белсенділігін арттыру қажеттілігі атап өтіледі. Құжатта білім алушыларды қоғамдық қызметке тарту, азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар жобалар арқылы волонтерлік қозғалысты дамыту көзделген. Осы бағыттар студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады [1].

Қазақстан Республикасында еріктілікті дамыту мен қолдаудың 2024–2026 жылдарға арналған Жол картасында еріктілік іс-әрекетті қоғамның әлеуметтік дамуының маңызды факторы ретінде қарастыру көзделген. Құжатта волонтерлікті мемлекеттік деңгейде қолдау, оның инфрақұрылымын дамыту, жастарды және студенттерді кеңінен тарту, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар жобалар арқылы азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыру қажеттілігі атап өтіледі. Сонымен қатар, еріктілік іс-әрекетті жүйелендіру, оның бағыттарын әртараптандыру және цифрлық құралдарды енгізу арқылы тиімділігін арттыру міндеттері белгіленген. Бұл өз кезегінде қоғамда әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың және азаматтық белсенділікті дамытудың өзекті бағыты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік іс-әрекет — студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық сана-сезімін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Еріктілік іс-әрекет жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырумен қатар, олардың адамгершілік құндылықтарын, қоғамдық ортаға пайдалы іс жасауға ұмтылысын дамытады. Бұл іс-әрекет барысында студент өз әрекетінің қоғам өміріне тигізетін ықпалын түсініп, өзге адамдардың жағдайына бейжай қарамауды, өзіне және өз ортасына жауапкершілікпен қарауды үйренеді [2].

2016 жылғы 30 желтоқсандағы №42-VI «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы еріктіліктің құқықтық негіздерін айқындап, еріктілердің құқықтары мен міндеттерін [3], сондай-ақ мемлекеттік қолдау тетіктерін белгілейді (Заңға соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2025 жылы енгізілді»).

Аталған нормативтік база еріктілік инфрақұрылымының белсенді дамуына, ұлттық және өңірлік қолдау орталықтарының құрылуына елеулі ықпал етті. World Bank ұйымының «Global Youth Development Report» баяндамасында Қазақстанның еріктілік бастамалары дамушы елдер үшін үлгі ретінде аталып, еріктіліктің жоғары білім беру бағдарламаларына табысты интеграцияланғаны ерекше көрсетілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жаңа басталған жылды Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл – еліміздің жаһандық деңгейдегі гуманитарлық бағыттағы кезекті тарихи жетістігі тұрғысынан зерттеудің көкейкестілігін арттырады. Сондай-ақ еріктілік іс-әрекетті Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды тірегіне айналды. Сол себепті Мемлекет басшысы «Еріктілер – адамгершілік құндылықтарды ту еткен, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді сериктестікті нығайтатын шынайы патриоттар. Жанқиярлық пен мейірімділік – қазақ халқына тән қасиет, осы құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру маңызды», деп үнемі айтып келеді [4].

Халықаралық жыл аясында былтыр елімізде алғашқы жартыжылдықта еріктілердің қатысуымен 27 мыңнан аса іс-шара ұйымдастырылды. «Игі істер марафоны» жобасы да қоғам тарапынан кең қолдау тапты. Отандастарымыз әлеуметтік, экологиялық және мәдени бағыттарды қамтыған 9 мыңнан аса игі іс

атқарып, жобаға 40 мың азамат қатысты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ТМД Үкімет басшылары кеңесінің шешімі бойынша жыл сайынғы Достастық елдері еріктілер форумы ұйымдастырылатын болды. Оған сай ереже әзірленіп, оның негізінде жыл сайынғы Еріктілер форумы құрылды. Алғашқы форум биыл Астана қаласында өтті. Бұған қоса республиканың түрлі аймақтарында 10 мақсатты топтың кездесуі өтті. Толық қаржыландыру бағдарламасы аясында 2025 жылы Кения, Түркия және Таиланд елдеріне 7 қазақстандық ерікті барып, күні бүгінде өз жұмысын абыроймен атқарып жатыр.

Еріктілер қарттар және балалар үйлерінде көмек көрсетіп, құтқару жұмыстарынан бастап оқыту жобаларына дейін түрлі салада белсенділік танытып жүр. Есесіне 2025 жылы елдегі еріктілер саны 300 мыңға жуықтады. Олардың қатарында 6 мың «күміс» ерікті және 810-нан аса еріктілер ұйымы бар.

Жалпы, ел аумағында еріктілер бастамалары қатары көбейді. Жақсылық жасауға ұмтылған, қоғамға пайдасын тигізуді мақсат еткен белсенді азаматтар да жыл санап артып келеді. Ел көлемінде Ұлттық фронт-кеңсе мен 20 өңірлік фронт-кеңсе жұмыс істейді, бірыңғай Call-орталық қызмет көрсетеді және Qazvolunteer.kz ұлттық онлайн-платформасы іске қосылған. Осындай жүйелі жұмыстың арқасында былтыр 56 еріктілік жоба іске асырылып, жергілікті бастамаларды дамыту үшін 60 шағын грант бөлінді. Осы жылы да Қазақстан еріктілік қозғалыстың негізін нығайтуды жалғастыра береді.

Осы айтылып өткендер жоғары оқу орындарында еріктілік іс-әрекетті студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуының бір бөлігі ретінде ұйымдастыру – уақыт талабы екендігін дәлелдейді және зерттеуді өзектендіре түседі. Еріктілік іс-әрекетке мемлекет тарапынан қолдау күшейіп, еріктілер санының жыл сайын артуына қарамастан, студент жастардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мәселесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өйткені еріктілік іс-әрекеттің негізгі мақсаты тек қоғамдық белсенділікті арттыру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапты тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік жауапкершілік мәселесі философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары салаларында зерделенген.

Алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері мен отандық ғалымдардың зерттеулеріне жүргізілген талдаулар зерттеу мәселесінің көпжақты әрі күрделі екендігін көрсетеді.

Әлеуметтік жауапкершілік мәселесін зерттеуде халықаралық ғылымда әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Ең танымал зерттеулердің бірі A.Carroll-дың CSR пирамидасы, ол әлеуметтік жауапкершілікті төрт деңгейде қарастырады: экономикалық, құқықтық, этикалық және филантропиялық. Бұл иерархиялық зерттеу әлеуметтік жауапкершіліктің экономикалық негізге тірелетінін көрсетсе, J.Elkington-ның «Үш қорытынды сызық» (TBL) моделі тек қаржылық емес, әлеуметтік және экологиялық нәтижелерді де өлшеу қажеттігін алға

тартады. Қазіргі заманғы зерттеулерде Bustamante-Ubilla және авторласы әлеуметтік жауапкершілікті 15 фактор мен 66 айнымалы арқылы өлшейтін күрделі факторлық модель ұсынса, Bergsteiner мен Avery жауапкершілік пен есептіліктің сегіз құрамды процестік моделін жасаған.

Әлеуметтік жауапкершіліктің жалпы теориялық негіздері Г.М.Андреева, Л.А.Барановская, О.В.Доневой, И.А.Панарина, В.И.Сперанский еңбектерінде жан-жақты сипатталған. Бұл зерттеулерде әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымдық ерекшеліктері, тұлғаның әлеуметтік кеңістікке бейімделуіндегі рөлі, мінез-құлықтық модельдермен байланысы кеңінен талданған.

Әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеудің философиялық аспектілері Б.С.Барулин, Х.А.Головко, А.И.Ореховский, И.Ф.Бережной, Н.М. Борытко, М.В.Шакурова және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Олар білім берудің заманауи тұжырымдамаларын талдап, университеттің білім беру кеңістігінде қолдану жолдарын ұсынады. Бұл ғалымдар әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның этикалық, дүниетанымдық және болмыс мәндік ұстанымдарымен байланыстырып сипаттайды.

Жауапкершіліктің моральдық, педагогикалық және әлеуметтік аспектілері С.Ф.Анисимова, А.А.Гусеинова, О.Г.Дробницкий, Х.А.Минкина, В.И.Сперанскийдің ғылыми жұмыстарында зерттелген. Олар жауапкершілікті тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы мен қоғамдық қатынастардағы орны арқылы аша отырып, оны тәрбиелеу үрдісіндегі құндылықтық бағдарлармен байланыстырады.

Әлеуметтік жауапкершіліктің психологиялық-педагогикалық аспектілері Б.В.Абульханова-Славская, А.А.Деркач, Е.Ф.Зер, С.Л.Рубинштейн және т.б. психологтардың еңбектерінде қарастырылған. Бұл еңбектерде тұлғаның ішкі мотивациялық құрылымы, моральдық рефлексия, еркін таңдау және өзін-өзі жүзеге асыру механизмдері арқылы әлеуметтік жауапкершілік ұғымы түсіндіріледі.

Жоғары оқу орындары студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мәселелері Л.А.Барановская, М.Г.Иванов зерттеулерінде қарастырылған. Ғалымдар өз зерттеулерінде студенттердің оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуын олардың азаматтық белсенділігін арттырып, әлеуметтік бейімділігін қалыптастыратынын дәлелдеген.

Алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері арасынан біздің зерттеуімізге жақын келетін зерттеулерде жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру (Н.В.Антипина, Е.Н.Бобкова, А.П.Трубников), жасөспірімдердің әлеуметтік жауапкершілігін әлеуметтік маңызды іс-әрекет, мектеп және ауылдық қауымдастық жағдайында дамыту (С.Л.Сидоркина, О.А.Лаврентьева, Р.К.Абубакирова), әскери жоғары оқу орындары курсанттары мен әскери қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру (С.Н.Васильев, Ш.Ш.Пирогланов), студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін құқықтық тәрбие, социомәдени білім беру ортасы және кәсіби даярлық жағдайында дамыту (М.Г.Иванов,

О.Р.Кривошеева, Л.А.Барановская, Е.И.Коваленко), болашақ әлеуметтік жұмыс мамандарының моральдық жауапкершілігі мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру (Т.Х.Хаджимурадова, Х.У.Ярычева), әлеуметтік интеллектіні дамыту мәселелері (Э.Д.Арсанукаева) жан-жақты қарастырылған. Бұл еңбектерде білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекетінде қалыптастыру мәселесі зерттелмеген.

Психология ғылымы саласында жастар көшбасшыларының әлеуметтік жауапкершілігінің психологиялық тетіктері (И.А.Панарин), философия ғылымында әлеуметтік жауапкершіліктің мәні мен мазмұны (В.Н.Подшивалов, А.В.Белов), құқықтану ғылымында құқықтық жауапкершіліктің әлеуметтік жауапкершілік жүйесіндегі орны (Е.В.Родионова) зерттелген.

Экономика және менеджмент салаларындағы зерттеулерде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік жауапкершіліктің институционалдық негіздері және тәуекелдерді басқару стратегиясындағы рөлі (Kristina Kovacevik, Anna Hajdu, Shayan Ali Khan, Tatjana Minulla) қарастырылған.

Қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінде әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу мен қалыптастырудың педагогикалық негіздері (А.Қ.Нургалиева, Д.С.Шахметова, А.А.Конырова,); студенттердің әлеуметтік белсенділігі, әлеуметтік құзыреттілігі және әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселелері (Е.В.Бутова, Ә.Н.Умербекова, Б.Б.Атабекова); әлеуметтік жауапкершіліктің әлеуметтік-философиялық негіздері мен әлеуметтік әділеттілік мәселелері (А.Б.Амантаева, А.Ө.Тоқсамбаева, Ж.Н.Бекенова, Б.Ж.Тұрсынбаева); әлеуметтік жауапкершіліктің әлеуметтік-мәдени, корпоративтік және қоғамдық негіздері (С.Б.Галимжанова, Ө.Д.Сандықбаева, Г.Н.Булдыбаева, Т.Б.Тауекелова); әлеуметтік өзара әрекеттесу, әлеуметтік интеллект және тұлғааралық қатынастардың психологиялық механизмдері (Е.П.Ли, А.Ж.Дюсенова); әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, әлеуметтік оңалту және әлеуметтік жұмыс мәселелері (Б.З.Отарбаева, К.М.Арымбаева, Д.Д.Мукашева, Р.Е.Кусаинова) зерделенген.

Соның ішінде біздің зерттеу тақырыбымызға мазмұны жағынан жақын келетін еңбектердің қатарында А.А.Конырованың педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеуін ерекше атап өтуге болады. Автор әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттарын негіздеп, жоғары білім беру жүйесінің тәрбиелік мүмкіндіктерін қарастырған. Алайда бұл зерттеуде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесі арнайы қарастырылмаған.

Еріктілік іс-әрекеттің жастардың азаматтық және әлеуметтік белсенділігін дамытудағы ықпалы А.Б.Бархаева, И.Н.Григорьева, Т.А.Садчикова, М.В.Шакурова және Донна Локхарт еңбектерінде теориялық тұрғыда негізделеді. Бұл авторлар еріктілік іс-әрекеттің жас ұрпақтың өзін-өзі

танытуына, әлеуметтік маңыздылық сезімін жетілдіруге, қоғамдық процестерге тартылуына ықпал ететінін дәлелдеген.

Студенттерді еріктілік іс-әрекетке педагогикалық тұрғыдан дайындау мәселесі Н.В.Маковейдің диссертациялық жұмысында арнайы зерттеліп, еріктілікке даярлықтың мазмұны, әдістері мен шарттары сипатталған.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде Қазақстандағы еріктіліктің бастау көздері, тарихы және қазіргі жағдайы (Г.И.Чемоданова, Н.И.Горлова, Б.Н.Уздембаева, П.Дмитриев); студент жастардың еріктілік жеке-психологиялық детерминанттары (Р.К.Дюсембинова, А.Р.Рымханова, С.А.Абильдина, Р.М.Каримова); Қазақстан Республикасындағы экологиялық еріктілік қозғалыстың дамуы (С.Длимбетова, К.Н.Булатбаева, С.У.Абенова)**;** Қазақстанның жоғары оқу орындарында экологиялық еріктілік іс-әрекетті басқару (Д.Е.Акимиш); интернетке тәуелділікті еңсерудегі еріктіліктің рөлі (Ж.З.Торыбаева, М.У.Тусеев, Д.С**.**Жаркинбаева**)** еріктілік іс-әрекетті ұйымдастыру технологиялары (А.Н.Айтымова, А.М.Малибаева) қазақстандық жастарды еріктілікке баулу (В.Ю Славецкий) және т.б. мәселелері қарастырылған.

Зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерге жасалған талдау студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың маңыздылығын көрсетті. Алайда ғалымдардың осы мәселеге әр түрлі көзқарас тұрғысындағы зерттеулеріне қарамастан студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесінің арнайы жете зерттелмегендігі мен оны оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырудың жеткіліксіздігі зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Ол бізге қоғам сұранысы мен бүгінгі ғылым мен тәжірибе арасында төмендегідей ***қарама-қайшылықтардың*** бар екендігін көрсетті:

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға қоғам сұранысы мен оның теориялық-әдіснамалық негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі арасындағы;
- еріктілік іс-әрекеттің әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы жоғары мүмкіндіктері мен оның практикада жеткілікті қолданылмауы арасындағы;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесіне қалыптастыру қажеттілігі мен оның технологиясының жасалмауы арасындағы;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесіне қалыптастыру технологиясын практикаға ендіру қажеттілігі мен оның оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылмауы арасында.

Осы көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін табуы қажеттілігі зерттеу *мәселесін* анықтады. Сондай-ақ диссертациялық зерттеу тақырыбын «**Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру**» деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, технологиясын жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық процесс

Зерттеу пәні: студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру

Зерттеудің болжамы: ***егер*** студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, еріктілік іс-әрекеттің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері анықталса, олардың әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекетінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары негізделіп, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалса, оны практикаға ендірудің технологиясы әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы негізінде дәлелденсе, ***онда*** олар қазіргі қоғамның сұранысына жауап бере алатын әлеуметтік жауапкершілігі жоғары дамыған студенттің қалыптасуына ықпал етеді. ***Өйткені*** еріктілік іс-әрекет жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық процесінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылып, ғылыми тұрғыда негізделіп, практика ендіру технологиясы мазмұндық-ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыздандырылады және *еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік, мінез-құлықтық* қалыптастыру кезеңдерімен жүзеге асырылады. Нәтижесінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін көрсететін *тұлғалық қасиеттері, интеллектуалдық білімдері, әлеуметтік біліктері, мінез-құлық* сапалары қалыптасады.

Зерттеудің міндеттері:

- теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде «студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі» ұғымының мәнін нақтылау;
- еріктілік іс-әрекет процесінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін айқындау;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтау, құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясын әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: еріктілік іс-әрекет процесінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру жасанды интеллектінің қоғамның барлық салаларына қарқынды енуі жағдайында олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысу, әлеуметтік құндылықтарды бағалау мен қолдау, топтық және жеке шешімдерді қабылдай

білу біліктерін арттырып, әлеуметтік белсенді және азаматтыққа жауапты тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: Зерттеу барысында студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық теориялары, философиялық және әлеуметтану тұжырымдары, сондай-ақ «әлеуметтік жауапкершілік» және еріктілік іс-әрекет арқылы әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру бойынша отандық және шетелдік зерттеулердегі қағидаттар негізге алынады.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасында еріктілер қызметін дамыту тұжырымдамасы және жастар саясатының мемлекеттік бағдарламасы әлеуметтік жауапкершілік, еріктілік іс-әрекет мәселелеріне арналған философиялық, әлеуметтану, психологиялық-педагогикалық зерттеулер; Қазақстан Республикасында жоғары кәсіби білім беруді дамытуға арналған нормативтік құжаттар; жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға негізделген озық және инновациялық тәжірибелер негізге алынады. Сондай-ақ, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет арқылы дамытуға арналған бағдарламалар мен олардың тиімділігін бағалауға арналған критерийлер мен көрсеткіштер әдістемелік негіз ретінде қабылданды. Докторанттың жеке ғылыми іс-тәжірибелері қолданылады.

Зерттеу кезеңдері: *Бірінші кезең* (2022–2023 ж.ж.) – студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалып, мәселенің зерттелу деңгейіне теориялық талдау жасалды. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты (зерттеудің көкейкестілігі, қарама-қайшылықтары, нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы және т.б.) айқындалды. Теориялық талдау негізінде «әлеуметтік жауапкершілік», «студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі», «еріктілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланып, олардың құрылымы анықталды. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері айқындалып, зерттеу әдістері таңдалды. Сонымен қатар, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың қазіргі жағдайы зерделеніп, оны жетілдірудің мүмкіндіктері айқындалды.

Екінші кезең (2023–2024 ж.ж.) – студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Аталған дамудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды және соған сәйкес деңгейлері (жоғары, орта, төмен) нақтыланды. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі дамуының бастапқы деңгейі айқындалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңі ұйымдастырылды. Алынған деректер талданып, жүйеленді, зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми мақалалар баспаға жіберілді.

Үшінші кезең (2024–2026 ж.ж.) – зерттеу мәселесі бойынша студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясының мазмұны оны жүзеге асыру әдістемесі әзірленді. Қалыптастыру эксперименті жүргізілді. Қорытындылау экспериментінде эксперименттік зерттеу нәтижелері өңделіп, салыстырмалы талдау жасалды, қорытындылар шығарылып, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді. Диссертациялық жұмыс толықтай рәсімделді.

Зерттеудің әдістері: Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруда теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуде бірін-бірі толықтыратын зерттеудің кешенді әдістері қолданылды:

Теориялық: философиялық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтану саласы бойынша әдебиеттерді талдау, жүйелеу және жалпылау, диссертациялық зерттеулер мен мерзімді басылымдарды зерделеу;

Эмпирикалық: әңгімелесу, педагогикалық бақылау, эксперимент, психологиялық тесттер мен сауалнамалар;

Статистикалық: зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау, IBM SPSS Statistics 27 бағдарламасы, Microsoft Excel бағдарламасында құрастырылып, өңделді, Вилкоксонның t-критерийі.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

Зерттеудың ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалып, «студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі» ұғымының мәні нақтыланды, құрылымы мен мазмұны жасалды;
- «еріктілік іс-әрекет» ұғымының мәні нақтыланып, еріктілік іс-әрекеті процесінің мәнді сипаттамасы жасалды; еріктілік іс-әрекет процесінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері айқындалды;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясы әзірленді және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Volunteer Hub еріктілер хабы Ережесі мен іс-шаралары мазмұны;
- «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасының мазмұны;
- «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасының мазмұны;
- «SAQ Officers» жобасы мазмұны жасалып, олардың тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.

Зерттеудің теориялық нәтижелерін және технологиясын, оның жүзеге асуын қамтамасыздандыратын практикалық материалдарды, негізделген ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен ұсыныстарды жоғары оқу орындарында және орта білім беруден кейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептердің тәрбие ортасында, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру институттарында және педагогтарды қайта даярлау орталықтарында пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- ***«студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі*** дегеніміз - оның қоғам мен қоршаған ортаның игілігі үшін саналы тұрғыдан ізгі ісін жүзеге асырудағы тұлғалық қасиеттерінің, интеллектуалдық білімдерінің, әлеуметтік біліктерінің, мінез-құлық сапаларының жиынтығы; Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің *тұлғалық қасиеттеріне* қажеттілік, ерік-жігер, өзін-өзі реттеу жатады, *интеллектуалдық білімдеріне* қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар, моральдық пайымдаулар, *әлеуметтік біліктерге* өзараәрекеттестік, коммуникативтілік, нәтижеге ерісу, *мінез-құлық сапаларына* адалдық, белсенділік, жауапкершілік енеді.

- «***ерікті*** – қоғам алдындағы міндеттерді өз мойнына алып, мәжбүрлеусіз, ақысыз, риясыз жұмыс атқарушы тұлға», ал «***еріктілік*** - қайырымдылық мәні мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді мәжбүрлеусіз, ақысыз, риясыз орындауға бағытталған *іс-әрекет*». Олай болатын болса, қайырымдылық мәні мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді мәжбүрлеусіз орындау және оны өз мойнына алу – *бір жағынан* әлеумет алдындағы жауапкершілікті білдірсе, *екінші жағынан* осы тұлғаның әлеуметтік топ арасынан шығуы және әлеуметтік топқа, қоғамға риясыз қызмет етуі әлеуметтік құбылыс. *Үшіншіден* тұлғаның осы процесті жүзеге асыруда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қамтитын тұлғалық қасиеттері, интеллектуалдық білімдері, әлеуметтік біліктері, мінез-құлық сапалары дамиды.

- «***студенттердің еріктілік іс-әрекеті*** дегеніміз – бұл олардың тұлғалық қасиеттерін, интеллектуалдық білімдерін, әлеуметтік біліктерін, мінез-құлық сапаларын қамтитын әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың тиімді құралы».

- *еріктілік іс-әрекет процесінің* объект және субьектіне қатысты, қызмет саласына қарай, мазмұндық сипатына, түрлеріне, мәніне байланысты *ерекшеліктеріне* сәйкес оның студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы *мүмкіндіктері жоғары.*

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың *психологиялық-педагогикалық шарттары* өзара шартталған қағидалардан және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар жиынтығынан тұрады: 1)Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру *–Volunteer Hub еріктілер хабы* арқылы іске асады; 2)Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру – ***«Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасымен*; 3)**Еріктілік іс-әрекетін қоғамдық-қайырымдылық-жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру –

«Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы **арқылы; 4)**Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру – ***«SAQ Officers» жобасын*** **жүргізу негізінде жүзеге асырылады.**

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың *құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, бағалаушылық* бөліктерден тұрады. Аталған қалыптастырудың *мотивациялық, когнитивтік, процессуалдық, рефлексиялық компоненттеріне* сәйкес түрткісін, білімдері мен біліктерін, сапаларын қамтитын өлшемдері мен көрсеткіштері төмен, орта, жоғары деңгейлермен анықталады.

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың мазмұны мен мәні, теориялық негіздемесі; Volunteer Hub еріктілер хабы Ережесі мен іс-шаралары мазмұны; «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасының**;** «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасының; «SAQ Officers» жобасы мазмұны оның әлеуметтік жауапкершілігінің жан-жақты дамуына тиімді ықпал етеді.

- студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру технологиясы *еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік, мінез-құлықтық* кезеңдермен жүзеге асырылғанда ғана нәтижелі болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптасуы деңгейлерін анықтау эксперимент жұмысы барысында өткізілген технология мазмұнының біз ұсынған формаларда құралдар мен әдістерді қолданып еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік, мінез-құлықтық кезеңдеріне сәйкес білім беру мен тәрбие ортасында іске асырылуы, алынған нәтижелердің дәлелдігін айқындайды, бастапқы және қорытынды нәтижелерінің статистикалық-математикалық, компьютерлік бағдарламалық өңделуі мен алынған көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығын айқындайды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша жарияланған еңбектердің жалпы саны - 9, оның ішінде Scopus базасына енген журналдарда -1, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 3, халықаралық конференцияларда - 5.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделеді. Зерттеу проблемасына сәйкес оның ғылыми аппараты құрастырылады. Зерттеудің нысаны белгіленіп, пәні айқындалады. Зерттеудің мақсаты анықталып ғылыми болжамы жасалады. Зерттеудің мақсатына сәйкес міндеттері белгіленеді. Зерттеудің жетекші идеясы құрылымдалады. Зерттеу көздері, әдістері анықталады. Зерттеу жұмысының ғылыми және теориялық жаңалығы мен практикалық маңыздылығы мен қорғауға ұсынылатын қағидалар негізделеді.

«Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындайтын философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары саласындағы теориялық әдебиеттерге, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалды. Соның негізінде «студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі ұғымының мәні нақтыланады, құрылымы жасалып мазмұны баяндалды. Әдіснамалық тұғырлары негізделді. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесін зерттеуде негізге алынатын әдіснамалық теориялар мен тұғырлар айқындалады. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру психологиялық-педагогикалық проблема тұрғысынан негізделеді.

«Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруды модельдеу» атты екінші тарауда «ерікті», «еріктілік», «еріктілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланды. Еріктілік іс-әрекет студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың тиімді құралы тұрғысынан негізделді. «Еріктілік іс-әрекет» процесінің студенттің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мәні мен мүмкіндіктері анықталып, сипаттамасы берілді. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды.

«Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы» атты үшінші тарауда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптасуының диагностикасы анықталып, мазмұндалды. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясы жасалып, мазмұны беріледі. Технологияның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді. Педагогикалық эксперименттің мазмұны мен динамикасы, нәтижелері негізделіп мазмұндалды. Диссертациялық зерттеудің ғылыми болжамының дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері шешімінің жүзеге асырылуы сипатталды.

Қорытындыда зерттеудің ғылыми-практикалық нәтижелері тұжырымдалды. Әдістемелік ұсыныстар мен зерттеудің перспективасына бағытталған болашақта зерттелуге қажетті жаңа бағыттар ұсынылды.

Қосымшада айқындау, қалыптастыру, қорытындылау экспериментінде пайдаланылған материалдар берілді.

1 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі ұғымының мәні

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда алдымен негізгі түйінді ұғымдарды нақтылауды және оның әдіснамасын талдауды жөн көрдік. Осыған байланысты 1.1 параграфында «жауапкершілік», «әлеуметтік жауапкершілік» түсініктерінің мәнін ашуға мүмкіндік беретін зерттеулерді талдауға мән береміз.

Жауапкершіліктің әлеуметтік құбылыс ретіндегі ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның адам қызметінің барлық түрлеріне енуі. Осы тұрғыдан алғанда жауапкершілік экономика, саясат, құқық, өнер және т.б. қоғамдық өмір салаларының ажырамас атрибуты тұрғысынан көрінеді. Сондай-ақ тұлғаның өз іс-әрекетінің салдары үшін жауапкершілігіне, яғни өз іс-әрекетіне өзі жауаптылығы сапасына мән берген дұрыс. Бұл біздің ойымызша, қазіргі әлеуметтік үдерістерді түсінуге негіз болып саналады. Әлеуметтік үдерістер іс-әрекеттік сипатқа ие, олар әлеуметтік субъектілердің әрекеті арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде субъектінің жауапты немесе жауапсыз сапасы айқындалады. Бұл біздің зерттеуімізге жақын. Өйткені жауапкершілік іс-әрекеттік құбылыс тұрғысынан оның нәтижесінен көрінеді.

Жауапкершілік мәселесі қоғам дамуының барлық кезеңдерінде өзекті болған. Ежелгі дәуір философтары жауапкершіліктің әртүрлі аспектілеріне мән берген. Мысалы, Ежелгі қытай ойшылы Конфуций бұл ұғымды тәртіп орнатуға ықпал ететін бастапқы негіз тұрғысынан қарастырған. Жауапкершілік мәселесіне антикалық философтар Платон мен Аристотель де назар аударған. Платон философиясында азғын жанның «адасып жүретіні... әртүрлі мұқтаждық пен қысымда болатыны... ал өмірін тазалық пен ұстамдылықта өткізген жандар құдайлар арасынан серіктер мен жетекшілер табатыны» айтылған. Аристотель жауапкершілік ұғымын ерік еркіндігі және таңдау еркіндігімен байланыстыра қарастырды, сондай-ақ ол өз әрекеттерінің нәтижесін алдын ала болжау мүмкін болмаған жағдайда білместікпен жасалған іс-әрекеттер үшін жауапкершілік мәселесін көтерді [5].

Жаңа дәуірде құндылықтар жүйесі қайта қарастырылып, білім беру саласында да маңызды өзгерістер орын алды. Осы кезеңде Иммануил Кант ұсынған «категориялық императив» тұжырымдамасы ерекше мәнге ие болды. Бұл қағида адам әрекетінің жалпыға ортақ моральдық заңға сәйкес болуын талап етеді.

Қазіргі заман философиясында жауапкершілік мәселесі Альбер Камю, Роберт Мертон, Зигмунд Фрейд, Эрих Фромм, Мартин Хайдеггер, Карл Юнг еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Мысалы, Роберт Мертон жауапкершілікті тұлғаның немесе әлеуметтік институттың өз мүдделерін қоғам

құндылықтарымен үйлестіру қабілеті ретінде түсіндіреді. Ал Эрих Фроммм жауапкершілікті адамның өз әрекеттері үшін қоғам алдында және өзінің алдында жауап беру қабілеті деп қарастырады [6].

Бұл ұғымның теориялық негіздемесі XVII–XVIII ғасырлардағы Батыс Еуропа философиясында Т.Гоббс, Дж.Локк, Д.Юм еңбектерінде дамыды [7]. Мысалы, Т.Гоббс табиғи құқықтардың азаматтық құқықпен шектелуі туралы айта отырып, азаматтардың заңдарды сақтамағаны үшін жауапкершілігін қарастырды. Т.Гоббстың тұжырымдауынша «Өзімді билеу құқығымнан бас тартамын және бұл құқықты осындай бір адамға немесе осындай адамдар жиналысына беремін. Егер сен де өз құқығыңды оларға берсең және мен сияқты оларды барлық нәрсеге уәкілетті етіп, олардың әрекеттерін өз әрекеттерің деп мойындасаң...» қоғамдық билік басқа адамдарды басқаруға нақты күш пен өкілеттікке ие болады, деп есептейді [5].

Орыс философиясында да жауапкершілік мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Николай Федоров, Владимир Соловьев, Иван Ильин, Лев Толстой еңбектерінде адамның рухани дамуы мен жауапкершілігі арасындағы байланыс қарастырылады [6]. Жауапкершілік қоғам өмірінің барлық салаларында: экономикада, саясатта, құқықта, моральда, өнерде және т.б. бар. Ол өндіріс пен басқарудың, тұрмыс пен демалыстың маңызды құрамдастарының бірі. Адам әлеуметтік тіршілік иесі тұрғысынан өз көзқарастары, құндылықтық бағдарлары мен ұстанымдары, адамгершілік борышты дұрыс түсінуі, қолда бар әлеуметтік қатынастар мен жағдайлар шеңберіндегі өз әрекеттерінің мазмұны үшін жауап береді. Адамдардың қарым-қатынас практикасы азаматтардан өзара жауапкершілікті талап етеді, оның негізінде қоғам мен тұлғаның объективті түрде өмір сүретін өзара тәуелділігі жатыр. В.Г.Афанасьев осыған байланысты адамдардың жауапкершілігін қалыптастыратын барлық жағдайлардың ішінде шешуші рөл еңбек бөлінісіне тиесілі екенін атап өтеді. Қоғамдық еңбек бөлінісі нәтижесінде пайда болған және онымен бірге дамитын байланыстар мен қатынастар «адамдардың өзара тәуелділігінің, әрбір адамның басқалар, ұжым, қоғам алдындағы жауапкершілігінің объективті негізі болып табылады» деп атап өтеді [7].

Жоғарыда айтылғандарға мән берсек, жауапкершілік ұғымы философиялық тұрғыда еркіндік, саналы таңдау және белгілі бір талаптарды орындауға ерікті түрде міндеттену мәселелерімен тығыз байланысты айқындалады.

Философиялық сөздікте жауапкершілік дегеніміз адамның қоғам алдындағы ерекше қарым-қатынасы. Бұл ұғым адамның ар-ождан борышын орындауымен, заң мен мораль нормаларын сақтауымен тікелей байланысты. Әсіресе, адамның моральдық (адамгершілік) жауапкершілігіне ерекше көңіл бөлінеді [6].

Философиялық энциклопедияда жауапкершілік – адамның онтогенездік мәнін, болмыстық бітімін, рухани мазмұндық сипатын, психологиялық қалпын, құқықтық қатынасын, әлеуметтік мәртебесін, моральдық сапасын белгілейтін философиялық категория [8].

Ал түсіндірме сөздіктерде «жауапкершілік» адамның өз іс-әрекеттері мен әрекеттерінің нәтижесі үшін есеп беру қажеттілігі мен міндеті ретінде қарастырылады. «Жауапты» ұғымы өз кезегінде белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие, сондай-ақ өз әрекеттерінің нәтижесіне толық жауап бере алатын тұлғаны сипаттайды [6]. Сөздіктегі жауапкершілік сөзін талдайтын болсақ, яғни бұл жай ғана «мен істедім» деп айту емес. Бұл өз әрекетіңнің салдарына дейін ойлау, соның соңына дейін бару, әрі қателессең, сол қателігіңнің алдын алу немесе түзету жолдарын қарастыру. Енді, «жауапты адам» деген кім? Бұл – өз мойнына міндет алған, сол міндетті атқару үшін заңды, моральдық, материалдық құралдары бар, әрі бәрібір сол істің нәтижесіне «иә, бұл менікі» деп жауап бере алатын адам. Мысалы, егер мұғалім сынып алдында жауапты болса, онда ол балаларға сабақ беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың қауіпсіздігіне, тәрбиесіне, сабақты түсінуіне дейін жауап береді. Ал егер сол мұғалім: «Балалар түсінбесе, олардың мәселесі, мен айтып шықтым» – десе, онда ол шын мәнінде жауапты адам емес.

Жауапкершілік сөзінің концептуалдық өрісі өте кең. Бұл, бір жағынан, аталған ұғымды жан-жақты зерттеуге, екінші жағынан, оны адам тұлғасының белгілі бір сипаттамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жауапкершілік ұғымын қолдану, кез келген басқа ұғым сияқты, әрқашан адамға, іс-әрекетке және оны басқа адамның қабылдау әрекетіне бағытталады. Ол семиотикалық сипатқа ие, яғни интерпретацияға жатады. Ол адамның менталдық іс-әрекетінің контекстіне енгізіліп, сол жерде функционалдық сипаттамаларға ие болады: аксиома, алғышарт, тезис, болжам, дерек және т.б. түрінде көрінеді [9].

Экономикада жауапкершілік ұғымы дәстүрлі түрде басқару және өндіріс жүйесімен өзара байланыста қарастырылады. Көптеген адамдардың кез келген қоғамдық формадағы бірлескен еңбегі іс-әрекетке түскен адамдардың өзара жауапкершілік қатынастарынсыз мүмкін емес. Әрбір өндіріс тәсілінде жауапкершілік қатынастарының материалдық тасымалдаушысы болады, оның табиғаты еңбек кооперациясымен байланысты. Шынында да, адамдардың бірлескен еңбек іс-әрекеті үдерісінде адамның қылықтары қоғамдық мәнге ие болады, өйткені олардың салдары тек осы әрекеттерді жасаған субъект үшін ғана емес, басқа адамдар үшін де, тұтастай әлеуметтік қауымдастық үшін де маңызды. [10].

О.САнисимов психологиялық тұрғыда жауапкершілікті әлеуметтік-мәдени және іс-әрекеттік қатынастар жүйесіне енген тұлғаның сипаттамасы ретінде қарастырады. [9].Оның пікірінше, жауапкершілік – өзгермелі жағдайларда және қолайсыз ортада да қабылданған міндеттемелерді саналы түрде орындау қабілетімен, сондай-ақ талаптарды толық орындамаған жағдайда жауапкершілік салдарын қабылдауға дайындықпен сипатталады

Демек, жауапкершілік ұғымы көбінесе тұлғаның белгілі бір қасиеттерімен, оның өз шешімдері мен әрекеттері үшін жауап беру қабілетімен байланыстырылады.

Сондай-ақ, психологияда жауапкершілік индивид іс-әрекетін оның нормативтерді орындау критерийлеріне сәйкес шоғырланған бақылау ретінде қарастырылады. Мұнда жауапкершілік әлеуметтік мінез-құлықты бақылау және бағалау ретінде түсініледі. Психология ғылымы тұрғысынан жауапкершілік не жеке психологиялық категория ретінде, оның негізінде тұлғалық қасиет жатады, не жауапкершілік сезімі, тұлға сипаттамасы, жауап беру қабілеті, жауапқа дайындық, мінез сипаты және т.б. әртүрлі категориялар ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің басым бөлігі жауапкершілікті тұлғалық қасиетпен байланыстырады [6].

Педагогикада жауапкершілік тұлғаның адамгершілік сапасы және этика категориясы ретінде түсіндіріледі; ол адамның өз қылықтары үшін жауап бере білу қабілетін, қоғамның бұл әрекеттерді моральдық бағалауға алу мүмкіндігін бейнелейді [11].

Сонымен қазіргі философиялық, әлеуметтану, психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларда жауапкершіліктің рөлі мен оның қазіргі әлемдегі орнына мән беріліп, әр түрлі ғылым саласының зерттеу объектісіне айналғаны көрініп тұр.

Осыған орай жоғарыда жауапкершілік ұғымына қатысты айтылып өткен түсініктердің мәнін әр түрлі ғылым салаларына қарай кестеде жүйелеп көрсетеміз (Кесте 1).

Кесте 1- «Жауапкершілік» ұғымының ғылым салаларына қарай жинақталған анықтамалары

№	Ғылым саласы	Жауапкершілік бұл-
1	2	3
2	Философия[6]	... адамның қоғамға деген ерекше әлеуметтік және моральдық-құқықтық қатынасы
3	Әлеуметтану [7]	...тұлғаға немесе топқа белгілі бір міндеттемелерді қабылдау немесе жүктеу
4	Экономика[10]	....дәстүрлі түрде басқару және өндіріс жүйесімен өзара байланыс
5	Құқық (Заңтану) [3]	....азаматтың іс-әрекеті мен оның қоғам алдындағы міндеттерін реттеуші құқықтық құрал
6	Әлеуметтік педагогика [12]	...тұлғаның өз әрекеттерінің нәтижелерінің қойылған мақсаттарға, қоғамда немесе белгілі бір топта қабылданған әлеуметтік, моральдық және құқықтық нормаларға сәйкестігін түсіну қабілеті
7	Психология[9]	...тұлғаның ішкі ерік-жігері мен өзін-өзі реттеу қабілеті
8	Педагогика[11]	....адамның өз қылықтары үшін жауап бере білу қабілеті және қоғамның бұл әрекеттерді моральдық бағалау мүмкіндігі

Осы талдаулар негізінде зерттеуде «жауапкершілік» ұғымы адамның өз әрекеттерінің субъектісі ретінде саналы таңдау жасауы, сол әрекеттерді қоғам

талаптарымен сәйкестендіруі және оның салдарын қабылдауға дайын болуы ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, жауапкершілік тек мінез-құлықтық сипатпен шектелмей, рухани-адамгершілік мазмұнға да ие. Бұл тұрғыда «әлеумет» ұғымы маңызды рөл атқарады, ол – ортақ өмір сүру жағдайлары мен мәдениеті бар тұрақты әлеуметтік қауымдастық. Әдетте адам бірнеше әлеуметтік ортаға (отбасы, ұжым, қоғам, мемлекет) қатыса отырып, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді атқарады және әлеуметтену үдерісіне енеді.

Экономка саласы тұрғысынан да бірқатар кәсіпорын басшылары кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігінің формалары, әдістері мен құралдары туралы өз білімдерінің жеткіліксіз екенін атап өтеді; олар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі өздерінің тұлғалық-құндылықтық позициясы мен мақсаттық ұстанымы арқылы көрінетінін толық түсінбейді. Бұл позиция әлеуметтік белсенділікте, өзін-өзі бағалауда, өзін-өзі жүзеге асыруда, қоғамдық талаптарды мойындауда байқалады. Шынында да, адамдардың бірлескен еңбек іс-әрекеті барысында адамның қылықтары мен әрекеттері қоғамдық мәнге ие болады, өйткені олар тек сол әрекеттерді жасаған субъект үшін ғана емес, басқа адамдар мен тұтастай әлеуметтік қауымдастық үшін де белгілі бір салдар әкеледі.

Осы кестеде берілген әр түрлі ғылым саласындағы анықтамаларды негізге ала отырып біздің зерттеу пәнімізге қызығушылық тудыратын әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары тұжырымдарына аса мән береміз. Өйткені әлеуметтену – тұлғаның әлеуметтік тәжірибені, қоғамдық қатынастар жүйесін меңгеру үдерісі. Осы үдерісте адам қоғамда қабылданған мінез-құлық нормаларын, құндылықтарды игеріп, толыққанды әлеуметтік өмір сүруге бейімделеді.

Осы айтылып өткендер тұлғаның жауапкершілігі іс-әрекетінде көрініс табатынын көрсетеді. Тұлғаның іс әрекетіндегі жауапкершілігінің әлеуметтік ортада көрініс табуы әлеуметтік жауапкершілік түсінігінің мәнін тереңірек ашу қажеттілігін көрсетеді.

Өйткені педагогика ғылымы саласында тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуы психологиялық-педагогикалық құралдар арқылы өзінің және өзгенің қылықтары мен әрекеттерін талдай білу қабілеті ретінде түсіндіріледі [11].

Осындай анықтамаларды өз зерттеу пәнімізге қарай нақтылай түсу үшін «студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі» ұғымын анықтаймыз.

Ежелгі дәуірден бастап әлеуметтік жауапкершіліктің жеке, топтық, қауымдық, тайпалық сияқты түрлері қалыптасқан. Мемлекет пен құқықтың пайда болуымен бірге құқықтық, кейіннен ұлттық, эстетикалық, моральдық, саяси, әлеуметтік және басқа да жауапкершілік түрлері пайда болғаны ақиқат [13].

Әлеуметтік жауапкершілік ұғымының қазіргі ғылыми парадигмасы XX ғасырдың екінші жартысында батыс социологиясы, менеджменті және

экономика ғылымдары аясында қалыптаса бастады. Төмендегі кестеде (Кесте 2) шетелдік зерттеушілердің әлеуметтік жауапкершілікке берген анықтамалары мен тұжырымдары келтірілген.

Кесте 2 – Алыс және жақын шетел ғалымдарының әлеуметтік жауапкершілік ұғымына берген анықтамалары

№	Ғалым зерттеуші	Әлеуметтік жауапкершілік – бұл...
1	2	3
1	E.B. Berei [14]	...тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттесу ерекшеліктері
2	K.L. Simonton 6 V.N. Shiver [15]	...тұлғаның ішкі құндылықтары мен қажеттіліктері
3	Tan, C., Yi, L., Haider, A., Kwen, L., Mamnoon, R., Li, K., & Liu, M. [16]	...құндылықтық сипаты өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын жеке тұлғалық, әлеуметтік және мемлекеттік деңгейдегі құндылықтар жүйесі
4	В.Франкл [17]	...«таңдау» және таңдау жасау кезіндегі тұлғаның белсенділігі
5	Р.Мэй [18]	...адамның өзі жасаған таңдаудың салдары
6	R.J.Spadey[19]	..персоналды басқару үдерістері
7	Л. Кольберг [20]	...моральдық пайымдаудың нәтижесі
8	А. Фромм [21]	..тәртіптің көрінісі
9	Худа Әл-Саид [22]	...қазіргі жаһандық тренд, дамыған елдерде қолданылатын тәжірибелер
10	В.Г.Хворостовскаяның [23]	...адамның өз әрекеттері мен қылықтарының маңызын түсіне алу қабілетімен байланысты тұлғалық қасиет
11	В.Н. Мясищев [24]	...тұлғаның қоршаған шындықтың әртүрлі қырларына қатынасын білдіретін тұрақты қатынастар жүйесі
12	Б.Г.Ананьев [25]	....тұлғаның адамдарға және өзіне деген субъективті қатынастарынан тұратын қасиеттер жүйесі
13	В.А.Сухомлинский [26]	...адам белсенділігінің ең жоғары формасы
14	Д.И. Фельдштейн [27]	...тұлғаның күрделі интегративті қасиеті
15	И.Е. Булатников [28]	...кәсіби қасиеттердің күрделі жүйесі
16	К.Муздыбаев [29]	..тұлғаның жалпыланған психологиялық қасиеті
17	А.Ф.Плахотный [30]	...тұлғаның әлеуметтік кемелдігінің көрсеткіші және оның интегралдық сипаттамасы
18	А.И.Ковалева[31]	...тұлғаның интегралдық сапасы, әлеуметтік кемелдігінің көрсеткіші
19	Т.Н.Сидорова [32]	...адамның іс-әрекеттік мінез-құлқын осы іс-әрекеттің қоғамдық мақсаттар мен құндылықтарға қажетті тәуелділігі
20	Т.Н. Головатенко [33]	... тұлға дамуының көрсеткіші, әлеуметтік кемелдігінің өлшемі
21	А.Ф.Никитин [34]	... «міндет», міндеттеме
22	С.Ф.Анисимов [35]	...қоғамның өз жекелеген мүшелеріне қоғамдық қажеттілікті білдіретін моральдық принциптер мен нормалар түрінде қоятын объективті талаптарының жиынтығы
23	К.Абульханова-Славская [36]	...тұлғаның қажеттілікті өзі белгілейтін шектер мен формаларда дербес, әрі ерікті түрде жүзеге асыру қабілеті

Кестеден байқалып тұрғандай зерттеушілер әлеуметтік жауапкершілікті әртүрлі түсінеді. К.Муздыбаев [29] әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның өз мінез-құлқында жалпы қабылданған нормаларды ұстануға, рөлдік міндеттерді орындауға бейімділігі және өз әрекеттері үшін есеп беруге дайындығы ретінде көреді.

А.Ф.Плахотный әлеуметтік жауапкершілікті бөліп көрсетіп, оны әлеуметтік субъектінің нақты жағдайларда қоғамның прогрессивті мүдделеріне сүйене отырып, шындыққа қатынастың оңтайлы нұсқасын таңдау жөніндегі өз міндеті мен құқығын еркін жүзеге асыру өлшемін білдіретін категория ретінде ұсынады. Әлеуметтік жауапкершілік — тұлғаның әлеуметтік кемелдігінің көрсеткіші және оның интегралдық сипаттамасы; ол адамның мінез-құлқын іс-әрекеттің жалпы қабылданған мақсаттар мен құндылықтарға тәуелділігін ұғыну негізінде анықтайды [30].

А.И.Ковалева [31] әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның интегралдық сапасы, тұлғаның әлеуметтік кемелдігінің көрсеткіші ретінде анықтайды. Ол адамның мінез-құлқын іс-әрекеттің жалпы қабылданған мақсаттар мен құндылықтарға тәуелділігін ұғыну негізінде анықтайтын интегралдық сипаттама болып табылады. Т.Н.Сидорова [32] әлеуметтік жауапкершілікті адамның іс-әрекеттік мінез-құлқын осы іс-әрекеттің қоғамдық мақсаттар мен құндылықтарға қажетті тәуелділігін ұғынуы және қолдануы негізінде анықтайтын тұлғаның интегралдық сапасы ретінде түсіндіреді. Т.Н. Головатенко [33] бойынша әлеуметтік жауапкершілік тұлға дамуының көрсеткіші, нақтырақ айтқанда оның әлеуметтік кемелдігінің өлшемі болып табылады; ол адамның қоғамда өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігінде көрінеді.

А.Ф.Никитин [34] әлеуметтік жауапкершілікті міндеттеме ретінде түсінеді, бұл мағынасы жағынан «міндет» ұғымына өте жақын. С.Ф.Анисимов [35] әлеуметтік жауапкершілікті қоғамның өз жекелеген мүшелеріне қоғамдық қажеттілікті білдіретін моральдық принциптер мен нормалар түрінде қоятын объективті талаптарының жиынтығы ретінде көреді. Моральдық жауапкершілікте, фокустағыдай, қылықтардың моральдық бағасы да, әрекет формалары да, мақсаттар мен құралдар да, жетістіктер де тоғысады.

К.Абульханова-Славская жауапкершілікті тұлғаның қажеттілікті өзі белгілейтін шектер мен формаларда дербес әрі ерікті түрде жүзеге асыру қабілеті ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, жауапкершілік субъектінің күрделі жағдайды, оның шекаралары мен қиындық деңгейін алдын ала ойша модельдеуін және кейін сол модельге сәйкес практикалық әрекет етуін білдіреді [36].

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың тұжырымдарын талдай келе, біздің пайымдауымызша, әлеуметтік жауапкершілік – тұлғаның қоғамдық нормалар мен құндылықтарды саналы түрде қабылдауына, әлеуметтік міндеттерін ерікті әрі дербес орындауына, өз іс-әрекеті мен оның нәтижелері үшін жауап бере алуына негізделген интегралдық тұлғалық сапа. Ол тұлғаның әлеуметтік кемелдігін, қоғамдық мүдделерге бағдарлануын және әлеуметтік маңызы бар іс-

әрекетте жауапты мінез-құлық таныту қабілетін сипаттайды. Сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік ұғымының тарихи-философиялық тамырларына қазақ ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапқан ой-тұжырымдарға мән бердік. Себебі бұл қазіргі теориялардың ұлттық негізде қаншалықты терең тамырланғанын көрсетеді.

Сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік мәнінің ұлттық менталитетте, дәстүрлі қазақ қоғамының әдет-ғұрып нормаларында, билер институты мен аталық сөздерінде қалыптасқандығын айтуға болады. Ортағасырлық ғұламалардан бастап Абай, Шәкәрім, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапқанын атап өтудің маңызы зор.

Осыны ескере келе, зерттеу барысында әлеуметтік жауапкершілік ұғымына байланысты қазақ ойшылдарының еңбектерінде кездесетін негізгі идеялар мен тұжырымдарды кестеге түсіріп (Кесте 3) ұсынып отырмыз. Бұл материалдар кейінгі тарауларда қарастырылатын шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдарымен үндесіп, олардың терең тамырларын анықтайды және зертеудің теориялық базасын нығайта түседі.

Кесте 3 - Қазақ ойшылдарының әлеуметтік жауапкершілік мәселесіне қатысты тұжырымдары

Қазақ ойшылдары	Еңбектері	Негізгі тұжырымдары
1	2	3
Қорқыт Ата (VIII-IX ғ.) [37]	Қорқыттың күйлері, нақыл сөздері	Әділдік, билік, адамның өз ісіне жауапкершілігі туралы толғауларында өлместік іздеу – адамзат алдындағы жауапкершілікті сезінудің көрінісі.
Әл-Фараби [38]	«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат»	"Қайырымды қала тұрғындары" идеясына негізделген. Әл-Фарабидің ойынша, қоғамның әрбір мүшесі өзінің жеке басының ғана емес, жалпы қауымның бақытқа жетуіне жауапты. Ал басшының басты әлеуметтік жауапкершілігі халықты ізгілікке, білімге және бақытқа жетелеу.
Жүсіп Баласағұн [39]	«Құтты білік»	"Құтты білік" дастанында мемлекет пен қоғамның тұрақтылығы үшін әрбір әлеуметтік таптың (басшы, уәзір, ғалым, емші, егінші) өз міндетін мінсіз атқаруын талап етті. Бұл кәсіби және әлеуметтік жауапкершіліктің алғашқы жүйелі тұжырымдарының бірі.
Қожа Ахмет Яссауи [40]	«Диуани хикмет»	Оның тұжырымы бойынша рухани жауапкершілік. Яссауи адамның қоғам алдындағы ең үлкен қателігі ретінде нәпсіге бой алдыруды, парақорлықты, әділетсіздікті атады. Адам өз нәпсісін тыю арқылы ғана қоғамға пайдалы, зиянсыз тұлғаға айналады деп есептеді.

3-кестенің жалғасы

1	2	3
Абай Құнанбайұлы [41]	«Толық адам» концепциясы мен «Қара сөздері» (Отыз сегізінші, Жиырма бірінші қара сөздері)	Оның әлеуметтік жауапкершілік формуласы "Толық адам" және "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп". Абай әрбір адамның қоғам алдындағы парызы надандықпен, еріншектікпен күресіп, еңбек ету және ғылым үйрену деп есептеді. Адамның құндылығы оның мал-мүлкімен емес, қоғамға тигізген пайдасымен өлшенеді.
Шәкәрім Құдайбердіұлы [42]	«Ар-ұждан», «Үш анық»	Әлеуметтік жауапкершіліктің негізі ретінде "Ар-ұждан ғылымын" ұсынды. Шәкәрімнің тұжырымы бойынша, егер адамда ар-ұждан, ынсап, әділет болмаса, ешқандай заң немесе жаза қоғамды түзей алмайды. Әр адам өз ісіне ең алдымен өз арының алдында жауапты
Ыбырай Алтынсарин [43]	«Қазақ хрестоматиясы»	Оның тұжырымы бойынша практикалық ағартушылық жауапкершілік. Алтынсарин бала оқытуды, мектеп ашуды, қазақ балаларына егіншілік пен қолөнерді үйретуді өзінің азаматтық парызы санады. "Бір құдайға сыйынып, кел, балалар, оқылық" дей отырып, білімді қоғамдық ілгерілеудің жалғыз құралы ретінде көрсетті.
Әлихан Бөкейхан [44]	«Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» көп томдық шығармалар жинағы	"Ұлтқа қызмет ету — мінезден". Әлиханның атақты сөзі бар: "Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын". Ол үшін әлеуметтік жауапкершілік елдің жерін, байлығын қорғау және билік басындағылардың халық алдында есеп беруі (демократиялық жауапкершілік).
Ахмет Байтұрсынұлы [45]	«Әдебиет танытқыш» еңбегі мен «Қазақ» газеті	Ұлттық ояну және тілдік жауапкершілік. "Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады" дей отырып, зиялы қауымның басты міндеті халықтың ана тілін, мәдениетін сақтау, әліпби жасау, баспасөз арқылы халықтың көзін ашу деп білді.
Міржақып Дулатов [46]	«Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы мен «Бақытсыз Жамал» романы	Саяси белсенділік пен ұйқыдан ояну. Оның "Оян, қазақ!" үндеуі әлеуметтік енжарлыққа қарсы соққы болды. Міржақып үшін жауапкершіліктен қашу, үнсіз қалу ұлтқа қиянат жасаумен тең еді.
Мағжан Жұмабаев [47]	«Педагогика» оқулығы	Келешек ұрпақ тәрбиесі алдындағы жауапкершілік. Оның "Педагогика" еңбегі мен "Мен жастарға сенемін!" өлеңі жас ұрпақты ұлттық рухта, дене, ақыл, сұлулық тұрғысынан кемел етіп тәрбиелеу қоғамның ең басты стратегиялық міндеті екенін көрсетеді.
Жүсіпбек Аймауытов [48]	«Психология» оқулығы	Ұлттық психология мен психологиялық жауапкершілік. Ол адамның мінез-құлқын, тәрбиесін қоғамдық ортамен байланыстырды. Зиялылардың міндеті халықтың намысын оятып, оны еңбекке, өнерге баулу, сол арқылы ұлттық мінезді қалыптастыру деп есептеді.

Осы орайда қазақ ойшылдарының идеясын талдау бізге үш маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, ол әлеуметтік жауапкершілік идеясының қазақ даласындағы тарихи-философиялық тамырын көрсетеді. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері мен ортағасырлық Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн Яссауи, шығармаларында әділ басқару, ортақ мүдде, әлеуметтік әділеттілік, әр адамның отбасы, ру, ел алдындағы жауапкершілігі туралы ойлар терең қамтылған.

Екіншіден, XIX–XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары Абай, Шәкәрім, Ы.Алтынсарин және Алаш зиялылары (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов) батыс пен шығыс философиясын ұштастыра отырып, ұлттың болашағы, рухани жаңғыру және әр азаматтың қоғам тағдырына деген жауапкершілігі туралы өзекті идеялар қалдырған. Олардың ой-пікірлері XX–XXI ғасырлардағы ғалымдардың зерттеулерімен сабақтасып, қазіргі әлеуметтік жауапкершілік түсінігін ұлттық ерекшеліктермен толықтырады.

Үшіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамындағы «жәрдемшілік», «сый-сияпат», «сүйінші», «асар беру», «жылу», «ақ сақалды ақсақалдардың беделі», «кеңес» сияқты әлеуметтік институттар мен құндылықтарды зерделеу бүгінгі әлеуметтік жауапкершіліктің формалды емес, нақты өмірлік механизмдерін түсінуге көмектеседі [49].

Қазақстандық ғалымдардың ғылыми басылымдарда әлеуметтік жауапкершілік ұғымына берілген анықтамаларды жүйелеп, кестеге түсірдік (Кесте 4).

Кесте 4 - Қазақстан ғалымдарының әлеуметтік жауапкершілік ұғымына берген анықтамалары

№	Ғалым зерттеуші	Әлеуметтік жауапкершілік – бұл...
1	З.К Шаукенова [50]	..этикалық мәселелер, ғалымның ғылыми іс-әрекетінің салдары
2	Ш.Е.Джаманбалаева, М.Маульшариф [51], [52]	...ол оқу орнының корпоративтік басқаруының институционалдық сипаттамасы
3	М.М.Книсарина, А.Т.Сисенова, А.М.Байкулова, Г.С.Жұмалиева [53]	...оқу үдерісінде қалыптасатын білім алушының сипаттамасы
4	Т.С.Сламбекова , А.А.Конырова. [54]	...субъектінің кәсіби іс-әрекет нәтижесіне, мазмұнына, өзге адамдарға және өзіне деген қатынасын сипаттайтын қасиет
5	1.А.Гулмира, (С.Құмарбекұлы., В.Келгембаева., К.Қалдыбай)2.А.Ессенали және т.б. [55],[56]	...институционалдық, этикалық қағидаттар
6	Б.Паридинова, К.Қалдыбай [57]	...жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық және әлеуметтік-функционалдық бағыты

Сонымен шетелдік және отандық ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілік ұғымына берген анықтамаларын талдау нәтижесінде олардың бір анықтамаға тоқталмағанына көз жеткіздік. Алайда олардың ойлары бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі. Сондай-ақ, әр анықтамада әлеуметтік жауапкершілік ұғымының әр түрлі қыры қарастырылады.

Ғалымдардың бірі әлеуметтік жауапкершілікті *іс-әрекет көрінісі* тұрғысынан анықтаса, мәселен тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттесуі (E.B. Berei., В.Н.Мясищев.), басқару үдерістері (R.J. Spadey); бірқатары *әрекеттің салдары* (R.May., З.К Шаукенова); кейбіреулері *тұлғаның сипаттамасы* (Ш.Е. Джаманбалаева, М.Маульшариф, М.М.Книсарина, А.Т.Сисенова, А.М. Байкулова, Г.С.Жұмалиева) деп айқындайды. Сондай-ақ, біздің зерттеуімізге қызығушылық тудыратын анықтамаларда да ғалымдар әлеуметтік жауапкершілікті әр қырына қарай негіздейді. Мысалы зерттеушілердің бір бөлігі әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның *белсенділігінің көрінісі* (В. Франкл, В.А.Сухомлинский) деп негіздесе, басқа бөлігі *ішкі қажеттіліктер мен құндылықтар* (K.L.Simonton., V.N.Shiver,.), *тұлғалық, әлеуметтік құндылықтар* (C. Tan., L.Yi., A. Haider., L.Kwen., R.Mamnoon., K.Li., & M. Liu) тұрғысынан айқындайды, қайсыбіреулері *моральдық міндеттер* (И.Н.Тимошина., И.В.Арябкина), *моральдық пайымдау* (L.Kohlberg), *этикалық қағидаттар* (А.Гулмира, С.Құмарбекұлы., В.Келгембаева, К.Қалдыбай, А.Ессенали) деп көрсетсе, Fromm, E. *тәртіптің көрінісі* деп анықтайды.

Сонымен қатар біздің еңбегімізге жақын келетін педагогикалық-психологиялық зерттеулерде ғалымдардың басым бөлігі әлеуметтік жауапкершілікті *тұлғаның қасиеті* (К.Муздыбаев, В.Г.Хворостовская, Б.Г. Ананьев, Д.И.Фельдштейн, Т.С.Сламбекова, А.А.Конырова) тұрғысынан айқындайды (Сурет 1).



Сурет 1 - «Әлеуметтік жауапкершілік» ұғымының ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы

Сонымен кестеде (Кесте 2, 4) берілген анықтамаларды талдау әлеуметтік жауапкершілік ұғымы тұлғаның әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды ұғынуы және қабылдауы, өз әрекеттерінің салдары мен нәтижелерін бағалау қабілеті негізінде мінез-құлқын анықтайтын ықпалдастырылған сапасы тұрғысынан танылады.

Зерттеу барысында біз студенттердің әлеуметтік шығармашылығы ұғымына өз анықтамамызды беру мақсатында оның құрамына талдау жасауды жөн көрдік.

Осы тұрғыдан ғалым В.Трофимова әлеуметтік жауапкершілік құрылымын үш құрамның жиынтығы ретінде анықтаған. Когнитивтік— тұлғаның әлеуметтік жауапкершілік туралы, құқықтар мен міндеттердің мәні туралы, адамның қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы, қоғам мен индивид арасындағы қатынастарды реттеу тәсілдері туралы меңгерген білімдер жүйесі. Когнитивтік компоненттің негізі студенттік жаста белсенді қалыптасатын ғылыми дүниетаным. Мотивациялық - әлеуметтік жауапты мінез-құлық мотивтерін қамтиды. Студенттік жаста өзіндік сананың дамуында сапалық серпіліс болады. Алдыңғы орынға адамның қоғамдағы өз орнын, өз мінез-құлқы үшін жауапкершілігін ұғынуы шығады. Қоғамдық маңызы бар іс-әрекет мотивтері, жауапты қылықтарды жүзеге асырудағы адамгершілік ұмтылыстар, әлеуметтік-кәсіби қауымдастықта өз іс-әрекетін саналы түрде реттеуге ұмтылыс қалыптасады. Іс-әрекеттік - студенттің мінез-құлық бағытын саналы түрде таңдауға, шешім қабылдауға, олардың салдарын бағалауға, қалыптасқан дүниетаным мен дамыған өзіндік сана негізінде мінез-құлықтағы қажетті шектеулерді анықтауға дайындығында жүзеге асады [58].

Субъектінің өз өмірлік іс-әрекетіне және оның жағдайларына біртұтас қатынасы ретінде әлеуметтік жауапкершілік шындықта «таза күйінде» көрінбейді; ол позитивті белсенді өмірлік позиция және диспозиция, яғни өзгерістерді жүзеге асыру қабілеті арқылы көрінеді. Еңбекке, меншікке, нормаларға, тәртіпке, қоғам талаптарына тұлға тарапынан қатынас және тұлға талаптарына қоғам тарапынан қатынас мұның барлығы өз өмірлік іс-әрекетінің жағдайлары болып табылады. Қоғамдағы жауапкершіліктің басты әлеуметтік мәні біреуді белгілі бір қылықтан ұстап қалуда емес. Оның негізгі міндеті қоғамдық өмірдің барлық салаларында қоғамдық пайдалы іс-әрекетке ынталандыру, тұлғаның барынша өзін-өзі беруін қамтамасыз ету. Демек, әлеуметтік жауапкершілікті әртүрлі позициядан сипаттауға болады: сыртқы, ішкі, жеке немесе ұжымдық жауапкершілік жауапты әрекеттер субъектісіне қарай. Олар бір-бірімен интеграциялана отырып, мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан жаңа «әлеуметтік жауапкершілік» ұғымын қалыптастырады. Ол әртүрлі деңгейлерде көрінуі мүмкін: тұлға деңгейінде микро деңгей, әлеуметтік топ деңгейінде мезо деңгей, нақты қоғам деңгейінде макро деңгей, бүкіл адамзат деңгейінде мега деңгей.

Әлеуметтік жауапкершіліктің барлық құрылымдық элементтері өзара күрделі және қайшылықты диалектикалық байланыста болады. Әлеуметтік

жауапкершілік механизмі арқылы субъектінің іс-әрекетін реттеу әртүрлі жолдармен жүзеге асады:

Әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруды үш негізгі параллель негізінде шешім қабылдаудың үздіксіз үдерісі ретінде көрсетуге болады: бірізділік, ұзақтық, қайталанушылық. Әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерінің қатарына әлеуметтік мүдделілік жатады; ол еңбекке, кәсіби біліктілікті арттыруға ынталандырумен, тұлғаның немесе топтың әлеуметтік өзіндік санасымен анықталады.

О.В.Донева әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның тұрақты адамгершілік-құндылықтық қасиеті ретінде сипаттай отырып, оның құрылымында келесі құрамды бөліп көрсетеді: когнитивті-ақпараттық, мотивациялық-құндылықтық, нәтижелі іс-әрекеттік және рефлексивті-болжаушы.

Соның ішінде О.В.Донева жастардың әлеуметтік жауапкершілігінің когнитивті-ақпараттық құрамына мән беріп осы құрамның қалыптасуы оның әлеуметтік хабардар болуына талап етілетіндігіне мән береді [59].

Бұл тұлғаның мінез-құлық пен іс-әрекеттің әлеуметтік тұрғыдан мақұлданған негізгі стратегиялары туралы білімін, сондай-ақ басты әлеуметтік құндылықтарды және осы нормалардың қоғам мен тұлға үшін маңыздылығын саналы түрде түсінуін қамтиды.

Сондай-ақ қазақстандық зерттеуші А.А.Қоңырова да әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымын теориялық тұрғыдан талдау барысында Л.И.Дементий, А.Ф.Гулевская, В.П.Максимов, Л.А.Барановская, О.Р.Кривошеева, О.М.Чусовитина, Е.В.Герман сынды ғалымдардың ғылыми тұжырымдамаларын негізге ала отырып, әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымы өзара тығыз байланыста жүзеге асатын когнитивті-мағыналық, мотивациялық-құндылықтық және іс-әрекеттік-бағыттылық құрамдардан тұратындығын айтады [60].

М.М. Книсарина да когнитивті, мотивациялық-құндылықтық, әрекеттік, рефлексивті-болжамдық құрамдарына мән береді. Бұл төрт құрам өзара тығыз байланыста және бірін-бірі толықтыра отырып, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігінің тұтас көрінісін қамтамасыздандыратынын негіздейді [61].

Сонымен әлеуметтік жауапкершілік ұғымының мәні мен құрылымын анықтауда қазақ ойшылдарының, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарына жасаған талдау бізге өз анықтамамызды тұжырымдауға мүмкіндік берді [62-64].

Біздің анықтауымызша *«Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі* дегеніміз - оның қоғам мен қоршаған ортаның игілігі үшін саналы тұрғыдан ізгі ісін жүзеге асырудағы тұлғалық қасиеттерінің, интеллектуалдық білімдерінің, әлеуметтік біліктерінің, мінез-құлық сапаларының жиынтығы Кесте 5-те.

Кесте 5 - Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі

р/с	Құрамы	Мазмұны
1	Тұлғалық қасиеттер	қажеттілік ерік-жігер өзін-өзі реттеу
2	Интеллектуалдық білімдер	қоғамдық нормалар рухани құндылықтар моральдық пайымдаулар
3	Әлеуметтік біліктер	өзара әрекеттестік коммуникативтілік нәтижеге ерісу
4	Мінез-құлық сапалар	адалдық белсенділік жауапкершілік

Демек, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің құрылымы олардың *тұлғалық қасиеттерінің, интеллектуалдық білімдерінің, әлеуметтік біліктерінің, мінез-құлық* сапаларының өзара ықпалдасуынан тұрады. Олардың мазмұны Сурет 2-де берілген.



Сурет 2 - Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі құрылымы

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің *тұлғалық қасиеттеріне* қажеттілік, ерік-жігер, өзін-өзі реттеу жатады, *интеллектуалдық білімдеріне* қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар, моральдық пайымдаулар, *әлеуметтік біліктерге* өзараәрекеттестік, коммуникативтілік, нәтижеге ерісу, *мінез-құлық сапаларына* адалдық, белсенділік, жауапкершілік енеді.

Осы құрамдас бөліктердің өзара ықпалдасуы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл туралы 2.3 параграфында толығырақ баяндалады.

Келесі параграфта студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары қарастырылады.

1.2 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастырудың тиімді жүзеге асуы жоғары білім беру ұйымдарында алдымен оның әдіснамалық негіздерін айқындаудан талап етіледі.

Осыған байланысты зерттеуде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылатындықтан тұлғаны дамытудың *субъектілік теориясы, тұлғаның әлеуметтену теориясына* жан-жақты талдау беріледі. Сондай-ақ, осы қалыптастыруды еріктілік іс-әрекет процесінде жүзеге асыру мақсат тұтылғандықтан *тұлғаның іс-әрекет теориясы* терең зерделенеді.

Субъектілік теориясы — адамның сыртқы ықпалдарға жай ғана жауап бермей, өз іс-әрекетін саналы түрде ұйымдастыра алуын, мақсат қоюын, таңдау жасауын, жауапкершілік алуын және өзін өзгерте алуын түсіндіреді. Субъект адамды «әрекеттің объектісі» ретінде емес, өз өмірінің, қарым-қатынасының және дамуының белсенді ұйымдастырушысы ретінде қарастырады. Субъектілік бірнеше өзара байланысты қабілеттен көрінеді:белсенділік жағдайға бейімделіп қана қоймай, оны өзгертуге ұмтылу; мақсаттылық әрекеттің мәнін түсініп, мақсат қоя білу; таңдау еркіндігі бірнеше мүмкіндіктің ішінен шешім қабылдау; өзін-өзі реттеу эмоцияны, мінез-құлықты және уақытты басқару; жауапкершілік өз шешімінің салдарын мойындау; рефлексия өз әрекетін талдау және одан қорытынды шығару; өзіндік даму бұрынғы қалпымен шектелмей, өзін жетілдіру. Жүйелік-субъектілік тұрғыда субъектінің негізгі функциялары когнитивтік, коммуникативтік және реттеушілік болып сипатталады: адам түсінеді, өзгенімен әрекеттеседі және өз мінез-құлқын басқарады [65].

С.Л.Рубинштейн субъектілік теориясының философиялық-әдіснамалық негізін қалады. Оның негізгі қағидасы психика іс-әрекеттен тыс қалыптаспайды, ал іс-әрекет адамның ішкі қасиеттері мен өмірлік жағдайларының өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Сондықтан адамды тек сыртқы себептердің нәтижесі деп түсіндіру жеткіліксіз: ол өз іс-әрекеті арқылы жағдайды өзгертеді және сол өзгеріс барысында өзі де өзгереді. Брушлинский Рубинштейнді өзіндік субъектілік-іс-әрекеттік тұжырымдаманың авторы және оны өмірінің соңында философиялық антропология деңгейінде жинақтаған ғалым ретінде сипаттайды [66]. Еріктілік іс-әрекетке қатысты Рубинштейн идеясының маңызы ерікті болу сыртқы бұйрықпен орындалатын әрекет емес. Адам белгілі бір әлеуметтік немесе адамгершілік мәнді өзі қабылдап, көмек

көрсету мақсатын ішкі тұрғыда мойындағанда ғана еріктілік субъектісі ретінде көрінеді. Мысалы, студент қарт адамдарға көмектесуге, экологиялық акцияға қатысуға немесе төтенше жағдай кезінде қолдау көрсетуге өзі шешім қабылдаса, ол әрекеттің жай орындаушысы емес, оның субъектісі болады.

К.А.Абульханова субъектілік мәселесін адамның өмір салтын, уақытын, қарым-қатынасын және іс-әрекетін ұйымдастыру қабілетімен байланыстырды. Субъект болу кез келген істі өз бетімен жасау ғана емес; маңыздысы адамның өз өміріндегі басымдықтарды анықтап, әртүрлі талаптарды үйлестіре алуы. Абульханова мектебінің Рубинштейн идеяларын жалғастырғаны және субъект қағидасын ойлау психологиясында дамытқаны арнайы еңбекте көрсетіледі. Бұл ұстаным еріктілік іс-әрекет үшін өте маңызды, өйткені еріктілік іс-әрекет көбіне адамның оқуымен, жұмысымен, отбасылық міндеттерімен қатар жүреді [67]. Мысалы, қайырымдылық акциясына бір рет қатысу адамның әлеуетті субъектілігін көрсетуі мүмкін. Ал сол жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру, басқа еріктілерді біріктіру, ресурстарды бөлу және нәтижені талдау субъектіліктің жоғарырақ деңгейін білдіреді.

А.В.Брушлинский субъектілік-іс-әрекеттік бағытты әрі қарай дамытып, адамның ойлауын дайын жауаптарды қабылдау емес, мәселені өздігінен қою және шешім іздеу процесі ретінде қарастырды. Оның көзқарасында субъектінің белсенділігі мәселе пайда болған сәтте ғана емес, шешім табылғаннан кейін де жалғасады.

Қазақстанда субъектілік психологиясы мен субъект-бағдарлы психологиялық даярлау бағытын дамытуда А.Р.Ерментаеваның еңбектері маңызды орын алады. Ол субъектілікті студенттердің іс-әрекет, қарым-қатынас және өзіндік даму процесіндегі белсенділігімен байланыстырады. Студент субъектілігі психологиялық даярлықты іске асырудың шарты және студенттің психологиялық дайындығын өзектілендіретін ішкі механизм ретінде көрсетіледі. Сонымен бірге субъектілік студенттердің өзіне және басқа адамдарға құнды қатынасын, іс-әрекетті жетілдіруін және өзіндік дамуын қамтитын күрделі ықпалдасқан құрылым ретінде түсіндіріледі[68].

А.Р.Ерментаева ұстанымында субъектілік тек жеке адамның ішкі қасиеті емес, оны арнайы психологиялық даярлық арқылы дамытуға болатын сапа. Ол студенттердегі психологиялық даярлық пен субъектіліктің өзара шарттас екенін, ал олардың дамуы психологиялық сауат, психологиялық құзырет және психологиялық мәдениет деңгейлері арқылы жүзеге асатынын сипаттайды. Ғалымның субъект-бағдарлы даярлау идеясы бойынша студентті дайын білімді қабылдаушы ретінде емес, өз дамуын ұйымдастырушы тұлға ретінде қарастыру керек. Қазақстандық жоғары мектеп контексінде бұл тәсіл психологиялық даярлықты, кәсіби қалыптасуды және субъектіліктің дамуын біртұтас жүйе ретінде түсіндіреді.

Тұлғаның әлеуметтену теориясында тұлғаның әлеуметтенуі адамның қоғамда өмір сүруге қажетті нормаларды, құндылықтарды, әлеуметтік рөлдерді, қарым-қатынас тәсілдерін және мінез-құлық үлгілерін меңгеру процесін

қарастырады. Бұл тек қоғамға бейімделу емес. Тұлға әлеуметтік тәжірибені қабылдап қана қоймай, оны түсіндіреді, қайта өңдейді және өз әрекеті арқылы әлеуметтік ортаға ықпал етеді.Әлеуметтену екі бағытта жүреді:

- әлеуметтік тәжірибені меңгеру — тіл, мораль, ережелер, рөлдер, кәсіби нормалар мен мәдени үлгілерді игеру;
- әлеуметтік тәжірибені өндіру — адамның өз бастамасы, қарым-қатынасы және қоғамдық әрекеті арқылы ортаға жаңа мазмұн енгізуі.

Сондықтан әлеуметтену пассивті «қалыптастыру» процесі емес, тұлға мен қоғамның өзара ықпалдастығы болып табылады. Еріктілік іс-әрекет осы екінші бағытты айқын көрсетеді: адам қоғамның дайын нормаларын меңгерумен бірге, қоғамдық мәселелерді шешуге қатысады.

Тұлғаның әлеуметтену үдерісінің әлеуметтік-психологиялық механизмдерін тереңірек ашу мақсатында шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына назар аударды қ. Бұл бағытта тұлғаның әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуі, әлеуметтік рөлдер мен мінез-құлық үлгілерін меңгеруі және өзіндік «Менінің» қалыптасуы мәселелерін қарастырған Ч.Кули, Дж.Мид және А.Бандураның теориялық қағидалары біздің зерттеуіміз үшін ерекше мәнге ие.

Ч.Кулидің «айнадағы Мен» (looking-glass self) тұжырымдамасына сәйкес тұлғаның өзі туралы түсініктерінің қалыптасуында әлеуметтік өзара әрекет пен басқа адамдардың қабылдауын пайымдау маңызды орын алады. Осы тұрғыдан еріктілік іс-әрекет барысында студенттің өз әрекетіне өзгелердің реакциясын қабылдауы, өзінің әлеуметтік рөлін бағалауы мен қоғамдық маңызын ұғынуы оның әлеуметтік жауапкершілігінің тұлғалық мәнге ие болуына ықпал етеді[69].

Дж.Мид тұлғалық «Меннің» қалыптасуын әлеуметтік өзара әрекетпен байланыстырып, өзгенің рөлін қабылдаудың маңызын негіздеді. Өзгенің позициясын қабылдау тұлғаға әлеуметтік күтілімдерді, нормалар мен мінез-құлық талаптарын түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан еріктілік іс-әрекет барысында студенттің көмек алушының, еріктілер тобы мүшелерінің және қоғам өкілдерінің позициясын қабылдауы әлеуметтік нормаларды меңгеруге, өз әрекетін өзгелердің қажеттіліктерімен сәйкестендіруге және әлеуметтік жауапкершілікті саналы қабылдауға жағдай жасайды [70].

Сонымен қатар әлеуметтену мәселесі А.В.Мудриктің және Г.М.Андрееваның зерттеулерінде де жан-жақты қарастырылған.

А.В.Мудрик әлеуметтенуді адамның мәдениетті меңгеруі, қоғамға енуі және сонымен қатар өз даралығын танытуы жүзеге асатын үздіксіз үдеріс ретінде қарастырады. Ғалым әлеуметтену барысында адамның әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, мінез-құлық үлгілерін игеруімен қатар, қоғамдық қатынастардың белсенді субъектісіне айналатынын көрсетеді. Оның еңбектерінде әлеуметтенудің факторлары, агенттері, құралдары мен тетіктері жүйеленген [71].

Г.М.Андреева әлеуметтенудің мәнін тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі және оны белсенді іс-әрекеті арқылы қайта өндіруімен

байланыстырады. Бұл үдерісте тұлға қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, мінез-құлық үлгілері мен әлеуметтік рөлдерді игеріп қана қоймай, оларды өзінің қарым-қатынасы мен іс-әрекетінде жүзеге асырады. Осы тұрғыдан әлеуметтену тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдастығына негізделген екіжақты үдеріс ретінде сипатталады[72].

Қазақстандық ғылымда тұлғаның әлеуметтену мәселесін Г.О. Әбдікерова арнайы зерттеген. Ғалым қазіргі тұлғаның әлеуметтену үдерістері мен модельдерін қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік өзгерістермен сабақтастықта қарастырады. Оның тұжырымында тұлға әлеуметтік ортадағы нормалар, құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибені меңгеру арқылы қоғамдық қатынастар жүйесіне енеді және өзгермелі әлеуметтік жағдайларға бейімделеді. Сонымен қатар әлеуметтену тұлғаның әлеуметтік белсенділігі мен қоғамдағы өз орнын айқындауына ықпал ететін үздіксіз үдеріс ретінде сипатталады [73].

Ғалымдардың тұжырымдамаларын зерттеу тақырыбымызға қатысты қарастырғанда, жоғары оқу орны, студенттік топ, еріктілер ұйымы, еріктілік жобасының жетекшілері мен қатысушылары студенттің әлеуметтену агенттері қызметін атқаратынын көреміз. Ал әлеуметтік акциялар, қайырымдылық жобалар, экологиялық бастамалар, төтенше жағдай кезіндегі көмек, инклюзивті және ағартушылық шаралар әлеуметтік тәжірибені меңгертетін әлеуметтену құралдары ретінде көрінеді. Осындай ортада студент қоғамның нақты мәселелерімен танысып, әлеуметтік рөлдерді орындайды, ортақ ережелерді сақтайды, өз әрекетін басқа адамдардың мүдделерімен үйлестіреді және қоғамдық нәтижеге жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Демек, тұлғаның әлеуметтену теориясы – әлеуметтік нормалар, құндылықтар мен жауапты мінез-құлық үлгілерінің студенттің еріктілік ортадағы әлеуметтік тәжірибесі арқылы меңгерілуін түсіндіреді.

Тұлғаның іс-әрекет теориясының негізгі қағидаларына сәйкес тұлғалық сапалардың қалыптасуы субъектінің нақты іс-әрекетке белсенді қатысуынан көрінеді. Осы тұрғыдан еріктілік іс-әрекет студенттің әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне, қоғамдық маңызы бар мақсаттарды қабылдауына, өз әрекетін саналы ұйымдастыруына және оның нәтижесіне жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік беретін іс-әрекеттік кеңістік ретінде қарастырылады.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыруды түсіндіруде іс-әрекет теориясы маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Бұл теория тұлғаның психикалық қасиеттері мен әлеуметтік сапалары оқшау түрде емес, нақты қоғамдық және практикалық іс-әрекет барысында қалыптасады деген ұстанымға сүйенеді. Сондықтан әлеуметтік жауапкершілікті студенттің бойында алдын ала қалыптасқан тұрақты қасиет ретінде ғана емес, әлеуметтік мәні бар міндеттерді орындау барысында дамитын тұлғалық құрылым ретінде қарастырған жөн. Іс-әрекет теориясының қалыптасуына Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев және С.Л.Рубинштейннің еңбектері негіз болды. Л.С.Выготский психикалық дамуды әлеуметтік-мәдени өзара әрекетпен байланыстырды. Осы тұрғыдан студенттің әлеуметтік

жауапкершілігі де басқа адамдармен қарым-қатынас, бірлескен қызмет және қоғамдық нормаларды меңгеру арқылы дамиды.

А.Н.Леонтьев [74] іс-әрекетті қажеттілік, мотив, мақсат, әрекет және операциялардан тұратын жүйе ретінде қарастырды. Бұл құрылымды еріктілік іс-әрекетіне қолданғанда, студенттің әлеуметтік мәселені байқауы оның қажеттілігін түсінуге; еріктілікке қатысу себебі мотивке; белгілі бір әлеуметтік міндетті орындау мақсатына; ал нақты көмек көрсету, ұйымдастыру, ақпарат тарату немесе топпен жұмыс істеу әрекетке сәйкес келеді. Мысалы, студент қарт адамдарға көмек қажеттігін түсінеді. Осы әлеуметтік жағдай оның азаматтық немесе адамгершілік мотивін белсендіреді. Кейін ол еріктілер тобына қосылып, белгілі бір мақсат қояды: көмек көрсету, іс-шара ұйымдастыру немесе ақпараттық қолдау жасау. Нақты әрекет барысында студент өз міндетін орындауды, басқа қатысушылармен келісуді және нәтижеге жауап беруді үйренеді. Рефлексия кезінде ол өзінің әрекеті мен оның әлеуметтік салдарын бағалайды. Осы қайталанатын тәжірибе әлеуметтік жауапкершіліктің тұлғалық сапа ретінде орнығуына жағдай жасайды.

С.Л.Рубинштейннің тұлға мен іс-әрекеттің бірлігі қағидасы бұл үдерісті тереңірек түсіндіреді. Студент өзінің әлеуметтік жауапкершілігін тек сөзбен немесе теориялық білім арқылы емес, нақты іс-әрекетте көрсетеді. Яғни жауапкершілік бір мезгілде әрі іс-әрекеттің шарты, әрі оның нәтижесінде қалыптасатын тұлғалық сапа болып табылады [75].

Еріктілік іс-әрекетті әлеуметтік үйрену тетіктерін де іске қосады. Студент тәжірибелі еріктілердің мінез-құлқын бақылайды, топтағы нормаларды меңгереді, бірлескен әрекетке қатысады және кері байланыс алады. Осы арқылы жауапты мінез-құлық үлгілері игеріледі. Еріктілікке тән ішкі мотивация, авторлық, дербес бастама және өзгертушілік бағыт студенттің субъектілік позициясын белсендіреді.

Қазақстандық психология ғылымында тұлға мен іс-әрекеттің өзара байланысы, тұлғаның іс-әрекет барысында қалыптасуы мен дамуы мәселелері Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, С.М.Жақыпов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырылған. Отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау тұлғаның дамуын оның әлеуметтік ортасынан, іс-әрекетінен, өзара әрекеттестігінен және құндылықтық бағдарларынан бөліп қарастыруға болмайтынын көрсетеді.

Қ.Б.Жарықбаевтың еңбектерінде «тұлға» және «іс-әрекет» мәселелері мақсат, іс-қимыл және іс-әрекеттің функционалдық құрылымымен сабақтастықта қарастырылады. Ғалымның тұжырымдары тұлға, іс-әрекет, мақсат және әрекет категорияларының өзара байланысын ашуға және зерттеуіміздің ұғымдық аппаратын нақтылауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік іс-әрекет те белгілі бір қоғамдық мәнді мақсатқа бағытталған және тұлғаның саналы белсенділігі арқылы жүзеге асатын іс-әрекет ретінде сипатталады [76].

Тұлға мен іс-әрекеттің байланысын зерттеуде Ж.И.Намазбаеваның еңбектері де ерекше мәнге ие. Ғалым тұлғаны әртүрлі іс-әрекет жағдайларында көрінетін және дамитын тұтас психологиялық құрылым ретінде қарастырып, тұлғалық компоненттердің механизмдері мен қызметтеріне мән береді. Осы көзқарас еріктілік іс-әрекетті студенттің тұлғалық қасиеттерінің дамуына ықпал ететін әлеуметтік тәжірибе кеңістігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [77].

С.М.Жақыпов еңбектерінде тұлғаның дамуы бірлескен іс-әрекет пен субъектілер арасындағы өзара әрекеттестікпен сабақтастықта қарастырылады. Бұл қағида еріктілік іс-әрекеттің табиғатына тікелей сәйкес келеді, өйткені еріктілік барысында студент басқа адамдармен, еріктілер тобымен, әлеуметтік ұйымдармен және көмек алушылармен өзара әрекетке түседі. Бірлескен іс-әрекет барысында өзара көмек, коммуникативтілік, ортақ мақсатқа жету, өз әрекетін реттеу және оның нәтижесіне жауап беру тәжірибесі қалыптасады[78].

Осылайша, отандық ғалымдардың тұжырымдарын жинақтай келе, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуын әлеуметтік орта мен нақты іс-әрекеттен тыс қарастыру мүмкін емес деп есептейміз. Іс-әрекет барысында тұлға қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды меңгереді, әлеуметтік тәжірибе жинақтайды, өзгелермен өзара әрекеттесу біліктерін дамытады және өзінің әрекеті мен оның нәтижесіне жауап беруді үйренеді. Осы қағидалар біздің зерттеуімізде еріктілік іс-әрекетті студенттің тұлғалық қасиеттерін (қажеттілік, ерік-жігер, өзін-өзі реттеу), интеллектуалдық білімдерін (қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар, моральдық пайымдаулар), әлеуметтік біліктерін (өзара әрекеттестік, коммуникативтілік, нәтижеге жету) және мінез-құлық сапаларын (адалдық, белсенділік, жауапкершілік) қалыптастыратын әлеуметтік мәнді іс-әрекет ретінде қарастыруға теориялық негіз болды.

Жоғарыда талдау берілген тұлғаның дамуының *субъектілік теориясы, тұлғаның әлеуметтену теориясына тұлғаның іс-әрекет теориясы зерттеу барысында басты негізге алынады.* Өйткені осы теориялық негіздер еріктілік іс-әрекет барысында студент тұлғасының дамуы, әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, құндылықтарды қабылдауы, әлеуметтік өзара әрекетке түсуі және жауапты мінез-құлықты қалыптастыру тетіктерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы теориялық тұжырымдарды негізінде зерттеу мақсаты мен мазмұнына сәйкес *мәдениеттанушылық, аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы, жүйелік-іс-әрекеттік, институционалдық* тұғырларды зерттеудің әдіснамалық негіздері тұрғысынан зерттеу барысында жетекшілікке алу көзделеді.

Осы айтылып өткенге сәйкес студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындауда мәдениеттанушылық тұғырдан (М.М.Бахтин, В.С.Библер, Е.В.Бондаревская) бастауды орынды деп санаймыз. Бұл көзқарас бойынша тұлғаның өзін-өзі айқындауы оның ойлау мәдениеті, іс-әрекеті, сезімі, қарым-қатынасымен мінез-құлқы аясында жүзеге асатын мәдени, дүниетанымдық және рухани құндылықтарды жеткізуге

бағыттауды көздейді. Зерттеу мақсаттары тұрғысынан бұл бағыт ерекше маңызға ие.

Мәдениеттанушылық тұғыр адамның мәдениет субъектісі ретіндегі орнын, оның белсенді тұлға екенін және қажетті жағдайда әлеуметтік жауапкершілікті көрсете алатынын алдыңғы орынға қояды. Сонымен қатар. Бұл тұғыр әлеуметтік жауапкершілікті тұлғалық жаңғыру үдерісі ретінде түсіндіруге мүмуіндік береді, яғни оның ішкі мағыналары жеке деңгейде өзектенеді.

Мәдениет ұғымы «мәдениет – адамдардың рухани іс-әрекетінің бағдарламаларының жиынтығы, ол халықтың жинақталған құндылықтық-ұйымдастырушылық тәжірибесін, өмірлік идеалдарын, адамгершілік нормаларын, әлеуметтік қатынастар мен қарым-қатынас үлгілерін қамтиды» деген анықтамамен сипатталады [6]. Қазіргі зерттеулерде қоғам мәдениеті (М.С.Коган) және тұлға мәдениеті (В.С.Библер) өзара байланыста қарастырылып, бірін-бірі толықтырады. Мәдениет ұғымы әлеуметтік жауапкершілікпен тығыз байланысты, өйткені ол тұлғаның өзін-өзі айқындау үдерісінде көрініс табады. Тұлға мәдениетінің даму деңгейі оның әлеуметтік жауапкершілігімен анықталады, ал ол өз кезегінде өзін-өзі тәрбиелеу арқылы, қоғамның нормалары мен құндылықтарын қабылдау нәтижесінде қалыптасады. Ғалымдар мәдениетті тұлғаның тұтас әрі үйлесімді дамудың өлшемі, мінез-құлық формасы, материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы, іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі Ю.А.Жданов, М.С.Коган шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру жолы ретінде қарастырады. Осылайша, мәдениеттанулық тұрғыдан әлеуметтік жауапкершілік тұлға мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады [79].

Отандық педагогикада мәдениеттанушылық тұғырдың әдіснамалық негіздері Ш.Т.Таубаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берікханова еңбектерінде жүйелі қарастырылған. Ғалымдар тәрбиенің әдіснамалық негіздерін сипаттауда мәдениеттанулық тұғырды тұлғаның танымын, санасын және шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін тұғырлардың бірі ретінде бөліп көрсетеді; сонымен қатар білім беру үдерісін әлеуметтік-мәдени жағдайлармен сабақтастықта қарастырады. Ш.Т.Таубаева қазақстандық педагогика әдіснамасын ұлттық рух, тіл, тарих, мәдениет пен менталитетті әлемдік мәдениет және жалпыадамзаттық тәрбие тәжірибесімен сабақтастыру негізінде дамыту қажеттігін атап көрсетеді. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, біздің зерттеуімізде мәдениеттанулық тұғыр еріктілік іс-әрекетін студенттің қоғамдық және рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеріп, оларды нақты әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асыратын мәдениет қалыптастырушы орта ретінде қарастыруға негіз болады. Еріктілік барысында қайырымдылық, өзара көмек, ынтымақтастық, қоғамдық игілік пен жауапкершілік құндылықтары студенттің әлеуметтік мінез-құлқында көрініс тауып, оның әлеуметтік жауапкершілік мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. [80], [81].

Аксиологиялық тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыруды зерттеуде аксиологиялық тұғыр маңызды әдіснамалық негіздердің бірі болып табылады. Аксиологиялық тұғыр тұлғаның құндылықтық бағдарларын, адамгершілік ұстанымдарын және әлеуметтік мінез-құлқының негізінде жатқан құндылықтарды зерттеуге бағытталған. Бұл тұғырдың теориялық негіздері В.А.Сластенин, Е.Н.Шиянов, И.Б.Котова, Г.И.Чижакова, В.А.Сластенин, В.П.Тугаринов еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. [82]. Бұл тұғырдың ерекшелігі – құндылықтарды адам мінез-құлқын реттейтін объективті норма ретінде қарастыруында. Аксиологиялық бағыт тұлғаға бағыттылығын оның құндылықтар жүйесі ретінде түсіндіреді (М.Рокич, В.А. Ядов және т.б.). В.А.Ядов құндылықтар жүйесін білу адамның мінез-құлқын болжауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіш екенін атап өтеді [83]. Аксиологиялық тұғыр студент тұлғасының ішкі өзегін, оның жауапкершілігінің негізін құндылықтар жүйесі арқылы айқындауға мүмкіндік береді. Әр адамның өзіндік құндылықтар иерархиясы бар және ол әлеуметтік жауапкершіліктің нормативтік негізі іс-әрекетін атқарады. Құндылық – адамның маңызды және дұрыс деп қабылдайтын таңдауы болғандықтан, оның мінез-құлқын болжауға мүмкіндік береді. Аксиологиялық тұрғыдан білім беру мазмұнын талдау барысында білім, таным үдерісі, шығармашылық және өзін-өзі жүзеге асыру сияқты құндылықтар қалыптасады. Зерттеудің міндеті – осы қатарға әлеуметтік жауапкершілік құндылығын қосу. Аксиологиялық тұғыр «құндылықтарды түсіндіру», «құндылықтық талдау», «құндылықтық рефлексия» және «құндылықтық әрекет» сияқты тәрбиелік концепцияларды біріктіреді. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – адамдарды құндылықтарға сай өмір сүруге бағыттау[84]. Сондықтан әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру студенттердің құқықтық және этикалық нормаларға формалды емес, құндылықтық қатынасын негізге алады.

Құндылықтық қатынас адамның әлеуметтік құбылыстарға ішкі жауабы болса, әлеуметтік жауапкершілік сол құбылыстарға қатысты тұлғаның субъективті ұстанымын білдіреді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, объективті құндылықтарды студенттің санасына, сезіміне және қажеттілігіне айналдыру арқылы оларды тұрақты өмірлік бағдарға айналдыру қажет.

Қазіргі қоғамды ізгілендіру жағдайында білім беру жүйесінің басты мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапты, азаматтық ұстанымы қалыптасқан, қоғамдық мәселелерді шешуге дайын тұлға тәрбиелеу болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда аксиологиялық тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды олардың құндылықтық санасын дамыту және әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды меңгерту арқылы жүзеге асыруды көздейді. Аксиологиялық тұғыр аясында әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның қоғамға, адамдарға, өзіне және атқаратын қызметіне деген құндылықтық қатынасы ретінде қарастырылады. Сондықтан еріктілік қызмет студенттердің қайырымдылық, әлеуметтік әділеттілік,

азаматтық белсенділік, өзара көмек және қоғамдық борыш сияқты құндылықтарды меңгеруінің тиімді құралы болып табылады.

В.А.Сластенин тұлғаның ұстанымын оның қоршаған ортаға, адамдарға және өзіне деген тұрақты құндылықтық қатынастарының жүйесі ретінде қарастырады [85]. Осы көзқарасты басшылыққа ала отырып, біз студенттің әлеуметтік жауапкершілігін оның әлеуметтік мәселелерге қатынасы, қоғамдық игілікке бағытталған іс-әрекетке дайындығы және азаматтық ұстанымы арқылы сипаттаймыз. Әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру процесінде студенттің әлеуметтік ұстанымы ерекше маңызға ие. Ғылыми әдебиеттерде ұстаным ұғымы әртүрлі тұрғыдан түсіндіріледі. Біріншіден, ол тұлғаның қоғамдағы орны мен әлеуметтік рөлін сипаттайды. Екіншіден, ұстаным адамның әлеуметтік шындыққа, қоғамдық құбылыстарға және адамдарға деген көзқарасын білдіреді. Үшіншіден, ұстаным нақты әлеуметтік жағдайдағы тұлғаның мінез-құлқы мен әрекет ету ерекшеліктерін көрсетеді. Біздің зерттеуімізде әлеуметтік жауапкершілік студенттің әлеуметтік ұстанымымен тығыз байланысты қарастырылады. Себебі еріктілік қызмет барысында студент қоғамдық мәселелерге бейжай қарамайтын, әлеуметтік көмек көрсетуге дайын және қоғам игілігі үшін жауапкершілік алуға қабілетті тұлға ретінде қалыптасады. Аксиологиялық тұғырдың маңызды ерекшеліктерінің бірі – субъектілік-субъектілік өзара әрекеттесуге негізделуі. Бұл ретте еріктілік іс-әрекет қатысушылар арасындағы серіктестікке, өзара құрметке және диалогқа сүйенеді. Қарым-қатынас барысында студенттер тек ақпарат алмасып қана қоймай, әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды меңгереді. Сондықтан әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру процесінде «қарым-қатынас – диалог – құндылық» жүйесі ерекше маңызға ие. Мысалы, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру барысында студенттер қарт адамдармен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен немесе әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтармен өзара әрекеттеседі. Мұндай жағдайда олардың бойында эмпатия, төзімділік, жанашырлық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты құндылықтар қалыптасады. Нәтижесінде студенттер қоғамдық мәселелерге немқұрайлы қарамайтын, әлеуметтік белсенді және жауапты тұлға ретінде дамиды.

Құндылық мәселесіне арналған қазақстандық зерттеулерде Г.К.Нұрғалиева, А.К.Рысбаева, А.А.Бейсенбаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Г.К.Нұрғалиева тұлғаның құндылық бағдарларының психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындап, құндылықтардың әлеуметтік-мәдени ортада іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы меңгерілуіне мән береді. А.К.Рысбаеваның зерттеулері педагогикалық құбылыстарды аксиологиялық тұрғыдан қарастырумен байланысты болса, А.А.Бейсенбаева білім беру мазмұнының адамгершілік және құндылықтық сипатын, оның тұлғаның рухани әлемін қалыптастырудағы маңызын негіздейді. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, біздің зерттеуімізде әлеуметтік жауапкершілік студенттің қоғамдық игілік, қайырымдылық, өзара көмек,

адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын саналы қабылдап, оларды еріктілік іс-әрекетінде нақты мінез-құлық арқылы жүзеге асыруымен сипатталады [86].

Осылайша, аксиологиялық тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыруды олардың құндылықтық бағдарларын, азаматтық ұстанымдарын және әлеуметтік маңызды әрекеттерге қатысуға дайындығын дамыту арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Біздің зерттеуімізде аксиологиялық тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қоғамдық игілікке бағытталған құндылықтар жүйесін меңгеруі және оларды нақты әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асыруы ретінде қарастыруға негіз болады.

Тұлғалық-бағдарлы тұғырдың негізгі идеясы білім беру процесінде студент тұлғасын басты құндылық ретінде қарастырумен сипатталады. Яғни студенттің жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, өмірлік тәжірибесін және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін ескеруге бағытталған. Сондықтан студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру олардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік белсенділігін қолдау арқылы жүзеге асырылады. Тұлғалық-бағдарлы білім беру тұжырымдамасы Б.С.Гершунский, Э.Ф.Зеер, Н.В.Кузьмина, В.В.Сериков, И.С. Якиманская, В.А.Сластенин еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Аталған ғалымдардың пікірінше, тұлға білім беру үдерісінің объектісі ғана емес, оның белсенді субъектісі болып табылады. Сондықтан қазіргі педагогикада білім алушының тұлғалық дамуы, оның өзіндік ұстанымын қалыптастыруы, өзін-өзі жүзеге асыруы және әлеуметтік ортадағы белсенділігі негізгі нәтижелердің бірі ретінде қарастырылады. Зерттеуімізде тұлғалы-бағдарлы тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды олардың жеке ерекшеліктерімен, құндылықтық бағдарларымен және әлеуметтік тәжірибесімен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның ішкі қажеттілігіне, дүниетанымына және әлеуметтік ұстанымына негізделетіндіктен, оны қалыптастыруда студенттің тұлғалық дамуына ерекше назар аудару қажет.

Э.Ф.Зеер мен А.К.Маркова тұлғаның кәсіби және тұлғалық дамуын өзара байланысты үдеріс ретінде қарастырады [87]. Ғалымдардың пікірінше, тұлғаның кәсіби қалыптасуы оның жеке қасиеттерінің, құндылықтарының және әлеуметтік мінез-құлқының дамуымен қатар жүреді. Бұл тұжырым біздің зерттеуіміз үшін маңызды, өйткені әлеуметтік жауапкершілік болашақ маманның кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тұлғалы-бағдарлы тұғыр аясында студенттің әлеуметтік жауапкершілігі оның әлеуметтік мәселелерге деген жеке қатынасынан, азаматтық ұстанымынан және қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға дайындығынан көрінеді. Еріктілік іс-әрекет дәл осы қасиеттердің дамуына қолайлы жағдай жасайды. Себебі еріктілік іс-әрекетке қатысу барысында студенттер өздерінің әлеуметтік мүмкіндіктерін байқап, қоғамға пайда келтірудің маңызын түсінеді. Мысалы, әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалармен жұмыс істейтін еріктілер тобының құрамында болған студенттердің бойында мейірімділік, жанашырлық,

жауапкершілік және әлеуметтік белсенділік сияқты қасиеттер қалыптасады. Мұндай жағдайда студент тек көмек көрсетуші ғана емес, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысатын белсенді тұлға ретінде дамиды.

Тұлғалы-бағдарлы тұғырдың маңызды ерекшеліктерінің бірі – студенттің өзін-өзі дамытуына жағдай жасау. Р.Бернс, И.А.Зимняя [88], И.С.Якиманская тұлғаның үздіксіз өзін-өзі жетілдіруі оның кәсіби және әлеуметтік дамуының негізгі шарты екенін атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда еріктілік іс-әрекет студенттің өзіндік әлеуетін жүзеге асыруға, өзінің әлеуметтік маңыздылығын сезінуге және азаматтық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Кәсіби және тұлғалық дамудың өзара байланысын қарастырған зерттеушілердің пікірінше, тұлға өз қызметінің нәтижесін түсіну арқылы ғана жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сондықтан әлеуметтік жауапкершілік студенттің қоғамдық тәжірибесімен және әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне қатысуымен тікелей байланысты.

С.Л.Рубинштейн тұлғаны сананың тасымалдаушысы ретінде қарастырады және адамның өзін қоршаған ортаға қатынасы оның мінез-құлқы арқылы көрінетінін атап көрсетеді [89]. Ал В.И.Слободчиков тұлғаның дамуын оның өмірлік ұстанымымен және өзіндік даму траекториясымен байланыстырады [90]. Бұл көзқарастар әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның әлеуметтік ортадағы белсенді ұстанымының нәтижесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

А.В.Петровский тұлғаның әлеуметтік ортадағы белсенділігін оның дамуының маңызды шарты ретінде қарастырса [91] , М.М.Бахтин тұлғаның мәні оның әрекеті мен басқа адамдармен өзара қарым-қатынасы арқылы ашылатынын көрсетеді [92]. Осыған сәйкес еріктілік іс-әрекеті студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесін қалыптастырады.

И.С.Якиманскаяның еңбектерінде білім алушы оқу үдерісінде тек таным субъектісі ретінде де жан-жақты дамуы тиіс екені атап көрсетіледі [93]. В.В.Сериков тұлғаны өмірлік іс-әрекеттік субъектісі ретінде қарастырып, оқытуды білім алушының өмірлік тәжірибесіне негіздеу қажеттігін ұсынады [94]. Тұлғаға бағдарланған тұғыр «қоғамдық маңызы бар нәрсе тұлға үшін жеке мәнге айналғанда, онда міндеттілікке негізделген динамикалық тенденциялар қалыптасады, олар жеке қызығушылық шеңберінен әлдеқайда кең болады. Осы екі тенденцияның қайшылықты бірлігі адамның мінез-құлқының мотивациясын анықтайды» деген тұжырымды нақтылауға мүмкіндік береді [75].

Ә.М.Мұханбетжанова тұлғалық-бағдарлы білім беруді білім алушының жеке мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен өзіндік даму әлеуетін ескеруге негізделген педагогикалық бағыт ретінде қарастырады. Ғалымның зерттеулерінде білім алушының тұлғалық дамуы мен белсенділігін қамтамасыз ету, оның өзіндік әрекетін ұйымдастыру тұлғалық-бағдарлы білім берудің маңызды шарттары ретінде айқындалады. Бұл тұжырымдар біздің зерттеуімізде студентті еріктілік іс-әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қарастырып, оның

қажеттілігі, еркін таңдауы, бастамашылдығы мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін ескеруге негіз болады [95].

Ш.Т.Мұқанбетова тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын зерттеген. Ғалым тұлғалық бағдарлануды білім алушының жеке ерекшеліктерін ескерумен қатар, оның қарым-қатынасқа белсенді қатысуы мен өзіндік мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасаумен байланыстырады [96]. Бұл қағида біздің зерттеуіміздегі еріктілік барысында қалыптасатын өзара әрекеттестік пен коммуникативтілік сияқты әлеуметтік біліктерді негіздеуге мүмкіндік береді.

Берілген тұғырларды талдау олардың зерттеліп отырған құбылыстың мәнін ашып, бірін-бірі мазмұндық жағынан толықтыратынын және студенттердің еріктілік іс-әрекет арқылы әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың стратегиясы мен тактикасын анықтауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен, тұлғалық-бағдарлы тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруды олардың жеке ерекшеліктерін, әлеуметтік тәжірибесін, құндылықтық бағдарларын және өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл тұғыр әлеуметтік жауапкершілікті сыртқы талап ретінде емес, тұлғаның ішкі құндылығы мен өмірлік ұстанымына айналған сапа ретінде қалыптастыруды көздейді.

Жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыруды зерттеуде жүйелілік және іс-әрекеттік тұғырлар маңызды әдіснамалық негіздердің бірі болып табылады. Әлеуметтік жауапкершілік күрделі әлеуметтік-педагогикалық құбылыс болғандықтан, оны жеке қасиет ретінде ғана емес, өзара байланысқан құрылымдық компоненттерден тұратын тұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты зерттеу барысында жүйелілік тұғырдың ғылыми қағидалары басшылыққа алынды.

Жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр ғылыми танымның әмбебап әдіснамалық бағыттарының бірі болып саналады. Оның теориялық негіздері Э.Г.Юдин, В.Г.Афанасьев, И.В.Блауберг еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Аталған ғалымдардың пікірінше, жүйелілік тұғыр зерттелетін нысанды өзара байланысқан элементтердің тұтас жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұғырдың негізгі мақсаты – жүйенің құрылымын, оның компоненттерінің өзара байланысын, қызмет ету заңдылықтарын және даму механизмдерін анықтау [97].

В.Г.Афанасьев жүйені белгілі бір мақсатқа бағытталған және өзара байланысқан элементтердің тұтас жиынтығы ретінде қарастырады. Ал И.В.Садовский жүйенің негізгі белгілеріне оның тұтастығын, ортамен байланысын, иерархиялық құрылымын және құрамдас бөліктерінің өзара тәуелділігін жатқызады [98]. Осы анықтамаларға сүйене отырып, біз студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде

қалыптастыруды мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық және нәтижелік компоненттерден тұратын тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырамыз.

Біздің зерттеуімізде әлеуметтік жауапкершілік жүйесінің негізгі элементтері ретінде әлеуметтік құндылықтар, азаматтық ұстаным, әлеуметтік белсенділік, қоғамдық борыш сезімі, әлеуметтік мінез-құлық тәжірибесі және еріктілік қызмет қарастырылады. Бұл компоненттердің әрқайсысы жеке дара қызмет етпейді, керісінше бір-бірімен тығыз байланыста болып, студенттің әлеуметтік жауапты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Жүйелік-іс-әрекеттік тұғырдың маңызды ерекшелігі – зерттеу объектісін оның даму динамикасында қарастыру мүмкіндігі. Осы тұрғыдан алғанда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі бір сәтте қалыптасатын қасиет емес, ол еріктілік іс-әрекет барысында біртіндеп дамитын және жетілетін тұлғалық құрылым болып табылады. Мысалы, студент алғашында еріктілік іс-әрекет сыртқы ынталандыру арқылы қатысуы мүмкін, алайда уақыт өте келе оның қоғамдық мәселелерге деген көзқарасы өзгеріп, әлеуметтік жауапкершілік ішкі құндылыққа айналады. Педагогикалық жүйелерді зерттеу мәселелері Н.В.Кузьмина еңбектерінде де қарастырылған. Автор педагогикалық жүйені білім беру, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарына бағытталған өзара байланысқан құрылымдық және функционалдық компоненттердің жиынтығы ретінде сипаттайды. Бұл көзқарас біздің зерттеуіміз үшін маңызды, себебі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру еріктілік қызметті ұйымдастырудың белгілі бір педагогикалық шарттары мен механизмдерін талап етеді [99]. Іс-әрекеттік тұғырдың теориялық негіздері Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, В.В.Давыдов, С.Л.Рубинштейн еңбектерінде қалыптасқан. Бұл ғалымдардың пікірінше, тұлғаның дамуы мен қалыптасуы оның іс-әрекет барысында қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің нәтижесінде жүзеге асады[100]. А.Н.Леонтьевтің тұжырымдауынша тұлға іс-әрекетте қалыптасады және дамиды. Осы қағидаға сәйкес студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі де нақты әлеуметтік тәжірибе арқылы қалыптасады. Сондықтан әлеуметтік жауапкершілікті тек теориялық білім беру арқылы емес, қоғамдық маңызы бар іс-әрекетке қатыстыру арқылы дамытуға болады.

С.М.Жақыпов тұлғаның психикалық дамуын іс-әрекет және субъектілердің өзара әрекеттестігімен байланыстыра зерттеген қазақстандық психолог. Ғалымның зерттеулерінде бірлескен іс-әрекет барысында қатысушылар арасында ортақ мақсат, өзара түсіністік пен бірлескен әрекетті ұйымдастырудың психологиялық механизмдері қалыптасатынына мән беріледі. Осы тұрғыдан іс-әрекет жеке субъектінің белсенділігімен ғана шектелмей, басқа субъектілермен өзара ықпалдастықта жүзеге асатын тұтас жүйе ретінде қарастырылады. С.М.Жақыповтың еңбектері қазақстандық зерттеулерде іс-әрекеттік тұғырдың теориялық негіздерін түсіндіруде қолданылып келеді [78].

Ш.Т.Таубаеваның еңбектерінде әдіснамалық тұғыр зерттеу мәселесін шешудің бағыты мен стратегиясын анықтайтын негіз ретінде қарастырылып, педагогикалық құбылыстың компоненттері арасындағы мазмұндық, үдерістік

және іс-әрекеттік байланыстарды тұтастықта зерттеудің маңызы көрсетіледі. Ғалымның педагогика әдіснамасына арналған бірнеше іргелі еңбектері бар [81].

Біздің зерттеуімізде бұл қағидалар студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру үдерісін бір-бірінен оқшауланған әрекеттер жиынтығы ретінде емес, мақсаты, мазмұны, психологиялық-педагогикалық шарттары, құралдары, әдістері, формалары мен нәтижесі өзара байланысқан тұтас педагогикалық жүйе ретінде құруға негіз болады. Сонымен бірге жүйенің нәтижелілігі студенттің еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуымен қамтамасыз етіледі.

Жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр шеңберінде әлеуметтік жауапкершілік студенттің қоғамдық маңызы бар іс-әрекетке қатысуға дайындығы ғана емес, сондай-ақ өзінің әрекеттерінің қоғам үшін маңызын түсінуі ретінде қарастырылады. Сондықтан еріктілік іс-әрекет әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың табиғи әлеуметтік ортасы болып табылады.

Осылайша, жүйелілік тұғыр студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруды тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берсе, іс-әрекеттік тұғыр аталған қасиеттің нақты әлеуметтік тәжірибе барысында қалыптасатынын негіздейді. Бұл екі тұғырдың өзара байланысы зерттеу пәнінің мәнін терең түсінуге және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Ғылымда еріктілік іс-әрекет феноменін қарастыратын алғашқы тәсілдердің бірі – *институционалдық тұғыр.* Еріктілік іс-әрекет әлеуметтік-педагогикалық институт. Әлеуметтік-педагогикалық институт – тұлғаның әлеуметтенуі мен тәрбиесіне ықпал ететін, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгертуді қамтамасыз ететін ұйымдасқан әлеуметтік жүйе. Себебі еріктілік:

- қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысады;
- тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал етеді;
- тәрбиелік, құндылықтық, азаматтық функциялар атқарады;
- әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады;

Аталған белгілер оның тек әлеуметтік құбылыс қана емес, әлеуметтік-педагогикалық институт ретінде де қарастырылуына мүмкіндік береді.

Еріктілік іс-әрекетті әлеуметтік- педагогикалық институт ретінде талдау барысында алдымен әлеуметтанудағы институционалдық теорияға жүгіну қажет. Осыған байланысты институт ұғымы, оның белгілері мен қызметтері қарастырылып, кейіннен еріктілік іс-әрекеттің де осыған ұқсас сипаттамаларына талдау жасалады.

Н.Смелзердің пікірінше, институттың маңызды белгілерінің бірі – оның «әлеуметтік қажеттілікке» сәйкестігі. Американдық әлеуметтанушы институттарды қоғам ресурстарын белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында өзара әрекет формаларында пайдалануға арналған әлеуметтік құрылым ретінде сипаттайды [101].

Ал Д.Норт жаңа институттардың пайда болуын қоғамның қолданыстағы институционалдық жүйе жағдайында алу мүмкін емес пайдаларды иеленуге ұмтылуымен байланыстырады. Неоинституционалдық тұғыр логикасына сүйенсек, еріктілік іс-әрекет мемлекет шығындарын азайтуға объективті түрде мүмкіндік береді, сәйкесінше қоғамдық ресурстардың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде еріктілік іс-әрекеттің институционалдық тұрғыдан қалыптасуына түрткі болады [102]. Біздің ойымызша, әлеуметтік-педагогикалық институттың неғұрлым толық анықтамасын Г.Е.Зборовский ұсынған. Ол әлеуметтік-педагогикалық институтты қоғамдық өмір мен адамдардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырудың тұрақты формасы ретінде сипаттайды. Бұл құрылым әлеуметтік функциялар мен рөлдерді жүзеге асыруға, басқару мен әлеуметтік бақылауды қамтамасыз етуге қажетті өкілеттіктер мен материалдық ресурстарға ие адамдар мен мекемелер жиынтығын қамтиды.

Г.Е.Зборовский әлеуметтік-педагогикалық институттың келесі белгілерін бөліп көрсетеді:

- мінез-құлық нормаларының жүйесі (ауызша және жазбаша): еріктілік іс-әрекетте бұл – еріктілік іс-әрекет қызметтің мазмұндық бейресми қырларын да, формалды жақтарын да реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің тұтас иерархиясы (БҰҰ резолюцияларынан бастап жергілікті заңдарға дейін);

- мінез-құлық ұстанымдары мен үлгілері: еріктілік іс-әрекетте бұлар – өзара көмек, қолдау көрсету, жәрдемдесу, мәдени символдар. Еріктілік іс-әрекет қызметте мұндай символдарға еріктілік іс-әрекет ұйымдардың логотиптері, фирмалық атрибуттар, қатысу сертификаттары, алғыс хаттар мен грамоталар, сондай-ақ «еріктілердің жеке кітапшасы» («Еріктілердің цифлық паспорты») жатады;

- мәдениеттің утилитарлық белгілері: еріктілік іс-әрекетте бұлар –құрал-жабдықтар, еріктілік іс-әрекет ұйымдардың штаб-пәтерлері, арнайы киім үлгілері;

- идеологияның болуы: еріктілік іс-әрекетте оның негізін альтруизм, әлеуметтік ынтымақтастық және серіктестік құрайды [103].

Еріктілік іс-әрекет институтының негізгі мақсаты – қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарына бағытталған әлеуметтік саясаттың тиімді жүзеге асуына ықпал ету, қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының теңгерімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ еріктілер қозғалысы ішіндегі ынтымақтастықты нығайту [104]. Еріктілік іс-әрекет әлеуметтік-педагогикалық институт ретінде мемлекет, экономика және басқа да әлеуметтік институттармен өзара байланыста қызмет етеді. Еріктілік іс-әрекетті жүйелік тұрғыдан түсіндірудің негіздері философиялық білім аясында қалыптасқанымен, жүйелік тәсілдің социологиялық ерекшеліктерін Т.Парсонс жан-жақты негіздеген. Бұл тәсіл еріктілік іс-әрекетті талдауда оның үш негізгі аспектісін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: әлеуметтік жүйе, еріктінің тұлғалық жүйесі және мәдени жүйе. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік іс-әрекет – әлеуметтік, экономикалық және саяси қатынастар аясында қызмет ететін қоғамдық жүйе. Бұл жүйеде

адамдар акторлар ретінде белгілі бір әрекеттер жасап, тұлғааралық, топаралық және ұжымдық деңгейде коммуникацияға түседі. Мұнда бастапқы бірлік ретінде тұтас қоғам немесе жеке ерікті емес, еріктілік іс-әрекет тәжірибелердің институционалдану механизмдері мен нақты мәселелерді шешуге бағытталған адамдардың стихиялық өзін-өзі ұйымдастыру ортасы өзара әрекеттесетін жүйе қарастырылады.

Т.Парсонс сипаттаған «үлгілік айнымалылар» немесе мәдени стандарттар осы жүйеде маңызды рөл атқарады. Олар:

– тұлғалық деңгейде – индивидтің әрекет таңдауындағы құндылықтық бағдарларының құрамдас бөлігі;

– қауымдастық деңгейінде – еріктілердің рөлдері, құқықтары мен міндеттерін анықтайтын нормалар;

– мәдени деңгейде – қоғамдағы нақты әрекеттерді реттейтін құндылықтық ережелер мен әлеуметтік талаптар ретінде көрінеді [105].

Еріктілік іс-әрекетті әлеуметтік жүйе ретінде қарастырғанда, оның «ашықтық» сипаты ерекше мәнге ие. Бұл қасиет еріктілік іс-әрекеттің басқа әлеуметтік жүйелермен өзара тәуелділік пен ықпалдастықта дамитынын көрсетеді. Осыған байланысты еріктілік іс-әрекет қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіне еніп, түрлі кәсіби салалармен және қызмет түрлерімен байланысады. Ал әлеуметтік институт ретінде ол саяси, экономикалық, діни, білім беру және мәдени институттармен өзара әрекеттеседі. Т.Парсонс теориясында «ашықтық» ұғымы жалпыадамзаттық құндылықтарды жүзеге асыру мақсатындағы ынтымақтастықпен сабақтас қарастырылады. Еріктілік іс-әрекеттің гуманистік қағидаттарға негізделген нормативтік-құндылықтық іргетасы бұл феноменнің әртүрлі мәдени ортада кең таралуына және әлеуметтік-педагогикалық институт ретінде орнығуына ықпал етеді.

Институционалдық тұғыр тұрғысынан жоғары оқу орны студенттердің әлеуметтенуі мен әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. М.О. Искакова, У.Д. Салимова университеттің білім беру және тәрбие үдерісін студенттердің экологиялық тәрбиесін дамытатын әлеуметтендіруші орта ретінде сипаттайды. Бұл тұжырым біздің зерттеуімізде еріктілік іс-әрекетті студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың институционалдық тетігі ретінде қарастыруға негіз болады [106].

Жоғарыда талдау жасалған әдіснамалық тұғырлардың барлығының ортақ негізі студент тұлғасының әлеуметтік дамуы мен оның қоғамдық қатынастар жүйесіне белсенді қатысуына бағытталғандығында. Сондықтан студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруды зерттеу барысында аталған тұғырлардың өзара байланысы мен бірлігі жетекші әдіснамалық негіз ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, талдау берілген әдіснамалық тұғырлардың студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру барысында жетекшілікке алу негіздерін сипаттадық:

– *мәдениеттанушылық тұғыр* студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қоғамдық және адамгершілік мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға негізделеді. Бұл тұғыр әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның әлеуметтік құндылықтарды, мінез-құлық нормаларын және қоғамдық тәжірибені меңгеруінің нәтижесі ретінде түсіндіреді. Еріктілік іс-әрекет барысында студенттер қайырымдылық, өзара көмек, әлеуметтік әділеттілік, толеранттылық және азаматтық белсенділік құндылықтарын игеріп, әлеуметтік мінез-құлық мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан мәдениеттанулық тұғыр әлеуметтік жауапкершілікті қоғамдық құндылықтарды меңгеру және оларды әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асыру арқылы дамытуға бағытталады.

– *аксиологиялық тұғыр* әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның құндылықтық бағдарлары жүйесімен байланысты қарастыру; студенттердің бойында әлеуметтік әділеттілік, қайырымдылық, өзара көмек, азаматтық белсенділік және қоғамдық борыш сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру; еріктілік іс-әрекеттің әлеуметтік және адамгершілік маңызын түсіндіру арқылы олардың құндылықтық санасын дамыту;

– *тұлғалық-бағдарлы тұғыр* студенттің жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, құндылықтық бағдарларын және әлеуметтік тәжірибесін ескеру; әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаның ішкі құндылығы ретінде қалыптастыру; студенттің өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жүзеге асыруына және азаматтық ұстанымының қалыптасуына жағдай жасау; еріктілік іс-әрекет арқылы оның әлеуметтік белсенділігін, бастамашылдығын және жауапты мінез-құлқын дамыту;

– *жүйелі-іс-әрекеттік тұғыр* студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды мақсат, мазмұн, әдістер, құралдар, педагогикалық шарттар және нәтижеден тұратын тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастыру; әлеуметтік жауапкершіліктің мотивациялық, когнитивтік, құндылықтық және мінез-құлықтық компоненттерінің өзара байланысын анықтау; еріктілік іс-әрекетін әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың жүйе құраушы факторы ретінде негіздеу; еріктілік іс-әрекет арқылы әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін меңгерту; әлеуметтік жауапкершіліктің практикалық көріністерін дамыту;

– *институционалдық тұғыр* әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуын жоғары оқу орны, еріктілік ұйымдар, жастар қозғалыстары, қоғамдық бірлестіктер және әлеуметтік серіктестердің өзара ықпалы арқылы жүзеге асатын әлеуметтік-педагогикалық үдеріс ретінде қарастыру; университеттің тәрбиелік ортасының және еріктілік қозғалысының әлеуетін тиімді пайдалану; студенттердің әлеуметтік тәжірибесін кеңейту арқылы олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Қорыта айтқанда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың әдіснамалық негізіне *субъектілік теориясы (*С.Л.Рубинштейн, К.А. Абульханова, А.В. Брушлинский, А.Р.Ерментаева*), тұлғаның әлеуметтену теориясы (*Ч.Кули, Дж.Мид,

А.Бандура, А.В.Мудрик, Г.М. Андреева, Г.О. Әбдікерова*.), тұлғаның іс-әрекет теориясы (*Л.С.Выготский, А. Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, С.М.Жақыпов*)* негізге алынады. Өйткені осы әдіснамалық негіздер еріктілік іс-әрекет барысында студент тұлғасының дамуы, әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, құндылықтарды қабылдауы, әлеуметтік өзара әрекетке түсуі және жауапты мінез-құлықты қалыптастыру тетіктерін айқындауға негіз болады. Осы әдіснама тұжырымдары негізінде зерттеу барысында *мәдениеттанушылық, аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы, жүйелік-іс-әрекеттік, институционалдық* тұғырлар жетекшілікке алынады.

1.3 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру – психологиялық-педагогикалық проблема

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру тақырыбындағы зерттеу педагогика және психология білім беру бағдарламасы аясында қарастырылып отырғандықтан зерттеу барысында аталған тақырыпты психологиялық-педагогикалық проблема тұрғысынан негіздеу қажеттілігі туындады. 1.1 параграфында жауапкершілік, әлеуметтік жауапкершілік анықтамалары мен түсініктеріне мән берген болсақ, бұл параграфта әлеуметтік жауапкершілік мәселесінің ғылымда зерттелу деңгейін, атап айтқанда ғылыми әзірлену дәрежесіне жан-жақты талдау жасаймыз.

Әлеуметтік жауапкершілік мәселесін зерттеуде халықаралық ғылымда әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Ең танымал зерттеулердің бірі – Арчи Кэрроллдың CSR пирамидасы, ол әлеуметтік жауапкершілікті төрт деңгейде қарастырады: экономикалық, құқықтық, этикалық және филантропиялық [107]. Бұл иерархиялық зерттеу әлеуметтік жауапкершіліктің экономикалық негізге тірелетінін көрсетсе, Джон Элкингтонның «Үш қорытынды сызық» (TBL) моделі тек қаржылық емес, әлеуметтік және экологиялық нәтижелерді де өлшеу қажеттігін алға тартады [108]. Қазіргі заманғы зерттеулерде Bustamante-Ubilla және авторласы әлеуметтік жауапкершілікті 15 фактор мен 66 айнымалы арқылы өлшейтін күрделі факторлық модель ұсынса [109], Bergsteiner мен Avery жауапкершілік пен есептіліктің сегіз құрамды процестік моделін жасаған [110].

Ал қазіргі әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлер жағдайында жастардың әлеуметтік жауапкершілігін дамыту бүкіл әлем бойынша ерекше маңызға ие болуда. Әрбір адамның өзін-өзі анықтауында әлеуметтік жауапкершілік айрықша рөл атқарады және оны әртүрлі қырынан қарастыру қажет. Жалпы адамның өмір сүруінің іс жүзіндегі барлық салаларында терең трансформациялық үдерістер жүріп жатыр. Мысалы, қазіргі еңбек нарығының үрдістері жұмыс берушілердің кәсіби құзыреттілігі жоғары әрі жылдам өзгерістерге бейімделе алатын мамандарды іздеуімен сипатталады. Заманауи маман бастамашыл, команда ішінде де, сыртқы серіктестермен де тиімді қарым-қатынас орната алуы тиіс. Әлеуметтік белсенді және шығармашылық тұрғыдан

бастамашыл адамдар, әдетте, инновациялық үдерістердің қозғаушы күші болып табылады.

Осы контекстте білім беру ұйымдарының маңызы ерекше, себебі олар тұлғаның әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілігін дамытуға қажетті әлеует пен мүмкіндіктерге ие.

Адамның жауапкершілігі оның жеке қасиеті ретінде тікелей әлеуметтік табиғатымен байланысты. Тұлғаның психикалық дамуының қалыптылығы «қоғамға кірігу» мен одан белгілі бір деңгейде оқшаулану арасындағы динамикалық тепе-теңдікке тәуелді. Әрбір индивид қоғаммен үйлесімді қатынаста бола отырып, өз бірегейлігін сақтауы, сондай-ақ өз әрекеттері мен істерінің маңыздылығын мойындай білуі қажет.

Жауапкершілікке ұмтылу заманауи адамның табиғи қажеттілігі. Көп жағдайда жауапкершілік сыртқы әлемдегі жетістік ретінде түсіндіріледі: оны атақ, мансаптық өсу, материалдық әл-ауқат сияқты ұғымдармен байланыстырады. Алайда барлық күш-жігерге қарамастан, көптеген адамдар нақты жауапкершілікке жете алмайды, ал оған қол жеткізгендер өз кезегінде әрдайым қанағат пен ішкі үйлесімділік сезінбейді.

Жалған жауапкершілікке қол жеткізді деп есептейтін адамдар бастан өткеретін мұндай күйзеліс олардың жауапкершілік табиғаты мен оған жету тетіктері туралы білімінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Осы тұрғыдан жауапкершілік мәселесі *психологиялық зерттеулерде* жан-жақты қарастырылған.

Б.Г.Ананьевтің [111], Л.С.Выготскийдің [112] А.Н.Леонтьевтің [113], С.Л.Рубинштейннің [75] еңбектерінде тұлғаның өз өмірлік траекториясына деген жауапты немесе жауапсыз қатынасы мәселесі қарастырылады. Бұл қатынас адамның іс-әрекетін, оның мақсаттары мен жүзеге асыру міндеттерін талдау негізінде түсіндіріледі.

Студенттің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру туралы пайымдай отырып, біздің ойымызша, ең алдымен оның жеке адам үшін маңыздылығын түсіну қажет. Бұл маңыздылық адамның өзінің іс-әрекет нәтижелерін субъективті қабылдауымен, мақсатқа жетуімен және әлеуметтік топтағы өзін-өзі бекітуімен түсіндіріледі. Маңызды жайт тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі оның жеке дараланумен тығыз байланысты, ал бұл өз кезегінде адамның ішкі әлеуетін ашуға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталады.

В.С.Третьякова атап өткендей, жеке даралану адамның белсенділігіне негізделеді және ол: «адамның өзін, өзінің құрылымын, дамуының жетекші ішкі іс-әрекетін түрлендіру арқылы көрініс табады» [114].

Жеке даралану жеке бағыттылық пен белсенділікті талап етеді.Тұлғаның өзінің ішкі қор әлеуетін жетекші іс-әрекетке айналдыруға дайындығын қамтамасыздандыратын психологиялық қасиеттердің дамуы, сондай-ақ Мен-тұжырымдамасының қалыптасуы мен әлеуметтік жетілуі жеке дараланумына себеп болады.

Д.А.Леонтьевтің тұжырымдауынша, «индивидтің сыртқы жағдайларға, соның ішінде қолайсыз факторларға қарамастан, жоспарланған ісін жүзеге асыру қабілеті кәсіби іс-әрекеттің көптеген салаларында да, күнделікті өмірде де сөзсіз құндылық болып табылады» [113].

Алайда И.Ю.Соколова мен Е.Е.Борисованың зерттеулерінде көрсетілгендей, тұлғалық әлеует тікелей іс-әрекеттің өзіндік реттелуіндегі жауапкершілікпен байланысты және оның ең жоғары дамыған түрлері өзіндік детерминация феноменінде көрініс табады [115].

Адам таңдау жасай алу қабілетіне ие болуы керек. Мұндай таңдау дербес болуы қажет, ал өз дамуының жеке траекториясын айқындау қабілеті адамның сау әрі толыққанды өмір сүруге мүмкіндік беретін қабілеттері мен ішкі қорының бар екенін дәлелдейді.

Ерте балалық шақтан бастап, яғни отбасында және алғашқы әлеуметтік ортада, бала белсенділік еркіндігіне мүмкіндік беретін жағдайларда өмір сүруі тиіс. Егер ата-аналар мен баланың өміріндегі өзге де маңызды ересектер оның қызығушылықтарын ескерсе, кең таңдау мүмкіндігін берсе, мұндай тәрбиенің нәтижесінде сау және үйлесімді тұлға қалыптасады.

Сонымен бірге, жауапкершілік пен ерік-жігер қасиеттерінің өзара байланысын атап өту орынды. Көзделген мақсатқа жету, жоспарланған істі жүзеге асыру үшін адамға табандылық танытып, қоршаған ортаның немесе сыртқы факторлардың ықпалына берілмеу қажет.

Мысалы, A.M.Dvoinin мен E.S.Trotskaya [116], E.L.Deci мен R. M.Ryan [117], сондай-ақ A.L.Duckworth [118] зерттеулерінде жауапкершіліктің психологиялық механизмдері мен оның мотивациялық негіздері ашылады.

Жауапкершілік, әлеуметтік жауапкершілік мәселесі алыс және жақын шетелдік *педагогикалық зерттеулерде* де көрініс тапқан.

А.М.Шапоровтың зерттеуінде білім алушылардың академиялық жауапкершілігін қалыптастыру үдерісі қарастырылады. Автор академиялық жауапкершілікті былайша анықтайды: «Бұл – білім беру үдерісінің кешенді сипаттамасы, ол объективті және субъективті қырларды қамтиды; әртүрлі білім деңгейлеріне арналған федералды мемлекеттік білім беру стандарттарында айқындалған оқу нәтижелерінің алуан түрлілігін бейнелейді; дайындық барысында қол жеткізілген нәтижені ғана емес, сонымен қатар оған жету үдерісін де қамтиды; білім алушының өзі үшін оқу нәтижесінің мәнін және оған қандай деңгейде жеткенін түсінуін көрсетеді» [119].

Ал А.В.Деленьян [120], В.М.Поставнев, М.А.Романова [121], K. Reynolds, M.Horn [122] әртүрлі әлеуметтік топтарда жауапкершілікті болжау және қалыптастыру ерекшеліктерін талдайды. Академиялық және кәсіби жауапкершілікті қалыптастыру мәселелері Г.Г.Геворкян [123], В.С.Третьякова, А.Е.Кайгородова, [114], Т.В.Ермолова [124] және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Аталған авторлар мотивацияның тұлғаның жауапкершілігіне әсерін зерттеп, оны адамның іс-әрекет нәтижелерімен, өзін-өзі бағалауымен және мақсатқа жетуден туындайтын ішкі қанағат сезімімен байланыстырады.

Ю.Е.Водях және Л.А.Багаеваның [125] еңбегінде әртүрлі интеллект деңгейіне ие студенттерде әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеу логикасы тұрғысынан В. С. Третьякова, А. Е. Кайгородова, А. А. Шаров және Э.Ф.Зеердің пікірін келтіру орынды: «Өзін-өзі ұйымдастыру, мотивация және өзіндік қатынас компоненттері – іс-әрекет субъектісінің ішкі ресурстары ретінде тұлғаның жауапкершілігі сияқты күрделі әлеуметтік-психологиялық феноменнің қалыптасуына ең елеулі үлес қосады [114].

Е.И.Донийдің диссертациялық зерттеуінде кіші жасөспірімдердің арнайы жауапкершілік түрі анықталған, ол пәндік-спецификалық салаларда көрініс табады және жалпы (академиялық) жауапкершілікпен қатар жүреді. Автор когнитивтік дамудың түрлі үлгілерін, олардың академиялық жауапкершілікпен өзара байланысын, креативтілік пен ақпаратты өңдеу жылдамдығын айқындайды [126].

Зерттеушінің пікіріне қосыла отырып, когнитивтік предикторлардың кәсіби іріктеу міндеттерін шешудегі маңыздылығын атап өткен жөн, өйткені олар білім алушылардың қабілеттері мен бейімділіктеріне қарай әртүрлі іс-әрекет түрлерінде өз жауапкершілігін көрсету мүмкіндігін айқындайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, білім беру ұйымында студенттердің танымдық қызығушылығын арттыруға, олардың белсенді оқу ұстанымын қалыптастыруға және психологиялық жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді білім беру ортасын құру қажеттілігі туындайды.

С.В.Кульпиннің пікірінше: «Осының бәрі кешенді түрде тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге, универсал құзыреттер жиынтығын қалыптастыруға, когнитивтік қабілеттер мен танымдық процестердің даму деңгейін арттыруға, сондай-ақ жетістікке жету мотивациясын және жеке оқу траекториясын іске асыру деңгейін жоғарылатуға ықпал етеді» [127].

Ерекше континуум құрудың маңызды шарты — білім беру ортасы. И.В.Мусханова, С.А.Суворова және Н.С.Пичко [128-130] әділ атап өткендей, білім беру ортасы тұлғаның жауапкершілігінің қалыптасуына, оның кәсіби өзін-өзі айқындауына және азаматтық әрі кәсіби ұстанымының дамуына әсер етеді. Әлеуметтік жауапкершілік тұлға мен қоғам арасындағы өзара қатынастардың барлық салаларында көрініс тауып, адамның тұлғалық дамуы, әлеуметтенуі және кәсіби қалыптасу үдерістерінде маңызды орын алады. Сонымен бірге, әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның белсенді іс-әрекетінің, өмірлік ұстанымының және әрекет нәтижесінің көрсеткіші ретінде қоғамның санасына және оның даму үдерістеріне ықпал етеді. Осы тұрғыда тұлғаның әлеуметтік процестердегі орны мен даму мүмкіндіктеріне қатысты психологиялық заңдылықтар Д.Майерс пен Ж.Туенждің зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Авторлар жауапкершілікпен тығыз байланысты «жеке

тиімділік» ұғымын адамның тек жеке жетістігінің кепілі ғана емес, сонымен қатар оның қоғам дамуына қосатын үлесінің маңызды көрсеткіші ретінде сипаттайды [131].

Өздігінен әлеуметтік жауапкершілік күрделі құрылымды құбылыс және оның іс-әрекет субъектісінсіз болуы мүмкін емес. Көптеген еңбектерде әлеуметтік жауапкершілік парыз, міндеттілік, еркіндік, әлеуметтік интеллект сияқты басқа да философиялық, педагогикалық категориялармен бірге қарастырылатындықтан, әлеуметтік жауапты әрекет-қылықты қамтамасыз ететін кәсіби-тұлғалық сапа ретінде оның қалыптасу критерилері мен деңгейін белгілейтін құрылымдық аппарат [60].

Жоғарыда тұжырымдалған еңбектер әлеуметтік жауапкершілік мәселесінің жалпы теориялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берсе, зерттеудің проблемалық өрісін нақтылау қажеттгі оған мазмұндық жағынан жақын ғылыми жұмыстарды арнайы талдауды қажет етеді.

Осыған сәйкес зерттеу проблемасын одан әрі нақтылау мақсатында студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыр мәселесі тікелей немесе жанама қарастырылған алыс, жақын шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді зерттеу бағыттары бойынша жүйелеп, төмендегі кестеде ұсынамыз. (Кесте 6).

Кесте 6 - Әлеуметтік жауапкершілікке қатысты мәселе қарастырылған алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері

Автордың аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылым саласы	Қорғау жылы,орны
1	2	3	4
Наталья Владимировна Антипина	«Формирование социальной ответственности в профессиональном самоопределении старшеклассников»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Калининград, 2004
Сергей Николаевич Васильев	«Формирование социальной ответственности у курсантов военного вуза»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Кострома, 2006
Екатерина Владимировна Родионова	«Юридическая ответственность как разновидность социальной ответственности: современные проблемы»	Заң ғылымдарының кандидаты	Мәскеу, 2007
Ольга Робертовна Кривошеева	«Формирование социальной ответственности студентов физкультурного вуза»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Омбы, 2007,

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Максим Геннадьевич Иванов	«Формирование социальной ответственности студентов средствами правового воспитания»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Тамбов, 2009,
Вячеслав Николаевич Подшивалов	«Социальная ответственность личности: философско-антропологический аспект»	Философия ғылымдарының кандидаты	Челябинск, 2009
Стелла Львовна Сидоркина	«Формирование социальной ответственности у подростков посредством социально значимой деятельности»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Нижний Новгород, 2010
Игорь Анатольевич Панарин	«Психология социальной ответственности лидеров молодежных движений»	Психология ғылымдарының докторы	Мәскеу, 2010
Алексей Вячеславович Белов	«Социальная ответственность: содержание и механизм реализации»	Философия ғылымдарының кандидаты	Волгоград, 2011
Александр Петрович Трубников	«Формирование социальной ответственности старшеклассников в деятельности молодежного центра»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Курск, 2012
Лариса Альбертовна Барановская	«Формирование социальной ответственности студента в социокультурном образовательном пространстве»	Педагогика ғылымдарының докторы	Чита, 2012
Олеся Алексеевна Лаврентьева	«Формирование социальной ответственности подростков в жизнедеятельности школы»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Красноярск, 2016
Расима Киньягалиевна Абубакирова	«Формирование социальной ответственности подростков в условиях сельского сообщества»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Мәскеу 2017,
Шамсуддин Шахретович Пирогланов	«Педагогические условия формирования социальной ответственности военнослужащих»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Махачкала, 2017
Елена Ивановна Коваленко	«Развитие социальной ответственности ординаторов медицинского вуза»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Красноярск, 2018
Таиса Хусаиновна Хаджимурадова	«Волонтерские практики как средство воспитания моральной ответственности у будущих бакалавров социальной работы»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Грозный, 2021

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Эмила Джабраиловна Арсанукаева	«Развитие социального интеллекта у будущих бакалавров социальной работы средствами проектной деятельности в вузе»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Грозный, 2024
Anna Hajdu	Institutional perspectives on corporate social responsibility (CSR) in agricultural enterprises amidst social movement debates	Экономика ғылымдары / Әлеуметтану (институционалдық экономика)	Германия, 2024 Martin-Luther-Universität Halle-Wittenberg,
Shayan Ali Khan	Essays on corporate social responsibility (CSR) as risk management strategy	Экономика ғылымдары (экономика докторы)	Германия, 2025 Martin-Luther-Universität Halle-Wittenberg,
Tatjana Minulla	Just for Show? The Institutional Role of Voluntary Sustainability Initiatives in Corporate Social Responsibility Governance	Экономика ғылымдары (менеджмент / CSR governance)	Германия, 2025 HSBA Hamburg / TU Berlin,
Хава Умаровна Ярычева	«Контекстный подход к развитию социальной ответственности у будущих социальных работников»	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Грозный, 2026

Кестеде жүйеленген зерттеулерді талдау әлеуметтік жауапкершілік мәселесінің бірнеше ғылыми бағытта қарастырылғанын көрсетеді.

Бірінші бағыттағы В.Н.Подшивалов, А.В.Белов, Е.В.Родионова [132-134] еңбектерінде әлеуметтік жауапкершіліктің философиялық, әлеуметтік және құқықтық табиғаты ашылып, оның мазмұны мен жүзеге асу механизмдері қарастырылады. Бұл зерттеулер әлеуметтік жауапкершіліктің теориялық мәнін айқындауға негіз болғанымен, оны студент тұлғасында мақсатты қалыптастырудың педагогикалық тетіктерін арнайы қарастырмайды.

Екінші бағыттағы Н.В.Антипина, С.Н.Васильев, О.Р.Кривошеева, М.Г.Иванов [135-138] зерттеулерінің ортақ ерекшелігі әлеуметтік жауапкершілікті білім алушыларда мақсатты педагогикалық ықпал арқылы қалыптастырылатын тұлғалық сапа ретінде қарастыруы. Алайда әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру әртүрлі контексте: кәсіби өзін-өзі анықтау, әскери даярлық, дене шынықтыру және құқықтық тәрбие құралдары арқылы жүзеге асырылған. Бұл еңбектер біздің зерттеуіміз үшін әлеуметтік жауапкершіліктің арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдерісте қалыптасу мүмкіндігін негіздеуімен маңызды. Үшінші бағыт С.Л.Сидоркина, А.П.Трубников, О.А.Лаврентьева және Р.К.Абубакирова [139-142]. зерттеулерімен сипатталады. Аталған авторлар әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруда әлеуметтік маңызы бар іс-әрекет пен әлеуметтік ортаның

мүмкіндіктеріне басымдық береді. Жастар орталығы, мектеп, жергілікті қауымдастық және әлеуметтік маңызы бар іс-әрекет тұлғаның қоғамдық қатынастарға енуіне және нақты әлеуметтік тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін орта ретінде қарастырылады. Бұл қағида біздің еріктілік іс-әрекетті әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру кеңістігі ретінде қарастыруымызға жақын. Төртінші бағыттағы Л.А.Барановская, Ш.Ш.Пирогланов, Е.И.Коваленко және Х.У.Ярычева [143-146]. еңбектерінде әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру білім беру ортасы, кәсіби даярлық және арнайы педагогикалық шарттармен байланыстырылады. Әсіресе Л.А.Барановская студенттің әлеуметтік жауапкершілігін әлеуметтік-мәдени білім беру кеңістігінде қарастыруымен, ал Х.У.Ярычева болашақ мамандардың әлеуметтік жауапкершілігін дамытуда контекстік тәсілді қолдануымен ерекшеленеді. Бұл зерттеулер әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру үшін арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ортаның қажеттілігін көрсетеді.

Kristina Kovacevik, Anna Hajdu, Shayan Ali Khan және Tatjana Minulla [147-150]зерттеулерінде әлеуметтік жауапкершілік ұйымдық және институционалдық деңгейде қарастырылып, корпоративтік этика, институционалдық орта, тұрақтылық бастамалары мен әлеуметтік жауапты басқару механизмдеріне назар аударылады. Бұл зерттеулердің нысаны студент тұлғасынан өзгеше болғанымен, әлеуметтік жауапкершіліктің жүзеге асуында құндылықтармен қатар институционалдық орта мен ұйымдастырушылық механизмдердің маңызды екенін көрсетуімен зерттеуіміз үшін мәнді.

Зерттеуімізге мазмұны жағынан неғұрлым жақын бағытты Т.Х.Хаджимурадова, Э.Д.Арсанукаева және И.А.Панарин [151-153]. еңбектері құрайды. Т.Х.Хаджимурадова болашақ әлеуметтік жұмыс бакалаврларының моральдық жауапкершілігін қалыптастыруда волонтерлік практикалардың мүмкіндіктерін қарастырса, Э.Д.Арсанукаева жобалық іс-әрекет арқылы болашақ әлеуметтік жұмыс мамандарының әлеуметтік интеллектісін дамытуды зерттеген. И.А.Панарин жастар қозғалыстары көшбасшыларының әлеуметтік жауапкершілігін психологиялық тұрғыдан зерделеген. Аталған еңбектер әлеуметтік және еріктілік іс-әрекеттің тұлғалық сапаларды дамытудағы әлеуетін көрсеткенімен, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде тұтас педагогикалық жүйе ретінде қалыптастыру мәселесін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырмайды.

Бұдан басқа да білім алушының әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға қатысты мәселелер отандық зерттеулерде де қарастырылған (Кесте 7).

Кесте 7 - Әлеуметтік жауапкершілікке қатысты мәселе қарастырылған отандық ғалымдардың еңбектері

Автордың аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылым саласы	Қорғау жылы,орны
1	2	3	4

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Нургалиева Акмарал Кажмуратовна	Научно-педагогические основы формирования ответственности подростков в воспитательном процессе общеобразовательной школы	13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика	Қарағанды, 2009
Отарбаева Бахтнур Зейналлаевна	Формирование политики социального партнерства в Республике Казахстан (политологический анализ	23.00.02, саясаттану	Алматы, 2010
Сандықбаева Өріккүл Дүйсенқызы	Жастар белсенділігінің әлеуметтік-мәдени құндылық негіздері	24.00.01 – мәдениет теориясы және тарихы	Алматы, 2010
Галимжанова Сауле Билаловна	Социальная ответственность предпринимательства в Республике Казахстан: теория и практика.	08.00.05-экономика	Алматы, 2010
Булдыбаева Гүлжан Нұртаевна	Социологический анализ социально-корпоративной ответственности компаний нефтегазового сектора Западного региона Казахстана	6D050100 – Социология	Алматы, 2013
Бутова Елена Валерьевна	Шығармашылық мамандық студенттерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	6D010300 – Педагогика және психология	Алматы 2015
Умербекова Акерке Нурланбековна	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту	6D010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Алматы, 2018
Атабекова Бакыткул Ботабековна	Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту	6D010300 - Педагогика және психология	Алматы, 2020
Книсарина Малика Максатовна	Батыс Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы кәсіптік даярлық жағдайындағы білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігі	Проект (№AP09058126 грант)	2021-2023
Бекенова Жумагул нурдаулетовна	Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі	8D02202 - Философия	Алматы ,2024
Кусаинова Райса Есеновна	Социально-педагогическое сопровождение инновационной деятельности преподавателя университета	8D01823 – Социальная педагогика и самопознание	Алматы, 2025

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Тауекелова Толганай Батырбековна	Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері	8D03101-Әлеуметтану	Алматы,2025
Нурымбетов Едил Шаяхметович	Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау	8D03101 Әлеуметтану	Алматы 2025
Тұрсынбаева Баян Жалғасбекқызы	Қазақстандық студент жастардың экологиялық санасы – әлеуметтік белсенділік факторы	6D050100 – Әлеуметтану	Астана 2025
Конырова Арай Абдыхановна	Педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру	8D01823 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	Астана, 2025
Дюсенова Алуа Жақанқызы	Жоғары оқу орындарында білім алушы-қандастардағы әлеуметтік интеллектінің даму ерекшеліктері	8D03103-Психология	Астана, 2026

Кестеден көріп отырғандарыңыздай қазақстандық ғалымдар еңбектерінде тікелей әлеуметтік жауапкершілік мәселесі қарастырылған еңбектер аз, алайда әлеуметтік жауапкершілік ұғымының құрамын күшейтетін немесе әлеуметтік жауапкершілікке қатысы бар мәселелердің зерттелгендігін көрсетті.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мәселесінің отандық ғылыми әдебиеттерде зерттелуіне жасалған талдау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, әлеуметтік жауапкершілік мәселесіне қатысты қазақстандық ғалымдардың зерттеулері педагогика, психология, философия, әлеуметтану, экономика және әлеуметтік жұмыс ғылымдары аясында қарастырылған.

Екіншіден, аталған еңбектерді зерттеу нысанына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

Зерттеу проблемамызға неғұрлым жақын бірінші бағытта А.Қ.Нұрғалиева, М.М.Книсарина [61] және А.А.Конырованың [154, 155] еңбектерін бөліп көрсетуге болады. Ғалымдардың еңбектері әлеуметтік жауапкершіліктің білім беру жағдайында мақсатты түрде қалыптасатын тұлғалық сапа екендігін негіздеуімен біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығы төменде толығырақ баяндалады.

Әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуына негіз болатын әлеуметтік белсенділік пен құндылықтық бағдарлар Ө.Д.Сандықбаева мен Б.Ж. Тұрсынбаева [156, 157] зерттеулерінде көрініс тапқан. Ө.Д.Сандықбаева жастар белсенділігінің әлеуметтік-мәдени құндылық негіздерін қарастырса, Б.Ж. Тұрсынбаева қазақстандық студент жастардың экологиялық санасын

әлеуметтік белсенділіктің факторы ретінде зерттеген. Аталған еңбектер студенттің қоғамдық мәселелерге қатынасы оның құндылықтық бағдарлары мен әлеуметтік белсенділігі арқылы көрінетінін көрсетеді. Бұл біздің зерттеуімізде еріктілік іс-әрекетті студенттің әлеуметтік белсенділігі мен қоғамдық пайдалы әрекетке қажеттілігін қалыптастыратын орта ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Е.В.Бутова, А.Н.Умербекова, А.Ж.Дюсенова және Е.Ш.Нурымбетов зерттеулерінде [158-161] тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігі, әлеуметтік интеллектісі және әлеуметтік-кәсіби сәйкестенуі мәселелері қарастырылған. Е.В.Бутова шығармашылық мамандық студенттерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын зерттесе, А.Н.Умербекова болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік интеллектісін дамыту мәселесіне назар аударады. А.Ж.Дюсенова жоғары оқу орнындағы білім алушылардың әлеуметтік интеллектісінің даму ерекшеліктерін, ал Е.Ш.Нурымбетов мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын зерттейді. Бұл зерттеулер әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуына қажетті өзара әрекеттестік, коммуникативтілік, әлеуметтік жағдайды түсіну және кәсіби-әлеуметтік рөлді қабылдау сияқты алғышарттарды түсіндіруде маңызды.

Әлеуметтік ортаның және әлеуметтік серіктестіктің тұлға дамуына ықпалы Б.З.Отарбаева, Б.Б.Атабекова және Р.Е.Кусаинова [162-164] зерттеулерінде әртүрлі қырынан қарастырылады. Б.З.Отарбаева Қазақстандағы әлеуметтік серіктестік саясатын зерттесе, Б.Б.Атабекова әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуды қарастырады. Р.Е.Кусаинова университет оқытушысының инновациялық қызметін әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу мәселесін зерттейді. Бұл еңбектердің нысаны әртүрлі болғанымен, олардың ортақ қыры – тұлғаның дамуын әлеуметтік орта, өзара әрекет және институционалдық қолдау жүйесімен байланыстыруы. Бұл қағида зерттеуіміздегі әлеуметтік-педагогикалық дамытушы ортаны ұйымдастырудың маңызын негіздеуге мүмкіндік береді.

С.Б.Галимжанова, Г.Н.Булдыбаева, Ж.Н.Бекенова және Т.Б.Тауекелова [165-168] еңбектерінде әлеуметтік жауапкершіліктің қоғамдық және институционалдық деңгейлері қарастырылған. Зерттеулер кәсіпкерлік пен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті, цифрлық қоғам жағдайындағы жауапкершілікті, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара байланысын қамтиды. Бұл еңбектер әлеуметтік жауапкершіліктің жеке тұлғалық сапамен ғана шектелмей, қоғамның әртүрлі институттары мен әлеуметтік қатынастар жүйесінде көрініс табатын көпқырлы феномен екенін көрсетеді.

Жоғарыда анықталғандай қазақстандық зерттеулерді салыстырмалы талдау барысында біздің зерттеу проблемамызға зерттеу нысаны мен мазмұны жағынан неғұрлым жақын болған А.Қ.Нұрғалиева, М.М.Книсарина және А.А.Коныроваңың еңбектері болып табылады. Осы тұрғыдан аталған

ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға қатысты зерттеулерінің негізгі мазмұны мен нәтижелеріне жеке тоқталуды жөн көрдік.

А.Қ.Нұрғалиева жасөспірімдердің жауапкершілігін жалпы білім беретін мектептің тәрбие үдерісінде мақсатты қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін қарастырған. Зерттеуде жауапкершілікті қалыптастыру тәрбие мазмұнын арнайы ұйымдастырумен байланыстырылған. Аталған еңбек жауапкершіліктің педагогикалық ықпал арқылы қалыптасатын тұлғалық сапа екендігін негіздеуімен маңызды. Дегенмен зерттеу жалпы білім беретін мектеп жасөспірімдеріне бағытталған болса, біздің жұмысымызда әлеуметтік жауапкершілік ЖОО студенттерінің еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастырылатын сапа ретінде қарастырылады

М.М.Книсарина жетекшілік еткен ғылыми жобада әлеуметтік жауапкершілік ЖОО білім алушысының кәсіби даярлығы жағдайында зерттеліп, оны білім беру үдерісі, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және азаматтық ұстаныммен өзара байланыста қарастыруға басымдық берілген. Бұл зерттеу әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары білім беру жағдайындағы мәнін ашуымен біздің жұмысымызға жақын келеді. Алайда біздің зерттеуімізде кәсіби даярлықтың жалпы ортасынан еріктілік іс-әрекеті арнайы қалыптастырушы ресурс ретінде бөлініп, оның негізінде әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың мазмұны, кезеңдері, психологиялық-педагогикалық шарттары, әдістері, құралдары мен формалары жүйеленеді.

А.А.Конырованың зерттеуі біздің зерттеу проблемамызға нысаны жағынан неғұрлым жақын болғанымен, зерттеулердің пәндік және технологиялық бағыттарында айырмашылық бар. Автор педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін әлеуметтік білім беру ортасында қалыптастырудың функционалдық моделін ұсынса, біздің зерттеуімізде әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың негізгі құралы және әлеуметтік тәжірибе кеңістігі ретінде еріктілік іс-әрекеті алынады. Осыған сәйкес әлеуметтік жауапкершіліктің мазмұны тұлғалық қасиеттер, интеллектуалдық білімдер, әлеуметтік біліктер және мінез-құлық сапаларының бірлігі арқылы нақтыланып, қалыптастыру үдерісі еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік және мінез-құлықтық кезеңдердің сабақтастығында жүзеге асырылады.

Сонымен, А.Қ.Нұрғалиева жауапкершілікті мектептің тәрбие үдерісінде қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін қарастырса, А.А.Конырова педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың компоненттік құрылымын, функционалдық моделін және әдістемелік қамтамасыз етілуін негіздеген. Аталған зерттеулер әлеуметтік жауапкершілікті білім беру жағдайында мақсатты қалыптастырудың ғылыми негіздерін айқындағанымен, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекетінің арнайы ұйымдастырылған процесінде қалыптастырудың мазмұны, кезеңдері, психологиялық-педагогикалық шарттары және технологиялық қамтамасыз етілуі жеке зерттеу пәні ретінде толық ашылмаған. Осы ерекшелік біздің зерттеуіміздің бағыт-бағдарын нақтылайды.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулерді жинақтай келе, алыс және жақын шетелдік, сондай-ақ қазақстандық зерттеулерді талдау әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру мәселесінің әртүрлі жас және әлеуметтік топтарда, білім беру ортасы мен кәсіби даярлық жағдайында, әлеуметтік маңызы бар әрекет, тәрбие және әлеуметтік серіктестік құралдары арқылы зерттелгенін көрсетті. Алайда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін дәл еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыру, оның құрылымы мен мазмұнын айқындау, психологиялық-педагогикалық шарттарын негіздеу және оны жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу мәселесі қазақстандық педагогикалық зерттеулерде арнайы тұтас зерттеу нысаны ретінде жеткілікті қарастырылмаған [169].

Жоғарыда талдау берілген еңбектер студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру жоғары білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі екендігін айқындайды.

Осы айтылғандардың барлығы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру *психологиялық-педагогикалық проблема* екендігін негіздейді. ***Біріншіден*** жауапкершілік *психология ғылымының негізгі категоряларының бірі*, диссертацияның 1.1 параграфында негізделгендей, кесте 1-де көрсетілгендей әлеуметтанушылар жауапкершілікті тұлғаға немесе топқа белгілі бір міндеттемелерді қабылдау немесе жүктеу, тиісті тұлғаға немесе топқа талап қою ретінде қарастырса, бұл психология ғылымында негізделген тұжырымдарға сәйкес жауапкершілік тұлғаның ішкі ерік-жігері мен өзін-өзі реттеу қабілетінен талап етіледі. ***Екіншіден*** әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру белгілі бір *педагогикалық әдіс-тәсілдер, формалар және құралдар арқылы жүзеге асырылады*, ***үшіншіден*** аталған проблеманы отандық *педагогика ғылымы тұрғысынан қарастырған зерттеулер жоқтың* қасы. Осы тұрғыдан студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту – педагогикалық-психологиялық проблема. ***Төртіншіден*** *еріктілік іс-әрекет студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың құралы* бола алады. Олай дейтініміз еріктілік іс-әрекет студенттердің әлеуметтік белсенділігін, азаматтық ұстанымын және қоғамдық маңызы бар құндылықтарды меңгеруін қамтамасыздандыра алады. Еріктілік іс-әрекетке қатысу арқылы студенттер әлеуметтік мәселелерді шешуге араласып қана қоймай, қайырымдылық, өзара көмек, әлеуметтік әділеттілік, толеранттылық және қоғамдық борыш сияқты құндылықтарды тәжірибе жүзінде игереді. Осыған орай бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында еріктілік қозғалысты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Университет жанындағы еріктілер ұйымдары, әлеуметтік жобалар мен қоғамдық бастамалар студенттердің әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, оларды қоғам өміріне белсенді қатысуға ынталандырады.

Сол себепті зерттеуде еріктілік іс-әрекет студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды педагогикалық ортасы ретінде қарастырылады. Бұл туралы біз диссертацияның 2.1 параграфында жан-жақты мазмұндаймыз.

2 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Еріктілік іс-әрекет процесінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері

Зерттеу проблемасының теориялық негіздерін айқындау барысында студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде негіздеу мақсатында еріктілік іс-әрекеттің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтаудың қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты ғылым салаларында студенттердің еріктілік іс-әрекеті мәселесі қарастырылған зерттеулерге талдау жасаймыз.

Еріктілік іс-әрекет процесінің ғылыми тұрғыдан зерттелуін талдау бұл мәселенің көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетеді. Ғалымдар еріктілікті тұлғаның әлеуметтік белсенділігімен, азаматтық ұстанымымен, адамгершілік құндылықтарымен және қоғамға пайдалы әрекетке қатысуымен байланыстырады. Осы бағыттағы зерттеулерді жүйелеу мақсатында төменде еріктілік мәселесіне арналған негізгі ғылыми еңбектер кесте түрінде ұсынылды (Кесте 8).

Кесте 8 – Еріктілік іс-әрекет мәселесіне арналған отандық, алыс және жақын шетелдік диссертациялық зерттеулер.

Автор	Диссертация тақырыбы	Ғылым саласы	Қорғау жылы
1	2	3	4
Мусакулова Г.И.	Социальная защита и благотворительность для детей в Казахстане: исторический анализ (вторая половина XIX-начало XXI вв.)	Тарих ғылымдарының докторы	Алматы, 2005
Кудринская Л.А.	Добровольческий труд: опыт теоретической реконструкции	Әлеуметтану ғылымдарының докторы	Москва, 2006
Екимова С.Г.	Волонтерская деятельность как ресурс личностно-профессионального развития будущих специалистов по социальной работе	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Хабаровск, 2010
Паршина Ю.В.	Нравственное становление старшего подростка в волонтерской деятельности	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Воронеж, 2011
Omar A.M.	Impact of Volunteer Management Practice on Volunteer Motivation and Satisfaction to Enhance Volunteer Retention	философия докторы PhD,Brunel University	London 2015

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Певная М.В.	Волонтерство как социальный феномен: управленческий подход	Әлеуметтану ғылымдарының докторы	Нижний Новгород 2016
Сычева А.В.	Добровольческое движение современной российской молодежи как фактор развития гражданского общества	Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты	Тула , 2017
Костюченко М.О.	Развитие социальной активности студентов в воспитательном процессе вуза: на примере волонтерской деятельности	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Воронеж, 2017
Куликова С.И.	Формирование гражданской ответственности подростков в процессе волонтерской деятельности	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Казань, 2017
Bender D.W.	Exploring the Impact of Volunteer Support on Volunteer Motivation to Improve Volunteer Retention in the Bavarian Red Cross	философия докторы PhD,University of Gloucestershire	Gloucestershire, 2020
Абенова С.У	Психолого-педагогические условия развития экологического волонтерства будущих специалистов.	философия докторы PhD,	Астана 2020
Овсий В.В.	Молодежное волонтерство в современной России: особенности формирования и перспективные направления развития	Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты	Ростов-на -Дону, 2022
Федулова И.В.	Формирование социально-гражданского потенциала студентов-медиков средствами волонтерской деятельности	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Казань,2022
Омельченко А.С.	Медицинское добровольчество как фактор влияния на культуру личности студента медицинского вуза	Мәдениеттану ғылымдарының кандидаты	Санкт-Петербург, 2024
Tsai C.Y.	Volunteer Motivation and Leadership in Emergency Volunteering	PhD thesis, University of Tasmania	Tasmania 2024

8-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Виситаева И.З.	Формирование социальной успешности студентов средствами волонтерской деятельности в педагогическом вузе	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Грозный,2025
Майкова О.А.	Феномен волонтерства в контексте становления гражданского общества	Философия ғылымдарының кандидаты	Москва, 2025
Ахметова И.А.	Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік феномені (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)	философия докторы PhD, 8D02201 – Философия	Қарағанды, 2025
Акимиш Д.Е.	Управление экологической волонтерской деятельностью в высшей школе Казахстана	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Москва, 2025
Тұрсынбаева Б.Ж.	Қазақстандық студент жастардың экологиялық санасы – әлеуметтік белсенділік факторы	6D050100 – Әлеуметтану	Астана, 2025

Еріктілік іс-әрекеті мәселесінің алыс және жақын шетелдік ғылыми еңбектерде зерттелуіне жасалған талдау бұл мәселенің философия, әлеуметтану, педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс салалары тұрғысынан қарастырылғанын көрсетті.

Соның ішінде философиялық зерттеулерде еріктілік феноменінің құндылықтық-этикалық негіздері, оның қоғамдағы орны мен әлеуметтік маңызы қарастырылған (А.И.Ахметова, О.А.Майкова) [170, 171]. Еріктіліктің әлеуметтік феномен ретіндегі табиғаты, азаматтық қоғамның дамуына ықпалы және әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі рөлі әлеуметтану ғылымы бағытында зерттелген (М.В.Певная, А.В.Сычева, Л.А.Кудринская) [172-174].

Педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерде еріктілік іс-әрекетті тұлғаның әлеуметтік белсенділігін, азаматтық жауапкершілігін және кәсіби сапаларын қалыптастыру құралы ретінде қарастыру басым бағыт болып табылады. Атап айтқанда, студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамыту (М.О.Костюченко) [175], студенттердің әлеуметтік-азаматтық әлеуетін қалыптастыру (И.В.Федулова) [176], болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби дамуына еріктіліктің ықпалы (С.Г.Екимова, И.З.Виситаева) [177, 178]. зерттелген.

Сонымен қатар еріктілік іс-әрекеттің жеке бағыттары да ғылыми зерттеулер нысанына айналған. Экологиялық еріктілікті дамыту мәселелері

(С.У.Абенова, Д.Е.Акимиш) [179, 180], медициналық еріктіліктің тұлға мәдениетіне ықпалы (А.С.Омельченко) [181], жастар еріктілігінің азаматтық қоғам қалыптастырудағы рөлі (В.В.Овсий) [182] қарастырылған.

Шетелдік зерттеулерде еріктілердің мотивациясы, басқару ерекшеліктері және еріктілік қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері зерттелген. Атап айтқанда, еріктілерді басқару тәжірибесінің олардың мотивациясы мен қанағаттануына әсері (Omar Al Mutawa) [183], еріктілерді қолдау мен олардың қызметті жалғастыруындағы мотивациялық факторлар (Dominik Wesley Bender) [184], төтенше жағдайлар кезіндегі еріктілік мотивациясы мен көшбасшылық мәселелері (Chia-Yun Tsai) [185] қарастырылған.

Еріктілік мәселесіне арналған ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде зерттеулерді бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады:

еріктіліктің философиялық-әдіснамалық және құндылықтық негіздері (А.И.Ахметова, О.А. Майкова, Л.А. Кудринская);

еріктіліктің әлеуметтік феномен және азаматтық қоғам факторы ретіндегі маңызы (М.В. Певная, А.В. Сычева, В.В. Овсий);

студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі мен тұлғалық сапаларын қалыптастырудағы еріктілік мүмкіндіктері (М.О.Костюченко, И.В.Федулова, И.З.Виситаева, С.Г.Екимова);

еріктілік қызметтің нақты бағыттары мен ұйымдастырылу ерекшеліктері (С.У.Абенова, Д.Е.Акимиш, А.С.Омельченко);

еріктілер мотивациясы мен басқару механизмдері (Omar Al Mutawa, Dominik Wesley Bender, Chia-Yun Tsai).

Жоғарыда көрсетілген зерттеулерге жасалған талдау еріктілік іс-әрекеттің тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы әлеуеті кең қарастырылғанын көрсетті. Алайда жасалған талдау еріктілік іс-әрекеті процесі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін *қалыптастырудың құралы тұрғысынан зерттелмеген.* Ал бұл бізге еріктілік іс әрекетті оның тиімді құралы тұрғысынан негіздеу үшін оның ерекшеліктерін және сол ерекшеліктеріне сәйкес студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерді айқындай қажеттігін көрсетті.

Осы мақсатта алдымен «еріктілік іс-әрекет» ұғымының мәнін нақтылаудың қажеттілігі туындайды. Өйткені еріктілік іс-әрекеттің мазмұны, ерекшеліктері, функциялары мен тәрбиелік әлеуетін анықтамай, оның студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін толық ашу мүмкін емес. Осыған байланысты еріктілік іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық әдебиеттердегі түсіндірмелерін талдау және оның тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін дамытудағы рөлін айқындау зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

«Еріктілік іс-әрекет» ұғымының мәнін нақтылау барысында психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік әдебиеттерде кеңінен қолданылатын «еріктілік», «қайырымдылық қызмет», «қоғамдық-пайдалы іс-әрекет», «әлеуметтік белсенділік» ұғымдарымен арақатынасын анықтау

маңызды. Себебі аталған ұғымдар өзара тығыз байланыста болғанымен, олардың мазмұны мен мақсаттық бағыттылығында белгілі бір ерекшеліктер бар. Ғылыми әдебиеттерде еріктілік іс-әрекеті, бір жағынан, қоғамның түрлі әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған өтеусіз көмек көрсету қызметі ретінде қарастырылса, екінші жағынан, тұлғаның азаматтық ұстанымын, әлеуметтік белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық феномен ретінде түсіндіріледі. Біздің зерттеу пәнімізге сәйкес еріктілік іс-әрекетін студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың тиімді құралы әрі маңызды педагогикалық орта ретінде қарастырамыз. Еріктілік іс-әрекетінің мәні мен тәрбиелік әлеуетін тереңірек түсіну үшін ең алдымен «волонтер» ұғымының шығу тегі мен мазмұнына тоқталған жөн.

М.Фасмер өзінің «Этимологиялық сөздігінде» «волонтер» сөзі француздың volontaire сөзінен, ал ол өз кезегінде латынның voluntārius сөзінен шыққанын айтады; басқа нұсқалары ағылшын тіліндегі volunteer сөзінен тараған болуы мүмкін, және бұл ұғым бастапқыда «ерікті солдат» мағынасында қолданылған. М.Фасмер көне нұсқалар ретінде «волентир» (Шафиров) және «волунтер» (I Петр кезеңінде) сияқты түрлерін келтіреді. М. Поповтың «Шетел сөздерінің толық сөздігінде» «ерікті» — «әскери іс-әрекетке өз еркімен кірген, жауға қарсы соғысқа ерікті түрде қатысушы адам» деп түсіндіріледі [186].

«Ерікті» (волонтер) ұғымының этимологиялық негізі латын тіліндегі voluntarius – «өз еркімен әрекет етуші» және voluntas – «ерік, қалау» сөздерімен байланысты. Француз академиясының сөздігінде volontaire терминінің латынның voluntarius сөзінен шыққаны көрсетілген [187].

Ал, Т.Ф.Ефремова «ерікті» ұғымын екі мағынада береді: 1) өз еркімен әскери іс-әрекетке кірген адам, яғни ерікті; 2) ауыспалы мағынада — қандай да бір іске өз еркімен қатысушы [188].

Ф.А.Брокгауз және И.А.Ефронның «Энциклопедиялық сөздігінде» «ерікті» — «өз еркімен әскери іс-әрекетке кірген адам» ретінде сипатталады. Осылайша, бастапқы кезеңде «волонтер» және «еріктілік» ұғымдары тек әскери контексте қолданылған [189].

Алайда уақыт өте келе бұл ұғымдардың мазмұны өзгеріске ұшырады. Қазіргі лексикографиялық еңбектерде «ерікті» ұғымы әртүрлі қырынан түсіндіріледі. Мәселен, «Қазіргі түсіндірме сөздіктерде» бұл термин «өз еркімен қандай да бір іске (көбіне жаңа, қиын немесе өмірге қауіпті) қатысушы адам» ретінде анықталған. Ал құқықтық әдебиеттерде, соның ішінде «Үлкен заң сөздігінде», «волонтер» ұғымы «ерікті» сөзімен мәндес қолданылады. Мұнда еріктілер халықаралық құқық тұрғысынан соғысушы тараптардың бірінің армиясына өз еркімен қосылған тұлғалар ретінде қарастырылады [190].

С.А.Кравченконың «Әлеуметтанулық энциклопедиялық ағылшынша-орысша сөздігінде» «волонтер» термині «ерікті; өз еркімен зерттеу нысаны болуға келіскен адам; ақысыз жұмыс атқарушы тұлға» деп түсіндіріледі. Ал К.С.Горбачевич құрастырған синонимдік еңбекте бұл ұғым «ерікті», «ынталы»,

«әуесқой» сөздерімен мағыналас ретінде берілсе, «ерікті» сөзі армия қатарына өз қалауымен кірген немесе белгілі бір жұмысты өз еркімен орындаған адам ретінде сипатталады [191].

Н.Абрамовтың синонимдер мен мағыналас тіркестер жинағында «ерікті» ұғымы «әуесқой» сөзі арқылы түсіндіріледі.

Сонымен қатар ресми терминологиялық дереккөздерде «еріктілік іс-әрекет» азаматтардың қоғамдық маңызы бар қызметті өз еркімен және ақысыз негізде жүзеге асыруы ретінде қарастырылады. Мұндай қызмет жеке бастама бойынша немесе коммерциялық емес ұйымдардың қызметі аясында орындалуы мүмкін [192]. Қазіргі таңда АҚШ пен Батыс елдерінде де еріктілік қозғалыс кеңінен тараған және әлемдік деңгейде танымал.

Еріктілік қозғалыс демократия дамуының маңызды құралы ретінде қарастырылады, өйткені ол арқылы азаматтар қоғам алдындағы жауапкершілікті өз мойнына алады. Сонымен қатар еріктілік қызметтің әртүрлі елдерде кеңінен танылуы бұл құбылысқа ғылыми қызығушылықты арттырды. Соның нәтижесінде «еріктілік» ұғымын шетелдік контестте зерттелуіне назар аударсақ. Мысалы, Американдық зерттеушілер Х.Анхер мен Л.Саламон ұқсас аудармаларға қарамастан, американдық және ағылшындық “volunteering”, италиялық “voluntariato”, немістің “ehrenamt”, француздың “voluntariat”, шведтің “frivilligverksamhet” ұғымдарының тарихи қалыптасуы мен мәдени-саяси мазмұны әртүрлі екенін анықтады [193].

Е.И.Холостова еріктіні өз еркімен, мәжбүрлеусіз әрекет ететін, мемлекеттік немесе жеке ұйымдарда ақысыз қызмет атқара алатын адам ретінде сипаттайды [194].

К.В.Кузьмин еріктілерді әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан, өз уақыты мен күшін қоғам игілігіне арнайтын адамдар ретінде анықтайды [195].

Ш.Т.Нұрман және Ш.Б.Нурманова еріктіліктің тарихи негізін қазақ зиялыларының ағартушылық, қайырымдылық және мәдени-ағартушылық бастамаларымен байланыстырады. Олардың пайымдауынша, ерікті қоғамдардың қызметі әлеуметтік мәселелерді шешуге, ұлттық бірегейлікті сақтауға және азаматтық қоғамның дамуына үлес қосқан тарихи тәжірибе болып табылады [196].

Қазақстандық ғылыми еңбектерде «ерікті», «волонтер» ұғымдары көбіне еріктілік іс-әрекеттің субъектісі тұрғысынан қарастырылып, оның мазмұны еркін таңдау, өтеусіздік, қоғамдық пайдалылық, әлеуметтік белсенділік және көмек көрсету белгілері арқылы ашылады.

Еріктілік феноменін ғылыми тұрғыдан түсіну ең алдымен оның негізгі субъектісі болып табылатын «ерікті» ұғымының мәнін анықтаудан басталады. Ғылыми әдебиеттерде бұл ұғым әртүрлі қырынан түсіндіріліп, оның мазмұны тарихи даму барысында өзгеріп отырған.

Осыған байланысты «ерікті» ұғымына берілген анықтамаларды жүйелеу мақсатында ғалымдардың көзқарастары 9-кестеде ұсынылды.

Кесте 9 - Ғалымдардың «Ерікті» ұғымына берген анықтамалары

№	Ғалымдар	«Ерікті»...
1	2	3
1	М.Фасмер	«ерікті солдат»
2	М. Поповтың	«әскери іс-әрекетке өз еркімен кірген, жауға қарсы соғысқа ерікті түрде қатысушы адам»
3	25 000 шетел сөздерінің түсіндірмесінде	«жалақысыз әскери іс-әрекет атқаратын ерікті адам»
4	Т.Ф.Ефремова	1) *өз еркімен* әскери іс-әрекетке кірген адам, яғни ерікті; 2) ауыспалы мағынада — қандай да бір іске *өз еркімен қатысушы*.
5	Ф.А.Брокгауз И.А.Ефрон	«өз еркімен әскери іс-әрекетке кірген адам»
6	С. А. Кравченко	өз еркімен зерттеу нысаны болуға келіскен адам; ақысыз жұмыс атқарушы тұлға»
7	К.С.Горбачевич	«ынталы», «әуесқой», армия қатарына өз қалауымен кірген немесе белгілі бір жұмысты өз еркімен орындаған адам
8	Е.И.Холостова	..өз еркімен, мәжбүрлеусіз әрекет ететін, мемлекеттік немесе жеке ұйымдарда ақысыз қызмет атқара алатын адам.
9	К.В.Кузьмин	...әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан, өз уақыты мен күшін қоғам игілігіне арнайтын адамдар

Кестеде ұсынылған анықтамаларды талдау «ерікті» ұғымының мазмұны тарихи даму барысында елеулі өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді. Алғашқы кезеңдерде бұл ұғым негізінен әскери қызметпен байланыстырылып, өз еркімен әскер қатарына қосылған немесе соғыс қимылдарына қатысқан адам ретінде түсіндірілген. Мұндай көзқарас М.Фасмердің, М.Поповтың, Ф.А. Брокгауз бен И.А.Ефронның еңбектерінде, сондай-ақ шетел сөздерінің түсіндірме сөздіктерінде көрініс тапқан. Кейіннен «ерікті» ұғымының мазмұны кеңейіп, әскери саладан тыс қоғамдық өмірдің әртүрлі бағыттарын қамти бастады. Мәселен, Т.Ф.Ефремова еріктіні тек әскери қызметке өз қалауымен қатысушы ретінде ғана емес, сонымен қатар қандай да бір іске ерікті түрде қатысатын тұлға ретінде қарастырады. Бұл ұғымның әлеуметтік мәнінің кеңейгендігін көрсетеді. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде ерікті қоғамдық пайдалы қызметті өз еркімен және өтеусіз негізде жүзеге асыратын тұлға ретінде сипатталады. Атап айтқанда, С.А.Кравченко еріктіні ақысыз қызмет атқарушы тұлға ретінде қарастырса, Е.И.Холостова оның қызметінің еріктілік және мәжбүрлеусіздік сипатына назар аударады. Ал К.В.Кузьмин еріктінің қоғам игілігі үшін өз уақыты мен күш-жігерін жұмсайтындығын ерекше атап көрсетеді.

Осылайша, ғылыми еңбектердегі анықтамаларды жинақтай отырып, «ерікті» ұғымын қоғамдық маңызы бар қызметті өз еркімен, ешқандай материалдық сыйақы күтпестен жүзеге асыратын, қоғам игілігіне үлес қосуға бағытталған әлеуметтік белсенді тұлға ретінде түсіндіруге болады.

Дж.Уилсон еріктілікті жауапкершілікті қамтитын көмекші мінез-құлық ретінде қарастырады, сонымен бірге еріктілердің материалдық сыйақы алу мүмкіндігін де жоққа шығармайды [197]. Д.Смит материалдық пайда алатын тұлғаларды «квази-еріктілер» деп сипаттайды, В.Тиль еріктіліктің негізгі қағидаты ретінде мәжбүрлеудің болмауын көрсетеді. Дж.Эллис пен К.Хойес еріктілердің еркін ерік-жігерінің маңыздылығын атап өтіп, олардың қызметін оң әлеуметтік әрекет ретінде бағалайды.

Джон Хопкинс университеті зерттеушілерінің тұжырымдамасы бойынша еріктілік – бос уақытта жүзеге асырылатын, ешқандай қаржылық өтемақысыз орындалатын қызмет түрлерінің жиынтығы ретінде сипатталады.

Австралия мен Ұлыбританияда еріктілік азаматтық қоғам институты ретінде, бизнес пен мемлекеттен бөлек қоғамдық сектор ретінде қарастырылады. Ал басқа елдерде зерттеушілер еріктілікті негізінен қоғамдық қызметтер мен олардың әлеуметтік пайдасы тұрғысынан түсіндіреді.

Х.Анхер мен Л.Саламон еріктілік еңбегінің маңыздылығы оның барлық анықтамаларының негізін құрайтынын атап өтеді. Бұл маңыздылық уақыт, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді қамтиды: еріктінің жұмыс уақыты (толық немесе толық емес), жұмыстың жеке немесе ұжымдық сипаты, сондай-ақ еңбектің өтеусіз немесе материалдық сыйақымен байланысты болуы [198].

Канадалық социолог Р.Стеббинс «еріктілікті байыпты бос уақыт» ұғымы ретінде енгізді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, еріктілік эпизодтық сипатқа ие болуы мүмкін, кәсіби дамуға ықпал етеді және тұлғаның әлеуметтік белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, ол рухани өсу, өзін-өзі дамыту, әлеуметтік интеграция, өзін-өзі тану сияқты артықшылықтарға ие.

Еуропалық зерттеушілер еріктілікті азаматтардың бір-біріне өз еркімен және өтеусіз көрсететін әрекеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды [199].

И.В.Мерсиянова мен Л.И.Якобсон еріктілікті өтеусіз жеке немесе ұжымдық қызмет және филантропиялық тәжірибенің бір түрі ретінде сипаттайды [200].

Л.Е.Сикорская еріктілікті азаматтардың ерікті таңдауы негізінде жүзеге асырылатын, әлеуметтік қызмет көрсетуге бағытталған қызмет түрі ретінде анықтайды [201].

И.В.Мерсиянова еріктілікті еңбек ретінде қарастырып, оны бос уақыт формасы ретінде қабылдауға болмайтынын айтады. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер оны кәсіби қызмет ретінде де қарастыру қажеттігін атап өтеді.

Педагогика бойынша Д.Д.Андрианова «Еріктілік (еріктілік) деп біз өзге адамдардың игілігі үшін жүзеге асырылатын, жүйелі сипатқа ие, риясыз және саналы адамдық іс-әрекеттің ерекше түрін түсінеміз. Ол еріктілік, тәуелсіздік, адамгершілік және толеранттылық қағидаттарына негізделеді» [202].

Әлеуметтану бағытында Л.А.Кудринская «Еріктілік еңбектің мәні оның еркін еңбек түрі болуында, себебі оның субъектісі әлеуметтік, экономикалық, саяси және идеологиялық мәжбүрлеуден бос болады» [203].

Психология саласында Е.С.Азарова «Еріктілік – бұл азаматтың жеке көзқарасы мен ұстанымдарын білдіретін ерікті таңдау негізінде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы іс-әрекет» [204].

Қазақстандық ғылыми еңбектерде «еріктілік» және «еріктілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні, мазмұны мен қоғамдық-педагогикалық мүмкіндіктері С.К.Абильдина [205], Р.К.Дюсембинова [206], А.Р.Рымханова, Р.М.Каримова, [207], Ж.З.Торыбаева, М.У.Тусеев, А.Б.Лауланбеков [208], Д.Е.Акимиш [209]. т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Мәселен, С.К.Абильдина, А.Р.Рымханова еріктілік іс-әрекет студенттерді, әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында, әлеуметтік жауапкершілікке, мейірімділікке және көмек көрсетуге даярлайтын педагогикалық үдеріс ретінде қарастырады. Автор үшін оның тиімділігі тұлғаға бағытталған оқытуға, қолайлы психологиялық ахуалға және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдайларға байланысты. Ал Р.М. Каримова және Т.Н.Фомина еріктілікті өзара көмек, жақын адамға қолдау, достық, серіктестік және адамдарға қажет болу құндылықтарын дамытатын әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет ретінде түсіндіреді. Олардың зерттеуі қазақстандық студент жастардың «қазіргі ерікті» бейнесіне арналған.

Ж.З.Торыбаева, М.У.Тусеев еріктілік іс-әрекетті білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі мен салауаттылығын қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырады. Бұл бағытта еріктіліктің мотивация, жеке қажеттілік, қызығушылық және болашақ педагог-психологтың тұлғалық сапаларын дамытуға ықпалына назар аударады

Д.Е.Акимиш және Е.Ю.Брель еріктілік адамның қоғамға және қоршаған ортаға пайдалы іске өз еркімен қатысуы арқылы әлеуметтік белсенділік пен азаматтық жауапкершілікті жүзеге асыруы деп тұжырымдайды.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «еріктілік» ұғымы әлеуметтік феномен, азаматтық қоғам институты, қоғамдық белсенділіктің ерекше түрі және әлеуметтік құндылық ретінде түсіндіріледі. Ұғымның мазмұнын жан-жақты ашу мақсатында әртүрлі авторлардың анықтамалары жүйеленіп, 10-кестеде берілді.

Кесте 10 – Ғалымдардың «Еріктілік» ұғымына берген анықтамалары

№	Ғалымдар	«Еріктілік»...
1	2	3
1	Дж.Уилсон	...жауапкершілікті қамтитын *көмекші мінез-құлық*
2	В. Тиль	....мәжбүрлеудің болмауы...
3	Дж. Эллис, К. Хойес	...еркін ерік-жігер..., ...оң әлеуметтік әрекет ..
4	Джон Хопкинс университеті зерттеушілері	...бос уақытта жүзеге асырылатын, ешқандай қаржылық өтемақысыз орындалатын қызмет түрлерінің жиынтығы
5	Р.Стеббинс	«...байыпты бос уақыт», ..эпизодтық сипатқа ие
6	И.В. Мерсиянова, Л.И. Якобсон	...өтеусіз жеке немесе ұжымдық қызмет және филантропиялық тәжірибенің бір түрі

10 - кестенің жалғасы

1	2	3
7	Л.Е.Сикорская	...азаматтардың ерікті таңдауы негізінде жүзеге асырылатын, әлеуметтік қызмет көрсетуге бағытталған қызмет түрі
8	И.В.Мерсиянова	...еңбек, ...бос уақыт формасы емес...
9	Д.Д. Андрианова	...өзге адамдардың игілігі үшін жүзеге асырылатын, жүйелі сипатқа ие, риясыз және саналы адамдық іс-әрекеттің ерекше түрі
10	Л.А. Кудринская	«... еңбектің мәні — оның еркін еңбек түрі болуында, себебі оның субъектісі әлеуметтік, экономикалық, саяси және идеологиялық мәжбүрлеуден бос болады»
11	Е.С. Азарова	«...бұл азаматтың жеке көзқарасы мен ұстанымдарын білдіретін ерікті таңдау негізінде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы іс-әрекет»
12	С.К.Абильдина, А.Р.Рымханова	...адамдардың басқалардың игілігі үшін ақы төленбейтін саналы қызметі**;**
13	Р.К. Дюсембинова	...адамдардың ешкімнің мәжбүрлеуінсіз жүзеге асыратын, әлеуметтік маңызы бар мақсаттарға бағытталған және сыйақыны көздемейтін қызметі**.**
14	Р.М. Каримова Т. Н. Фомина	....өзара көмек, жақын адамға қолдау, достық, серіктестік және адамдарға қажет болу құндылықтарын дамытатын әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет

Кестеде берілген анықтамаларды талдау «еріктілік» ұғымының мазмұны көпқырлы екендігін көрсетеді. Зерттеушілердің басым бөлігі еріктіліктің негізгі белгілері ретінде еркін таңдау, мәжбүрлеудің болмауы, қоғамдық пайдалы бағыттылық және өтеусіз қызмет көрсету қағидаларын атап көрсетеді. Мәселен, В.Тиль, Дж.Эллис пен К.Хойес еріктіліктің еркін ерік-жігерге негізделетінін баса айтса, Дж.Уилсон, Р.М.Каримова, Т.Н.Фомина оны жауапкершілікпен ұштасқан көмек көрсету мінез-құлқы ретінде қарастырады. Ал Джон Хопкинс университетінің зерттеушілері мен И.В.Мерсиянова, Л.И.Якобсон, С.К.Абильдина, Р.К.Дюсембинова еріктіліктің ақысыз әрі қоғамдық игілікке бағытталған қызмет екенін көрсетеді. Д.Д.Андрианова еріктіліктің риясыздық пен саналы әрекетке негізделетінін атап өтеді. Осылайша, ғылыми әдебиеттердегі анықтамаларды жинақтай отырып, еріктілікті қоғамдық игілікке бағытталған, еркін таңдау негізінде жүзеге асырылатын, өтеусіз және әлеуметтік мәні бар қызмет ретінде сипаттауға болады.



Сурет 3 – «Еріктілік» ұғымының ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы

Философия ғылымының өкілі Н.В.Щербакова «Еріктілік іс-әрекет жеке тұлғаның болмысының материалдық емес қыры ретінде қарастырылады. Ол адамгершілік идеяларына, өзге адамның игілігі үшін ақысыз және риясыз көмек көрсетуге, рухани дамуға, белгілі бір тарихи кезеңдегі адамзат қоғамына тән моральдық құндылықтарға негізделеді»[210].

Мәдениеттану бағдарында Е.А.Луговая «Еріктілік іс-әрекет — бұл мәжбүрлеусіз жүзеге асырылатын, әлеуметтік маңызы бар мақсаттарға жетуге бағытталған және осы іс-әрекетке қатысушы тұлғаға әлеуметтендіруші әсер ететін іс-әрекет түрі» [211] деп еркіктілікке өз тұжырымдарын берген.

Т.Д.Вакушенко мен Н.Д.Зайцеваның пікірінше, еріктілік іс-әрекет – басқа адамдарға көмек көрсетуге және қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешуге бағытталған әлеуметтік белсенділіктің ерікті әрі ақысыз түрі. Еріктіліктің маңыздылығы оның қоғамға тигізетін пайдасымен ғана емес, еріктінің өзі үшін де құндылығымен анықталады. Өйткені еріктілікке қатысу тұлғаның өз идеялары мен сенімдерін жүзеге асыруына, әлеуметтік жауапкершілігін дамытуына және өз мүмкіндіктерін қоғам қажеттіліктерімен сәйкестендіруіне ықпал етеді [212].

В.В.Овсий еріктілік іс-әрекетті институционалдық және іс-әрекеттік тәсілдерді қамтитын күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады. Ғалым жастардың еріктілік белсенділігін талдау барысында тек «еріктілер институттарының» құрылымына ғана емес, сонымен қатар қатысушылардың

нақты әрекеттеріне, олардың мотивацияларына, тәжірибелеріне және қатысу деңгейіне назар аудару тиімді екенін айтады. Еріктілік институттар мен ақпараттық-ұйымдастырушылық механизмдер жастардың тартылу деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан еріктілікті белсенді насихаттау және оны әлеуметтік норма ретінде қалыптастыру қажет [213].

К.И.Буякованың пікірінше, еріктілік іс-әрекет маңызды білім беру ресурсы ретінде студент жастардың белсенді субъектілік ұстанымы мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Автор өз зерттеулерінде еріктілік іс-әрекетті педагогикалық сүйемелдеуге, яғни еріктілердің іс-әрекетін жүйелі жоспарлау, қолдау және бағалау мәселелеріне ерекше назар аударады. К.И.Буякова студенттердің еріктілік жобаларға қатысуы тек практикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік қабілеттерді дамытып, альтруизм, эмпатия және әлеуметтік белсенділік сияқты құндылықтық бағдарларды меңгеруге ықпал ететінін атап көрсетеді [214].

М.Н. Баланян еріктілік іс-әрекетті тұлғалық және кәсіби әлеуметтенудің белсенді механизмі ретіндегі әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырады. Жастар қауымдастықтарының әлеуметтендіруші функциясы тұрғысынан алғанда, еріктілік практикалық дағдыларды қалыптастыру мен құндылықтық бағдарларды меңгертуде маңызды мәдени әлеуетке ие негізгі құралдардың бірі болып табылады [215].

М.В.Шакурова еріктілік іс-әрекетті тұлғаның әлеуметтенуі мен кәсіби қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық тәжірибе ретінде сипаттайды. Еріктілік іс-әрекетке қатысу студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін, бастамашылдығын, эмпатиясын және басқа адамдарға көмек көрсетуге дайындығын дамытуға жағдай жасайды. Еріктілік болашақ маманға әртүрлі әлеуметтік топтармен өзара әрекеттесу тәжірибесін алуға, кәсіби рөлдерді меңгеруге және болашақ кәсіби іс-әрекетке қажетті практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін тәрбиелік жұмыстың маңызды ресурсы болып табылады. Бұл ретте еріктілік іс-әрекетті ұйымдастыру және сүйемелдеу әлеуметтік педагогтың тұлғаның әлеуметтік ортамен және қоғам институттарымен өзара әрекетін үйлестірудегі маңызды функциясы ретінде қарастырылады [216].

Т.Х.Хаджимурадованың пікірінше, еріктілік іс-әрекет студенттердің ішкі оқу және кәсіби мотивациясын нығайтудың тиімді құралы болып табылады. Студенттердің еріктілік тәжірибеге қатысуы олардың тұтас құндылықтар жүйесін қалыптастырып, жеке кәсіби даму жолына рефлексия жасауға ынталандырады және болашақ мамандықтың маңыздылығын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Еріктілік іс-әрекет студенттерге өз білімдері мен дағдыларын нақты әлеуметтік-мәдени ортада қолдануға мүмкіндік береді, бұл олардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттырып, әлеуметтік маңыздылық сезімін қалыптастырады әрі кәсіби сәйкестігін нығайтады. Осыған байланысты ғалым еріктілікті білім беру кеңістігіне тиімді енгізудің педагогикалық шарттарын атап көрсетеді:еріктілік бастамаларға арналған ұйымдастырушылық-

әдістемелік базаны құру, жобалық іс-әрекетті оқу үдерісінің құрылымына енгізу, тәлімгерлік пен еріктілік топтарды сүйемелдеуді пайдалану, сондай-ақ еріктілік белсенділігін академиялық және қоғамдық деңгейде мойындау [217].

А.А.Шлихтердің зерттеуінде еріктілік іс-әрекет коммерциялық ұйымдардың коммерциялық емес секторлармен және жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады. Корпоративтік еріктілік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға, азаматтық белсенділікті қалыптастыруға және әлеуметтік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Бұл іс-әрекет көбінесе ерікті және қоғамдық пайдалы сипатта болып, тікелей материалдық сыйақыны көздемейді [218].

Жоғарыда қарастырылған анықтамалар еріктіліктің әлеуметтік феномен ретіндегі мәнін ашуға мүмкіндік береді. Алайда зерттеу тақырыбы тұрғысынан еріктіліктің нақты жүзеге асу формасы болып табылатын «еріктілік іс-әрекет» ұғымының мазмұнын анықтау ерекше маңызға ие. Өйткені әлеуметтік жауапкершілік дәл осы іс-әрекет процесінде қалыптасып, дамиды. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде берілген «еріктілік іс-әрекет» ұғымының анықтамалары жүйеленіп, 11-кестеде ұсынылды.

Кесте 11 – Ғалымдардың «Еріктілік іс-әрекет» ұғымына берген анықтамалары

№	Ғалымдар	«Еріктілік іс-әрекет »...
1	2	3
1	терминологиялық дереккөздерде	... азаматтардың қоғамдық маңызы бар қызметті *өз еркімен* және *ақысыз* негізде жүзеге асыруы
2	Н.В.Щербакова	...адамгершілік идеяларға, өзге адамдардың игілігі үшін *ақысыз* әрі *риясыз көмек көрсетуге*, рухани дамуға және қоғамдағы моральдық құндылықтарға негізделген, жеке тұлға болмысының рухани-адамгершілік аспектісін айқындайтын *әлеуметтік маңызы бар қызмет түрі.*
3	А. Луговая	...бұл *мәжбүрлеусіз жүзеге асырылатын,* әлеуметтік маңызы бар мақсаттарға жетуге бағытталған және осы іс-әрекетке қатысушы тұлғаға әлеуметтендіруші әсер ететін іс-әрекет түрі.
4	Т.Д.Вакушенко Н.Д.Зайцева	...басқа адамдарға көмек көрсетуге және қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешуге бағытталған *әлеуметтік белсенділіктің ерікті әрі ақысыз түрі*
5	В.В.Овсий	...институционалдық және іс-әрекеттік тәсілдерді қамтитын *күрделі әлеуметтік құбылыс*
6	К.И.Буякова	....маңызды білім беру ресурсы , студент жастардың *белсенді субъектілік ұстанымы* мен *азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын процесс*
7	М.Н.Баланян	...тұлғалық және кәсіби әлеуметтенудің белсенді механизмі, әлеуметтік-мәдени феномен
8	М.В.Шакурова	...тұлғаның әлеуметтенуі мен кәсіби қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық тәжірибе.
9	Т.Х.Хаджимурадова	...студенттердің ішкі оқу және кәсіби мотивациясын нығайтудың тиімді құралы

11-кестенің жалғасы

1	2	3
10	А.А.Шлихтер	...коммерциялық ұйымдардың коммерциялық емес секторлармен және жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу тетіктерінің бірі.
11	Д.Е.Акимиш	....студенттердің азаматтық ұстанымын, әділдік, ізгілік, толеранттылық сияқты қасиеттерін қалыптастыратын тиімді *тәрбие құралы*
12	Ж.З.Торыбаева	...жастарды салауатты өмір салтына бейімдейтін *қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету құралы*
13	А.Ерниязова	...тек іс-шараларға қатысу емес, күнделікті еңбек, *өмір салты*

Осы ғалымдар анықтамаларына жасалған талдау олардың мазмұнының бір-біріне қайшы келмейтіндігін, керісінше еріктілік іс-әрекет ұғымының мәнін жан-жақты ашып, өзара толықтыратынын көрсетті. Зерттеушілердің көзқарастарының әртүрлілігі бұл ұғымның күрделі әрі көпқырлы әлеуметтік-педагогикалық феномен екендігін дәлелдейді. Әртүрлі авторлар еріктілік іс-әрекетті оның мақсаттары, мазмұны, функциялары және тұлғаға ықпалы тұрғысынан сипаттайды.

Біздің пайымдауымызша, ғылыми әдебиеттерде ғалымдар еріктілік іс-әрекетті: 1) қоғамдық маңызы бар қызметті өз еркімен және ақысыз негізде жүзеге асыру нысаны (терминологиялық дереккөздер); 2) рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген әлеуметтік маңызы бар қызмет түрі (Н.В.Щербакова); 3) тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал ететін іс-әрекет түрі (А. Луговая); 4) әлеуметтік белсенділіктің ерікті әрі өтеусіз формасы (Т.Д. Вакушенко, Н.Д.Зайцева); 5) институционалдық және іс-әрекеттік тәсілдерді қамтитын күрделі әлеуметтік құбылыс (В.В.Овсий); 6) білім беру ресурсы және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру процесі (К.И.Буякова); 7) тұлғалық және кәсіби әлеуметтенудің белсенді механизмі, әлеуметтік-мәдени феномен (М.Н.Баланян); 8) тұлғаның әлеуметтенуі мен кәсіби қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық тәжірибе (М.В.Шакурова); 9) оқу және кәсіби мотивацияны нығайтудың тиімді құралы (Т.Х.Хаджимурадова); 10) әртүрлі әлеуметтік институттардың өзара әрекеттесу тетігі (А.А. Шлихтер); 11) студенттердің азаматтық ұстанымын, ізгілік, әділдік және толеранттылық қасиеттерін қалыптастыратын тәрбие құралы (Д.Е.Акимиш); 12) жастарды салауатты өмір салтына бағыттайтын қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру құралы (Ж.З.Торыбаева); 13) күнделікті еңбек пен өмір салтының ерекше формасы (А.Ерниязова) тұрғысынан қарастырады (Сурет 4). Осылайша, ғылыми еңбектердегі көзқарастарды жинақтай отырып, еріктілік іс-әрекетті қоғамдық игілікке бағытталған, ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылатын, тұлғаның әлеуметтік, азаматтық, рухани және кәсіби дамуына ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық қызмет түрі ретінде қарастыруға болады.



Сурет 4 – «Еріктілік іс-әрекет» ұғымының ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы

Осы анықтамаларда біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудыратын ой-пікірлер жоқ емес. Мәселен, К.И.Буякова еріктілік іс-әрекетті студент жастардың белсенді субъектілік ұстанымы мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды білім беру ресурсы ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, еріктілік іс-әрекет студенттердің әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қатысуы арқылы олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік құндылықтарын және қоғамдық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл көзқарас еріктілік іс-әрекеттің студент тұлғасының әлеуметтік тәжірибесін байытудағы және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы әлеуетін айқындай түседі.

Отандық зерттеушілер де еріктілік іс-әрекеттің тәрбиелік әлеуетіне ерекше назар аударады. Мәселен, Д.Е.Акимиш еріктілік іс-әрекетті студенттердің азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді тәрбие құралы ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, еріктілік қызмет студент жастардың әділдік, ізгілік, толеранттылық сияқты маңызды адамгершілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік іс-әрекет тұлғаның құндылықтық бағдарларын жетілдірумен қатар, оның әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Әрине, біз аталған көзқарастардың негізділігі мен дәлелділігін құптай отырып, еріктілік іс-әрекеттің тұлғаны тәрбиелеудегі, әлеуметтендірудегі, азаматтық белсенділігін дамытудағы және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерінің кең әрі тиімді екендігіне көз жеткіземіз. Ал біз өз зерттеу пәнімізге сәйкес еріктілік іс-әрекетті студенттердің әлеуметтік

жауапкершілігін қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде қарастырамыз.


Жоғарыда талдау берілген ғалымдардың көзқарастары негізінде зерттеу пәнімізге сәйкес «студенттердің еріктілік іс-әрекеті» ұғымын нақтылаймыз. Біздің тұжырымдауымызша «Ерікті – қоғам алдындағы міндеттерді өз мойнына алып, мәжбүрлеусіз, ақысыз, риясыз жұмыс атқарушы тұлға», ал «еріктілік - қайырымдылық мәні мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді мәжбүрлеусіз, ақысыз, риясыз орындауға бағытталған *іс-әрекет*». Олай болатын болса, қайырымдылық мәні мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді мәжбүрлеусіз орындау және оны өз мойнына алу – *бір жағынан* әлеумет алдындағы жауапкершілікті білдірсе, *екінші жағынан* осы тұлғаның әлеуметтік топ арасынан шығуы және әлеуметтік топқа, қоғамға риясыз қызмет етуі әлеуметтік құбылыс. *Үшіншіден* тұлғаның осы процесті жүзеге асыруда оның біз 1.1 параграфында анықтаған студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қамтитын тұлғалық қасиеттері, интеллектуалдық білімдері, әлеуметтік біліктері, мінез-құлық сапалары дамиды. Ал бұл болса, еріктілік іс-әрекеттің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың тиімді құралы бола алатындығын дәлелдейді.

Осы мақсатта еріктілік іс-әрекеті процесінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін айқындаудың қажеттілігі туындайды.

Ол үшін алдымен зерттеу барысында еріктілік іс-әрекеті процесінің мәні мен ерекшеліктерін анықтаймыз.

Біріншіден еріктілік іс-әрекет процесі *қызмет саласына қарай жіктеледі.*


Азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын еріктілік іс-әрекет процесі көптеген қызмет түрлерін қамтиды. Еріктілік іс-әрекет процесі бір бағытын екіншісінен маңыздырақ деп объективті түрде бөліп көрсету қиын, өйткені әр бағыттың маңыздылығы нақты жағдайға, қоғамның қажеттіліктеріне және әлеуметтік контекстке байланысты анықталады. Еріктілік іс-әрекет процесінің әрбір түрі әлеуметтік құрылымда белгілі бір қызмет атқарады және оның өзектілігі уақыттық, кеңістіктік және жағдайлық факторларға қарай өзгеріп отырады. Мысалы, экономикалық дағдарыс немесе табиғи апаттар кезінде қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсетуге бағытталған еріктілік белсенділігі артады. Ал тұрақты даму жағдайында мәдени және білім беру жобаларын қолдау, қоршаған ортаны қорғау сияқты бағыттар мемлекет дамуының ұзақ мерзімді мақсаттары тұрғысынан маңызды бола түседі. Осылайша, еріктілік іс-әрекет процесінің барлық түрлері өзара бірін-бірі толықтырып, қоғамның үйлесімді дамуына ықпал етеді. Қызмет саласына қарай еріктіліктің негізгі түрлері Сурет 5- те ұсынылды.



Сурет 5 – Қызмет саласы бойынша еріктілік іс-әрекет процесінің жіктелуі

Екіншіден еріктілік іс-әрекет процесі – объект және субьект тұрғысынан жіктеледі.

Еріктілік іс-әрекет әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде тұлға мен қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің маңызды формаларының бірі болып табылады. Оның мазмұны тек белгілі бір көмек көрсету әрекетімен шектелмей, қатысушылардың әлеуметтік рөлі, бағытталуы, ұйымдастырылу ерекшеліктері және жүзеге асыру жағдайларымен сипатталады. Осыған байланысты еріктілік іс-әрекеттің мәнін толық ашу үшін оны әртүрлі өлшемдер тұрғысынан қарастыру қажет. Атап айтқанда, еріктіліктің кімге бағытталғанын анықтайтын объектісі, оны жүзеге асыратын қатысушыларды сипаттайтын субъектісі, ұйымдастырылу ерекшеліктерін көрсететін параметрлері және қызмет салалары бойынша жіктелуі оның құрылымдық мазмұнын айқындайды (Сурет 6)



Сурет 6 – Еріктілік іс-әрекеттің объектісі тұрғысынан жіктелуі


Еріктілік іс-әрекетті объект тұрғысынан жіктеу оның әлеуметтік бағыттылығын және қоғамдағы мәселелерді шешудегі рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Еріктілік іс-әрекеттің объектісі тек көмек алушы тұлғамен шектелмей, әртүрлі әлеуметтік топтар мен ұйымдарды қамтиды. Бұл еріктіліктің әлеуметтік қажеттіліктерге бейімделген көпдеңгейлі әрекет екенін көрсетеді. Әсіресе балалар, қарт адамдар, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар және әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтармен жұмыс жасау барысында еріктілер әлеуметтік сезімталдық, эмпатия және жауапкершілік қасиеттерін дамытады. Сондықтан объект тұрғысынан жіктеу еріктілік іс-әрекеттің тек көмек көрсету құралы емес, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру механизмі екенін айқындайды.

Еріктілік іс-әрекетті субъект тұрғысынан жіктеу оны жүзеге асыратын тұлғалар мен әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жіктеу еріктілік қозғалысына қатысушылардың әлеуметтік мәртебесі, кәсіби дайындығы және қызметке қатысу мотивациясы негізінде қарастырылады. Субъектілер құрамына жеке және топтық еріктілер, жастар, қарт адамдар, білім беру саласының өкілдері, отбасы мүшелері, діни және корпоративтік ұйымдар, сондай-ақ инклюзивті бағыттағы еріктілер кіреді. Сонымен қатар еріктілер біліктілік деңгейіне қарай жалпы бейіндегі және арнайы кәсіби дағдылары бар еріктілер болып бөлінеді. Ал мотивациялық

тұрғыдан еріктілік альтруистік, кәсіби және әлеуметтік бағыттар арқылы сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, субъектілік жіктеу еріктілік іс-әрекеттің тек көмек көрсету әрекеті емес, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін, азаматтық ұстанымын және жауапкершілік сезімін қалыптастыратын әлеуметтік-педагогикалық үдеріс екенін көрсетеді (Сурет 7).



Сурет 7 – Еріктілік іс-әрекетінің субъект тұрғысынан жіктелуі



Сурет 8 – Еріктілік іс-әрекет процесінің мазмұны

Үшіншіден еріктілік іс-әрекет процесінің мазмұны сипатымен, түрлерімен, мәнімен сипатталады (Сурет 8).

Еріктілік іс-әрекет процесінің мазмұны оның орындалу, ұйымдастырылуын және әлеуметтік ықпал ету мүмкіндіктерін сипаттайды. Олар еріктілік іс-әрекеттің тұрақтылығын, қамту ауқымын, ұйымдастыру тәсілдерін және қоғамдағы орнын анықтауға мүмкіндік береді. Еріктілік іс-әрекетінің әртүрлі жағдайларда жүзеге асуы тұлғаның әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, бастамашылдығын, ұйымдастырушылық қабілетін және әлеуметтік жауапкершілік сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы айтылғандар негізінде еріктілік іс-әрекеті процесінің мәнді сипаттамасын жасаймыз (Сурет 9).

Суретте еріктілік іс-әрекеттің мәнді сипаттамасы жүйеленіп, оның мәні, мақсаты мен құндылықтары, субъектілері, объектілері, негізгі параметрлері және қоғамдық бағыттары көрсетілген. Сонымен қатар еріктілік іс-әрекетті жүзеге асыру ерекшеліктері мен нәтижелері айқындалып, оның әлеуметтік маңызы бар, ерікті әрі өтеусіз қызмет ретіндегі кешенді сипаты ашылған.

Сондай-ақ зерттеу барысында еріктілік іс-әрекеті процесінің ерекшеліктерін аша түсу үшін қазақ ұлттық дәстүрінде қалыптасқан түрлеріне мән беруді жөн көрдік.

Қазақ қоғамында еріктілік, яғни өз еркімен қоғамға іс-әрекет ету, көмек көрсету дәстүрі ежелден қалыптасқан. Ата-бабаларымыздың өзара көмек көрсету мен бірлесіп жұмыс істеуіне негізделген мұндай құндылықтар қазіргі еріктілік институттары үшін негіз болып табылады.

Еріктіліктің қазақтың ұлттық тәрбиесіндегі келесідей бірнеше аспектілерін атап көрсетуге болады.

Қамқорлық пен көмек көрсету: Қазақ халқының дәстүрінде «көмек беру», «жақсы сөз айту», «қамқор болу» — адамның негізгі әлеуметтік міндеттерінің бірі болып саналған. Бұл әрекеттер қоғамның тұрақтылығы мен бірлігін нығайтуға іс-әрекет етеді. Еріктілердің іс-әрекеті дәстүрлі қоғамдағы осы маңызды құндылықтарды жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Достық пен бірлік: қазақтың ұлттық тәрбиесі жастарды бірлікке, ынтымақтастыққа, достыққа тәрбиелейді. Бұл принциптер еріктілік іс-әрекетінде айқын көрінеді, себебі еріктілік жұмыс ұжымдық күш-жігермен жүзеге асады және әлеуметтік желілерде адамдардың өзара көмегін нығайтады.

Жауапкершілік сезімі: «Әрбір адам өз елінің болашағы үшін жауапты» деген қағида қазақ қоғамында өте маңызды. Еріктілік іс-әрекеті бұл сезімді тереңдетуге және жастардың әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді. Қазақ халқы әу баста өзгенің өксігін өзінікіндей көретін жанашыр халық болғаны баршамызға аян. Ауылдасына айрандай ұйып асарлатып көмегін көрсетсе, жанына жақын жолдасына «жылуын» аямаған. Бұдан біз қазақтың бауырмалдығын, кең пейілдігін көре аламыз.



Сурет 9 – Еріктілік іс-әрекетінің мәнді сипаттамасы

Еріктілік біз үшін таңсық дүние емес. Нағыз мүмін – ешқандай да сыйақы күтпей, риясыз көңілмен, бір Алланың разылығы үшін басқаға жәрдем беретін адам. Басқалар үшін «ерікті болу» жастық шақтың уақытша албырт кезеңі болса, мұсылман адам үшін – өмірлік кредо [219].

Білім беру жүйесіне еріктілік белсенді түрде енгізіліп, жастардың қатысуына және осы қозғалысты үйлестіретін тәлімгер-тренерлерді даярлауға мүмкіндік беретін түрлі бағдарламалар жасалуда. Әлеуметтік құбылыс ретінде еріктілік көптеген өркениеттер мен халықтарға тән көне дәстүр. Ол қоғамда әрқашан көмекке мұқтаж адамдар және оларға жәрдем беруге дайын адамдар бар деген идеяға негізделген. Алайда әр елде еріктілік іс-әрекеттің көлемі, дамуы мен қолдау деңгейі оның тарихи, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық ерекшеліктеріне байланысты өзгереді.

Еріктілер өз уақыттары мен жанашырлықтарын өздеріне қарағанда үлкен істерге еркін бере отырып, қиындықтарды қабылдайтын қарапайым адамдардың kahармандығын бейнелейді.

Еріктілік құрбандықтар мен күш-жігерді жеке пайда үшін емес, өз қоғамына пайда әкелетін жоғары идеалдарды ілгерілету үшін қажет етеді. Бұл альтруистік борыш әділетсіздіктің моральдық ашуын адалдық, шеберлік және үміт арқылы прагматикалық жетілдіруге бағыттайды. Еріктілер шашыраңқы популяциялар арасында көпір жасайды, халықтың осал топтарын қорғайды, қоршаған ортаны қорғайды, маргиналды топтарға көмектеседі және азаматтық қоғамның тінін қалпына келтіреді. Бейтаныс адамдардың күрестерін өздері үшін еркін қабылдай отырып, еріктілер қоғамдағы қадам-қадаммен жүзеге асатын оң өзгерістердің үнсіз кейіпкерлері [220].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілері (БҰҰ) және Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ) еріктіліктің UNV анықтамасында былай делінген:

«Еріктіліктің үш негізгі анықтаушы сипаттамасы бар.

Біріншіден, бұл іс-әрекет бірінші кезекте қаржылық сыйақы алу үшін жүргізілмеуі керек, дегенмен шығындарды өтеуге және кейбір таңбалауыштарды төлеуге рұқсат етілуі мүмкін.

Екіншіден, бұл іс-шара адамның өз еркіне сәйкес өз еркімен жүзеге асырылуы керек.

Үшіншіден, бұл іс-әрекет еріктіден басқа біреуге немесе жалпы қоғамға пайдалы болуы керек, дегенмен еріктілік еріктіге де айтарлықтай пайда әкелетіні мойындалған.» [221].

Еріктілік іс-әрекеттің ғылыми-теориялық мәнін, негізгі белгілерін және әлеуметтік-педагогикалық әлеуетін талдау оның қоғамдағы маңызды қызмет атқаратынын көрсетеді. Алайда еріктілік тек адамгершілік құндылықтарға негізделген қоғамдық пайдалы әрекет қана емес, сонымен қатар белгілі бір құқықтық нормалармен реттелетін әлеуметтік қызмет түрі болып табылады. Сондықтан еріктілік қызметтің мазмұнын толық ашу үшін оның Қазақстан Республикасындағы құқықтық негіздерін қарастыру маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының құқықтық кеңістігінде еріктілік іс-әрекет

арнайы қабылданған заң аясында нормативті түрде реттелген [3,222]. Атап айтқанда 2016 жылғы 30 желтоқсанда «Еріктілік іс-әрекет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды (Қосымша 1).

Жоғарыда айтылғандар негізінде еріктілік іс-әрекеті процесінің ерекшеліктері объект және субьектісі тұрғысына қатысты, қызмет саласына қарай, мазмұндық сипатына, түрлеріне, мәніне байланысты еріктілік еркін таңдау ерекшелігі, қоғамдық маңыздылығы ерекшеліг,і риясыз және рухани-адамгершілік, әлеуметтік өзара әрекеттестік, мақсатты-нәтижелік, субъектілік-бастамашылық ерекшелігі болып айқындалды.

Осы біз айқындаған еріктілік іс-әрекеті процесінің ерекшеліктері және оларды жүзеге асыруда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері айқындалады [223] (сурет 10).



Сурет 10 – Еріктілік іс-әрекет процесі ерекшеліктерінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері

Суретте көрсетілгендей еріктілік іс-әрекеті процесінің ерекшеліктерін айқындау оның студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді: Еріктілік іс-әрекеті процесінің *еріктілік еркін таңдау ерекшелігі* студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі құрамындағы еріктілік іс-әрекетке қатысуға қажеттілікті арттырады, ерік-жігерін шыңдайды, өзін-өзі реттеуіне ықпал етеді; *қоғамдық маңыздылығы*

ерекшелігі – қоғамдық нормалар туралы білімдерін кеңейтеді; *риясыз және рухани-адамгершілік ерекшелігі* рухани құндылықтарды меңгеруіне ықпал етеді, моральдық пайымдауларын тереңдетеді; *әлеуметтік өзара әрекеттестік ерекшелігі* тұлғааралық өзара әрекеттестік қабілеттерін дамытады; *мақсатты-нәтижелік ерекшелігі* коммуниткативтілігін дамытады, нәтижеге ерісу қабілеттерін қалыптастырады; *субъектілік-бастамашылық ерекшелігі* белсенділік сапасын арттырады; жауапкершілікке негізделген сипаты адалдық пен жауапкершілік сапаларын арттырады.

Ерікті, еріктілік ұғымдарына берген талдау, және еріктілік іс-әрекеті процесінің ерекшеліктерін анықтау мен олардың студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін негіздеу бізге «студенттердің еріктілік іс-әрекеті» ұғымына өз анықтамамызды беруге мүмкіндік жасады.

Сонымен біздің анықтауымызша зерттеу пәнімізге сәйкес «**студенттердің еріктілік іс-әрекеті** - бұл олардың тұлғалық қасиеттерін, интеллектуалдық білімдерін, әлеуметтік біліктерін, мінез-құлық сапаларын қамтитын әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың тиімді құралы». Осы анықтамамыз негізінде біз еріктілік іс-әрекетін зерттеуде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың құралы тұрғысынан қарастырамыз.

Осыған байланысты еріктілік іс-әрекеті процесінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды жүзеге асыру үшін алдымен оның психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау қажет. Ол туралы келесі 2.2 параграфында жан-жақты негізделіп, мазмұндалады.

2.2 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру процесінің тиімді жүзеге асуы белгілі бір психологиялық-педагогикалық шарттарды сақтауды талап етеді. Өйткені еріктілік іс-әрекет барысында студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған оң мотивациясының қалыптасуы, әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдерінің кеңеюі, әлеуметтік-коммуникативтік біліктерінің дамуы және жауапкершілік, белсенділік, адалдық сияқты мінез-құлық сапаларының орнығуы арнайы ұйымдастырылған **психологиялық-педагогикалық шарттарға** байланысты жүзеге асады.

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде білім беру процесінің тиімділігін арттырумен байланысты негізгі мәселелердің бірі – белгілі бір әрекеттің нәтижелілігін қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау, негіздеу және тәжірибелік экспериментте тексеру болып табылады.

«Шарт» ұғымы ғылыми әдебиеттерде әртүрлі бағытта түсіндіріледі. Философиялық тұрғыдан алғанда, шарт – белгілі бір құбылыстың жүзеге асуына мүмкіндік беретін және оның дамуына ықпал ететін жағдайлар жиынтығы ретінде қарастырылады. Философиялық сөздікте шарт ұғымы «бір

нәрсенің екінші бір нәрсеге тәуелділігі, белгілі бір құбылыстың жүзеге асуын қамтамасыз ететін объектілер мен олардың өзара байланыстарының жиынтығы» ретінде сипатталады [224]

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «шарт» ұғымы «бір нәрсенің жүзеге асуына негіз болатын жағдай, талап немесе ереже» ретінде түсіндіріледі [225]. Осыған сәйкес, белгілі бір құбылыстың пайда болуы, дамуы және нәтижелі жүзеге асуы белгілі бір шарттардың орындалуына тәуелді болады.

Психология ғылымында шарттар тұлғаның дамуына, оның іс-әрекетіне және қалыптасу үдерісіне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар жүйесі ретінде қарастырылады. В.Н.Мясищев психологиялық шарттарды адамның тұлғалық дамуына, психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына және әлеуметтік ортамен байланысына әсер ететін шарттар жиынтығы ретінде сипаттайды [226].

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша, жоғары психикалық функциялардың (ойлау, сөйлеу, ерік) дамуының басты шарты – адамның әлеуметтік ортамен, басқа адамдармен белсенді әрекеттесуі. Психикалық функциялар алдымен адамдар арасындағы қарым-қатынаста (интерпсихологиялық деңгейде) пайда болып, кейін жеке тұлғаның ішкі сапасына (интрапсихологиялық деңгейге) айналады. Ол сондай-ақ «жақын даму аймағы» ұғымын енгізді, мұнда оқыту мен тәрбие психикалық дамудың қажетті шарты ретінде қарастырылады [112] .

А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясында тұлға қасиеттері мен санасының қалыптасуының басты шарты тұрғысынан іс-әрекет қарастырылады. Оның пікірінше, тұлғаның дамуы қоғамдық маңызы бар іс-әрекетке белсене қатысу арқылы ғана жүзеге асады. [113]. Іс-әрекет мотивтер мен мақсаттардың бірлігінде қарастырылып, психикалық дамудың қозғаушы күші ретінде анықталады. Гуманистік психология өкілі Карл Роджерс [227] тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының (self-actualization) негізгі шарттарын қолайлы психологиялық орта мен эмпатиялық қарым-қатынаспен айқындайды.

Сонымен, психология ғылымында шарттар тұлғаның дамуына ықпал ететін әлеуметтік орта, іс-әрекет, тұлғааралық қарым-қатынас және қолайлы психологиялық ахуалдың өзара бірлігін білдіреді. Мұндай көзқарас студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуы да олардың еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуына, әлеуметтік тәжірибе жинақтауына және арнайы ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпалдардың жүзеге асырылуына тәуелді екендігін негіздейді.

Педагогика ғылымында шарт ұғымы адамның дамуына, тәрбиесіне және оқуына ықпал ететін табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі әсерлердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан алғанда педагогикалық шарттар білім беру үдерісінің мазмұнын, әдістерін, формаларын және ұйымдастыру ерекшеліктерін қамтитын жүйе болып табылады. Көптеген ғалымдар өз еңбектерінде педагогикалық шарттар мәселесін қарастырған. В.И.Андреев педагогикалық шарттарды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдістері және

ұйымдастыру формаларын қамтитын педагогикалық ықпал ету мүмкіндіктерінің кешені ретінде анықтайды [228].

А.Я.Найн педагогикалық шарттарды қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мазмұн, формалар, әдістер, құралдар және материалдық-кеңістіктік ортаның объективті мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастырады

Н.М.Яковлева педагогикалық шарттар педагогикалық үдерістің тиімді жүзеге асуына ықпал ететін объективті мүмкіндіктер жүйесі ретінде қарастырылуы қажет деп көрсетеді [229].

Н.В.Ипполитова педагогикалық шарттарды білім беру процесі субъектілерінің тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Ал М.В. Зверева бұл ұғымды педагогикалық жүйенің мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқыту құралдары және субъектілер арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін қамтитын құрылымдық компонент ретінде қарастырады [230].

Б.В.Куприянов және С.А.Дынина еңбектерінде педагогикалық шарттар білім беру үдерісінің заңдылықтарын нақтылауға және оның нәтижелілігін арттыруға бағытталған өзара байланысты жағдайлар жүйесі ретінде қарастырылады [231].

Б.Баймұханбетов педагогикалық шарттарды – «оқу-тәрбие үдерісі бірлестігінде оқыту-педагогикалық және ұйымдастырушылық бойынша бір бірімен тығыз байланыстағы жағдаяттардың жиынтығы» тұрғысынан нақтылайды [232].

Сонымен педагогикалық шарттар білім беру мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін мазмұн, әдістер, формалар, құралдар және білім беру ортасының өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастырылады. Олар тұлғаның дамуы мен тәрбиесінің тиімділігін арттыруға бағытталған педагогикалық ықпалдардың жиынтығын білдіреді.

Жоғарыда айтылып өткен ойлар тұлғаның дамуын оқу-тәрбие процесінде зерттеу мәселесінде психологиялық-педагогикалық шарттардың бірлестікте қарастырылуын қажет етеді. Осыған байланысты педагогика ғылымы саласындағы диссертациялық зерттеулердің басым бөлігінде психологиялық-педагогикалық шарттар қарастырылады.

Мәселен, Қ.Қ.Шалғынбаева психологиялық-педагогикалық шарттарды студенттердің кәсіби өзін-өзі жетілдіруі мен кәсіби дамуын қамтамасыз ететін, тұлғаның ішкі ресурстары мен сыртқы педагогикалық ықпалдарды өзара үйлестіретін факторлар жүйесі ретінде қарастырса [233], С.Д. Полатова – студенттердің ішкі оқу мотивациясын қалыптастыруға және арнайы әдістер мен білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған шарттар жиынтығы ретінде анықтайды[234].

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдарды талдау нәтижесінде «психологиялық-педагогикалық шарттар» ұғымы тұлғаның дамуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлардың бірлігі ретінде анықталады. Ол педагогикалық мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін мазмұн, әдістер,

формалар, құралдар және педагогикалық-психологиялық шарттардың өзара байланысқан жүйесін білдіреді.

Біздің пайымдауымызша, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастырудың *психологиялық-педагогикалық шарттары* – аталған үдерістің тиімді жүзеге асуын қамтамасыздандыратын шартталған қағидаттар мен арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар жиынтығы. Осыған сәйкес, диссертациялық зерттеуде психологиялық-педагогикалық шарттар өзара байланысты үлкен екі топтан тұрады.

Бірінші топқа студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыру үдерісін бағыттайтын және оның тиімділігін қамтамасыздандыратын қағидаттық тұжырымдар енгізілді:

1) Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру;
2) Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру;
3) Еріктілік іс-әрекетін қоғамдық – қайырымдылық – жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру;
4) Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру.

Екінші топқа осы қағидаттарды тәжірибеде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-шаралар жиынтығы жатады:

1) Volunteer Hub еріктілер хабы;
2) «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы;
3)«Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы;
4) «SAQ Officers» жобасы.

Осы шарттардың зерттеу жұмысында негізге алынуының себептеріне тоқталып өткенді жөн көрдік.

1-шарт. Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру. Бұл қағидатты негіздеу үшін «орта» ұғымын талдауға жүгіну қажет. Жаңа заман педагогтары білім алушының тұлғасын қалыптастыруға білім беру ортасының әсеріне ерекше мән берген. П.Ф. Лесгафт «тәрбие әлеуметтік ортамен, микроортамен, тұрмыс жағдайларымен тығыз байланысты...» деп есептеген. К.Н.Вентцель болашақтың идеалды мектебін жоспарлай отырып, білім беру процесі «оқыту мен тәрбиелеу тұрғысынан идеалды ортаға» айналады, оның басты сипаты «тұтастық, бірлік және үйлесім» болуы тиіс деп болжады. Джон Дьюи де білім беру ортасының мәні мен мағынасын зерттеп, «...қоршаған орта мен жағдай индивидті қоршап тұрған нәрседен әлдеқайда кең түсінік» екенін атап көрсеткен. Қоршаған орта тәрбиелеу үдерісіне ықпал ете де, оны қиындата да алады, сондықтан оған ерекше назар аудару қажет. Дәл осы қырынан кеңестік педагогиканың классиктері білім беру ортасын қарастырады. С.Т.Шацкий тұлғаны тәрбиелеуде мектептің ортасына және мектепті қоршаған әлеуметтік ортаға басты мән беріп, олардың адамның белгілі бір орташа қасиеттерін қалыптастырудағы күшті ықпалын атап көрсеткен М. Монтессори, П.П. Блонский және басқа да педагог-ғалымдар білім алушының өзін-өзі тәрбиелеуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құруды аса маңызды деп санаған [235].

Н.Б.Крыловаңың түсіндіруінше «Орта – адамды қоршайтын әлеуметтік орта («жалпы алғанда макроорта, жеке алғанда – микроорта сияқты тікелей әлеуметтік қоршаған орта); жеке тұлғаның тікелей бесенділігі» болып табылады [236].

Қазақстандық педагогикалық зерттеулерде «әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта» ұғымы көбіне білім беру ортасы, тәрбиелік орта, әлеуметтік-тәрбиелік орта, дамытушы орта және ЖОО-дағы тәрбие жұмысы ұғымдарымен өзара байланыста қарастырылады. Бұл бағыттағы еңбектерде білім беру ортасының студент тұлғасын дамытуға, құндылықтық бағдарын қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділігін арттыруға және қоғамдық ортаға бейімделуіне ықпалы айқындалады. Осыған сүйене отырып, біз ЖОО-ның тәрбиелік-дамытушы ортасын әлеуметтік-тәрбиелеуші, ақпараттық-дамыту және практикалық-еріктілік орталардың бірлігі ретінде қарастырамыз.

Ұ.М.Әбдіғапбарова және біздің бірлескен зерттеуімізде рухани-адамгершілік білім беру ортасы студенттерді жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде бағдарлаудың маңызын айқындайды, ал бұл өз кезегінде еріктілік іс-әрекет процесінде әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың құндылықтық негізін құрайды [237].

Ұ.М.Әбдіғапбарова, Н.Жиенбаеваның цифрлық ортадағы студентке бағытталған оқыту туралы зерттеуі ақпараттық-дамыту ортаның студенттің белсенділігіне, мотивациясына және тұлғалық дамуына ықпал ететінін негіздеуге мүмкіндік береді [238].

Сонымен қатар К.Ж.Қожахметованың [239] ұлттық және адамгершілік құндылықтар туралы тұжырымдары А.К.Жексембинованың [240] студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға қатысты зерттеулері, А.Кариев, Б.Байджановтың [241] университеттік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-педагогикалық даярлық туралы еңбектері және ЖОО-ның әлеуметтік-педагогикалық дамытушы ортасын студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды факторы ретінде негіздеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік орта – қоғамдағы мәдени ортаға тұлғаның белсенді түрде қатысатын белгілі бір нақты әлеуметтік кеңістігі. Әлеуметтік мәдени ортаның өзіндік ерекшелігі – ол жеке даралыққа қарсы тұра алады және оның өзін-өзі дамытуына оппозиция тұрғысынан әлеуметтік қарама-қайшылықтар көрсете алады. Оппозиция форма және сипаты жағынан түрленеді – ол жанама және білінер-білінбес, жасырын формаларға ене алады, дегенмен ол үнемі қоғамның әр мүшесінің жеке даралығын және тәуелсіздігін сақтап, қорғау қажеттілігін ынталандырады, сонымен бірге оның үнемі белсенділік көрсетуін де ынталандырады.

Біз зерттеуімізде әлеуметтік-тәрбиелік құрамнан тұратын білім беру ортасына назар аударды.

А.Н.Хуторской білім беру ортасы деп, білім алушылардың өнімді іс әрекеттерін қамтамасыздандыра алатын, білім берудің әр түрлі құралдары мен

мазмұнын қамтитын білім алушылардың табиғи немесе жасанды құрылған әлеуметтік мәдени ортасын түсінеді [242]. В.А.Ясвиннің пікірінше білім беру ортасы – берілген үлгі бойынша жеке қалыптасу жағдайлары мен ықпал ету жүйесі, сондай-ақ әлеуметтік және кеңістіктік-пәндік ортада бар оның дамуына арналған мүмкіндіктер [243].

Осы анықтамалар негізінде біздің пайымдауымызша, *әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта* студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық, ақпараттық және практикалық ықпалдардың өзара байланысын қамтамасыз ететін білім беру кеңістігі болып табылады. Осыған сәйкес оның құрылымы педагогикалық-дамытушы, ақпараттық-дамытушы және практикалық-еріктілік орта ретінде қарастыруды жөн көрдік: Педагогикалық-дамытушы орта; Ақпараттық-дамытушы орта; Практикалық-еріктілік орта.

Педагогикалық-дамытушы орта студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға, еріктілік іс-әрекетке тұрақты ішкі уәжін қалыптастыруға, ерік-жігері мен өзін-өзі реттеу қабілетін жетілдіруге бағытталады.

Ақпараттық-дамытушы орта студенттердің әлеуметтік жауапкершілік пен еріктілік іс-әрекет туралы білімдерін жүйелі қалыптастыруға, ақпараттық мәдениеті мен цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталады.

Практикалық-еріктілік орта студенттердің еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуына, теориялық білімдерін нақты әлеуметтік тәжірибеде қолдану арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтауына бағытталады.

Біздің бұл ойымызды ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдар да айқындайды. Мәселен, Т.Г.Кисилева, Ю.Д.Красильникова зерттеулерінде [244] білім беру ортасының міндетті үш элементі қамтылады:

1) жеке индивидуумдар, әлеуметтік топтар, түрлі қоғамдық институттар түріндегі әлеуметтік-мәдени қызметтердің белсенді субъектілері;

2) барлық үш кезеңнің іс-әрекет процесі;

3) оны іске асыру үшін шарттардың, факторлардың және мүмкіндіктердің объективті жиынтығы.

Ақпараттық-дамыту білім беру ортасын негіздеуде И.В.Роберт, Е.С. Полат, А.А.Андреев, В.В.Рубцов, В.Л.Ясвин, Дж.Сименс, С.Даунс және Д. Джонассен еңбектерін басшылыққа алуға болады. Бұл зерттеушілер ақпараттық-білім беру ортасының тұлғаның дамуына, білім алушылардың өзара әрекеттесуіне, ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалануына және оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыруға ықпал ететінін көрсетеді. Біздің зерттеуімізде ақпараттық-дамыту орта студенттердің еріктілік іс-әрекет туралы білімін кеңейтіп, әлеуметтік мәселелерді түсінуіне, еріктілік жобаларға қатысуына, цифрлық ресурстар арқылы тәжірибе алмасуына және әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуына жағдай жасайтын орта ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан ақпараттық-дамыту білім беру ортасының теориялық негіздерін нақтылау мақсатында аталған мәселені зерттеген ғалымдардың негізгі идеяларына тоқталуды жөн көрдік.

Е.С.Полат Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану, қашықтан оқыту, электрондық оқыту құралдарының дамытушы мүмкіндіктерін қарастырған. Бұл өз кезегінде студенттердің еріктілік іс-әрекет туралы ақпарат алып, әлеуметтік жобаларды жоспарлауына, тәжірибе алмасуына және рефлексия жасауына ақпараттық орта арқылы ықпал ететіне көз жеткіземіз [245].

В.Л.Ясвин Білім беру ортасын тұлғаның дамуына мүмкіндік беретін ықпал ету жүйесі ретінде сипаттаған. Ақпараттық-білім беру ортасы туралы зерттеулерде ғалымның еңбектері негізгі теориялық негіздердің бірі ретінде көрсетіледі. Ақпараттық-дамыту орта студентке әлеуметтік мәселелерді тануға, еріктілік әрекеттің маңызын түсінуге және өз ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

С.Даунс E-learning 2.0, ашық білім беру ресурстары, желілік оқыту, цифрлық оқыту ортасы мәселелерін зерттеген. Оның еңбектері электрондық оқыту және learning networks бағытында кең таралған. Мұндағы ақпараттық-дамыту орта еріктілік іс-әрекетке қатысты ашық ресурстарды, әлеуметтік желілерді, онлайн қауымдастықтарды пайдалану арқылы студенттің әлеуметтік белсенділігін арттырады [246]

Сонымен қатар ақпараттық-дамыту білім беру ортасы «ЖОО-ның материалдық және насихаттық базасының, оқытушылардың педагогикалық шеберлігінің және түрлі бағыттағы студенттік топтардың өзара әрекеттесуінің жиынтығы, ол еріктілік іс-әрекетке қатысу арқылы студенттердің позитивті дамуына серпін береді» деп түсіндіріледі. Ақпараттық-дамыту білім беру ортасының негізгі құрамдас бөліктеріне: оқу бөлмелерінің заманауи компьютерлік техникамен жабдықталуы, еріктілік мәдени тәжірибелер, сондай-ақ еріктілік іс-әрекеттің өнімдері мен нәтижелерін қамтитын (есептер, фотосуреттер, эссе, балалармен бірге жасалған бұйымдар және т.б.) көрнекі агитация жатады. ЖОО-ның ақпараттық ортасы тәрбиелік ықпал ететін тұрақты әрекеттегі фактор ретінде іс-әрекет етіп, жауапты мінез-құлық пен жауапты әрекеттер жасауға жағдай қалыптастырады.

Практикалық-еріктілік ортаны негіздеуде Дж.Дьюидің тәжірибе арқылы оқыту идеялары, Д.Колбтың тәжірибелік оқыту циклі, А.Астин, Л. Сакс, Х.Авалостың студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуының тұлғалық және әлеуметтік дамуға әсері туралы зерттеулері маңызды болып табылады. Сонымен қатар Дж.Эйлер мен Д.Джайлздың service-learning тұжырымдамасы еріктілік іс-әрекеттің рефлексиямен ұштасқанда студенттердің азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Осыған сүйене отырып, практикалық-еріктілік ортаны студенттердің нақты қоғамдық пайдалы әрекетке қатысуы, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруы, өз әрекетін талдауы және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі арқылы әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыратын орта ретінде қарастыруға болады. Атап айтсақ,

Дж.Дьюи білім тәжірибе арқылы қалыптасады, оқу өмірлік және әлеуметтік тәжірибемен байланысуы қажет деген идеяны дамытқан. Оның тәжірибелік оқыту тұжырымдамасы студенттің қоғаммен өзара әрекеттесу арқылы дамуын негіздеуге мүмкіндік береді.

Дж.Эйлер мен Д.Джайлздың «Service-learning» бағытындағы зерттеулерінде қоғамдық қызмет пен рефлексияның байланысы студенттердің тұлғалық, академиялық және азаматтық дамуына әсер ететінін негіздейді [247].

Б.Джейкоби жоғары білімдегі «civic engagement» мәселесін қарастырып, университеттердің студенттерді азаматтық тұрғыдан қатысуға және әлеуметтік жауапкершілікке даярлаудағы рөлін сипаттайды [248].

Бұл әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру қағидатын жүзеге асыруда *«Volunteer Hub»* студенттік еріктілер хабы құрылады. Хабтың негізігі базасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті және Atyrau creativ hub, Atyrau volunteer corps, Абай атындағы Атырау облысының оқушылар орталықтары қосымша базалар болып табылады. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруда олардың үздіксіз әлеуметтік тәжірибе жинақтауына, қоғамдық маңызы бар іс-әрекетке қатысуына және әртүрлі әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін педагогикалық-дамытушы, ақпараттық-дамытушы және практикалық-еріктілік ортаны ұйымдастырудың маңызы зор. Өйткені мұндай орта студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығын қалыптастырып, еріктілік іс-әрекетке қажеттілігін, ерік-жігерін дамытуға және өзін-өзі реттеуге ұмтылысын күшейтеді.

2-шарт – Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру тек еріктілік ортасын құрумен ғана шектелмейді. Әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның тұрақты сапасы ретінде қалыптасуы үшін еріктілік іс-әрекет оқу-тәрбие процесінің мазмұнымен өзара кіріктіріліп, жүйелі педагогикалық ықпал ретінде ұйымдастырылуы қажет. Мұндай ықпалдастыру студенттердің теориялық білімдерін қоғамдық маңызы бар практикалық іс-әрекетпен ұштастыруға, әлеуметтік тәжірибе жинақтауына және еріктілік іс-әрекеттің тәрбиелік әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта оқу-тәрбие процесінде «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы жасалады. «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы өзара байланысты екі құрамдас бөліктен тұрады: «Buddy» тәлімгерлік бағдарламасы және «Exam Chill» академиялық-психологиялық қолдау бағдарламасы. «Buddy» бағдарламасы студенттердің оқу үдерісіне бейімделуі мен тәлімгерлік қолдауды қамтамасыз етуге бағытталса, «Exam Chill» студенттердің емтихан кезеңіндегі академиялық және психологиялық қолдауын ұйымдастыруға бағытталған. «Peer-to-Peer» (ағылшын тілінен *peer* – «тең», «құрдас») – студенттердің бір-біріне академиялық, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетуіне негізделген тәлімгерлік жоба. Аталған жұмыстар студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдерін кеңейтіп, қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды

түсінуіне, әлеуметтік мәселелерге саналы көзқарас қалыптастыруына және моральдық пайымдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы теориялық білімдер мен практикалық біліктерді ықпалдастырады. Жобаның теориялық бөлімі білім беру мазмұнының негізін құрайды. Оның мақсаты студенттердің әлеуметтік жауапкершілік, қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар, моральдық пайымдаулар және еріктілік іс-әрекеттің әлеуметтік маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Бұл бағытта ақпараттық кездесулер, шағын дәрістер, пікірталастар, тәжірибе алмасу алаңдары, әлеуметтік жауапкершілікке арналған танымдық кездесулер ұйымдастырылады. Осыларды жүзеге асыру үшін «Buddy» тәлімгерлік бағдарламасы қолданылады.

Buddy (ағылшын тілінен *buddy – дос, серіктес, сенімді жолдас, тәлімгер)* – тәжірибелі студенттің бірінші курс студентіне академиялық, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетуіне негізделген тәлімгерлік бағдарлама. Бұл бағдарлама жоғары курс студенттері мен бірінші курс студенттері арасындағы тәлімгерлік қарым-қатынасқа негізделген өзара қолдау жүйесі. Бағдарламаның негізгі мақсаты – бірінші курс студенттерінің университеттің білім беру ортасына тез бейімделуіне, академиялық және әлеуметтік қиындықтарды еңсеруіне, еріктілік іс-әрекетке қызығушылығын арттыруға және әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдерін кеңейтуге жағдай жасау.

Практикалық бөлім студенттердің алған білімдерін нақты тәжірибеде қолдануға бағытталады. Бұл кезеңде тәлімгерлік кездесулер, академиялық кеңес беру, оқу материалдарымен алмасу, бірлескен оқу жұмыстары ұйымдастырылады. Аталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруда «Exam Chill» іс-шаралары өткізіледі. *«Exam Chill»* (ағылшын тілінен exam – «емтихан», chill – «босаңсу», «сабыр сақтау») – емтихан кезеңінде студенттерге академиялық және психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешені. Бағдарлама студенттердің күйзелісін төмендетуге, өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастыруға және оқу үдерісіне жауапкершілікпен қарауын дамытуға бағытталған. Практикалық жұмыстар студенттердің өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастырып, әлеуметтік жауапкершілікке қатысты білімдерін нақты жағдаяттарда қолдануына мүмкіндік береді. Іс-шарлардан соң кері байланыс мақсатында студенттердің тәлімгерлік қызмет барысында жинақтаған тәжірибесін саралауға, өз әрекеттеріне талдау жасауға және әлеуметтік жауапкершілік туралы көзқарастарының өзгерісін бағалауға бағытталады. Осы мақсатта топтық талқылаулар, кері байланыс сессиялары, рефлексиялық күнделіктер, өзін-өзі бағалау тапсырмалары және эссе жазу жұмыстары ұйымдастырылады. Рефлексия барысында студенттер өздерінің тәлімгерлік тәжірибесін бағалап, қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды түсіну деңгейін саралап, моральдық пайымдауларына талдау жасайды.

Осылайша, «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасын оқу-тәрбие процесіне ықпалдастыру студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы

интеллектуалдық білімдерін жүйелі қалыптастыруға, қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды саналы меңгеруіне және моральдық пайымдауларын дамытуға мүмкіндік береді.

3-шарт: Еріктілік іс-әрекетін қоғамдық – қайырымдылық – жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру. Қазіргі кезеңде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігі мен еріктілік іс-әрекеттің қоғам үшін маңызын айқын көрсетіп отыр. Соның нақты дәлелі ретінде 2024 жылы Атырау облысында орын алған су тасқынын атауға болады. Су тасқынының салдарын жою барысында мыңдаған еріктілермен қатар жоғары оқу орындарының студенттері де бөгеттерді нығайту, құм салынған қаптарды дайындау, гуманитарлық көмекті жинау және тарату, эвакуацияланған тұрғындарға қолдау көрсету сияқты қоғамдық пайдалы жұмыстарға белсенді қатысты. Бұл тәжірибе еріктілік іс-әрекеттің студенттердің әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп қана қоймай, олардың өзара әрекеттестік, коммуникативтік дағдылары және ортақ нәтижеге қол жеткізу қабілеттерін дамытудағы тиімділігін көрсетеді [249].

Осындай қоғамдық тәжірибе қайырымдылық қызметтің әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеуді қажет етеді. Қайырымдылық (лат. caritas – мейірімділік, қамқорлық; ағылш. charity – қайырымдылық) – қоғам игілігі үшін ерікті әрі өтеусіз көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік қызметтің ерекше түрі. Қайырымдылықтың негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдауды қажет ететін адамдарға көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар қоғам мүшелерінің өзара ынтымақтастығын, әлеуметтік бірлігін және азаматтық жауапкершілігін дамыту болып табылады.

Еріктілік пен қайырымдылықтың өзара байланысы көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылған. Дж.Дьюи. қоғамдық тәжірибеге негізделген әрекетті тұлғаның азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде бағаласа, R.G.Bringle мен J.A.Hatcher қоғамдық пайдалы қызметтің (service-learning) білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, әлеуметтік құзыреттілігін дамытудағы маңызын негіздейді. J.Eyler мен D.Giles еріктілік іс-әрекетке жүйелі қатысқан студенттердің әлеуметтік өзара әрекеттесу, коммуникативтік және азаматтық жауапкершілік деңгейі жоғары болатынын дәлелдейді [250].

Қазақстандық ғалымдар Н.Д.Хмель [251]. педагогикалық процестегі бірлескен әрекетті тұлғаның әлеуметтік дамуының маңызды тетігі ретінде қарастырса, Б.А.Тұрғынбаева [252]. білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі мен шығармашылық бастамасының нақты қоғамдық қызмет барысында қалыптасатынын көрсетеді. Сонымен қатар С.С.Қалиев [253]. жастардың қоғамдық пайдалы қызметке қатысуы олардың адамгершілік құндылықтары мен азаматтық жауапкершілігін дамытуға ықпал ететінін атап көрсетеді.

3-нші шарт қағидасын жүзеге асыру мақсатында «Eco & Tech» акциялар циклі мен «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы арқылы жүзеге асырылады. «Eco & Tech» атауы екі ұғымның бірігуінен құралған: Eco (ағылш.

ecology – экология, қоршаған орта) және Tech (ағылш. technology – технология). Бағдарламаның негізгі мақсаты – студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастырумен қатар, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қоғамдық пайдалы қызметте тиімді қолдану тәжірибесін дамыту, ал «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге және әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға еріктілік көмек көрсету арқылы іске асыру.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесі көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде және халықаралық ғылыми әдебиеттерде тұрақты даму тұжырымдамасымен тығыз байланыста қарастырылады. ЮНЕСКО-ның Education for Sustainable Development [254] тұжырымдамасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру адамның табиғатқа жауапкершілікпен қарауының және қоғамның тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі ретінде анықталған. David Orr [255] экологиялық сауаттылықты XXI ғасырдағы азаматтың негізгі құзыреттіліктерінің бірі деп есептейді. Оның пікірінше, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қоғамдық жауапкершіліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстандық ғалымдар Ә.С.Бейсенова, [256] Ж.Б.Шілдебаев және Н.С.Сарыбеков [257] экологиялық білім мен тәрбие беруді тұлғаның экологиялық мәдениеті мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қарастырады. Ғалымдардың пікірінше, экологиялық білім беру табиғатты қорғау жөніндегі білімді меңгертумен ғана шектелмей, білім алушылардың экологиялық мәдениетін, әлеуметтік белсенділігін және қоршаған ортаға саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл ғылыми тұжырымдар студенттердің экологиялық еріктілік іс-әрекет қатысуының олардың әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтік біліктерін дамытудағы маңызын негіздейді. Зерттеуімізде экологиялық бағыттағы жұмыстар студенттердің қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын ғана емес, олардың әлеуметтік өзара әрекеттестік мәдениетін қалыптастыруды да көздеді. Осы мақсатта «Жасыл кампус» , «Таза Қазақстан» экологиялық акциялары ұйымдастырылып, ағаш отырғызу, аумақты абаттандыру, қалдықтарды сұрыптау, макулатура жинау және қоршаған ортаны қорғауға арналған ақпараттық науқандар өткізілді. Бағдарлама аясында студенттердің әлеуметтік біліктерін дамыту мақсатында сервис-лернинг технологиясы, жағдаяттық тапсырмалар (кейс-стади), сторителлинг, топтық тренингтер және жобалық жұмыс әдістері қолданылады. Сонымен қатар «EcoTalk» тренингтері ұйымдастырылып, онда экологиялық жауапкершілік, тұрақты даму мәдениеті және әлеуметтік бастамаларды ұйымдастыру мәселелері талқыланады. «EcoVision» киноталқылаулары барысында студенттер қоршаған ортаны қорғау мен әлеуметтік жауапкершілік тақырыптарын қамтитын деректі фильмдерді (мысалы, HOME, A Plastic Ocean, Before the Flood) көріп, кейін олардың мазмұнын талдау арқылы экологиялық мәселелердің әлеуметтік маңызын бағалайды. Бағдарламаның цифрлық бағыты

«AI for Good» практикумы арқылы жүзеге асырылады. Практикум барысында студенттер жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT, Gemini, Microsoft Copilot, Canva AI) әлеуметтік жобаларды жоспарлау, ақпараттық материалдар әзірлеу, еріктілік акцияларын ұйымдастыру және цифрлық контент жасау барысында қолдануды үйренеді. Осы жұмыстардың барлығы студенттердің өзара әрекеттестік, коммуникативтілік және ортақ нәтижеге қол жеткізу дағдыларын дамытуға бағытталып, үшінші қағидаттың жүзеге асыуына ықпал етеді.

Еріктілік іс-әрекетін қоғамдық – қайырымдылық – жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асырудың келесі бағыты «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы арқылы іске асырылады.

Инклюзия (лат. inclusio – енгізу, қамту; ағылш. inclusion – қамту, бірге қатыстыру) – қоғамның барлық мүшелеріне олардың әлеуметтік жағдайына, денсаулық ерекшеліктеріне, жасына немесе басқа да айырмашылықтарына қарамастан тең мүмкіндік беруді көздейтін әлеуметтік қағида. ЮНЕСКО инклюзияны әрбір адамның қоғам өміріне толыққанды қатысуына мүмкіндік беретін және қандай да бір шеттетуді болдырмайтын үздіксіз үдеріс ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беру мәселелерін ғылыми тұрғыдан алғаш жүйелі зерттеген ғалымдардың бірі Tony Booth пен Mel Ainscow [258] инклюзияны барлық білім алушылардың тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ететін және олардың әлеуетін толық ашуға бағытталған білім беру философиясы ретінде анықтайды. Ғалымдардың пікірінше, инклюзивті орта тек ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарды білім беру жүйесіне енгізумен шектелмейді, ол өзара құрметке, ынтымақтастыққа және әлеуметтік әділеттілікке негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Қазақстандық ғалымдар Г.К.Нұрғалиева [259] , Р.А.Сүлейменова [260] инклюзивті білім беруді білім алушылардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде қарастырады. Олардың еңбектерінде инклюзивті ортаны ұйымдастыру тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне, толеранттылық мәдениетінің қалыптасуына және қоғамдағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің дамуына ықпал ететіні көрсетілген.

Р.К.Дюсембинова, А.Р.Рымханова және С.Қ.Абильдина инклюзивті білім беру жағдайындағы студенттердің еріктілік іс-әрекет әлеуметтік қолдау көрсетудің ғана емес, олардың әлеуметтік жауапкершілігін, толеранттылығын және әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырады. Ғалымдардың пікірінше, инклюзивті еріктілік ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың қоғамға толыққанды кірігуіне ықпал етумен қатар, еріктілердің коммуникативтік мәдениетін, әлеуметтік серіктестігін және қоғамдық белсенділігін дамытады [206].

Соңғы жылдары инклюзивті еріктілік мәселелері халықаралық зерттеулерде де кеңінен қарастырылуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының Волонтерлер бағдарламасы (United Nations Volunteers – UNV) [254] еріктілік іс-әрекетті әлеуметтік инклюзияны қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде бағалай отырып, оның түрлі әлеуметтік топтардың қоғам өміріне белсенді

қатысуына мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда инклюзивті еріктілік адамдарға көмек көрсету ғана емес, қоғамда тең мүмкіндік, өзара құрмет және әлеуметтік серіктестік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған қоғамдық қызмет болып табылады.

Осы ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, зерттеуімізде «Инклюзия және теңдік» жобасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге және әлеуметтік қолдауды қажет ететін мектеп оқушыларына еріктілік көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады. Жоба барысында студенттер академиялық қолдау, цифрлық оқу материалдарын әзірлеу, оқу тапсырмаларын орындауға көмектесу, әлеуметтік бейімделуге бағытталған кездесулер ұйымдастыру және тәлімгерлік қызметтер атқарады. Мұндай еріктілік іс-әрекет студенттердің түрлі әлеуметтік топтармен тиімді қарым-қатынас жасауына, өзара әрекеттестік мәдениетін дамытуына, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруіне және ортақ нәтижеге қол жеткізу үшін бірлескен қызметті ұйымдастыру тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттердің өзгелердің қажеттіліктерін түсінуі, әлеуметтік жауапкершілікті саналы қабылдауы және қоғамдық пайдалы қызметке тұрақты қатысуы олардың әлеуметтік біліктерінің дамуына ықпал етеді.

4-шарт. Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру. Қазіргі кезеңде қоғамдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жиілеуі, қоғамдық қауіпсіздік мәселелерінің өзектілігінің артуы және білім беру ұйымдарында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға қойылатын талаптардың күшеюі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, бастамашыл әрі белсенді тұлға ретінде қалыптасуын талап етеді. Әсіресе мектеп оқушыларының төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет етуі, жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелерін сақтауы және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін меңгеруі қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр.

Соңғы жылдары бұл мәселенің өзектілігі нақты қоғамдық оқиғалар арқылы да айқындала түсті. Атап айтқанда, 2024 жылы Атырау облысында орын алған су тасқыны кезінде мыңдаған еріктілермен қатар жоғары оқу орындарының студенттері де бөгеттерді нығайту, гуманитарлық көмекті жинау және тарату, эвакуацияланған тұрғындарға қолдау көрсету сияқты қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысты. Бұл тәжірибе жастардың қоғамдық бастама көтеруге, қиын жағдайда жауапкершілік алуға және қоғам игілігі үшін ерікті қызмет етуге дайын екендігін көрсетті.

Сонымен қатар Атырау қаласындағы мектептерінің бірінде жаяу жүргіншілер өткелінде орын алған қайғылы жол-көлік оқиғасы мектеп оқушыларының қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне қоғам назарын аудартты. Осындай жағдайлар білім беру ұйымдарында қауіпсіздікке бағытталған профилактикалық жұмыстарды күшейтудің және студенттердің бұл бағыттағы әлеуметтік жауапкершілігін арттырудың қажеттілігін айқындайды. Сондықтан еріктілік іс-әрекетке қатысушы студент тек қоғамдық

іс-шаралардың орындаушысы ғана емес, қоғамдағы өзекті мәселелерді көре алатын, оларды шешуге өз еркімен бастама көтеретін және өз әрекетінің нәтижесіне жауап беретін белсенді субъект деңгейіне көтерілуі тиіс.

Қоғамдық өмірдегі мұндай өзгерістер студенттің еріктілік іс-әрекетке қатысушы ғана емес, қоғамдық мәселелерді шешуге белсенді араласатын, өз әрекетін саналы ұйымдастырып, оның нәтижесіне жауап бере алатын субъект ретінде қалыптасуын талап етеді. Осыған байланысты зерттеуіміздің төртінші психологиялық-педагогикалық шарты ретінде еріктілік іс-әрекетіндегі субъектілік ұстанымды қалыптастыру айқындалды.

Субъектілік ұғымы латынның subjectum – «негіз», «әрекет етуші», «белсенді тұлға» сөзінен шыққан. Психология мен педагогикада субъектілік тұлғаның өз іс-әрекетін саналы ұйымдастыруы, дербес шешім қабылдауы, бастама көтеруі және өз әрекетінің нәтижесіне жауап беру қабілеті ретінде қарастырылады. Бұл қасиет тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің, азаматтық жауапкершілігінің және қоғамдық өмірге саналы қатысуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Субъектілік теориясының ғылыми негізін қалаушылардың бірі К.А.Абульханова-Славская [36] тұлғаны өз өмірінің және іс-әрекетінің белсенді субъектісі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, субъектілік ұстаным адамның дербес шешім қабылдауымен, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауымен және қоғамдық ортадағы белсенді өмірлік позициясымен сипатталады. А.В.Брушлинский [66] субъектіні өз іс-әрекетін саналы түрде ұйымдастыратын және оның нәтижесіне жауап беретін тұлға ретінде анықтап, субъектілік қасиеттер нақты әлеуметтік тәжірибе барысында қалыптасатынын негіздейді.

Қазақстандық психология ғылымында С.М.Жақыпов [78] субъект-субъектілік өзара әрекет теориясында тұлғаның белсенділігі мен жауапкершілігі бірлескен іс-әрекет барысында қалыптасатынын негіздейді. Ғалымның пікірінше, қоғамдық маңызы бар қызметке қатысу білім алушының дербестігін, бастамашылдығын және жауапкершілігін дамытады. Сонымен қатар Ж.Ы.Намазбаева [77] тұлғаның еріктік қасиеттерінің дамуы оның әлеуметтік белсенділігімен және өзін-өзі басқару қабілетімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми тұжырымдарды қорытындылай келе, зерттеуімізде еріктілік іс-әрекетіндегі субъектілік ұстаным деп студенттің қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешуге өз еркімен бастама көтеруі, әлеуметтік пайдалы қызметті дербес ұйымдастыруы, өз әрекетінің нәтижесіне жауап беруі және қоғамдық игілікке саналы түрде үлес қосуға ұмтылуы түсініледі.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары еріктілік іс-әрекетті дамыту мемлекеттік жастар саясатының маңызды бағыттарының біріне айналды. Бұл бағытта Қазақстанның Ұлттық волонтерлік желісі (QazVolunteers Network) [261] жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға, қоғамдық пайдалы бастамаларды қолдауға және волонтерлік мәдениетті дамытуға бағытталған

көптеген әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Ұлттық волонтерлік желінің тәжірибесі көрсеткендей, еріктілік қызмет жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастырумен қатар, олардың көшбасшылық қасиеттерін, бастамашылдығын және әлеуметтік белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Алайда жүргізілген ғылыми-теориялық талдау көрсеткендей, аталған жобалардың басым бөлігі жалпы жастар аудиториясына бағытталған және студенттердің кәсіби қызмет ерекшеліктерін ескере бермейді. Әсіресе мектеп жағдайында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, төтенше жағдайлардың алдын алуға және оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізуге бағытталған студенттік еріктілік бағдарламалары жеткіліксіз деңгейде әзірленген. Осыған байланысты зерттеу барысында Қазақстанның Ұлттық волонтерлік желісінің еріктілік іс-әрекетін ұйымдастыру тәжірибесі негізге алынып, ол студенттердің педагогикалық практикасының мазмұнына бейімделді. Соның нәтижесінде студенттердің қауіпсіздік мәдениетін насихаттаушы, қоғамдық бастамаларды ұйымдастырушы және мектеп оқушыларына тәлімгерлік қолдау көрсетуші рөлін күшейтуге бағытталған авторлық «SAQ Officers» жобасы әзірленді.

Жобаның негізгі мақсаты – студенттердің еріктілік іс-әрекетіндегі субъектілік ұстанымын қалыптастыру арқылы олардың қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауын, бастамашылдығын және көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Осы мақсатқа сәйкес студенттер қауіпсіздік мәдениеті, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет алгоритмдері, алғашқы көмек көрсету, жол қозғалысы қауіпсіздігі және оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу бағытында арнайы даярлықтан өткізіліп, кейін педагогикалық практика барысында алған білімдері мен тәжірибесін мектеп жағдайында жүзеге асырады. Жобаның атауындағы Officer сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жауапты тұлға», «үйлестіруші», «басшылық етуші», «қызметкер» деген мағыналарды білдіреді. Қазіргі халықаралық еріктілік тәжірибеде officer ұғымы белгілі бір бағыт бойынша жұмысты ұйымдастыруға жауапты, қоғамдық бастамаларды үйлестіретін және команда мүшелеріне бағыт-бағдар беретін тұлғаға қатысты қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда SAQ Officer тек еріктілік шараларына қатысушы ғана емес, қоғамдық қауіпсіздік мәдениетін насихаттайтын, мектеп оқушыларына тәлімгерлік қолдау көрсететін және қауіпсіздікке қатысты әлеуметтік бастамаларды ұйымдастыратын жауапты студент ретінде қарастырылады. Жоба аясында студенттердің даярлығы кезең-кезеңімен ұйымдастырылады. Алғашқы кезеңде студенттер қоғамдық қауіпсіздік, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет алгоритмдері, жол қозғалысы қауіпсіздігі, алғашқы медициналық көмек көрсету және оқушылармен профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша теориялық дайындықтан өтеді. Келесі кезеңде алынған білімдері тәжірибелік сабақтар, тренингтер, жағдаяттық тапсырмалар (кейс-стади), рөлдік ойындар және модельденген төтенше жағдайлар арқылы бекітіледі. Соңғы кезеңде студенттер педагогикалық практика барысында мектеп оқушыларымен қауіпсіздік

мәдениетін қалыптастыруға бағытталған сабақтар, ақпараттық кездесулер және тәжірибелік іс-шаралар өткізеді. Жоба барысында студенттер дайын алгоритмдерді орындаушы ғана емес, қауіпсіздік мәселелеріне қатысты шешім қабылдай алатын, бастама көтеретін және өз әрекеттерінің нәтижесіне жауап беретін белсенді субъект ретінде қалыптасады. Бұл олардың қоғамдық пайдалы қызметке деген жауапкершілігін күшейтіп, әлеуметтік мәселелерді өз бетінше анықтауына және оларды шешуге белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Сонымен студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары екі топқа топтастырылды: өзара шартталған қағидалар және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар. Біріншісі – зерттеу пәніне сәйкес белгіленген процестің тиімді жүзеге асуында негізге алынатын және сақталуын қажет ететін өзара *шартталған қағидалар (*Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру; Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру; Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру*).* Екіншісі – аталған процестің тиімділігін қамтамасыздандыратын *іс-шаралар жиынтығы.* Мәселен, 1)Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру *шартталған қағидасы –Volunteer Hub еріктілер хабы* арқылы іске асады; 2)Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру – *«Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасымен*; 3)Еріктілік іс-әрекетін қоғамдық-қайырымдылық-жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру – *«Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы* арқылы; 4)Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру – *«SAQ Officers» жобасын* жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

Осы айқындалған психологиялық-педагогикалық шарттар білім беру процесіне енгізілгенде ғана студенттердің еріктілік іс-әрекеті іс-шараларында әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасады. Оны жүзеге асыру үшін студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау қажеттігі туындайды. Бұл туралы диссертацияның келесі 2.3 параграфында жан-жақты мазмұндалады.

2.3 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Еріктілік іс-әрекет студентке нақты әлеуметтік тәжірибе алуға, қоғамның әртүрлі топтарымен өзара әрекет жасауға, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуға мүмкіндік береді. Еріктілік барысында студент тек белгілі бір әрекетті орындаушы емес, әлеуметтік өзгерістердің белсенді субъектісі ретінде қалыптасады. Сондықтан жоғары оқу орнының тәрбие беру процесінде еріктілік іс-әрекет арқылы әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру оны модельдеуді қажет етеді. Осыған байланысты зерттеуіміздің негізгі міндеттерінің бірі – студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу болып табылады. Аталған модельді құру үшін алдымен «қалыптастыру»,

«модель», «модельдеу» ұғымдарының ғылыми-педагогикалық мазмұнын ашып көрсету қажет.

«Қалыптастыру» ұғымы педагогика ғылымында тұлғаның белгілі бір қасиеттерін, сапаларын және қабілеттерін мақсатты түрде дамыту процесін білдіреді. Латын тіліндегі formare сөзінен шыққан «қалыптастыру» ұғымы «құру», «жасау», «белгілі бір құрылымға келтіру» мағыналарын береді [225]. Педагогикалық үдерісте қалыптастыру білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған мақсатты ықпал ету жүйесі ретінде қарастырылады. Біздің зерттеуімізде қалыптастыру ұғымын Н.С.Пряжниковтың тұжырымдамасына сүйене отырып қарастырамыз. Ғалым қалыптастыруды білім алушының қажетті білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және тұлғалық қасиеттерді мақсатты түрде меңгеруін қамтамасыз ететін педагогикалық ықпал ретінде сипаттайды [262]. Осы тұрғыдан алғанда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру – бұл студенттердің әлеуметтік маңызы бар әрекеттерге қатысуын ұйымдастыру, олардың азаматтық ұстанымдарын дамыту, гуманистік құндылықтарын бекіту және қоғамдық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған жүйелі педагогикалық процесс.

Осы процесті ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін педагогикалық модельдеу әдісі қолданылды. Модельдеу педагогикалық зерттеулерде зерттелетін объектінің құрылымын, мазмұнын және қызмет ету механизмдерін анықтауға мүмкіндік беретін әдіс ретінде кеңінен қолданылады.

«Модель» ұғымы француз тіліндегі modèle және латын тіліндегі modulus сөздерінен шыққан, «өлшем», «үлгі», «бейне» деген мағыналарды білдіреді. Ғылыми әдіснамада модель нақты объектінің, процестің немесе құбылыстың маңызды қасиеттерін бейнелейтін теориялық құрылым ретінде түсіндіріледі [263]. Педагогикалық модельдеу зерттелетін құбылыстың ішкі құрылымын ашуға, оның негізгі компоненттері арасындағы байланыстарды анықтауға және педагогикалық ықпал ету жолдарын жобалауға мүмкіндік береді.

Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар, құрастырулар және т.б.

В.П.Беспалько, А.Н.Дахин, Г.В.Суходольский еңбектерінде педагогикалық модельдеу білім беру процесін ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың тиімді әдісі ретінде қарастырылады. Модель зерттелетін процестің мақсатын, мазмұнын, жүзеге асыру кезеңдерін және күтілетін нәтижелерін жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

А.Н.Дахин педагогикалық модельдеу процесінің негізгі кезеңдерін төмендегідей анықтайды:

- зерттеу объектісін анықтау және оның әдіснамалық негіздерін белгілеу;
-модельдеу мақсаты мен міндеттерін қою;
-объектінің негізгі элементтері арасындағы байланыстарды анықтау;
-модельдің тиімділігін тексеру;
-модельді тәжірибелік-эксперименттік жұмыста қолдану;

-алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан талдау [264].

Модель құру үдерісі ғылымда моделдеу деп аталады. Бұл әдіс педагогикада теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешудің тиімді құралы ретінде белсенді қолданылып келеді. Педагогикалық модельдерді әзірлеу тек алдын ала дайындалған өлшемдер мен тәсілдерді қолданумен шектелмейді, ол нақты зерттеу логикасына негізделеді. Осы орайда біз ғалым Костюченконың тұжырымына сүйендік. Оның пайымдауынша, зерттеудегі моделдеу логикасы мынадай сипатқа ие: «теория мен алдын ала зерттеу зерттелетін құбылыс туралы түсінік беретін және өзіндік гипотеза рөлін атқаратын модель түрінде көрініс табады; бұл модель кейінгі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өтіп, нақтыланады, соның нәтижесінде модельдің өзі де жетілдіріледі.

Модельдерге бірқатар жалпы талаптар қойылады: адекваттылық – объект қасиеттерінің барынша нақты көрінуі; толықтылық – объект туралы барлық қажетті ақпараттың алушыға ұсынылуы; икемділік – шарттар мен параметрлердің бар ауқымында әртүрлі жағдайлардың жаңғыру мүмкіндігі; әзірлеменің еңбек сыйымдылығы бар уақыт пен бағдарламалық құралдар үшін қолайлы болуы.

Н.Д.Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, модельдеу зерттеуші үшін зерттелетін педагогикалық құбылыстың идеалдық үлгісін құру тәсілі болса, ал педагог үшін педагогикалық үдерісті алдын ала жобалап, оның мақсатқа сәйкес ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін құрал болып табылады. Сонымен қатар, модельдеу педагогикалық теория мен практикалық іс-әрекетті өзара байланыстыратын аралық буын қызметін атқарады [251].

Отандық педагог-ғалым Ш.Т.Таубаева еңбегінде педагогика ғылымындағы модельдеу мәселесін жан-жақты қарастырады [81]. Ғалым «модельдеу» ұғымының ғылымның әртүрлі салаларында түрлі мағынада қолданылатынын айқындайды. Осыған сәйкес, модельдеу нақты нысанның маңызды қасиеттері мен сипаттамаларын арнайы жасалған үлгі арқылы бейнелеу және зерттеу үдерісі деген қорытынды жасауға болады.

Соңғы жылдары модельдеу педагогика саласында кеңінен қолданылады. Мұны модельдеу мәселесіне, модельдерді қолдану мүмкіндіктерін зерттеулерге арналған көптеген басылымдар дәлелдейді. Модельдеу білімдердің барлық салаларындағы зерттеулердің негізгі әдісі болып табылады және қазіргі кезде ғылыми білімді тиянақтаудың оңтайлы және экономикалық тәсілі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық модель – бұл педагогикалық іс-әрекеттің моделі, онда күтілетін нәтиженің түпкі ойы көрсетіліп, мәні айқындалады, күтілетін нәтижені жүзеге асыруға қажетті құралдар мен шарттардың сипаттамасы беріліп, іс-әрекет субъектілері көрсетіледі.

Ал теориялық модель – ол шынайылық туралы қандай да бір теориялық және сызбалық түсінік (идеалдандырылған абстракция, объектілер арқылы). Зерттеу пәнінің теориялық моделі: біз белгілеген абстрактілі обьектілердің арасында болатын, ойға қонымды немесе теориялық болжанатын барлық байланыстардың логикалық сұлбасы; зерттеудің пәндік саласын сипаттайтын, логикалық байланысқан абстрактілі ұғымдардың және құрылымдылық элементтердің (категориялар, ұғымдар, терминдер) жиынтығы.

Тұжырымдамалық модель (ағыл. conceptual model) – бұл қарастырылатын пән саласының мағыналық құрылымын немесе оның нақты объектісін белгілейтін, көптеген ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстармен ұсынылады.

Құрылымдық-функционалдық модель – аталған жүйенің нақты элементтерінің жиынтығы, осы элементтер арасындағы жеткілікті және қажетті ара-қатынастардың, сонымен қатар жүйе мен қоршаған орта арасындағы байланыстардың жинағы.

Сонымен, құрылымдық-функционалдық модельдеуді обьектілердің, жүйелердің, құбылыстардың, үдерістердің үлгілерін құру арқылы зерттеу деп түсінеміз. Қазіргі педагогигалық ғылымда құрылымдық-функционалдық модельдеуді дамыту білім беру мен әлеуметтік-мәдени салаларының берік тұтастығының нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық білім беру жүйелері біріктірілген және білім беру үдерісінің барлық субьектілері мен әлеуметтік ортаның арасында белсенді өзара әрекеттестікті жүзеге асыруға арналады.

Құрылымдық-функционалдық модельді құру үдерісін талдай келе, оның бірқатар кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

- жүйені модельдеу үшін әдіснамалық негіздерді таңдау. Кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі жағдайларында мұндай негіз: білім берудің тұлғаға бағдарланған парадигмасы; таным үрдісін ұйымдастырудағы әдіснамалық тәсілдемелердің жиынтығы; шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауды және т.б дамыту болып саналады;
- модельдеудің міндеттерін қою. Яғни қойылған нақты мақсаттың негізінде міндеттерді анықтау. Оны оқытудың әр кезеңіне қарай белгілеу және нақтылау;
- модельді құрылымдау. Оның негізгі құрамдас бөліктерін анықтау, олардың арасындағы тәуелділікті айқындау, даму динамикасын белігілеу және т.б.;
- құрастырылған құрылымдық-функционалдық модельді экспериментте тексеру;
- модельдеудің алынған нәтижелерін талдау және түсіндіру.

Жалпы белгілі болғандай, модельдеу ғылыми зерттеу әдістерінің бірі ретінде педагогика ғылымында кеңінен қолданылады. Педагогикалық зерттеулерде модельдеу әдісі арқылы зерттеуші эксперимент барысында өзінің логикалық құрлымдар мен ғылыми түсініктер арасындағы сәйкестікті болжап, арнайы сызба түрінде бейнелеу арқылы көрсетеді.

Біздің зерттеуіміздегі құрылымдық-функционалдық модель студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін біртұтас жүйеде жүзеге асыруға бағытталған. Модель қоғамның әлеуметтік жауапты тұлғаға деген сұранысы мен студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті арқылы тиімді қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі арасындағы қарама-қайшылықты шешуге арналған. Модельді жүзеге асыру нәтижесінде студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы қалыптасып, интеллектуалдық білімдерінің кеңеюіне, әлеуметтік біліктерінің жеткілікті деңгейде дамуына және мінез-құлық сапаларының әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарына сәйкес оң көрініс табуына мүмкіндік жасалады.

Моделдеу әдісінің құрылымдық негізін айқындайтын басты өлшемдер қатарына көрнекілік, абстракциялау, шығармашылық қиял, аналогия және болжам жасау элементтері кіреді.

Біз ұсынып отырған модель студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруға бағытталған біртұтас педагогикалық жүйені бейнелейді. Бұл ретте модельдеу үдерісі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру динамикасын сипаттап, олардың қоғамдық ортамен және еріктілік іс-әрекетпен өзара байланысын нақтылайды. Модельдің басты қызметі – зерттеу мәселесінің мәнін терең ашып, оның жүйелік құрылымын ұғынуға жол ашу.

Зерттеу барысында біздің еңбегімізге жақын келетін әлеуметтік жауапкершілікті еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мәселесіне қатысты орындалған ғалымдардың (Н.В.Трофимова, А.В.Костюченко, И.З.Виситаева, А.Б.Қонырова) диссертациялық зерттеулердегі құрылымдық-функционалдық модельдеу құрылымына және мазмұнына талдау жасадық.

Мәселен, Н.В.Трофимованың [58] еңбегі ерекше назар аудартады. Ғалым еріктілік іс-әрекет барысында студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеудің құрылымдық-функционалдық моделін ұсына отырып, оның мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық-әрекеттік және нәтижелік блоктарын негіздейді. Модельдің нәтижелік бөлігінде әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасу деңгейлері мен оларды бағалау критерийлері айқындалып, еріктілік іс-әрекеттің тәрбиелік әлеуеті жетекші педагогикалық құрал ретінде қарастырылады.

А.В.Костюченко [175] өз зерттеуінде студенттердің әлеуметтік белсенділігін еріктілік іс-әрекет негізінде дамытудың құрылымдық-функционалдық моделін ұсынады. Ғалым модельді төрт өзара байланысқан блоктан: *әдіснамалық* (мақсаты – жоғары оқу орнының тәрбие үдерісінде студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамыту; міндеттері – әлеуметтік бағдарланған тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, еріктілердің әлеуметтік өзара әрекеттесу біліктерін дамыту, еріктілік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау және тарату, ұйымдастырушылық, шығармашылық және адамгершілік әлеуетін ашу; әдіснамалық тұғырлары – жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, тұлғалық-іс-

әрекеттік, аксиологиялық; қағидалары – субъектілік, құндылықтық бағдар, еріктілік, табыстылық, оқиғалылық), *құрылымдық* (әлеуметтік белсенділіктің түрлері – еңбек, қоғамдық, танымдық және эстетикалық), *ұйымдастырушылық* (кезеңдері – ұйымдастырушылық-оқыту, іс-әрекеттік және нәтижелік-рефлексивтік; формалары мен әдістері – жеке, топтық және ұжымдық жұмыстар, пікірталас, тренинг, дөңгелек үстел, жоба, акция, ойын, практикалық тапсырмалар және т.б.) және *бағалау-нәтижелік* блоктардан тұрады. Бағалау-нәтижелік блокта әлеуметтік белсенділіктің құрылымдық компоненттері (мотивациялық, операциялық, құндылықтық), бағалау критерийлері (мотивациясы мен қызығушылығы, коммуникативтік дағдылары, проблемалық жағдаяттарды шеше білуі, іс-әрекетінің белсенділігі, қоғамдық маңыздылығы және әлеуметтік құндылықтық бағдарлары) мен қалыптасу деңгейлері (репродуктивтік, продуктивтік, креативтік) айқындалған.


И.З.Виситаева [178] өз зерттеуінде педагогикалық жоғары оқу орнында студенттердің әлеуметтік табыстылығын еріктілік іс-әрекеті құралдары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін ұсынады. Ол модельді өзара байланысқан алты блоктан құрады: 1-блок – мақсаттық (мақсаты – еріктілік іс-әрекеті құралдары арқылы студенттердің әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру); 2-блок – теориялық (әлеуметтік табыстылықтың мәнін, оның мотивациялық-құндылықтық, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерін айқындайтын теориялық негіздер); 3-блок – әдіснамалық (ғылыми тұғырлары – жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, аксиологиялық; қағидалары – еріктілік, субъектілік, оқиғалылық, құндылықтық бағдар және табыстылық); 4-блок – диагностикалық (өлшемдері – мотивациялық, іс-әрекеттік, рефлексивтік; көрсеткіштері – әлеуметтік көмек көрсетуге қажеттіліктің болуы, тұлғалық әлеуетті жүзеге асыруы, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, еріктілік қызметін ұйымдастыру тәжірибесі, өзін-өзі бағалауы мен рефлексиясы; деңгейлері – жоғары, жеткілікті және төмен); 5-блок – мазмұндық (әлеуметтік табыстылықты қалыптастыру бағдарламасының жоспарлау және дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдері, оларды жүзеге асырудың формалары мен әдістері); 6-блок – нәтижелік (ерікшілік іс-әрекеті барысында студенттердің әлеуметтік табыстылығының жоғары және жеткілікті деңгейде қалыптасуын анықтайтын нәтиже) блоктарынан тұрады.

А.Б.Конырова [155] өз зерттеуінде педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың функционалдық моделін ұсынады. Ол модельді өзара байланысқан үш блоктан құрады: 1-блок – мақсатты-анықтаушы (қоғамның әлеуметтік-экономикалық сұраныстары мен ҚР МЖБС талаптарына негізделген мақсаты – педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру; міндеттері – әлеуметтік жауапкершілік туралы кешенді білім беру, оны қалыптастырудың педагогикалық тетіктерін жүзеге асыру және студенттердің әлеуметтік жауапкершілікті өзіне алуға даярлығы мен жағымды қатынасын қалыптастыру; әдіснамалық тұғырлары – құзыреттілік, аксиологиялық, тұлғалық-іс-әрекеттік

және парадигмалық); 2-блок – функционалдық (педагогикалық үдерістің танымдық, дамытушылық, тәрбиелік және ұйымдастырушылық функциялары; педагогикалық тетіктері – әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін оқу үдерісіне кіріктіру, кәсіби-тұлғалық дамытушы тренингтер, цифрлық технологиялар мен онлайн платформаларды қолдану, кураторлық-тәлімгерлік жұмыс, мәдени-ағартушылық іс-шаралар, әлеуметтік жобалар мен еріктілік қызметті ұйымдастыру, студенттердің әлеуметтік бастамаларын қолдау; педагогикалық шарты – әлеуметтік білім беру ортасын құру); 3-блок – нәтижелік (әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуын анықтайтын критерийлері – когнитивті-мағыналық, мотивациялық-құндылықтық, эмоционалдық-еріктік және белсенді-әрекеттік компоненттер; деңгейлері – төмен, нейтралды-жағдаятты және айқын). Автор аталған модельдің нәтижесі ретінде әлеуметтік жауапкершілігі айқын қалыптасқан болашақ педагог тұлғасын даярлауды көздейді.

Сонымен жоғарыда көрсетілген ғалымдар зерттеуіндегі модельдеуді қорытындылайтын болсақ, олардың әрбірінің өзінің зерттеу объектісіне сәйкес ерекшеліктері болғанымен, бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі және барлығының да құрылымы бір-бірімен тығыз байланыстағы құрамдас бөліктерден тұрады, бөліктер мазмұнына сәйкес мақсат, міндеттерді, теориялық мазмұнды, практикалық жүзеге асыруды, диагностикалауды қарастырады.

Осы айтылғандар негізінде біз студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасадық (сурет 11). Біз ұсынған студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі *тұжырымдамалық*, *технологиялық* және *бағалаушылық* бөліктерінен тұрады. Аталған модель студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігін қамтиды.



Сурет 11– Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ең алдымен тұжырымдамалық бөліктің мазмұнында *қоғамның қазіргі әлеуметтік сұранысын* айқындау қажеттілігі туындады. Бұл сұраныс Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарын [265], қоғамдық келісім мен әлеуметтік бірлікті нығайту қағидаларымен, сондай-ақ «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған еріктілік іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері арқылы нақтыланады [3]. Аталған Заңға сәйкес еріктілік іс-әрекеттің негізгі мақсаттарының бірі қоғамда азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, ынтымақты, өзара көмек пен мейірімділік сезімін қалыптастыру болып табылады. Осыған сәйкес қоғамның әлеуметтік сұранысы:

-әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тұлғаны қалыптастыру

- студенттердің еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуын қамтамасыз ету бағыттарында айқындалды.

Сондай-ақ, осы бөлікте жастардың әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкес студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру модельдің *мақсаты* ретінде қарастырылады. Қойылған мақсат жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарымен, жастардың әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың басымдықтарымен, «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған міндеттермен және қоғамның әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тұлғаны қалыптастыруға деген әлеуметтік сұранысымен нақтыланады.

Модельдің мақсатына сәйкес *ішкі мақсат* ретінде еріктілік іс-әрекеттің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін педагогикалық тұрғыдан негіздеу және оны әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастыру белгіленді.

Сондай-ақ, бұл бөлікте студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруға ықпал ететін *теориялар мен әдіснамалық тұғырлар беріледі*. Алайда, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруда жүйелік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, мәдениеттанушылық, тұлғалық-бағдарлы, институционалдық әдіснамалық тұғырларды 1.2 параграфында жан-жақты сипаттаған болатынбыз. Осы тұста тұжырымдамалық бөліктің негізгі даярлық мазмұнын құрайтын теориялық негіз тұлғаның іс-әрекет теориясы, субъектілік теория және тұлғаның әлеуметтену теорияларына тоқталып өткенді жөн көрдік. Алдымен жалпы теориялық негіздері алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері арқылы қарастырылды. Аталған теориялық қағидалардың Қазақстан педагогикасындағы жалғастығы Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, С.М.Жақыпов, А.Р.Ерментаеваның, Г.О.Әбдікерова және басқа да отандық ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Ал зерттеу тақырыбымызға тікелей жақын еңбектер студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін

қалыптастыру және еріктілік іс-әрекеттің педагогикалық әлеуетін негіздеу бағытында талданды.

Субъектілік теория С.Л.Рубинштейн [75], К.А.Абульханова [36], А.В.Брушлинский [63] еңбектерінде тұлға сыртқы ықпалдарды қабылдаушы объект емес, өз іс-әрекетін саналы ұйымдастыратын, мақсат қоятын, таңдау жасайтын және оның нәтижесіне жауап беретін белсенді субъект ретінде қарастырылады. К.А.Абульханова субъектілікті тұлғаның белсенділігі, дербестігі, бастамашылдығы және жауапкершілігімен байланыстырса, А.В.Брушлинский субъектінің қоршаған ортамен өзара әрекет барысында дамитын тұтастығына мән береді.

Қазақстандық психологияда субъектілік мәселесі А.Р.Ерментаеваның [68] зерттеулерінде тұлғаның іс-әрекет, қарым-қатынас және өзіндік даму субъектісі болуы тұрғысынан қарастырылады. Осы теориялық қағидаларға сәйкес зерттеуімізде студент еріктілік іс-әрекеттің жай қатысушысы емес, қоғамдық маңызы бар мақсаттарды саналы қабылдайтын, ерікті таңдау жасайтын, бастама көтеретін, өз әрекетін реттейтін және оның нәтижесіне жауап беретін белсенді субъект ретінде танылады. Сондықтан субъектілік теория еріктілік іс-әрекет барысында студенттің дербестігі, белсенділігі мен жауапкершілігін дамытуға және оның субъектілік ұстанымын қалыптастыруға теориялық негіз болады.

Тұлғаның әлеуметтену теориясы зерттеуіміздің маңызды теориялық негіздерінің бірі болып табылады. Бұл теория тұлғаның әлеуметтік тәжірибені, қоғамдық нормалар мен құндылықтарды, әлеуметтік рөлдер мен мінез-құлық үлгілерін меңгеруін және оларды белсенді іс-әрекетте жүзеге асыруын түсіндіреді. Г.М.Андреева [72] әлеуметтенуді әлеуметтік тәжірибені меңгеру және оны іс-әрекет арқылы қайта өндіру үдерісі ретінде қарастырса, А.В.Мудрик [71] әлеуметтік орта мен әлеуметтік тәрбие факторларының маңызын көрсетеді. Ч.Кули [69] тұлғаның өзі туралы түсінігінің әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасуын «айнадағы Мен» тұжырымдамасы арқылы түсіндірсе, Дж.Мид [70] тұлғалық «Меннің» қалыптасуын өзгенің рөлін қабылдау, әлеуметтік күтілімдер мен қоғамдық нормаларды меңгерумен байланыстырады. Қазақстандық ғалым Г.О.Әбдікерова [73] тұлғаның әлеуметтенуін қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер жағдайында тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдастығы, әлеуметтік тәжірибе мен құндылықтарды меңгеру тұрғысынан қарастырады

Зерттеуіміздің келесі теориялық негізі – тұлғаның іс-әрекет теориясы. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л. Рубинштейн еңбектерінде тұлғаның психикалық және әлеуметтік сапалары нақты іс-әрекет пен әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасатыны негізделген. А.Н.Леонтьевтің [74] қажеттілік–мотив–мақсат–әрекет логикасы еріктілік іс-әрекетті студенттің әлеуметтік қажеттілікті түсінуінен қоғамдық мәнді мақсатты қабылдап, оны нақты әрекетте жүзеге асыруына дейінгі үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ал С.Л.Рубинштейннің тұлға мен іс-әрекет бірлігі қағидасына сәйкес

әлеуметтік жауапкершілік студенттің нақты әлеуметтік әрекетінде көрініс тауып, сол әрекет барысында дамитын тұлғалық сапа ретінде айқындалады.

Қазақстандық психологияда тұлға мен іс-әрекеттің өзара байланысы Қ.Б. Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, С.М.Жақыпов еңбектерінде сабақтастықпен қарастырылған. Қ.Б.Жарықбаев [76] тұлға, мақсат және іс-әрекет категорияларының байланысына мән берсе, Ж.И.Намазбаева [77] тұлғалық қасиеттердің әртүрлі іс-әрекет жағдайында қалыптасуы мен дамуын қарастырады. С.М.Жақыпов [78] бірлескен іс-әрекет пен субъектілердің өзара әрекеттесуінің психологиялық механизмдерін негіздейді. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, зерттеуімізде еріктілік іс-әрекет студенттің қоғамдық мәнді мақсаттарды қабылдауына, әлеуметтік тәжірибе жинақтауына, өзгелермен өзара әрекеттесуіне, өз әрекетін реттеуіне және оның нәтижесіне жауап беруіне мүмкіндік беретін, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттік кеңістік ретінде қарастырылады.

Аталған теориялық қағидалар зерттеуімізде еріктілік іс-әрекетті студенттің белсенді әлеуметтену кеңістігі ретінде қарастыруға негіз болады. Еріктілік барысында студент әлеуметтік қатынастар жүйесіне еніп, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді қабылдайды, қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды тәжірибе жүзінде меңгереді, өзгелердің қажеттіліктерін түсініп, бірлескен әрекет тәжірибесін жинақтайды. Осы үдерісте студент өз әрекетінің басқа адамдар мен қоғам үшін маңызын және салдарын ұғынып, ортақ нәтижеге жауап беруді үйренеді. Сондықтан еріктілік іс-әрекет студенттің әлеуметтенуін қамтамасыз ете отырып, оның әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік тәжірибе кеңістігі ретінде қарастырылады.

Жоғарыда қарастырылған теориялық қағидалар студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негізін айқындауға мүмкіндік берді. Алайда зерттелетін үдерісті ұйымдастыру тек теориялық тұжырымдарға ғана емес, оны реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға да сүйенеді. Осыған байланысты тұжырымдамалық блоктың келесі құрамдас бөлігі ретінде зерттеудің нормативтік-құқықтық негізі айқындалды.

Зерттеудің нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №247 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», сондай-ақ аталған тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі Іс-қимыл жоспары (Жол картасы) құрайды. Аталған нормативтік құжаттарда жастардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін, қоғамдық бастамаларға қатысуын, еріктілік іс-әрекетті дамытуды және жастарды әлеуметтік маңызы бар қызметке кеңінен тартуды

қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл зерттеуімізде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың мақсатын, мазмұнын және ұйымдастыру тетіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Модельдің **технологиялық бөлігі** студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиялық (ішкі мазмұндық, ұйымдастырушылық) жағын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Технологиялық бөлік студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың тұлғалық, интеллектуалдық, мінез-құлық сапаларын және әлеуметтік біліктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарынан; оны жүзеге асырудың формаларынан, әдістерінен, құралдарынан; қалыптастыру кезеңдерінен тұрады.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың тұлғалық, интеллектуалдық, мінез- құлық сапаларын және әлеуметтік біліктерін қалыптастырудың *психологиялық-педагогикалық шарттарының* (әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру; оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру; еріктілік іс-әрекетін қоғамдық – қайырымдылық – жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру; еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру) өзара байланыстылығын көрсетеді. Осы шарттар сақталғанда және олар өзара әрекеттестікте жүзеге асырылғанда ғана студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың тұлғалық, интеллектуалдық, мінез- құлық сапаларының және әлеуметтік біліктерінің қалыптасатындығын айқындайды.

Осы бөліктегі әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру шарты студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған еріктілік іс-әрекетті жүйелі ұйымдастыру қажеттілігінен туындайды. Осы мақсатта студенттердің әлеуметтік бастамаларын қолдауға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруына, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуіне және еріктілердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік беретін «Volunteer Hub» студенттік еріктілер хабы құрылды. Ал оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру шарты студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдерін қоғамдық тәжірибемен ұштастыруды, әлеуметтік және рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы меңгеруін, өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Осыған сәйкес оқу-тәрбие процесіне «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы енгізіліп, оның аясында академиялық және психологиялық өзара қолдау көрсету, «Buddy» бағдарламасы мен «Exam Chill» кездесулері ұйымдастырылды. Аталған бағдарламалар студенттердің әлеуметтік мәселелерге саналы көзқарасын қалыптастыруға, өзара қолдау тәжірибесін дамытуға және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын тәжірибеде бекітуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар еріктілік іс-әрекетін қоғамдық – қайырымдылық – жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру мақсатында «Eco & Tech» акциялар циклі мен «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы енгізілді. Бұл жұмыстар студенттердің экологиялық мәдениетін, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қоғамдық пайдалы қызметте қолдану тәжірибесін жетілдіруге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға еріктілік көмек көрсету арқылы олардың қоғамдық жауапкершілігі мен қайырымдылық құндылықтарын нығайтуға бағытталды. Ал еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру шартына сәйкес «SAQ Officers» жобасы әзірленді. Жоба студенттерді «тәлімгер-ерікті» ретінде даярлау арқылы олардың қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауын, бастамашылдығын, көшбасшылық қасиеттерін, дербес шешім қабылдауын және еріктілік іс-әрекеттегі субъектілік ұстанымын дамытуға мүмкіндік берді.

Осы тұрғыдан аталған бөлікте студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде тиімді қалыптастыруға бағытталған ұйымдастыру формалары, әдістері мен құралдары айқындалды. Ұйымдастыру *формалары* ретінде еріктілік жобалар, әлеуметтік акциялар, тренингтер, шеберлік сабақтары, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, тәлімгерлік бағдарламалар, әлеуметтік қолдау іс-шаралары, экологиялық бастамалар, конференциялар және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар қарастырылды. *Әдістер* қатарына интерактивті, диалогтік, жобалау, ынтымақтастыққа негізделген, тәжірибелік, рефлексивтік, сервис-лернинг және әлеуметтік өзара әрекеттестік әдістері енгізілді. Ал *құралдар* ретінде «Volunteer Hub» еріктілер хабы, «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы, «Buddy» бағдарламасы, «Exam Chill» кездесулері, «Eco & Tech» акциялар циклі, «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы, «SAQ Officers» жобасы, ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологиялар пайдаланылды. Аталған формалар, әдістер мен құралдардың өзара бірлікте қолданылуы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде жүйелі қалыптастыруға, олардың субъектілік ұстанымын нығайтуға және әлеуметтік маңызды тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді, ал тиімділігі эксперименттік жұмыс барысында тексеріледі. Бағалау *еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік және мінез-құлықтық* қалыптастыру кезеңдері бойынша жүргізіледі.

Еріктілік-бағдарлық кезеңде әлеуметтік жауапкершіліктің тұлғалық негіздерін құрайтын қажеттілік, ерік-жігер және өзін-өзі реттеуді дамытуға басымдық беріледі. Бұл кезең студенттің еріктілік іс-әрекетке саналы қызығушылығын, ішкі қажеттілігін және қоғамдық пайдалы әрекетке ерікті қатысу даярлығын қалыптастыруға бағытталады.

Танымдық-әрекеттік кезеңде студенттердің қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар мен моральдық пайымдауларды меңгеруімен қатар, оларды практикалық әрекетте қолдануға қажетті өзара әрекеттестік, коммуникативтілік және нәтижеге жету біліктері дамытылады. Бұл кезеңде әлеуметтік

жауапкершілік туралы түсініктің нақты еріктілік тәжірибесімен ұштасуына мән беріледі.

Мінез-құлықтық кезеңде меңгерілген білім, әлеуметтік тәжірибе мен біліктердің нақты әрекетте тұрақты көрініс табуына басымдық беріліп, студенттердің адалдығы, белсенділігі және жауапкершілігі қалыптастырылады. Студенттің қоғамдық маңызы бар міндеттерді дербес орындауы, бастама көтеруі және өз әрекеті мен оның нәтижесіне жауап беруі осы кезеңнің негізгі нәтижесін сипаттайды. Бұл кезеңдер студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасу динамикасын кезең-кезеңімен анықтауға мүмкіндік береді.

Моделдің бағалаушылық бөлігі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың диагностикасын қарастырады. Диагностика E.Gil Clary, Mark Snyder-дің «Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясын анықтау сауалнамасы», Л. Берковиц пен К.Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы», J.P. Rushton-ның «Альтруизм шкаласы», «Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу ұстанымдарын бағалауға арналған «Еріктілік іс-әрекет» авторлық сауалнамасы» және «Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтауға арналған» авторлық анкета-тесті арқылы жүзеге асырылады.

Біздің зерттеуімізде мотивациялық, когнитивтік, процессуалдық және рефлексиялық компоненттер айқындалды. Аталған компоненттердің мазмұнын негіздеуде әлеуметтік жауапкершіліктің компоненттік құрамын әртүрлі қырынан қарастырған зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына сүйенеміз. Мәселен, О.А.Лаврентьева әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымын: концептуалды-мақсатты, мазмұндық-үдерістік және критериалды-нәтижелік компоненттер арқылы сипаттайды [266]. Ал И.А.Гладышева оны когнитивтік, мотивациялық және іс-әрекеттік компоненттер ретінде қарастырады [267]. Когнитивтік компонентті қарастыру «когнитивтік» ұғымын талдаудан басталады. Когнитивтік (лат. cognitio – білім, таным) таным үдерісімен байланысты. Білім адамның қоршаған орта мен қоғам туралы түсінігін қалыптастыратын фактілер, ұғымдар, заңдар мен теориялар жүйесі. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді ескере отырып, студенттердің еріктілік іс-әрекетінің мәнін, оның қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті азайтудағы рөлін түсінуі маңызды.

Әлеуметтік жауапкершіліктің мотивациялық компонентін ашу «мотив» ұғымының мәнін талдаудан басталады. Психологияда мотив тұлғаны белгілі бір іс-әрекетке бағыттайтын, оның белсенділігін туындататын және әрекеттің мақсаты мен мазмұнын айқындайтын ішкі қозғаушы күш ретінде қарастырылады. А.Н.Леонтьев мотивті адамның қажеттіліктерімен байланыстырып, іс-әрекетке бағыт беретін маңызды құрылым ретінде сипаттаса, Е.П.Ильин мотивацияны адамның әрекетті таңдауын, белсенділігін және табандылығын қамтамасыз ететін өзара байланысты мотивтер жүйесі тұрғысынан қарастырады.

Осы зерттеулерге сүйене отырып, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқандығының өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалды және олардың өзара байланысы төмендегі 12-кестеде ұсынылды.

Кесте 12 – Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқандығының өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Компоненті	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық	Тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы	еріктілік іс-әрекетке қажеттілігі; ерік-жігерін дамытуға, өзін-өзі реттеуге ұмтылысы
Когнитивтік	Интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі	қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар, моральдық пайымдаулар саласындағы білімдер
Процессуалдық	Әлеуметтік біліктерінің жеткіліктілігі	өзара әрекеттестік, коммуникативтілік нәтижеге ерісу
Рефлексиялық	Мінез-құлық сапаларының оң көрінісі	адалдық, белсенділік,жауапкершілік
Деңгейлері *Төмен деңгей* – студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға немқұрайдылығын білдіреді, еріктілік еріктілік іс-әрекетіне қажеттілігі байқала бермейді, еріктілік ерік-жігерін дамытуға ұмтылысы бола бермейді, өзін-өзі реттеуге немқұрайдылықпен қарайды. *Орта деңгей* – студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы қалыптасқан, еріктілік ерік-жігерін дамытуға ұмтылысы байқалады. интеллектуалдық білімдері, әлеуметтік біліктері бар және оны практикада ішінара көрсете алады. *Жоғары деңгей* - студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға аса қажеттілігі бар, еріктілік ерік-жігерін дамытуға ұмтылысы айқын, өзін-өзі реттеуі басым, біз айқындаған көрсеткіштерге сәйкес интеллектуалдық білімдері жеткілікті, әлеуметтік біліктерін практикада толық таныта алады, оң мінез-құлық сапалары қалыптасқан, еріктілік іс-әрекетінде адалдық, белсенділік, жауапкершілігін айқын көрсете алады.		

Аталған деңгейлердің мазмұны әрбір өлшем мен көрсеткіштің қалыптасу ерекшеліктеріне сәйкес төмендегідей сипатталады.

1.Мотивациялық компоненттің өлшемі –Тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы. Оның *көрсеткіштері:*еріктілік іс-әрекетке қажеттілігі; ерік-жігерін дамытуға бағыттылығы; өзін-өзі реттеуге ұмтылысы.

2.Когнитивтік компоненттің өлшемі – Интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі. Оған сәйкес *көрсеткіштері*: қоғамдық нормаларды меңгеруі; рухани құндылықтарды бағалауы; моральдық пайымдаулар саласындағы білімдері.

3.Процессуалдық компоненттің өлшемі – Әлеуметтік біліктерінің жеткіліктілігі. Оның *көрсеткіштері:* өзара әрекеттесе алуы; тиімді коммуникация орната білуі; қойылған нәтижеге қол жеткізе алуы.

4.Рефлексиялық компоненттің өлшемі – Мінез-құлық сапаларының оң көрінісі. Оған сәйкес *көрсеткіштері:* адалдық танытуы; белсенділік көрсетуі; жауапкершілік танытуы.

Зерттеу проблемасының теориялық және практикалық нәтижелерін қорытындылау студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптасу деңгейлерін (төмен, орта және жоғары) айқындауға мүмкіндік берді.

Төмен деңгей – студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға немқұрайлылығын білдіреді. Еріктілік іс-әрекетке қажеттілігі жеткілікті деңгейде қалыптаспаған, ерік-жігерін дамытуға бағыттылығы әлсіз, өзін-өзі реттеу дағдылары тұрақсыз. Қоғамдық нормаларды меңгеруі, рухани құндылықтарды бағалауы және моральдық пайымдаулар жасай алуы жеткіліксіз. Өзара әрекеттесе алу, тиімді қарым-қатынас орната білу және қойылған нәтижеге қол жеткізу біліктері төмен деңгейде көрінеді. Еріктілік іс-әрекет барысында адалдық, белсенділік және жауапкершілік сияқты мінез-құлық сапалары тұрақты байқалмайды.

Орта деңгей – студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы қалыптасқан. Еріктілік іс-әрекетке қажеттілігі байқалады, ерік-жігерін дамытуға бағыттылығы мен өзін-өзі реттеу қабілеті ішінара көрінеді. Қоғамдық нормаларды меңгеруі, рухани құндылықтарды бағалауы және моральдық пайымдаулар жасай алуы жеткілікті деңгейде қалыптаса бастаған. Өзара әрекеттесе алу, тиімді қарым-қатынас орната білу және қойылған нәтижеге қол жеткізу біліктерін жекелеген жағдайларда практикада қолдана алады. Еріктілік іс-әрекетінде адалдық, белсенділік және жауапкершілік танытқанымен, олардың көрінісі тұрақты сипатқа ие емес.

Жоғары деңгей – студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға тұрақты оң бағыттылығымен сипатталады. Еріктілік іс-әрекетке қажеттілігі жоғары, ерік-жігерін дамытуға бағыттылығы айқын, өзін-өзі реттеу қабілеті жоғары деңгейде қалыптасқан. Қоғамдық нормаларды терең меңгерген, рухани құндылықтарды саналы бағалайды және моральдық пайымдаулар жасай алады. Өзара әрекеттесе алады, тиімді коммуникация орната біледі, қойылған нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік біліктерін түрлі жағдайларда еркін қолданады. Еріктілік іс-әрекетінде адалдық, белсенділік және жауапкершілік сияқты оң мінез-құлық сапаларын тұрақты түрде көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілігін іс жүзінде толық жүзеге асырады.

Біз ұсынып отырған модельдің барлық бөліктері студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруға бағытталған өзара ықпалдасқан құрылымын тұтастығын қамтамасыздандырады және мақсатты жүйелі жұмыс пен даярлықты талап ететін кешенді және көп қырлы процес.

Осы модельдің тиімділігін айқындау үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу қажет болды. Оның өткізілу барысы мен мазмұны келесі 3.1 параграфында баяндалады.

3 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

3.1 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың диагностикасы

Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ.) және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында жүргізілді. Зерттеуге қатысуға ерікті түрде келісім берген студенттерге айқындау эксперименті жүргізілді. Диагностикалық әдістемелердің нәтижелері студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің бастапқы деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер бойынша әлеуметтік жауапкершілігі төмен және орта деңгейде қалыптасқан студенттер қалыптастыру экспериментіне тартылды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысына эксперименттік топ ретінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 55 студенті, ал бақылау тобы ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 60 студенті таңдап алынды. Барлығы 115 студент. Қатысушылар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнының білім беру мамандықтарының классификаторына сәйкес әртүрлі білім беру бағыттары бойынша білім алушылар қатарынан іріктелді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңнен тұрды: айқындау, қалыптастыру, қорытындылау. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі тұлғалық қасиеттер, интеллектуалдық білімдер, әлеуметтік біліктер және мінез-құлық сапаларының бірлігі ретінде қарастырылып, осыған сәйкес олардың қалыптасу деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістемелер кешені таңдалды және компоненттер мен өлшемдері бойынша әдістемелерді топтастыру жүргізілді, оны 13-ші кестеде көруге болады.

Кесте 13 – Компоненттері мен өлшемдері бойынша әдістемелер

Компонент тер	өлшемдер	Әдістемелер
1	2	3
Мотивация лық	Тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы	Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясын анықтау сауалнамасы (VFI бейімделген нұсқа) (E.Gil Clary, Mark Snyder)
Когнитив тік	Интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі	Л. Берковиц пен К. Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы»

13-кестенің жалғасы

1	2	3
Процессуалдық	Әлеуметтік біліктерінің жеткіліктілігі	1Альтруизм шкаласы ((J. P. Rushton) Self-Report Altruism Scale, SRA) 2Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу ұстанымдарын бағалауға арналған «еріктілік іс-әрекет» (авторлық сауалнамасы)
Рефлексиялық	Мінез-құлық сапаларының оң көрінісі	«Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтау анкета-тесті» авторлық сауалнама

Экспериментке қатысқан университеттердің студенттері еріктілік іс-әрекетке деген тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы, интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі, әлеуметтік біліктерінің жеткіліктілігі , мінез-құлық сапаларының оң көрінісінің қалыптасу деңгейін зерттеу үшін біз диагностиканың таңдаулы әдістерін қолдана отырып зерттеулер жүргіздік.

Тәжірибелік эксперимент үш кезеңде жүзеге асырылды:

- айқындау (2022-2023 жылдар аралығы);
- қалыптастыру (2023-2025 жылдар аралығы);
- бақылау (2025-2026 жыл).

1.Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясын(E.Gil Clary, Mark Snyder) анықтау сауалнамасы (VFI бейімделген нұсқа).

Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу мотивациясын анықтау мақсатында Е.Гил Клари (E. Gil Clary), Марк Снайдер (Mark Snyder) және C. Martins (2024 жылғы бейімдеу зерттеуі негізінде) әріптестері әзірлеген Volunteer Functions Inventory (VFI) әдістемесінің бейімделген нұсқасы қолданылды [268]. Әдістеменің мақсаты – студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуының негізгі мотивтерін, еріктілік іс-әрекетке деген ішкі қажеттілігін және қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға ынталандыратын факторларды анықтау. Әдістеменің түпнұсқасы 30 сұрақтан тұрады және еріктілік іс-әрекеттің алты негізгі мотивациялық функциясын бағалауға бағытталған:

Құндылықтық мотивация (Values) – өзгелерге көмектесу, альтруизм және қоғамдық игілікке үлес қосуға ұмтылыс;

Танымдық мотивация (Understanding) – жаңа білім мен тәжірибе жинақтауға қызығушылық;

Әлеуметтік мотивация (Social) – әлеуметтік ортада қарым-қатынас орнату және қоғам тарапынан қолдау сезіну;


Мансаптық мотивация (Career) – болашақ кәсіби қызметіне қажетті тәжірибе жинақтау;

Қорғаныс мотивациясы (Protective) – жағымсыз эмоцияларды төмендету, өзін психологиялық тұрғыдан қолдау;

Өзін-өзі дамыту мотивациясы (Enhancement) – тұлғалық өсуге, өзін-өзі жетілдіруге және өзіндік тиімділікті арттыруға ұмтылыс. Нәтижелерді төмендегі 14-кестеден көруге болады.

Кесте 14 – «Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясы» сауалнамасының нәтижесі (VFI бейімделген нұсқа, E. Gil Clary, Mark Snyder)

Топтар	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
Эксперименттік топ	34,5%	45,5%	20,0%
Бақылау тобы	30,0%	46,7%	23,3%



Сурет 12 – «Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясы» сауалнама нәтижесінің диаграммасы

Еріктілік іс-әрекет мотивациясы бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелері ЭТ және БТ студенттерінің бастапқы көрсеткіштері бір-біріне жақын екенін көрсетті. ЭТ-та төмен деңгей 34,5%, орта деңгей 45,5%, жоғары деңгей 20,0% болды. БТ-та төмен деңгей 30,0%, орта деңгей 46,7%, жоғары деңгей 23,3% деңгейінде анықталды. Бұл көрсеткіштер ЭТ студенттерінің бастапқы альтруистік мінез-құлық деңгейі БТ-мен салыстырғанда сәл төмен болғанын, алайда екі топ арасындағы айырмашылық айтарлықтай үлкен емес екенін көрсетеді. Дегенімен де бұл студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуының ішкі уәжінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын аңғартады. Әсіресе төмен көрсеткіштер қоғамдық мәселелерді шешуге жеке үлес қосуға ұмтылысты (5-сұрақ), еріктілік іс-әрекет арқылы жаңа жағдайларда өзін тануды (10-сұрақ), қоғамдық ортада белсенді болуға қызығушылықты (13–15-

сұрақтар), еріктіліктің болашақ кәсіби қызметке ықпалын бағалауды (16–20-сұрақтар), сондай-ақ еріктілік арқылы өзін-өзі дамыту мен өмірде өз орнын сезінуді сипаттайтын сұрақтарда (26–30-сұрақтар) байқалады. Бұл студенттердің еріктілік іс-әрекетің әлеуметтік және тұлғалық маңызын толық түсінбеуімен, қоғамдық пайдалы қызметке қатысу тәжірибесінің жеткіліксіздігімен және еріктілік іс-әрекеттің кәсіби әрі тұлғалық дамуға ықпалын толық бағаламауымен түсіндіріледі. Бұл анықталған олқылықтар студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыруға бағытталған “Volunteer Hub” әзірлеу қажеттілігін негіздеді.

2. Л. Берковиц пен К. Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» (К.Муздыбаевтың бейімдеуі). Студенттердің әлеуметтік жауапкершілік деңгейін анықтау мақсатында Л.Берковиц пен К.Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» (Social Responsibility Scale) әдістемесінің К.Муздыбаев бейімдеген нұсқасы қолданылды [269].

Әдістеменің мақсаты – тұлғаның әлеуметтік жауапкершілік деңгейін, қоғам алдындағы парызын сезінуін, қоғамдық нормаларды ұстануын, өзгелерге көмек көрсетуге дайындығын және жеке мүддесін қоғамдық қажеттіліктермен үйлестіре алу қабілетін диагностикалау. Зерттеуде әдістеменің 12 тұжырымнан тұратын нұсқасы пайдаланылды. Әрбір тұжырым бойынша студенттердің жауаптары белгіленген бағалау шкаласына сәйкес тіркеліп, нәтижесінде әлеуметтік жауапкершіліктің жалпы баллы анықталды. Алынған нәтижелер төмен, орта және жоғары деңгейлер бойынша топтастырылды.

Әдістеменің мазмұны тұлғаның қоғамдық игілікке қатынасын, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік деңгейін, қоғамдық мәселелерге белсенді көзқарасын, еріктілік іс-әрекетке дайындығын, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын және қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға деген ішкі ұстанымын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған әдістеме зерттеуіміздің когнитивтік компонентіндегі «интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі» өлшеміне сәйкес студенттердің қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар және моральдық пайымдаулар саласындағы білімдерінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты әдістеме студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасу деңгейін бағалау және еріктілік іс-әрекетінің олардың әлеуметтік жауапкершілігіне ықпалын анықтау мақсатында қолданылды. Жүргізілген әдістеме нәтижесінде алынған мәліметтер төмендегі 15-кестеде көрсетілген.

Кесте 15 – Л. Берковиц пен К. Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» бойынша студенттердің жауаптары (%)

Топтар	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
Бақылау тобы (n=60)	36,7%	50,0%	13,3%
Эксперименттік топ (n=55)	14,5%	43,7%	41,8%

Сауалнама нәтижелері бойынша бақылау тобындағы студенттердің басым бөлігі әлеуметтік жауапкершілікке қатысты интеллектуалдық білімдерінің қалыптасу деңгейі бойынша орташа (50,0%) және жоғары (36,7%) деңгейде екенін көрсетсе, эксперименттік топта төмен деңгейдің үлесі айтарлықтай жоғары (41,8%), ал жоғары деңгей көрсеткіші небәрі 14,5%-ды құрады. Бұл эксперименттік топ студенттерінің әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдерінің, қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды түсінуінің және моральдық пайымдауларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын аңғартады. Әсіресе студенттердің қоғамдық нормалардың мәнін түсінуіне, рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы қабылдауына, әлеуметтік мәселелерге қатысты моральдық пайымдау жасауына, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершіліктің қоғамдық маңызын бағалауына бағытталған сұрақтар бойынша білімдерін тереңдету қажеттілігі байқалды. Алынған нәтижелер студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы теориялық білімдері мен оны күнделікті өмірде қолдану арасындағы байланыстың жеткіліксіз екенін көрсетті.

Осыған байланысты студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы интеллектуалдық білімдерін кеңейту, қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтарды саналы меңгерту және моральдық пайымдау қабілетін дамыту қажеттілігі анықталды. Бұл қажеттілік зерттеудің екінші психологиялық-педагогикалық шарты – оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыруды жүзеге асыруды талап етті. Аталған шартты іске асыру құралы ретінде «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасы әзірленіп, оның аясында академиялық және психологиялық өзара қолдау, «Buddy» бағдарламасы және «Exam Chill» кездесулері ұйымдастырылды.

3.Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу ұстанымдарын бағалауға арналған «еріктілік іс-әрекет» (авторлық сауалнамасы). Студенттердің әлеуметтік біліктерін еріктілік іс-әрекеті арқылы дамыту деңгейін анықтау мақсатында «Еріктілік іс-әрекет» атты авторлық сауалнама әзірленді. Сауалнаманың мақсаты – студенттердің еріктілік іс-әрекетке деген көзқарасын, еріктілік қызметке қатысу тәжірибесін, қоғамдық пайдалы қызметке қатысу белсенділігін, еріктілікке қатысуға ынталандыратын факторларды және еріктілік іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын анықтау.


Сауалнама мазмұны студенттердің еріктілік туралы түсінігін, еріктілік іс-әрекетке қатысу тәжірибесін, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу ұстанымдарын және қоғамдық пайдалы қызметті ұйымдастыруға дайындық деңгейін айқындайтын сұрақтарды қамтиды. Атап айтқанда, сауалнамада «Сіздің ойыңызша, ерікті деген кім?», «Еріктілік іс-әрекетке қатысты сіздің көзқарасыңыз қандай?», «Сіздің еріктілік іс-әрекетпен айналысқан кездеріңіз болды ма?», «Сіздің еріктілік іс-әрекетке қатысуыңызға не ықпал етті?», «Аптасына қанша уақыт еріктілік іс-әрекетке арнауға дайынсыз?» сияқты сұрақтар берілді. Сауалнама нәтижелері студенттердің еріктілік іс-әрекетті ұйымдастыруға және қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысуға дайындығын,

әлеуметтік ортада өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, коммуникативтік белсенділігін және ортақ нәтижеге қол жеткізуге бағытталған ұстанымдарын бағалауға мүмкіндік береді. Сауалнама сұрақтары зерттеу мақсатына, әлеуметтік жауапкершіліктің процессуалдық компонентінің өлшемдері мен көрсеткіштеріне сәйкес автор тарапынан әзірленді.

Сауалнама нәтижелерін талдау мақсатында жауаптар мазмұны бойынша алты негізгі сұраққа сәйкес жүйеленді. Әрбір сұрақ студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысты көзқарасын, тәжірибесін, қатысу себептерін және әлеуметтік белсенділік ұстанымдарын анықтауға бағытталды. Жүргізілген талдау нәтижелері төменде келтірілген.

Кесте 16 – 1-сұрақ бойынша жауап.

Ерікті деген кім?	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
«Сіздің ойыңызша, ерікті деген кім?»		
Тегін көмек көрсететін адам	74,5%	75,0%
Қаржылай көмек көрсететін адам	7,3%	8,3%
Бос уақытын арнайтын адам	12,7%	13,3%
Қоғам қолдауын сезінетін адам	3,6%	1,7%
Басқа жауап	1,8%	1,7%




Сурет 13 – 1-сұрақ бойынша жауап нәтижелерінің диаграммасы

Алынған мәліметтері бойынша эксперименттік (74,5%) және бақылау (75,0%) топтары студенттерінің басым бөлігі еріктіні қоғамға өтеусіз көмек көрсететін адам ретінде қабылдайды. Сонымен қатар студенттердің бір бөлігі

еріктілікті бос уақытын қоғамдық пайдалы қызметке арнаумен (ЭТ – 12,7%; БТ – 13,3%) байланыстырған. Ал еріктілікті қаржылай көмек көрсету (ЭТ – 7,3%; БТ – 8,3%) немесе қоғамнан қолдау сезіну (ЭТ – 3,6%; БТ – 1,7%) ретінде түсіндіретін студенттердің үлесі төмен болды. Бұл нәтижелер (кесте 17) студенттердің көпшілігінде еріктілік туралы бастапқы түсініктің қалыптасқанын көрсеткенімен, оның әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы мазмұны мен қоғамдағы рөлі жөніндегі білімдерін тереңдету қажеттігін айқындайды.

Кесте 17 – 2-сұрақ бойынша студенттердің жауабы.

Еріктілік іс-әрекетке көзқарасы	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
«Еріктілік іс-әрекетке қатысты сіздің көзқарасыңыз...»		
Оң көзқарастамын, белсенділік танытып, басқаларға көмектесуді қажет деп ойлаймын	89,1%	90,0%
Бейтарап, көмектесуді жөн көремін, бірақ әрдайым қатыса алмаймын	9,1%	8,3%
Теріс, жұмысы көп болғандықтан уақытымды жоғалтқым келмейді	1,8%	0,0%
Жауап беруге қиналамын	0,0%	1,7%



Сурет 14 – Айқындаушы эксперимент кезеңіндегі ЭТ және БТ студенттерінің 2-сұрақ бойынша жауабының көрсеткіші


Респонденттердің жауаптарын талдау нәтижесінде эксперименттік (89,1%) және бақылау (90,0%) топтары студенттерінің басым бөлігі еріктілік іс-әрекетке оң көзқарас танытып, өзгелерге көмектесуді өзінің азаматтық және әлеуметтік міндеті ретінде қабылдайтыны анықталды. Сонымен қатар студенттердің аз

ғана бөлігі (ЭТ – 9,1%; БТ – 8,3%) еріктілікке оң көзқараста болғанымен, түрлі объективті себептерге байланысты оған тұрақты қатыса алмайтынын көрсеткен. Теріс көзқарас білдірген немесе жауап беруге қиналған студенттердің үлесі өте төмен (1–2%), бұл жалпы студент жастар арасында еріктілік іс-әрекетке жағымды көзқарастың қалыптасқанын көрсетеді. Алайда оң көзқарастың жоғары болуы олардың барлығының еріктілік іс-әрекетке тұрақты әрі белсенді қатысатынын білдірмейді. Сондықтан студенттердің еріктілікке деген оң көзқарасын нақты қоғамдық әрекетке ұластыратын педагогикалық жағдайларды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды

3-сұрақ бойынша: «Сіздің еріктілік іс-әрекетпен айналысқан кездеріңіз болды ма?...» (кесте 18)

Кесте 18 – ЭТ және БТ студенттерінің еріктілік іс-әрекетке қатысу тәжірибесінің бастапқы көрсеткіштері

Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
Бұрын еріктілік іс-әрекетпен айналыспадым, бірақ болашақта ерікті болғым келеді	47,3%	48,3%
Бұрын еріктілікпен айналыстым және болашақта да жалғастыруды жоспарлаймын	10,9%	11,7%
Қазіргі уақытта еріктілік қызметпен айналысып жүрмін	1,8%	3,3%
Бұрын еріктілікпен айналыстым, бірақ қазір қатыспаймын	32,7%	28,3%
Еріктілікпен айналысуға қызығушылық танытпаймын	7,3%	8,3%




Сурет 15 – Айқындаушы эксперимент кезеңіндегі ЭТ және БТ студенттерінің 3-сұрақ бойынша жауаптарының көрсеткіші

Респонденттердің жауаптарын талдау нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің еріктілік іс-әрекетке қатысу тәжірибесінің бастапқы деңгейлері бір-біріне жақын екені анықталды. Атап айтқанда, эксперименттік топ студенттерінің 47,3%-ы, ал бақылау тобы студенттерінің 48,3%-ы бұрын еріктілік іс-әрекетпен айналыспағанымен, болашақта еріктілік іс-әрекетке қатысуға ниетті екендіктерін білдірді. Бұл студенттердің еріктілікке деген қызығушылығы бар екенін, алайда олардың нақты еріктілік тәжірибесінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сонымен қатар бұрын еріктілік іс-әрекетпен айналысып, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыруға дайын студенттердің үлесі эксперименттік топта 10,9%, бақылау тобында 11,7% болды. Ал қазіргі уақытта еріктілік іс-әрекетпен тұрақты айналысып жүрген студенттердің саны екі топта да төмен деңгейде анықталды (ЭТ – 1,8%, БТ – 3,3%).

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер студенттердің еріктілік іс-әрекетке деген оң көзқарасы қалыптасқанымен, олардың нақты еріктілік тәжірибесі мен тұрақты қоғамдық белсенділігінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл жағдай студенттердің еріктілік іс-әрекетке жүйелі түрде тартылуын қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды ұйымдастырудың қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты зерттеу барысында студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу белсенділігін арттыруға, әлеуметтік біліктерін дамытуға және қоғамдық пайдалы қызметке тұрақты қатысу тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған «Eco & Tech» акциялар циклі мен «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасын жүзеге асыру қажеттілігі туындады.

Кесте 19 – 4-сұрақ бойынша ЭТ және БТ студенттерінің жауаптары

Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
«Сіздің еріктілік іс-әрекетке қатысуыңызға не ықпал етті?...»		
Мұқтаж адамдарға көмектесу	45,5%	46,7%
Қоғам тарапынан қысым	1,8%	1,7%
Жақындарымының оң тәжірибесі	7,3%	8,3%
Жаңа таныстар табу	12,7%	11,7%
Қауымдастыққа пайдамды тигізу	10,9%	11,7%
Міндеткерлік сезімі	1,8%	1,7%
Көңіл-күй/денсаулық	3,6%	3,3%
Жаңа тәжірибе жинақтау	10,9%	11,7%
Білмеймін	27,3%	26,7%




Сурет 16 – Айқындаушы эксперимент кезеңіндегі ЭТ және БТ студенттерінің 4-сұрақ бойынша жауаптарының көрсеткіші

Респонденттердің жауаптарын талдау нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің еріктілік іс-әрекетке қатысуына ықпал ететін негізгі факторлардың ұқсас екені анықталды. Екі топта да студенттердің басым бөлігі еріктілік іс-әрекетке мұқтаж адамдарға көмектесу ниеті әсер ететінін көрсетті (ЭТ – 45,5%, БТ – 46,7%). Бұл студенттердің еріктілік іс-әрекетті ең алдымен өзгелерге қолдау көрсету және әлеуметтік көмек көрсету мүмкіндігі ретінде қабылдайтынын байқатады. Сонымен қатар студенттердің бір бөлігі еріктілік іс-әрекетке қатысуына жаңа таныстар табу (ЭТ – 12,7%, БТ – 11,7%), қауымдастыққа пайда тигізу (ЭТ – 10,9%, БТ – 11,7%) және жаңа тәжірибе жинақтау (ЭТ – 10,9%, БТ – 11,7%) сияқты факторлардың ықпал ететінін атап өтті. Бұл көрсеткіштер студенттердің еріктілік іс-әрекетті әлеуметтік тәжірибе жинақтау мен өзін-өзі дамыту мүмкіндігі ретінде қарастыратынын көрсетеді. Ал қоғам тарапынан қысым (ЭТ – 1,8%, БТ – 1,7%), міндет немесе кәсіби борыш (ЭТ – 1,8%, БТ – 1,7%) және көңіл-күйді жақсарту (ЭТ – 3,6%, БТ – 3,3%) сияқты факторлардың әсері төмен деңгейде анықталды. Бұл студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуының сыртқы ынталандырулардан гөрі, ішкі адамгершілік ниеттерімен көбірек байланысты екенін көрсетеді. Сонымен бірге назар аударатын жайт – студенттердің едәуір бөлігі «Білмеймін» жауабын таңдаған (ЭТ – 27,3%, БТ – 26,7%). Бұл олардың еріктілік іс-әрекетке қатысу себептері туралы нақты көзқарасының толық қалыптаспағанын және еріктілік іс-әрекеттің тұлғалық, әлеуметтік әрі кәсіби маңызын жеткілікті деңгейде түсінбейтінін аңғартады.

Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуға оң ниеті бар екенін көрсеткенімен, олардың еріктілікке қатысу себептері мен әлеуметтік маңызын саналы түсіну деңгейі жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Бұл студенттердің қоғамдық пайдалы қызметке тұрақты қатысуына ықпал ететін ішкі мотивтерді нығайту және әлеуметтік біліктерін дамытуға бағытталған педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігін көрсетті. Осыған байланысты зерттеудің үшінші психологиялық-педагогикалық шарты – қоғамдық-қайырымдылық жауапкершілік сұлбасын жүзеге асыру негізделіп, оны іске асыру құралы ретінде «Eco & Tech» акциялар циклі мен «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы әзірленіп, оқу-тәрбие процесіне енгізуді қажет етеді.

Кесте 20 – 5-сұрақ бойынша ЭТ және БТ студенттерінің жауаптары:

Кедергі факторлары	ЭТ, %	БТ, %
«Еріктілік іс-әрекетке көбірек көңіл бөлу үшін Сізге не кедергі келтіреді?...»(5 жауапқа дейін таңдауға болады).		
Уақыттың шектеулілігі	50,9	50,0
Жұмыстағы міндеттер	5,5	6,7
Отбасылық жағдайлар	12,7	13,3
Саяхат	3,6	3,3
Көмек / ұсыныс жасалмады	10,9	11,7
Ақпараттың жеткіліксіздігі	10,9	10,0
Пайда жоқ деп ойлау	3,6	3,3
Қызығушылықтың жоқтығы	7,3	8,3
Үнемі қатысудың қиындығы	5,5	5,0
Жұмыстың тым ұзақ болуы	12,7	13,3
Денсаулық жағдайы	1,8	3,3
Жас мөлшері	9,1	8,3
Мүгедектік	1,8	1,7
Еріктілікке қатысты сенімсіздік	3,6	5,0
Дағдылардың жеткіліксіздігі	3,6	3,3
Қайда баруды білмеу	7,3	8,
Құқықтық хабарсыздық	1,8	1,7
Сабаққа деген үлгермеушілік	0	0
Шарттардың нашар болуы	0	0
Төленетін жұмысты таңдау	5,5	5,0
Еріктілік жұмыс жоқ	5,5	5,0
Ұйыммен бірге қатысу мүмкіндігі жоқ	1,8	3,3
Ризашылықтың жеткіліксіздігі	1,8	1,7
Басқасы	10,9	11,7
Жауап жоқ	29,1	30,0
«Ескерту – студенттер бірнеше жауап нұсқасын таңдағандықтан, пайыздық көрсеткіштердің қосындысы 100%-ды құрамайды.».		



Сурет 17 – Айқындаушы эксперимент кезеңіндегі ЭТ және БТ студенттерінің 5-сұрақ бойынша жауаптарының көрсеткіші

Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша ЭТ және БТ студенттері үшін еріктілік іс-әрекетке көбірек көңіл бөлуге кедергі келтіретін негізгі фактор уақыттың шектеулілігі екені анықталды. Бұл көрсеткіш ЭТ-та 50,9%, БТ-та 50,0% болды. Сонымен қатар студенттердің бір бөлігі бұл сұраққа нақты жауап бермеген: ЭТ-та 29,1%, БТ-та 30,0%. Отбасылық жағдайлар, еріктілік жұмыстың тым ұзақ болуы, ақпараттың жеткіліксіздігі және еріктілікке қатысты ұсыныстың болмауы да маңызды кедергілер ретінде көрінді. Жалпы алғанда, екі топтың бастапқы көрсеткіштері бір-біріне жақын, бұл кейінгі қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді.


6-сұрақ бойынша: «Аптасына қанша уақыт еріктілік іс-әрекетке арнауға дайынсыз?...»

Кесте 21 – Студенттердің аптасына еріктілік іс-әрекетке арнауға дайын болуының уақыт мөлшері %

Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
1	2	3
Аптасына 1–2 сағат	18,2%	18,3%
Аптасына 3–4 сағат	18,2%	20,0%
Аптасына жарты күн	7,3%	6,7%
Аптасына 1 күн	12,7%	11,7%
Аптасына 1 күннен артық	9,1%	8,3%

21-кестенің жалғасы

1	2	3
Апта сайын емес, уақытым болған кезде	16,4%	16,7%
Өз уақытымды бөлуге дайын емеспін	10,9%	11,7%



Сурет 18 – Айқындаушы эксперимент кезеңіндегі ЭТ және БТ студенттерінің 6-сұрақ бойынша жауаптарының көрсеткіші

Сыналушылардың жауаптарын талдау нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің еріктілік іс-әрекетке уақыт бөлуге дайындығы бойынша көрсеткіштері бір-біріне жақын екені анықталды. Студенттердің басым бөлігі аптасына 1–2 сағат (ЭТ – 18,2%, БТ – 18,3%) немесе 3–4 сағат (ЭТ – 18,2%, БТ – 20,0%) еріктілік іс-әрекетке арнауға дайын екендіктерін көрсетті. Сонымен қатар аптасына 1 күн уақыт бөлуге дайын студенттердің үлесі эксперименттік топта 12,7%, бақылау тобында 11,7%, ал аптасына бір күннен артық уақыт арнай алатындар тиісінше 9,1% және 8,3% болды.

Зерттеу нәтижелері студенттердің белгілі бір бөлігінің еріктілік іс-әрекетке уақыт бөлуге дайын екенін көрсеткенімен, олардың едәуір бөлігі уақыты болған кезде ғана қатысатынын (ЭТ – 16,4%, БТ – 16,7%) немесе өз уақытын еріктілік іс-әрекетке арнауға дайын еместігін (ЭТ – 10,9%, БТ – 11,7%) білдірді. Бұл студенттердің еріктілік іс-әрекеттің әлеуметтік маңызын түсінгенімен, оны тұрақты қоғамдық тәжірибеге айналдыруға қатысты белсенді ұстанымының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын аңғартады.


Демек, алынған нәтижелер студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуға оң ниеті бар екенін, алайда қоғамдық пайдалы қызметке тұрақты уақыт бөлуге

дайындық деңгейі жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл өз кезегінде студенттердің өзара әрекеттестік, коммуникативтік және ортақ нәтижеге қол жеткізу сияқты әлеуметтік біліктерін нақты еріктілік тәжірибесі арқылы дамытуға бағытталған педагогикалық жұмыстардың қажеттілігін негіздейді.

Келесі кезекте «Альтруизм шкаласы (Self-Report Altruism Scale, SRA)» сауалнамасы қолданды. Бұл жеке тұлғаның басқа адамдарға көмектесу мінез-құлқының жиілігі мен тұрақтылығын өз-өзіне есеп беру арқылы анықтауға арналған психодиагностикалық әдістеме. SRA нәтижелері негізінде респонденттердің альтруизм деңгейі төмен, орта және жоғары деңгейлерге жіктеледі. Зерттелушілерге жүргізілген әдістеме жұмысының нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады (22 - кесте).

Кесте 22 – Альтруизм шкаласы (SRA) нәтижесі бойынша студенттердің деңгейлері

Топтар	Төмен деңгей %	Орта деңгей %	Жоғары деңгей %
Эксперименттік топ	30,9%	47,3%	21,8%
Бақылау тобы	30,0%	46,7%	23,3%



Сурет 19 –Альтруизм шкаласы (SRA) бойынша сауалнама нәтижесі


Альтруизм шкаласы (SRA) бойынша алынған нәтижелер ЭТ және БТ студенттерінің бастапқы деңгейлері бір-біріне жақын екенін көрсетті. Эксперименттік топта төмен деңгей – 30,9%, орта деңгей – 47,3%, жоғары деңгей – 21,8% болды. Бақылау тобында төмен деңгей – 30,0%, орта деңгей – 46,7%, жоғары деңгей – 23,3% көрсетті. Екі топта да студенттердің басым бөлігі

орта деңгейде орналасқан. Бұл студенттердің альтруистік мінез-құлқы қалыптасқанымен, оны одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар ЭТ көрсеткіштері БТ-ға қарағанда сәл төмен болғандықтан, қалыптастырушы эксперимент жұмысын жүргізуге негіз бар. Осы көрсеткіштер қалыптастырушы эксперимент кезеңінде студенттердің альтруистік мінез-құлқын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттігін айқындайды. Бұл бағытта еріктілік іс-әрекет жобаларына қатыстыру, өзара көмек пен қолдау көрсетуге арналған тренингтер, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар, қайырымдылық акциялары және рефлексиялық тапсырмалар ұйымдастырылды. Аталған жұмыстар студенттердің эмпатиясын, жауапкершілігін және қоғам игілігі үшін әрекет етуге дайындығын арттыруға бағытталды.

Зерттеу аясында еріктілік іс-әрекеттің тиімділігін анықтауда тұлғаның рефлексивтік қабілеттері негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылды, себебі ол студенттердің өз әрекетін саналы бағалау, тәжірибесін талдау және әлеуметтік жауапкершілікті ішкі ұстаным ретінде қалыптастыруына тікелей ықпал етеді. Осы мақсатта «Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтау анкета-тесті» авторлық сауалнамасы (23-кестеде) қолданылды.

Кесте 23 – «Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтау анкета-тесті»

Топтар	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
Эксперименттік топ	21,8%	43,6%	34,6%
Бақылау тобы	33,3%	45,0%	21,7%



Сурет 20 – «Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтау анкета-тесті» нәтижесінің диаграммасы

Айқындаушы эксперимент нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерінде белгілі бір айырмашылық бар екенін көрсетті. Эксперименттік топта жоғары деңгей 34,6%-ды, бақылау тобында 21,7%-ды құрады. Бұл айырмашылық зерттеуге қатысушылардың бастапқы әлеуметтік белсенділігі, еріктілікке қызығушылығы және тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен екі топта да орта деңгейдегі студенттер үлесі басым болғандықтан, қалыптастырушы жұмыс жүргізу қажеттілігі сақталады. Эксперименттік топтағы бастапқы көрсеткіштердің біршама жоғары болуы қалыптастырушы эксперименттің нәтижесін бағалауда ескерілді. Сондықтан қорытынды кезеңде тек соңғы нәтиже ғана емес, әр топтың бастапқы және қорытынды көрсеткіштері арасындағы өзгеріс динамикасы салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері студенттердің рефлексивтік қабілет деңгейі екі топта да негізінен орта деңгейде шоғырланғанын көрсетті. Бұл студенттердің өз әрекетін ішінара талдай алатынын, алайда рефлексиялық дағдылардың толық қалыптаспағанын білдіреді. Эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткішінің біршама басым болуы олардың еріктілік іс-әрекет барысында өзін-өзі талдау және тәжірибені бағалау қабілеттерінің салыстырмалы түрде жақсырақ дамығанын аңғартады. Ал бақылау тобында төмен деңгей көрсеткішінің жоғары болуы рефлексивтік дағдыларды мақсатты дамыту қажеттілігін көрсетеді. Жалпы алғанда, алынған деректер студенттердің рефлексиясын жүйелі түрде дамыту педагогикалық қолдауды қажет ететінін дәлелдейді.

Қорыта келе, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңінде студенттермен жүргізілген сауалнама және тест нәтижелері студенттердің еріктілік іс-әрекетке мотивациясы, рефлексивтік қабілеті және әлеуметтік жауапкершілік, белсенділік деңгейі жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Алынған мәліметтер студенттердің еріктілік тәжірибесі көбіне тұрақсыз сипатта екенін, олардың бір бөлігінде ішкі мотивацияның әлсіздігін және өз әрекетін терең талдау дағдыларының толық дамымағанын айқындады. Осыған байланысты студенттердің еріктілік іс-әрекетке саналы қатысуын арттыру және олардың рефлексивтік дағдыларын дамыту қажеттілігі анық байқалды.

Біз айқындаған диагностикалық әдістемелер арқылы жүргізген бастапқы диагностика студенттердің көп бөлігінің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасандығының төмен деңгейінің басымдығын көрсетті және олардың еріктілік іс-әрекетке жиі қатыспайтындығын, қызығушығының аздығын байқатты. Бұл нәтижелер бізге студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың әдістемесін жасау қажетттігін туындатты. Бұл туралы диссертациялық зерттеудің 3.2 параграфында негізделіп, тереңнен мазмұндалады.

3.2 Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясы мен оны жүзеге асыру

Диссертацияның 3.1-параграфында мазмұндалған айқындау экспериментінің нәтижелері студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің бастапқы қалыптасу деңгейінің жеткіліксіз екенін және еріктілік іс-әрекетке аз қатысатындығын көрсетті. Бұл бізге қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттігін туындатты.

Қалыптастыру экспериментіне айқындау эксперментінде іріктелген Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 6В01101-«Педагогика және психология», 6В01301-«Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы», білім беру бағдарламасының 1-4 курс бакалаврдың - 55 студенті эксперимент тобында, ал Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 6В01101-«Педагогика және психология», В003-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларының 1-4 курс бакалаврдың – 60 студенті бақылау тобында қатысты.

Бұл бізге студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясын жасау қажеттігін талап етті. Өйткені технология, қалыптастырудың технологиясы алдын ала белгіленген мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзара байланысқан әдістердің, тәсілдердің, құралдар мен әрекеттердің жүйелі түрде жобаланған және бірізді жүзеге асырылатын жүйесін білдіреді.

В.П.Беспалько педагогикалық технологияны алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісін практикада жүйелі және бірізді жүзеге асырумен байланыстырады. Оның тұжырымында технология педагогикалық жүйенің жобасы ретінде қарастырылып, оның құрылымдық және мазмұндық тұтастығына, мақсаттың нақтылығына және барлық элементтердің өзара үйлесімді әрекетіне мән беріледі [270].


Ал Г.К.Селевко педагогикалық технологияны ғылыми негізде құрылған, уақыт пен кеңістікте алдын ала жобаланған және белгіленген нәтижеге жеткізетін педагогикалық үдерістің барлық компоненттерінің қызмет ету жүйесі ретінде анықтайды. Бұл анықтамалар біздің технологиямыздың үш кезеңнің бірізділігі мен әр кезеңге сәйкес құралдар, әдістер және формалардың жүйеленуін негіздейді [271].

Осыған сүйене отырып, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру технологиясы деп еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік және мінез-құлықтық кезеңдердің бірізділігі негізінде жүзеге асатын, психологиялық-педагогикалық шарттар, қағидаттар, іс-шаралар, құралдар, әдістер мен формалардың өзара байланысы арқылы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін мақсатты әрі жүйелі қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үдерісті түсінеміз.

Бұл біз ұсынған студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру моделінің технологиялық бөлігін қамтиды.

Осыған байланысты біз студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясын ұсындық. (Сурет 21).

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты - студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру технологиясының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында анықтау.



Сурет 21 – Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясы

Қалыптастыру технологиясын жүзеге асырудың бірінші – еріктілік-бағдарлық кезеңінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық шарттарды іске асыру жүзеге асырылды. Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру қағидатына сәйкес зерттеу барысында «Volunteer Hub» еріктілер хабы ұйымдастырылды. Хаб студенттердің еріктілік бастамаларын біріктіретін, әлеуметтік жобаларды үйлестіретін және қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дамытушы орта ретінде қызмет атқарды. Оның аясында студенттердің еріктілік іс-әрекетке тұрақты қатысуына жағдай жасалып, олардың әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік белсенділігі, өзара ынтымақтастығы мен азаматтық ұстанымын дамытуға бағытталған жұмыстар (Кесте 24) жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Кесте 24 – «Volunteer Hub» еріктілер хабының қызметін ұйымдастыру мазмұны

Кезеңдік іс-шаралар	I кезең Дайындық	II кезең Негізгі	III кезең Рефлексиялық
1	2	3	4
Volunteer Hub жұмысының бағыты	Еріктілер хабының қызметін ұйымдастыру және студенттерді еріктілік іс-әрекетке тарту	Volunteer Hub бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыру	Бағдарламаның нәтижелерін бағалау және тәжірибені тарату
Мақсаты	Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қызығушылығын қалыптастыру, Volunteer Hub қызметімен таныстыру және еріктілер құрамын жасақтау	Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет арқылы қалыптастыру, әлеуметтік жобаларға белсенді қатыстыру	Студенттердің әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесін талдау, жетістіктерін бағалау және қоғамдық бастамаларды жалғастыруға ынталандыру
Мазмұндық бағыттары	1. Volunteer Hub қызметінің мақсат-міндеттерімен таныстыру .2. Студенттерді еріктілер қатарына қабылдау және тіркеу. 3. Еріктілер кодексімен таныстыру .4. Еріктілік іс-әрекет бағыттарын таныстыру. 5. Әлеуметтік серіктестермен байланыс орнату және жылдық жоспарды бекіту.	1.SAQ Officers жобасын жүзеге асыру. 2.Peer-to-Peer, Buddy, Exam Chill бағдарламаларын ұйымдастыру. 3.Eco & Tech жобасы аясында экологиялық және цифрлық іс-шараларды өткізу .4.Инклюзия және теңдік жобасы бойынша әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу. 5.Әлеуметтік акциялар, тренингтер, тимбилдингтер, қайырымдылық іс-шаралары мен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.	1.Еріктілік іс-әрекет нәтижелерін талдау. 2.Қатысушылардың әлеуметтік жауапкершілік деңгейін бағалау. 3.Рефлексиялық кездесулер мен кері байланыс ұйымдастыру. 4.Үздік еріктілер тәжірибесін тарату және марапаттау. 5.Бағдарламаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

24-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Күтілетін нәтижесі	Студенттердің ериктілік іс-әрекетке қызығушылығы артып, Volunteer Hub құрамына ерікті түрде қатысуы қамтамасыз етіледі.	Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі, азаматтық белсенділігі, коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдылары дамып, қоғамдық пайдалы қызмет тәжірибесі қалыптасады.	Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі тұрақты тұлғалық сапа ретінде орнығып, ериктілік іс-әрекеттің тиімділігі бағаланып, үздік тәжірибелер кеңінен таратылады.

Volunteer Hub ериктілер хабының дайындық кезеңі студенттердің ериктілік іс-әрекетке саналы әрі жүйелі қатысуына қажетті бастапқы білімдерін, дағдыларын және ұйымдастырушылық негіздерін қалыптастыруға бағытталды. Бұл кезеңде студенттер Volunteer Hub қызметінің мақсат-міндеттерімен, ериктілік іс-әрекеттің мәнімен, негізгі қағидаттарымен және бағыттарымен таныстырылды. Сонымен қатар ериктілерді іріктеу, бастапқы диагностика жүргізу, этикалық кодекспен таныстыру, «Ериктінің мектебі» оқыту семинары арқылы қажетті құзыреттерді дамыту, жобалық топтарды қалыптастыру және жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу жұмыстары жүзеге асырылды. Дайындық кезеңінің мазмұны төмендегі 25-кестеде берілген.

Кесте 25 – Volunteer Hub ериктілер хабының дайындық кезеңінің іс-шаралар жоспары

№	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жүргізілу барысы
1	2	3	4
1	Volunteer Hub қызметінің таныстырылымы	Студенттерді Volunteer Hub қызметінің мақсаты, міндеттері, құрылымы, жобалары және жұмыс қағидаттарымен таныстыру.	Таныстырылым өткізіледі. Хабтың миссиясы, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы рөлі түсіндіріледі. SAQ Officers, Peer-to-Peer, Buddy, Exam Chill, Eco & Tech және «Инклюзия және теңдік» жобалары туралы ақпарат беріледі. Студенттердің сұрақтарына жауап беріледі.
2	Ериктілерді тіркеу және бастапқы диагностика	Ериктілер құрамын қалыптастыру, мотивациясы мен әлеуметтік жауапкершілік деңгейін бастапқы анықтау.	Өтінім қабылдау жүргізіледі. Сауалнама, мотивациялық анкета және бастапқы диагностикалық әдістемелер қолданылады. Ериктілердің дерекқоры жасақталады.

25-кестенің жалғасы

1	2	3	4
3	«Еріктінің мектебі» оқыту семинар-тренингі	Еріктілік іс-әрекет бойынша дәріс оқу. Еріктілік іс-әрекетті ұйымдастырудың негізгі дағдыларын қалыптастыру: командада жұмыс істеу, коммуникация, көшбасшылық, іс-шара ұйымдастыру.	16 сағаттық дәріс оқылады. Семинар-тренинг өткізіледі. Топтық тапсырмалар, рөлдік ойындар және жағдаяттық тапсырмалар орындалады.
4	Volunteer Hub мүшесінің этикалық кодексімен таныстыру	Еріктінің құқықтары мен міндеттері, этикалық қағидаттары және мінез-құлық нормалары түсіндіріледі.	Кодекстің әрбір бөлімі талқыланады. Студенттер кодекспен танысып, оны сақтау туралы келісімге қол қояды.
5	Жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу	Әр жобаның іс-шараларын, мерзімдерін және жауапты тұлғаларын анықтау.	Топ мүшелері бірлесіп жылдық жоспар құрады, іс-шаралардың күнтізбесі әзірленіп, Volunteer Hub кеңесінде бекітіледі.

Кестеде көрсетілген іс-шаралар өзара логикалық сабақтастықта ұйымдастырылып, студенттердің Volunteer Hub қызметіне кезең-кезеңімен бейімделуін қамтамасыз етеді. Алайда олардың ішінде студенттердің еріктілік іс-әрекет туралы ғылыми түсінігін қалыптастыруға, әлеуметтік жауапкершіліктің мәнін ұғынуына және кейінгі тәжірибелік жұмыстарға теориялық негіз қалауға бағытталған «Еріктінің мектебі» оқыту семинары ерекше орын алады. Сондықтан аталған дәрістің мазмұны мен оны ұйымдастыру ерекшеліктеріне төменде 26-кестеде толығырақ тоқталамыз.

Кесте 26 – «Еріктінің мектебі» оқыту семинарының мазмұны

№	Оқу мазмұны	Негізгі оқу әрекеті	Әдістері
1	2	3	4
1	Тақырыппен таныстыру және мотивациялық бөлім	Еріктілік туралы бастапқы түсініктерді анықтау, проблемалық сұрақтарды талқылау	Сұрақ-жауап, «Миға шабуыл»
2	Еріктілік ұғымының мәні	Еріктіліктің негізгі белгілерін анықтау, жағдаяттарды ажырату және негіздеу	Проблемалық дәріс, жағдаяттық тапсырма, пікір алмасу
3	Еріктілік іс-әрекетінің қағидаттары	Еріктілік қағидаттарын жағдаяттар негізінде талдау	Түсіндіру, жағдаяттық талдау, пікірталас
4	Еріктілік іс-әрекетінің құқықтық негіздері	Волонтердің құқықтары мен міндеттерін талдау, заң баптарын практикалық жағдаяттармен байланыстыру	Мини-дәріс, нормативтік құжатпен жұмыс, топтық жұмыс

26-кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Еріктілік іс-әрекетінің қоғамдағы рөлі	Әлеуметтік мәселелерді шешудегі еріктіліктің мүмкіндіктерін топтық талдау және постер арқылы ұсыну	Топтық жұмыс, постер қорғау, пікірталас
6	Еріктілік іс-әрекеті және студенттің әлеуметтік жауапкершілігі	Еріктілік бағыттарын таңдау, әлеуметтік бастама ұсыну және таңдауын негіздеу	Түсіндіру, жоба таныстырылымы, рефлексиялық әңгіме

Кестеде ұсынылған семинар мазмұны тәжірибелік жұмыс барысында студенттердің белсенді қатысуына негізделіп жүзеге асырылды. Семинардың әр кезеңінде студенттердің бастапқы түсініктерін анықтау, проблемалық жағдаяттарды бірлесіп талдау, өз пікірін негіздеу және рефлексия жасауға басымдық берілді. Семинардың жүргізілу барысына нақтырақ тоқталайық.

*Тақырыппен таныстыру және мотивациялық бөлім***.** Дәрістің бастапқы кезеңінде студенттердің еріктілік іс-әрекет туралы бастапқы түсініктерін анықтау мақсатында «Еріктілік іс-әрекет дегеніміз не?», «Неліктен адамдар қоғамдық пайдалы жұмыстарға ақысыз қатысады?», «Еріктілік іс-әрекеттің қоғам үшін маңызы неде?» деген проблемалық сұрақтар қойылды. Студенттердің жауаптарын талқылау барысында еріктілік ұғымын негізінен «өз еркімен көмек көрсету», «ақысыз қоғамдық жұмыс», «мұқтаж адамдарға көмектесу», «қоғамға пайдалы болу» мазмұнында түсінетіні байқалды. Кейбір студенттер еріктілікке қатысудың себебін жаңа тәжірибе жинақтау, адамдармен қарым-қатынас орнату және өзін дамыту мүмкіндігімен байланыстырды.

«Егер ерікті атқарған жұмысы үшін ақы алмаса, оны бұл әрекетке не ынталандырады?» деген қосымша сұрақ студенттер арасында пікірталас туғызды. Талқылау барысында өзгеге көмектесуге деген ішкі қажеттілік, қоғамдық пайдалы іске қатысу, жаңа орта мен тәжірибе, өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезіну тәрізді себептер аталды. Осы пікірлер негізінде еріктіліктің тек ақысыз қызмет емес, саналы таңдау, әлеуметтік қажеттілік және қоғамдық жауапкершілікпен байланысты іс-әрекет екеніне назар аударылды.

Одан әрі студенттерге «Еріктілік пен әлеуметтік жауапкершіліктің арасында қандай байланыс бар?» деген сұрақ ұсынылды. Студенттердің пікірлерін жинақтау нәтижесінде еріктінің қабылдаған міндетін орындауы, көмек алушының алдындағы жауапкершілікті сезінуі, уақытты сақтауы, топ мүшелерімен санасуы және бастаған ісін нәтижесіне дейін жеткізуі әлеуметтік жауапкершіліктің нақты көріністері ретінде айқындалды. Осы талқылаудан кейін дәрістің мақсаты мен міндеттері таныстырылып, еріктілік іс-әрекеттің мәні, қоғамдық маңызы және студенттің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылды

Еріктілік ұғымының мәні. Еріктіліктің негізгі белгілерін меңгерту барысында студенттерге еріктілікке ұқсас, бірақ мазмұны жағынан ерекшеленетін үш жағдаят ұсынылды. Бірінші жағдаятта студент факультет

әкімшілігінің тапсырмасымен сенбілікке қатысса, екінші жағдайда демалыс күні ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға өз еркімен тегін қосымша сабақ өткізеді, үшінші жағдайда мерекелік іс-шараны ұйымдастырып, атқарған жұмысы үшін ақы алады. Студенттер шағын топтарда әр жағдаятты «ерікті таңдау», «ақысыздық», «риясыздық», «қоғамдық пайда» белгілері бойынша салыстырып, қай әрекетті еріктілікке жатқызуға болатынын анықтады.

Талқылау барысында бірінші жағдаят студенттер арасында көбірек пікірталас туғызды. Студенттердің бір бөлігі сенбіліктің қоғамдық пайдалы сипатына сүйеніп, оны еріктілікке жатқызуға болатынын айтса, екінші бөлігі «егер студент әкімшіліктің тапсырмасымен қатысса, оның еркін таңдауы қай жерде көрінеді?» деген мәселе көтерді. Осы пікір негізінде студенттер қоғамдық пайдалы әрекеттің барлығы бірдей еріктілік болып саналмайтынын, еріктіліктің маңызды белгісі мәжбүрлеусіз және саналы таңдау негізінде жүзеге асуы екенін ажыратты.

Екінші жағдаятты талдауда студенттер оның еріктілікке неғұрлым толық сәйкес келетінін негіздеп, әрекеттің өз еркімен орындалуына, ақы төленбеуіне және басқа адамға нақты пайда әкелуіне назар аударды. Үшінші жағдаят бойынша «қоғамға пайдалы болса да, ақы төленсе, оны еріктілік деп атай аламыз ба?» деген сұрақ талқыланып, студенттер ақылы қызмет пен еріктілік іс-әрекеттің айырмашылығын анықтады. Пікір алмасу нәтижесінде студенттер еріктілікті жай ғана «тегін жұмыс» ретінде емес, еркін таңдау, риясыздық, өтеусіздік және қоғамдық пайдалылық өзара бірлікте көрінетін әлеуметтік мәнді іс-әрекет ретінде тұжырымдады.

*Еріктілік іс-әрекетінің қағидаттары***.** Еріктілік, гуманизм, әлеуметтік жауапкершілік, заңдылық, теңдік, ынтымақтастық, толеранттылық және құпиялылық қағидаттары түсіндірілгеннен кейін студенттерге нақты жағдаят ұсынылды: «Ерікті қайырымдылық акциясы кезінде көмек алған адамның фотосуретін оның рұқсатынсыз әлеуметтік желіге жариялады. Бұл әрекетті дұрыс деп есептейсіз бе?» Студенттердің бір бөлігі мұны акция туралы ақпарат таратудың бір жолы ретінде бағаласа, басқалары адамның келісімінсіз жариялау құпиялылық пен тұлғаны құрметтеу қағидатына қайшы екенін атап өтті.

Пікірталас барысында «Қоғамға пайдалы мақсат адамның жеке құқығын елемеуге негіз бола ала ма?» деген қосымша сұрақ талқыланды. Нәтижесінде студенттер еріктінің жақсы ниеті жеткіліксіз екенін, көмек көрсету барысында адамның қадір-қасиетін, құқығын және жеке шекарасын сақтау қажеттігін тұжырымдады. Осы жағдаят арқылы еріктілік қағидаттары теориялық талап ретінде ғана емес, нақты әрекет кезінде шешім қабылдауды реттейтін ұстанымдар ретінде меңгерілді.

*Еріктілік іс-әрекетінің құқықтық негіздері, қоғамдағы рөлі және студенттің әлеуметтік жауапкершілігі***.** Семинардың келесі бөлігінде студенттер Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңы негізінде волонтердің құқықтары мен міндеттерін топтық талдап, оларды нақты

еріктілік жағдаяттарымен байланыстырды. Одан әрі «Еріктілік қоғамдағы қандай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді?» деген сұрақ төңірегінде қарт адамдарды қолдау, инклюзия және экологиялық мәселелер бағыттары қарастырылып, студенттер өз ұсыныстарын постер арқылы қорғады. Талқылау барысында олар еріктіліктің қоғамға пайда келтірумен қатар, еріктінің өзіне де міндет қабылдау, адамдармен бірлесіп әрекет ету және бастаған істі нәтижесіне дейін жеткізу жауапкершілігін жүктейтінін атап өтті. Қорытынды кезеңде студенттер өз қызығушылықтарына сәйкес еріктілік бағыттарын таңдап, «Мен бұл бағытта қандай әлеуметтік бастама ұсына аламын және оның нәтижесіне қандай жауапкершілік аламын?» деген сұраққа жауап берді. Рефлексия нәтижесінде еріктілік іс-әрекет студенттердің әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамауына, бастама көтеруіне және өз әрекетінің қоғам үшін маңызын саналы түсінуіне мүмкіндік беретіні қорытындыланды.

«Еріктінің мектебі» оқыту семинар-тренингі өзара логикалық байланысқан төрт модульден тұрды. Әрбір модуль студенттердің еріктілік іс-әрекетке даярлығын арттыруға, олардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және Volunteer Hub жобалары аясындағы практикалық жұмыстарға бейімдеуге бағытталды. Семинардың мазмұны мен жүргізілу ерекшеліктері 27-кестеде берілген.

Кесте 27 – «Еріктінің мектебі» оқыту семинар-тренингінің мазмұны

№	Модуль атауы	Мазмұны	Әдістері
1	2	3	4
1	Мотивациялық тренинг («Мен не үшін еріктімін?»)	Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысуға деген ішкі уәжін қалыптастыру, әлеуметтік жауапкершіліктің маңызын түсіндіру және қоғамдық пайдалы бастамаларға қызығушылығын арттыру.	Миға шабуыл, топтық талқылау, рефлексия, құндылықтарды анықтау әдісі
2	Командада жұмыс істеу («Біз – бір командамыз»)	Студенттердің командада жұмыс істеу, ортақ мақсат қою, міндеттерді бөлу, бірлескен шешім қабылдау және ұжымдық жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру.	Топтық жұмыс, жағдаяттық тапсырма, жобалау әдісі, пікірталас
3	Коммуникация («Тиімді қарым-қатынас – табысты еріктілік іс-әрекеттің негізі»)	Белсенді тыңдау, эмпатия таныту, тиімді қарым-қатынас жасау және әртүрлі әлеуметтік топтармен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.	Жұптық жұмыс, рөлдік ойын, жағдаяттық тапсырма, кері байланыс
4	Көшбасшылық («Әлеуметтік көшбасшылық негіздері»)	Студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін, бастамашылдығын, шешім қабылдау және топты басқару дағдыларын дамыту.	Жобалау әдісі, жағдаяттық талдау, топтық жұмыс, презентация, пікірталас

Кестеде тренингтік жұмыстың негізгі мазмұны, оқу әрекеттері мен қолданылған әдістері жүйеленді. Ендігі кезекте әр модуль аясында студенттермен жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың мазмұны мен олардың белсенді әрекеттеріне нақтырақ тоқталамыз.

«Мен не үшін еріктімін?» мотивациялық тренингі студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу себептерін анықтаудан басталды. Студенттерге «Неліктен адамдар еріктілік іс-әрекетке қатысады?», «Сізді ерікті болуға не ынталандырады?», «Мен қоғамға қандай үлес қоса аламын?» деген сұрақтар қойылды. Пікір алмасу барысында студенттер өзгелерге көмектесу, қоғамға пайдалы болу, жаңа тәжірибе жинақтау, жаңа адамдармен танысу, өзін дамыту сияқты мотивтерді атады. Талқылау барысында «Егер еріктілік үшін материалдық сыйақы берілмесе, адамның бұл әрекетті жалғастыруына не себеп болады?» деген сұрақ ұсынылып, студенттер еріктіліктің ішкі қажеттілік пен саналы таңдауға негізделетіні жөнінде пікір білдірді. Одан кейін студенттер өздері үшін маңызды құндылықтар мен еріктілікке қатысу себептерін салыстырып, жеке еріктілік мақсатын белгіледі. «Мен ерікті ретінде...» сөйлемін жалғастыру кезінде олардың жауаптарында адамдарға көмектесу, пайдалы іс атқару, бастаған істі соңына дейін жеткізу, әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамау мазмұнындағы ойлар көрініс тапты. Тренинг соңындағы рефлексия студенттердің еріктілікке қатысуды сыртқы талаптан гөрі жеке қажеттілік, саналы таңдау және әлеуметтік міндет қабылдаумен байланыстыра бастағанын көрсетті.

«Біз – бір командамыз» тренингінде студенттердің бірлескен әрекет, міндеттерді бөлу және ортақ нәтижеге жауап беру тәжірибесін қалыптастыруға назар аударылды. Студенттер 5–6 адамнан топтарға бөлініп, әлеуметтік жағдайы төмен және ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған «Балаларға қуаныш сыйла» әлеуметтік жобасын жоспарлады. Топ ішінде студенттер жобаның мақсатын анықтап, ұйымдастырушы, қатысушылармен байланыс жасаушы, қажетті ресурстарға жауапты және ақпараттық қолдау көрсетуші міндеттерін өзара бөлісті. Жұмыс барысында «Егер топ мүшелерінің бірі өз міндетін уақытында орындамаса, бұл ортақ нәтижеге қалай әсер етеді?» деген мәселе талқыланды. Студенттер бір адамның жауапсыздығы бүкіл топтың жұмысына ықпал ететінін айтып, міндетті нақты бөлу, өзара ақпарат алмасу және қажет жағдайда бір-біріне қолдау көрсету қажеттігін атап өтті. Қарттар үйіндегі іс-шараға бірнеше еріктінің қатыса алмай қалуы туралы проблемалық жағдаятта студенттер міндеттерді қайта бөлу, қосымша еріктілер тарту және іс-шараның маңызды бөліктеріне басымдық беру сияқты шешімдер ұсынды. Нәтижесінде олар командалық әрекетте жеке жауапкершіліктің ортақ нәтижеге жауапкершілікпен ұштасатынын тәжірибелік жағдаят арқылы түсінді.

Коммуникациялық тренинг барысында студенттер алдымен жұппен белсенді тыңдау жаттығуын орындады. Бір студент өзі қатысқан қоғамдық немесе еріктілік іс-шара туралы әңгімелесе, екіншісі оның сөзін бөлмей тыңдап, негізгі ойын өз сөзімен қайталап, нақтылаушы сұрақтар қойды. Жаттығудан

кейін «Адамды тыңдау мен жай ғана естудің айырмашылығы неде?», «Ерікті үшін тыңдай білу неліктен маңызды?» деген сұрақтар талқыланды. Студенттердің пікірлерінде көмек көрсетуден бұрын адамның нақты қажеттілігін түсіну және өз пікірін оған күштеп таңбау қажеттігі аталды. Келесі кезеңде бірінші курс студентіне бейімделуге көмектесу, ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың ата-анасымен сөйлесу және экологиялық акция кезінде туындаған келіспеушілікті шешу жағдаяттары рөлдік ойын арқылы орындалды. Қатысушылар әр көріністен кейін қандай сөздер қарым-қатынасты жеңілдеткенін, қай әрекеттер түсінбеушілік туғызғанын талдады. Студенттер әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін ескеріп қарым-қатынас жасау, сабырлылық таныту, сұрақты дұрыс қою және кері байланыс беру қажеттігін атап өтті. Осы жұмыстар өзара әрекеттестік, коммуникативтілік пен эмпатиялық қатынасты нақты әлеуметтік жағдаятта қолдануға мүмкіндік берді.

«Әлеуметтік көшбасшылық негіздері» тренингінде студенттерге «Таза кампус – таза болашақ» экологиялық акциясын өздігінен жоспарлау тапсырылды. Топтар акцияның мақсаты мен міндеттерін анықтап, іс-шара кезеңдерін жоспарлады, ресурстар мен жауапты тұлғаларды белгіледі. Жобаларды қорғау кезінде басқа топтар «Ұсынылған нәтижеге қалай қол жеткізесіздер?», «Қатысушылар аз болса, жоспар қалай өзгереді?», «Әр міндетке кім жауап береді?» деген сұрақтар қойып, ұсынылған жоспарлардың орындалу мүмкіндігін талқылады. Одан кейін студенттерге қайырымдылық жәрмеңкесін өткізу кезінде демеушінің бас тартуы, еріктілер санының азаюы және іс-шара өтетін орынның өзгеруі туралы проблемалық жағдай ұсынылды. Топтар мәселенің басым бағыттарын анықтап, жаңа жағдайға сәйкес шешім қабылдады. Бір топ ресурстарды қайта қарастыруды ұсынса, екіншілері міндеттерді қайта бөлу мен балама орын қарастыруды маңызды деп санады. Талқылау соңында студенттер көшбасшылықты тек топты басқарумен емес, бастама көтеру, өзгерген жағдайда шешім қабылдау, өз әрекетін реттеу және қабылданған шешімнің нәтижесіне жауап беру қабілетімен байланыстырды.

Тренингтік жұмыстар барысында студенттер еріктілік іс-әрекетке қатысу мотивтерін саналы түсінуден бірлескен әрекетке, тиімді әлеуметтік қарым-қатынас пен дербес бастама көтеруге дейінгі тәжірибеден өтті. Мотивациялық тапсырмалар олардың еріктілікке қажеттілігі мен өзіндік мақсатын айқындауға ықпал етсе, командалық және коммуникативтік жұмыстар өзара әрекеттестік, коммуникативтілік пен нәтижеге жету біліктерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді. Ал көшбасшылық тапсырмаларында студенттердің ерік-жігері, өзін-өзі реттеуі, белсенділігі және қабылдаған шешімдері мен ортақ нәтижеге жауапкершілік танытуына басымдық берілді.

Оқыту семинар-тренингтері барысында студенттердің еріктілік іс-әрекетке қажетті тұлғалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған практикалық тапсырмалар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Әр модульде қолданылған жағдаяттық тапсырмалар, топтық жұмыстар, рөлдік ойындар мен жобалау әдістері студенттердің еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуына, өзара

ынтымақтастық орнатуына, әлеуметтік мәселелерді бірлесіп шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Volunteer Hub бағдарламасының дайындық кезеңінің мазмұны студенттердің еріктілік іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз етуге бағытталған дәрістерден, семинар-тренингтерден, Volunteer Hub мүшесінің этикалық кодексімен таныстырудан және жобалардың жылдық жұмыс жоспарын бірлесіп әзірлеуден тұрды. Аталған жұмыстардың қалыптастыру эксперименті барысында жүзеге асырылуы және олардың мазмұнының студенттерге меңгертілуі әлеуметтік жауапкершіліктің мотивациялық компонентінің дамуына ықпал етті. Алайда студенттердің еріктілік іс-әрекеттің мәні, қағидаттары және оны ұйымдастыру ерекшеліктері жөніндегі теориялық білімдері мен бастапқы ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасқанымен, олардың нақты әлеуметтік ортада еріктілік іс-әрекетті жүзеге асыру тәжірибесін, әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысуын және әлеуметтік жауапкершілікті практикалық әрекет арқылы дамыту қажеттілігін көрсетті.

Қалыптастыру технологиясын жүзеге асырудың екінші - танымдық-әрекеттік кезеңінде студенттердің қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар мен моральдық пайымдаулар туралы білімдерін тереңдетіп, оларды нақты еріктілік іс-әрекетте жүзеге асыруға қажетті өзара әрекеттестік, коммуникативтілік және нәтижеге жету біліктерін дамыту көзделді**.** Бұл кезеңде студенттер SAQ Officers, Peer-to-Peer, Buddy, Exam Chill, Eco & Tech және «Инклюзия және теңдік» жобалары аясындағы еріктілік іс-әрекетке қатысумен қатар, әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған педагогикалық және психологиялық тренингтерге, әлеуметтік акцияларға, тәлімгерлік жұмыстарға, кездесулерге және басқа да тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысты. Аталған жұмыстардың мазмұны студенттердің еріктілік іс-әрекетке деген қажеттілігін қалыптастыруға, қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар және моральдық пайымдаулар саласындағы білімдерін тереңдетуге, ерік-жігерін дамытуға және өзін-өзі реттеуге ұмтылысын қалыптастыруға бағытталды. «Volunteer Hub» бағдарламасының негізгі кезеңінің мазмұны мен аталған жобалардың қалыптастыру эксперименті барысында жүзеге асырылу ерекшеліктері төменде жеке-жеке қарастырылады. Солардың бірі *«Peer-to-Peer» (Тең-теңіне тәлімгерлік жобасы).* «Peer-to-Peer» жоба бағдарламасы 24 академиялық сағат көлемінде әзірленіп, қалыптастыру эксперименті барысында Volunteer Hub еріктілер хабының негізгі жобаларының бірі ретінде жүзеге асырылды. Бағдарлама мазмұны сегіз тақырыптан тұрып, дәріс, семинар-практикум, коммуникативтік тренинг, тимбилдинг және дөңгелек үстел түрінде ұйымдастырылды (28 кесте).

Жоба мақсаты: бірінші курс студенттерінің университеттің академиялық және әлеуметтік ортасына бейімделуіне тәлімгерлік қолдау көрсету, студенттердің өзара көмек көрсету мәдениетін дамыту және еріктілік іс-әрекет арқылы әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. бірінші курс студенттерінің университет ортасына бейімделуіне жүйелі қолдау көрсету;

2. студенттердің еріктілік іс-әрекетке деген қажеттілігін қалыптастыру;

3. қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар және моральдық пайымдаулар саласындағы білімдерін кеңейту (студенттердің өзара көмек көрсету және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;ерік-жігерін дамытуға және өзін-өзі реттеуге ұмтылысын қалыптастыру);

4. тәлімгерлердің жауапкершілікпен шешім қабылдау және әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу тәжірибесін қалыптастыру.

Кесте 28 – «Peer-to-Peer» (Теңтеңіне тәлімгерлік жобасы) тақырыптық жоспары

№	Тақырыптық жоспар	Жүргізілу форматы	Әдістері
1	2	3	4
1	«Peer-to-Peer» жобасымен таныстыру. Тәлімгер-еріктінің рөлі мен жауапкершілігі	Ақпараттық кездесу	Презентация, пікірталас, сұрақ-жауап
2	«Buddy» тәлімгерлік бағдарламасы: бірінші курс студенттерімен жұптық жұмыс	Тәлімгерлік кездесулер	Коучинг, кеңес беру, жұптық жұмыс
3	Университет ортасына бейімделу. Академиялық қолдау көрсету	Топтық кездесу	Тренинг, кейс-талдау, тәжірибе алмасу
4	«Exam Chill» – емтихан алдындағы психологиялық қолдау	Психологиялық воркшоп	Релаксациялық жаттығулар, арт-терапия элементтері, рефлексия
5	Коммуникация және эмпатия дағдыларын дамыту	Коммуникативтік тренинг	Рөлдік ойындар, ситуациялық тапсырмалар, «миға шабуыл»
6	Қақтығыстардың алдын алу және тиімді қарым-қатынас	Семинар-практикум	Кейс-стади, пікірталас, фасилитация
7	«Біз – бір командамыз» тимбилдинг кездесуі	Тимбилдинг	Командалық ойындар, интерактивті жаттығулар
8	«Менің еріктілік тәжірибем» қорытынды рефлексиясы	Дөңгелек үстел	Рефлексиялық эссе, SWOT-талдау, кері байланыс

Танымдық-әрекеттік кезеңде студенттер алдымен «Peer-to-Peer» жобасындағы тәлімгер-еріктінің рөлімен танысып, «Тәлімгердің көмегі қай жерде аяқталып, студенттің жеке жауапкершілігі қай жерден басталады?», «Бірінші курс студентіне қандай қолдау шын мәнінде қажет?» деген сұрақтарды талқылады. Пікір алмасу барысында студенттер тәлімгердің міндеті мәселені басқа адамның орнына шешу емес, оған дұрыс бағыт көрсету, тыңдау және дербес шешім қабылдауына көмектесу деген қорытындыға келді. «Buddy» бағдарламасында бірінші курс студенттерімен жұптасып, университет ортасына

бейімделу, оқу үдерісін ұйымдастыру, қажетті ақпаратты табу және академиялық мәселелер бойынша қолдау көрсетті. Кездесулерден кейін тәлімгерлер өз әрекеттерін талдап, қандай көмектің нәтижелі болғанын және келесі кездесуде нені өзгерту қажеттігін белгіледі. Емтихан кезеңінде студенттер «Exam Chill» воркшопына қатысып, емтихан алдындағы қобалжуды төмендету, эмоционалдық жағдайды реттеу және бір-біріне психологиялық қолдау көрсету тәсілдерін тәжірибеде орындады. Коммуникативтік тренингте «Көмек қажет екенін адам өзі айтпаса, ерікті қалай әрекет етуі керек?», «Қарым-қатынаста өз пікіріңді білдіру мен өзгенің пікірін құрметтеудің тепе-теңдігін қалай сақтаймыз?» сияқты жағдаяттар талқыланды. Рөлдік тапсырмалар барысында студенттер белсенді тыңдау, нақтылау сұрақтарын қою, эмпатия таныту және кері байланыс беру тәсілдерін қолданды.

Қақтығыстарды шешу және командалық әрекет. Семинар-практикумда студенттерге еріктілер тобында міндеттердің орындалмауы, пікір қайшылығы және жұмыс көлемінің тең бөлінбеуі сияқты проблемалық жағдаяттар ұсынылды. Талқылау кезінде студенттер кінәлі адамды анықтаудан бұрын мәселенің себебін түсіну, міндеттерді қайта бөлу, ортақ шешім қабылдау және әр қатысушының жауапкершілігін нақтылау қажеттігін айтты. «Біз – бір командамыз» тимбилдингінде ортақ тапсырмаларды орындау арқылы бір-біріне сену, әрекеттерін келісу және жеке нәтижеден ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қараудың маңызын тәжірибеде байқады. «Менің еріктілік тәжірибем» қорытынды рефлексиясы соңында студенттер «Еріктілік барысында мен нені үйрендім?», «Қандай жағдайда өзіме жауапкершілік алуға тура келді?», «Басқа адамдармен әрекеттесуімде не өзгерді?» деген сұрақтар негізінде өз тәжірибелерін талдады. Рефлексиялық эссе мен SWOT-талдау барысында олар өздерінің күшті және жетілдіруді қажет ететін тұстарын анықтап, еріктілік тәжірибесінің қарым-қатынас жасауға, бірлесіп әрекет етуге, шешім қабылдауға және нәтижеге жауап беруге ықпалын бағалады.

Peer-to-Peer» жобасы аясында жүзеге асырылған тақырыптар студенттердің тәлімгерлік қызметті ұйымдастыруға қажетті білімдері мен түсініктерін жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталды. Бағдарлама барысында тәлімгер-еріктінің рөлі мен жауапкершілігі, бірінші курс студенттеріне академиялық және әлеуметтік қолдау көрсету жолдары, емтихан кезеңінде психологиялық қолдау ұйымдастыру, тиімді коммуникация, эмпатия, қақтығыстардың алдын алу және командада жұмыс істеудің ерекшеліктері кезең-кезеңімен қарастырылды. Жобаның мазмұны зерттеуде айқындалған когнитивтік компоненттің қалыптасуына басымдық берді. Студенттер еріктілік іс-әрекеттің мазмұны, тәлімгерлік жұмыстың ұйымдастырылуы, әлеуметтік қолдау көрсету тетіктері және тұлғааралық өзара әрекеттесу ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейтіп, оларды практикалық жағдаяттар арқылы меңгерді. Нәтижесінде олардың еріктілік іс-әрекетті ұйымдастыру, тәлімгерлік қызметті жоспарлау, әлеуметтік мәселелерді талдау және оларды шешудің тиімді

жолдарын таңдау жөніндегі білімдері жүйеленіп, танымдық түсініктері тереңдеді.

«Peer-to-Peer» жобасының оқу-тәрбие процесіне енгізілуі зерттеудің екінші педагогикалық шарты – оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастырудың тиімділігін қамтамасыз етті. Бағдарлама мазмұны академиялық дайындық пен еріктілік тәжірибесін өзара байланыстыра отырып, студенттердің еріктілік іс-әрекет туралы теориялық білімдерін жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік жауапкершіліктің когнитивтік компонентінің дамуына негіз болып, Volunteer Hub аясындағы кейінгі еріктілік жобаларын нәтижелі жүзеге асыруға қажетті теориялық дайындықты қалыптастырды.

«Peer-to-Peer» жобасының нәтижесінде студенттер тәлімгерлік қызмет аясында әлеуметтік қолдау көрсету тәжірибесін меңгерді. Қалыптастыру экспериментінің келесі кезеңінде еріктілік іс-әрекеттің мазмұны кеңейтіліп, студенттердің қоғамдық маңызы бар әлеуметтік, экологиялық және инклюзивті бастамаларды жүзеге асыруға қатысуына мүмкіндік жасалды. Осы мақсатта оқу-тәрбие процесіне Volunteer Hub құрамындағы «Eco & Tech» және «Инклюзия және теңдік» еріктілік жобалары ықпалдастырылды. Бұл жобалар студенттердің қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді түсінуіне, оларды шешуге бағытталған еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуына және әлеуметтік жауапкершілікті нақты іс-әрекет барысында дамытуына жағдай жасады.

«Eco & Tech» (Шығармашылық акциялар). «Eco & Tech» жоба бағдарламасының жалпы көлемі 15 академиялық сағатты құрайды. Бағдарлама мазмұны бес тақырып бойынша құрылып, әр тақырыпқа 3 академиялық сағат бөлінді, бұл студенттердің экологиялық және цифрлық еріктілік іс-әрекет ұйымдастыруға қажетті білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді (29-кесте).

Жоба мақсаты: студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін экологиялық және цифрлық еріктілік іс-әрекеті арқылы дамыту, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Кесте 29 – «Eco & Tech» (Шығармашылық акциялар) тақырыптық жоспары

№	Іс-шара атауы	Жүргізілу форматы	Әдістері
1	2	3	4
1	«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы	Экологиялық акция	Сервис-лернинг, ұжымдық жұмыс, практикалық әрекет
2	«EcoTalk» экологиялық тренингі	Тренинг	Миға шабуыл, пікірталас, кейс-стади
3	«EcoVision» кинотаймы (экология тақырыбындағы деректі фильм)	Кинотайм	Бейне талдау, пікірталас, рефлексия

29-кестенің жалғасы

1	2	3	4
4	«AI for Good» практикумы (AI құралдарын әлеуметтік және экологиялық жобаларда қолдану)	Практикалық воркшоп	Демонстрация, тәжірибелік тапсырма, жобалау
5	«Eco & Tech Challenge»	Челлендж	Жобалық әдіс, сервис-лернинг, презентация

«Eco & Tech» бағдарламаның жалпы көлемі 15 академиялық сағатты құрап, теориялық түсіндіру, практикалық жұмыстар, жобалау әрекеттері және рефлексиялық талдау негізінде жүзеге асырылды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бастамасы жастарды қоғамдық пайдалы іс-әрекетке тартудың, олардың экологиялық мәдениетін, азаматтық белсенділігін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл бастаманың тәрбиелік әлеуетін негіздеуде отандық ғалымдардың экологиялық еріктілік мәселесіне арналған зерттеулері ерекше мәнге ие. Атап айтқанда, Г.К.Длимбетова, С.У.Әбенова, К.Н.Булатбаева, Г.Ж.Фахрутдинова және К.Ш.Бакирова [272] жоғары оқу орны жағдайында жастардың экологиялық еріктілікті дамытуға даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттеп, еріктілік іс-әрекеттің экологиялық сана, қоғамдық белсенділік және жауапты мінез-құлықты дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерін қарастырған. Осы ғылыми тұжырымдар «Таза Қазақстан» бастамасы аясында ұйымдастырылатын экологиялық еріктілік іс-шараларының тәрбиелік әлеуетін түсіндіруге теориялық негіз бола алады. Атап айтқанда акция аясында студенттер университет аумағындағы экологиялық мәселелерді анықтап, тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, қалдықтарды сұрыптау, көгалдандыру және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Топтық талқылауда «Университет аумағының тазалығына кім жауапты?», «Экологиялық жауапкершілік сенбілікке қатысумен ғана шектеле ме?» деген сұрақтар қойылып, студенттер экологиялық мәдениетті күнделікті мінез-құлықпен байланыстыру қажеттігін атап өтті. Бұл жұмыс өңірде жүргізіліп жатқан еріктілік бастамаларымен байланыстырылды. Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы ұсынған мәліметтер бойынша, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы экологиялық іс-шараларға 300-ден астам ерікті тартылып, олардың қатарында университет студенттері де белсенділік танытты. Студенттердің өңірлік экологиялық бастамаларға қатысуы университет жағдайында қалыптасқан білімдері мен біліктерін нақты қоғамдық тәжірибеде қолдануға, ортақ іске жауапкершілікпен қарауға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған азаматтық ұстанымдарын іс-әрекетте көрсетуге мүмкіндік берді.

«EcoTalk» тренингінде студенттер дайын ақпаратты тыңдаумен шектелмей, климаттың өзгеруі, тұрмыстық қалдықтар, пластикті шамадан тыс пайдалану және тұрақты тұтыну мәселелерін шағын топтарда талдады. Оларға

«Бір студенттің күнделікті әрекеті экологиялық жағдайға әсер ете ала ма?», «Пластикті пайдалануды университет жағдайында қалай азайтуға болады?» деген проблемалық сұрақтар ұсынылды. Студенттер қалдықтарды бөлек жинауға арналған орындарды көбейту, бірреттік пластиктен бас тартуды насихаттау, экологиялық ақпарат тарату және студенттік экоакциялар ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтты. Талқылау барысында студенттердің бір бөлігі экологиялық мәселені шешуде ауқымды мемлекеттік шаралардың маңызын атап өтсе, басқалары өзгерісті адамның күнделікті әрекетінен бастау қажеттігін негіздеді. Осы пікір алмасу экологиялық мәселенің себеп-салдарын бағалауға, өз позициясын дәлелдеуге және ортақ шешім қабылдауға мүмкіндік беріп, студенттердің моральдық пайымдауын, коммуникативтілігін және ортақ нәтижеге жауапкершілігін дамытуға бағытталды.

«EcoVision» кинотаймы университеттің кинозалында ұйымдастырылып, экологиялық мәселелерге арналған бейнематериалдарды бірлесіп көру және талқылау форматында өткізілді. Мұнда A Life on Our Planet, Before the Flood, Our Planet сериялarының жекелеген үзінділері және «Таза Қазақстан» тақырыбындағы қысқаметражды экологиялық роликтер көрсетілді. Көрсетілімнен кейін студенттерге «Фильмдегі мәселенің қайсысы біздің өңірімізге де тән?», «Оны шешуде еріктілер не істей алады?», «Өз әрекетімізден нені өзгертуге дайынбыз?» деген сұрақтар қойылды. Студенттер су ресурстарын сақтау, қалдықтарды азайту, жасыл аумақтарды қорғау және тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыру жөнінде пікірлер білдірді. Рефлексия барысында әр студент экологиялық жауапкершілікке қатысты өзі орындай алатын нақты әрекетті белгілеп, еріктіліктің қоршаған ортаны өзгертумен қатар адамның өзінің күнделікті мінез-құлқын өзгертуден басталатыны жөнінде қорытынды жасады.

«AI for Good» практикумында студенттер цифрлық құралдарды дайын ақпарат алу үшін ғана емес, нақты әлеуметтік және экологиялық бастамаларды қолдау құралы ретінде қолданды. ChatGPT, Gemini, Copilot, Canva AI сервистерінің көмегімен студенттер экологиялық акцияларға арналған мәтіндер, постерлер, инфографикалар мен қысқа сценарийлер әзірледі. Топтардың бір бөлігі қарапайым ақпараттық веб-беттер мен шағын сайт үлгілерін жасап, онда еріктілік бастаманың мақсаты, қатысу жолдары және күтілетін қоғамдық нәтижелері туралы ақпарат орналастырды. Практикум барысында «Жасанды интеллект жасаған ақпарат үшін кім жауап береді?», «AI ұсынған мәліметті тексермей жариялауға бола ма?» деген сұрақтар да талқыланды. Студенттер ақпараттың дұрыстығын тексеру, авторлық құқықты сақтау, жалған немесе манипуляциялық контент таратпау қажеттігін атап өтті. Кейін студенттер өздерінің әлеуметтік желілерін пайдаланып, экологиялық жауапты мінез-құлық пен қоғамдық пайдалы әрекетті насихаттауға бағытталған шағын челлендждер ұйымдастырды. Осы әрекеттер арқылы цифрлық белсенділік пен әлеуметтік жауапкершіліктің өзара байланысына назар аударылды.

«Eco & Tech Challenge» алдыңғы тақырыптарда меңгерілген білімдер мен тәжірибелерді біріктіретін қорытынды жұмыс ретінде ұйымдастырылды. Студенттер топтарға бөлініп, университет немесе жергілікті қоғамдастық үшін өзекті экологиялық мәселені өздері таңдап, оны шешуге бағытталған шағын әлеуметтік жоба әзірледі. Жұмыс барысында мәселені анықтау, мақсат қою, міндеттерді бөлу, іс-шара жоспарын әзірлеу, цифрлық өнім дайындау және күтілетін әлеуметтік нәтижені негіздеу міндеттері студенттердің өздеріне жүктелді. Жобаларды қорғау кезінде «Бұл жоба нақты кімге пайда әкеледі?», «Нәтижесін қалай анықтайсыздар?», «Жоба жүзеге аспай қалса, оған кім және қандай деңгейде жауап береді?» деген сұрақтар қойылды. Студенттер бір-бірінің жобаларына ұсыныстар беріп, олардың жүзеге асу мүмкіндігін бағалады және қажет жағдайда бастапқы жоспарларын толықтырды. Бұл кезеңде студенттердің бастамашылдығы, өзара әрекеттестігі, нәтижеге жетуге ұмтылысы, өзін-өзі реттеуі және қабылдаған шешіміне жауап беруі нақты әрекет барысында көрініс тапты.

Осылай, «Eco & Tech» бағытындағы жұмыстар ақпараттық-танымдық сипатпен шектелмей, студенттердің нақты экологиялық мәселелерді талдауын, қоғамдық бастама ұсынуын, цифрлық өнім әзірлеуін және бірлескен әлеуметтік әрекетке қатысуын қамтыды. Мұндай тәжірибелер қоғамдық нормалар мен рухани құндылықтар туралы білімді нақты әрекетпен ұштастырып, студенттердің моральдық пайымдауын, өзара әрекеттестігін, коммуникативтілігін, белсенділігін, өзін-өзі реттеуін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік берді.

«Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін инклюзивті еріктілік іс-әрекет арқылы қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға және әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету мәдениетін дамытуға, әлеуметтік теңдік пен инклюзивті қоғам құндылықтарын насихаттауға, сондай-ақ студенттердің толеранттылық, эмпатия, әлеуметтік серіктестік және азаматтық белсенділік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бағдарлама аясында қатысушылар тәлімгерлік, еріктілік сабақтар, тренингтер және қайырымдылық акциялары арқылы әлеуметтік қолдау көрсету тәжірибесін меңгеріп, инклюзивті ортада өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады.

Бағдарламаның жалпы көлемі 12 академиялық сағатты құрайды. Бағдарлама төрт тақырыптан тұрады және әр тақырыпқа 3 академиялық сағат бөлінген (30-кесте). Бұл көлем студенттердің инклюзивті еріктілік іс-әрекетінің мазмұнын меңгеруіне, практикалық іс-әрекетке қатысуына және әлеуметтік қолдау көрсету тәжірибесін рефлексиялауына жеткілікті болып табылады.

Кесте 30 – «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасының тақырыптық жоспары

№	Іс-шара атауы	Жүргізілу форматы	Әдістері

30 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
1	«Қолдау серігі» (Buddy Support) – ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге академиялық және әлеуметтік қолдау көрсету	Тәлімгерлік	Тьюторлық, сүйемелдеу, кеңес беру
2	«Білімге бірге» – мектеп оқушыларына ерікті репетиторлық көмек	Волонтерлік сабақ	Сервис-лернинг, жеке кеңес беру, интерактивті оқыту
3	«Бәріміз бірдейміз»	Тренинг	Интерактивті жаттығулар, рөлдік ойын, пікірталас
4	«Қамқоршылар күні»	Қайырымдылық акциясы	Сервис-лернинг, командалық жұмыс, рефлексия

«Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін инклюзивті еріктілік іс-әрекет арқылы қалыптастыруға бағытталған төрт тақырыпты қамтыды.

«Қолдау серігі» (Buddy Support). Бұл бағытта ерікті студенттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен жұптастырылып, олардың университет ортасына бейімделуіне академиялық және әлеуметтік қолдау көрсетті. Тьюторлық әдіс оқу кестесін түсіну, білім беру платформаларын пайдалану, қажетті ақпаратты іздеу сияқты мәселелерде жеке бағыт-бағдар беру арқылы жүзеге асырылды. Сүйемелдеу әдісінде ерікті мәселені студенттің орнына шешпей, оның өздігінен әрекет етуіне қолдау көрсетті. Кездесулер барысында «Көмек көрсету мен адамның орнына әрекет етудің айырмашылығы неде?», «Қандай жағдайда ерікті өзінің жауапкершілік шегін білуі керек?» деген сұрақтар талқыланды. Бұл жұмыс студенттердің өзгелердің қажеттіліктерін ескеруіне, шыдамдылық, коммуникативтілік және қабылдаған міндетіне жауапкершілік танытуына мүмкіндік берді.

«Білімге бірге» ерікті репетиторлық жұмысы. Студенттер мектеп оқушыларына өз мамандықтары мен пәндік даярлығына сәйкес оқу материалдарын меңгеруге ерікті түрде көмектесті. Мұнда сервис-лернинг әдісі студенттің университетте алған білімін нақты қоғамдық қажеттілікті шешуге қолдануы арқылы жүзеге асырылды. Сабақ алдында студенттер оқушының қандай тақырыптан қиналатынын анықтап, соған сәйкес шағын тапсырмалар мен интерактивті жаттығулар дайындады. Жұмыс барысында «Оқушы түсінбесе, материалды тағы қалай түсіндіруге болады?» деген мәселе туындап, студенттер түсіндіру тәсілдерін оқушының мүмкіндігіне қарай өзгертіп отырды. Осы арқылы олар тек білім беруші емес, өз әрекетінің нәтижесіне жауап беретін ерікті-педагог рөлін тәжірибеде орындады.

«Бәріміз бірдейміз» тренингі. Тренингте студенттердің инклюзивті мәдениетін және әртүрлі әлеуметтік ерекшеліктері бар адамдармен қарым-қатынас жасау даярлығын дамытуға назар аударылды. Рөлдік ойындарда студенттер әртүрлі әлеуметтік жағдаяттардағы ерікті, көмек алушы және

бақылаушы рөлдерін орындап, мәселені бірнеше позициядан бағалады. «Көмек көрсеткен кезде адамның ерекшелігіне емес, қажеттілігіне қалай назар аударамыз?», «Шамадан тыс қамқорлық та адамның дербестігін шектей ала ма?» деген сұрақтар пікірталасқа негіз болды. Интерактивті тапсырмалар студенттердің өз ұстанымдарын қайта бағалап, теңдік, құрмет, толеранттылық пен жауапты қарым-қатынастың маңызын түсінуіне ықпал етті.

«Қамқорлық күні» қайырымдылық акциясы. Бұл жұмыста сервис-лернинг пен командалық жұмыс нақты әлеуметтік әрекетпен ұштастырылды. Студенттер көмек көрсету қажеттілігін анықтаудан бастап, іс-шараны жоспарлау, міндеттерді бөлу, қажетті ресурстарды жинақтау және акцияны өткізуге дейінгі жұмыстарға өздері қатысты. Топ ішінде әр студенттің жауапкершілік аймағы белгіленіп, ортақ нәтижеге қол жеткізу үшін әрекеттер өзара үйлестірілді. Акциядан кейінгі рефлексияда «Біздің көмегіміз кімге және қандай пайда әкелді?», «Мен өз міндетімді қаншалықты орындадым?», «Келесі жолы нені өзгертеміз?» деген сұрақтар талқыланды. Осылайша қайырымдылық әрекеті бір реттік көмек көрсетумен шектелмей, студенттердің адалдығы, белсенділігі, өзін-өзі реттеуі және әлеуметтік жауапкершілігін тәжірибеде көрсетуіне мүмкіндік берді. Аталған жұмыстарда қолданылған тәлімгерлік, тьюторлық, сервис-лернинг, рөлдік ойын, командалық жұмыс және рефлексия әдістері студентті дайын ақпаратты қабылдаушыдан нақты әлеуметтік міндетті шешуге қатысатын белсенді субъект позициясына шығаруға бағытталды.

Нәтижесінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің процессуалдық және рефлексиялық компоненттері дамытылды. Атап айтқанда, студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы қалыптасып, инклюзивті еріктілік іс-әрекетке қатысуға деген ынтасы артты. Интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі әлеуметтік қолдау көрсету, инклюзивті орта және әлеуметтік серіктестік мәселелері бойынша теориялық білімдері мен оларды практикада қолдану қабілеті арқылы көрініс тапты. Әлеуметтік біліктерінің жеткіліктілігі ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдармен, мектеп оқушыларымен және әлеуметтік осал топтармен тиімді қарым-қатынас орнату, бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру барысында айқындалды. Сонымен қатар мінез-құлық сапаларының оң көрінісі еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуы, бастамашылдығы, жауапкершілігі, өзара көмек көрсетуі және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге саналы қатысуы арқылы байқалды.

Қалыптастыру технологиясын жүзеге асырудың үшінші – мінез-құлықтық кезеңінде студенттердің алдыңғы кезеңдерде меңгерген білімдері мен әлеуметтік біліктерін нақты еріктілік іс-әрекетте жүзеге асырып, олардың адалдық, белсенділік және жауапкершілік сапаларын тұрақты мінез-құлық деңгейінде қалыптастыруға басымдық берілді. Осы мақсатта қоғамдық қауіпсіздік саласындағы еріктілік іс-әрекетке студенттерді белсенді қатыстыруға бағытталған Volunteer Hub бағдарламасының тұрақты жобаларының бірі – «SAQ Офицерлері» бағдарламасы енгізілді. Бағдарлама

студенттердің қоғамдық қауіпсіздікке қатысты нақты міндеттерді қабылдауына, түрлі жағдаяттарда дербес әрі жауапты әрекет етуіне және өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік танытуына мүмкіндік берді.

Аталған бағдарлама Ұлттық волонтерлік желі әзірлеген оқу-әдістемелік материалдар негізінде жүзеге асырылды [267]. Бағдарламаны енгізу алдында зерттеуші төтенше жағдайлар саласындағы еріктілікті дамытуға арналған вебинарлар мен оқыту семинарларына қатысып, жобаны білім беру ұйымдарында іске асыру бойынша әдістемелік даярлықтан өтті. Оқыту барысында Ұлттық волонтерлік желі ұсынған оқу бағдарламасы, әдістемелік нұсқаулықтар, презентациялық материалдар және практикалық тапсырмалар пайдаланылды. Бағдарлама мазмұны зерттеу мақсатына сәйкес бейімделіп, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған Volunteer Hub бағдарламасының тұрақты жобасы ретінде енгізілді.

Жобаның негізгі мақсаты – студенттердің еріктілік іс-әрекетіндегі субъектілік ұстанымын қалыптастыру арқылы олардың қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауын, бастамашылдығын және көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

«SAQ Офицерлері: Студенттен — Оқушыға» бағдарламасының құрылымы студенттерді педагогикалық практикаға кешенді түрде дайындауға бағытталған. Жалпы көлемі 16 академиялық сағатты құрайтын бұл жоба (Кесте-31) теориялық негіздер мен практикалық-әдістемелік дағдыларды біріктіретін 3 логикалық модульге бөлінген.

Кесте 31– «SAQ Офицерлері» жобасының оқу-тақырыптық жоспары

Модуль атауы	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Өткізу формасы
1-модуль. Төтенше жағдайлар теориясы және SAQ-офицерінің құзыреттілігі	1.1. SAQ-офицері: қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудағы мақсаттары, міндеттері мен рөлі	2	Проблемалық лекция
	1.2. Төтенше жағдайлар туралы ұғым: табиғи және техногендік қауіп-қатерлердің жіктелуі мен өңірлік ерекшеліктері	2	Интерактивті семинар
2-модуль. Негізгі қауіп-қатерлер және жедел ден қою алгоритмдері	2.1. Техногендік апаттар: өрт қауіпсіздігі, көміртегі газымен уланудың алдын алу және мектептегі эвакуация ережелері	4	Практикалық тренинг
	2.2. Табиғи зілзалалар (жер сілкінісі, су тасқыны, сел, төтенше температуралар): туындау қатері және төнген кездегі тиімді мінез-құлық	4	Кейс-стади (жағдаяттық талдау)

31 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
3-модуль. Педагогикалық практика: оқушыларды қауіпсіздікке оқыту әдістемесі	3.1. Мектептің қауіпсіздік жоспарын құру: құрылымдық емес қауіп-қатерлерді азайту және тексеру рейдтерін ұйымдастыру	2	Жобалық воркшоп
	3.2. Орта және жоғары буын оқушыларымен төтенше жағдайларға ден қою бойынша оқу-жаттығулар мен сабақтар өткізу әдістемесі	2	Рөлдік ойын (микрооқыту)
Барлығы		16	

Қалыптастыру экспериментінің үшінші кезеңінде жүзеге асырылған «SAQ Офицерлері» бағдарламасы аясында орындалған жұмыстардың мазмұны төмендегідей сипатталады.

1-модуль. Төтенше жағдайлар теориясы және SAQ-офицерінің құзыреттілігі. Модуль барысында студенттер SAQ-офицерінің мақсаты, міндеттері мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін талқылады. «Төтенше жағдайда ерікті қандай жауапкершілікті өз мойнына ала алады?», «Көмектесуге деген ниет жеткілікті ме, әлде арнайы білім мен даярлық қажет пе?» деген проблемалық сұрақтар студенттердің қызығушылығын тудырды. Пікір алмасу нәтижесінде студенттер SAQ-офицерінің міндеті төтенше жағдай қызметін алмастыру емес, қауіптің алдын алу, қауіпсіз мінез-құлықты насихаттау және қажетті жағдайда тиісті алгоритм бойынша әрекет ету екенін атап өтті. Интерактивті семинарда табиғи және техногендік қауіп-қатерлерді жіктеп, Атырау өңіріне тән су тасқыны, өрт, төтенше температура сияқты жағдайлардың ерекшеліктерін талдады.

2-модуль. Негізгі қауіп-қатерлер және жедел ден қою алгоритмдері. Практикалық тренингтерде студенттер өрт туындауы, көміртегі газымен улану және ғимараттан эвакуациялау кезіндегі әрекет алгоритмдерін жағдаяттар негізінде орындады. Мысалы, «Ғимаратта өрт дабылы берілді, бірақ кейбір адамдар шығуға асықпай тұр. SAQ-офицері ретінде қандай әрекет жасайсыз?» деген жағдаятта студенттер қауіпсіздікті қамтамасыз етудің реттілігін ұсынып, өз шешімдерін негіздеді. Су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғи қауіптерге арналған кейс-талдауларда олар қауіп деңгейін бағалау, әрекеттердің басымдығын анықтау және ақпаратты дұрыс жеткізу бойынша топтық шешімдер қабылдады. Осы тапсырмалар студенттердің төтенше жағдайда абыржымай әрекет етуіне, ерік-жігерін, өзін-өзі реттеуін және қабылдаған шешіміне жауап беруін тәжірибеде көрсетуге бағытталды.

3-модуль. Педагогикалық практика: оқушыларды қауіпсіздікке оқыту әдістемесі. Бұл модульдің ерекшелігі студенттердің меңгерген теориялық білімі мен практикалық дағдыларын педагогикалық практика барысында мектеп оқушыларымен жұмыс істеуде қолдануымен сипатталды. Педагогикалық практикаға барған студенттер SAQ-офицері ретінде оқушылармен қауіпсіз

мінез-құлық, өрт, су тасқыны және басқа да төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету тәртібі бойынша түсіндіру және оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастырды. Оқу-жаттығу кезінде олар оқушыларға қауіп туындаған жағдайда абыржымай әрекет ету, қауіпсіз бағытпен қозғалу, берілген нұсқауларды сақтау және өзара көмек көрсету тәртібін түсіндіріп, практикалық әрекеттерді бірлесіп орындады.

Студенттер оқушыларды топтарға бөліп, жағдаяттық тапсырмалар ұсынып, «Өрт дабылы берілген жағдайда ең бірінші қандай әрекет жасаймыз?», «Эвакуация кезінде неліктен тәртіп сақтау маңызды?», «Қауіп жағдайында өзіңе және өзгелерге қалай көмектесуге болады?» деген сұрақтар арқылы олардың әрекеттерін талқылады. Оқу-жаттығулар барысында университет студенттері ұйымдастырушылық белсенділік танытып, оқушылардың қауіпсіздік талаптарын дұрыс орындауын бақылап, қажет жағдайда бағыт-бағдар берді. Мектеп жағдайындағы бұл тәжірибе студенттердің ерікті-педагог ретіндегі субъектілік ұстанымын күшейтіп, меңгерген білімін нақты әлеуметтік ортада қолдануына, өзіне қабылдаған міндетті адал орындауына және оқушылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік берді.

Осылайша, «SAQ Офицерлері» бағдарламасында студенттер қауіпсіздік туралы білімді меңгерумен шектелмей, оны проблемалық және практикалық жағдаяттарда қолдану, шешім қабылдау, өзгелерге түсіндіру және өз әрекетінің салдарын бағалау тәжірибесінен өтті. Бұл жұмыстар студенттердің қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне белсенді араласуына, қабылдаған міндетін адал орындауына және өзінің ғана емес, өзге адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауына жағдай жасады.

Бағдарламаның маңызды тәжірибелік нәтижелерінің бірі – SAQ-офицерлерінің даярлығы университеттік ортада ғана қалып қоймай, педагогикалық практика барысында мектептерге жалғасын табуы болды. Осылайша, «үйрену – тәжірибеде орындау – өзгеге үйрету» бірізділігі қамтамасыз етіліп, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі нақты қоғамдық және кәсіби әрекет барысында бекітілді.

Нәтижесінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің когнитивтік, процессуалдық және рефлексиялық компоненттері дамытылды. Атап айтқанда, тұлғалық қасиеттерін дамытуға оң бағыттылығы қоғамдық қауіпсіздік саласындағы еріктілік іс-әрекетке белсенді қатысуы арқылы қалыптасты. Интеллектуалдық білімдерінің кеңдігі төтенше жағдайлардың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті және қауіп-қатерлерді басқару мәселелері бойынша теориялық және әдістемелік білімдерді меңгеруімен сипатталды. Әлеуметтік біліктерінің жеткіліктілігі мектеп оқушыларымен қауіпсіздік сабақтарын ұйымдастыру, әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттесу, оқу-жаттығулар өткізу және командалық жұмысты үйлестіру барысында көрініс тапты. Сонымен қатар мінез-құлық сапаларының оң көрінісі бастамашылдығы, ұйымдастырушылық қабілеті, жауапкершілігі, көшбасшылық қасиеттері және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған еріктілік іс-әрекетке саналы қатысуы арқылы айқындалды.

Volunteer Hub қызметінің тиімділігіне кешенді талдау жүргізілді. Бұл кезеңде жүзеге асырылған барлық еріктілік бағдарламаларының нәтижелері қорытындыланып, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасу деңгейі бағаланды. Алдымен Volunteer Hub жұмысының қорытынды мониторингі ұйымдастырылып, жыл бойы өткізілген іс-шаралардың нәтижелілігі, студенттердің белсенділік деңгейі, әлеуметтік жобаларға қатысу көрсеткіштері және қалыптасқан құзыреттері талданды. Мониторинг нәтижелері бағдарламаның күшті жақтарын, жетілдіруді қажет ететін бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Келесі кезекте еріктілердің рефлексиялық кездесуі өткізілді. Кездесу барысында студенттер Volunteer Hub аясындағы өз тәжірибелерімен бөлісіп, еріктілік іс-әрекеттің жеке және кәсіби дамуына ықпалы туралы пікірлерін білдірді. Сонымен қатар бағдарламаларды ұйымдастыру сапасына, әлеуметтік жобалардың мазмұнына және оларды жетілдіру жолдарына қатысты ұсыныстар жинақталып, кері байланыс ұйымдастырылды.

Еріктілердің белсенділігін ынталандыру және олардың еңбегін қоғамдық тұрғыдан мойындау мақсатында «*Үздік ерікті»* байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде Volunteer Hub жұмысына белсенді қатысқан, әлеуметтік жобаларды ұйымдастыруда жоғары нәтижелер көрсеткен және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруға ерекше үлес қосқан студенттер марапатталды. Бұл өз кезегінде еріктілердің мотивациясын арттырып, еріктілік іс-әрекеттің құндылығын нығайтуға ықпал етті.

Рефлексиялық кезең қорытынды конференциямен аяқталды. Конференция барысында оқу жылы ішінде жүзеге асырылған еріктілік жобаларының нәтижелері ұсынылып, студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру бойынша қол жеткізілген нәтижелер талқыланды.

Сонымен қатар үздік тәжірибелер таратылып, Volunteer Hub қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар қарастырылды.

Эксперимент тобы студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіштері оң динамика көрсетті. Атап айтқанда, еріктілік іс-әрекетке қажеттілігі, ерік-жігерін дамытуға және өзін-өзі реттеуге ұмтылысы, қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар мен моральдық пайымдаулар саласындағы білімдерінің қалыптасу деңгейі артты. Бұл көрсеткіштер келесі 3.3.Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері параграфында ұсынылады.

3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері

Зерттеудің қорытындылау кезеңінде айқындау эксперименті мен қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтиже көрсеткіштеріне талдау жасалды.

Эксперименттік зерттеу нәтижелерін талдау екі кезеңде жүргізілген өлшеулердің (айқындау және қорытындылау) көрсеткіштерін өзара салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Алынған мәліметтер ұсынылған диагностикалық

әдістемелердің нәтижелеріне сүйене отырып өңделіп, олардың өзгеру динамикасы мен өзара байланысы анықталады.

Эксперимент ғылымның әртүрлі салаларында теориялық қағидалар мен ғылыми болжамдардың дұрыстығын тексерудің маңызды әдісі болып табылады. Ол зерттеу барысында ұсынылған теориялық тұжырымдардың тәжірибе жүзіндегі тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.


Теория өзара логикалық байланысқан ғылыми білімдер жүйесін құрайтындықтан, оның өміршеңдігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы нақтыланады.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің мотивациялық компонентіндегі өзгерістерді анықтау мақсатында E. Gil Clary мен M. Snyder әзірлеген VFI (Volunteer Functions Inventory) негізінде бейімделген «Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясы» сауалнамасы қайта жүргізілді. Алынған нәтижелер эксперименттік және қорытындылау топтарының айқындау және қорытындылау кезеңдеріндегі көрсеткіштерін салыстыру арқылы төмендегі 31-кестеде берілді.

Кесте 31 – «Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясы» сауалнамасының нәтижесі (VFI бейімделген нұсқа, E. Gil Clary, Mark Snyder)

Деңгейлері	Эксперименттік топ % (n=55)	Бақылау тобы %(n=60)	Эксперименттік топ % (n=55)	Бақылау тобы %(n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
1	2	3	4	5
Төмен	19 (34,5)	18 (30)	16 (29,1)	17 (28,3)
Орта	25 (45,5)	28 (46,7)	23 (41,8)	28 (46,7)
Жоғары	11 (20,0)	14 (23,3)	16 (25)	15 (25)

Кестеде ұсынылған нәтижелер студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясында қалыптастыру экспериментінен кейін оң өзгерістердің байқалғанын және жүзеге асырылған педагогикалық технологияның тиімділігін дәлелдейді. Эксперименттік топ студенттерінің мотивациялық компоненті көрсеткіштерінің анықтау кезеңімен салыстырғандағы өсу динамикасы қалыптастыру жұмыстарының нәтижелілігін айғақтайды. Аталған өзгерістердің динамикасы төмендегі суретте көрнекі түрде берілген.



Сурет 22 – Студенттердің еріктілік іс-әрекет мотивациясының даму динамикасы


Қалыптастыру экспериментінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдері мен көзқарастарының қалыптасуына ықпалын анықтау мақсатында Л. Берковиц пен К. Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» (К. Муздыбаевтың бейімдеуі) қолданылды. Әдістеме нәтижелері анықтау және қорытындылау кезеңдеріндегі көрсеткіштерді салыстыру арқылы бағаланып, төмендегі кестеде ұсынылды.

Кесте 32 – Л.Берковиц пен К.Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» бойынша студенттердің жауаптары (%)

Кезең	Топтар	Жоғары деңгей (сан/%)	Орта деңгей (сан/%)	Төмен деңгей (сан/%)
Тәжірибеге дейін	Бақылау тобы (n=60)	22 (36,7%)	30 (50,0%)	8 (13,3%)
	Эксперименттік топ (n=55)	8 (14,5%)	24 (43,7%)	23 (41,8%)
Тәжірибеден кейін	Бақылау тобы (n=60)	23 (38,3%)	29 (48,3%)	8 (13,3%)
	Эксперименттік топ (n=55)	12 (21,8%)	24 (43,7%)	19 (34,5%)

Кестеде ұсынылған нәтижелерге сәйкес айқындау кезеңінде эксперименттік және бақылау топтары арасында әлеуметтік жауапкершілік деңгейлері бойынша белгілі бір айырмашылық байқалды. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 14,5%-ды құраса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 36,7% болды. Сонымен қатар эксперименттік топта төмен деңгейдегі студенттердің үлесі (41,8%) бақылау тобымен (13,3%) салыстырғанда жоғары болды. Қалыптастыру экспериментінен кейін эксперименттік топта жоғары

деңгейдегі студенттер саны 12 адамға (21,8%) дейін артып, төмен деңгейдегі студенттер саны 19 адамға (34,5%) дейін азайды. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі айтарлықтай байқалмай, жоғары деңгей 36,7%-дан 38,3%-ға ғана өсті. Бұл нәтижелер қалыптастыру жұмыстарының студенттердің әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдері мен түсініктерін дамытуға оң ықпал еткенін көрсетеді. Көрсеткіштердің анықтау және қорытындылау кезеңдеріндегі өзгеру динамикасы төмендегі 23- суретте көрнекі түрде берілген.



Сурет 23 – Айқындау және қорытындылау кезеңдеріндегі өзгеру динамикасы

Тұлғаның бағыттылығы мен әлеуметтік белсенділігі қалыптасатын студенттік шақта еріктілік іс-әрекеті жастардың ішкі әлеуетін ашудың және азаматтық ұстанымын айқындаудың маңызды тетігі. Біз жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың, яғни студенттердің еріктілік белсенділігін арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық ықпал ету шараларының тиімділігін тексеру мақсатында математикалық-статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Алынған эмпирикалық мәліметтердің математикалық-статистикалық өңделуі IBM SPSS Statistics 27 бағдарламалық пакетінің көмегімен жүзеге асырылды.

Эксперименттік топтағы (n=55) зерттелушілердің ықпалға дейінгі (айқындаушы кезең) және ықпалдан кейінгі (қорытындылау кезеңі) көрсеткіштерінің айырмашылығын, олардың заңдылықтары мен бағытын анықтау үшін тәуелді таңдау топтарына арналған Т-Вилкоксон параметрлік емес белгілер критерийі пайдаланылды [273]. Аталмыш критерий зерттеліп отырған белгілердің сандық өзгерістерінің бағыты мен деңгейін нақты тіркеуге мүмкіндік береді.

Төмендегі 1-кестеде «Еріктілік мотивациясы» (VFI) әдістемесі бойынша (E. Gil Clary, Mark Snyder) эксперименттік топта алынған эмпирикалық мәліметтердің рангтік көрсеткіштері 33-кестеде ұсынылған.

Кесте 33 – Эксперименттік топтағы студенттердің еріктілік мотивациясы көрсеткіштерінің рангтер үлесі (N=55)

Сапалар	Рангілер	N	Орташа ранг	Рангілердің қосындысы
1	2	3	4	5
Құндылықтық мотивация	Теріс рангілер	1[a]	13,00	13,00
	Оң рангілер	44[b]	23,23	1022,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	10[c]		
	Барлығы	55		
Танымдық мотивация	Теріс рангілер	0[d]	,00	,00
	Оң рангілер	45[e]	23,00	1035,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	10[f]		
	Барлығы	55		
Әлеуметтік мотивация	Теріс рангілер	0[g]	,00	,00
	Оң рангілер	46[h]	23,50	1081,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	9[i]		
	Барлығы	55		
Кәсіби мотивация	Теріс рангілер	0[j]	,00	,00
	Оң рангілер	41[k]	21,00	861,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	14[l]		
	Барлығы	55		
Қорғаныштық мотивация	Теріс рангілер	0[m]	,00	,00
	Оң рангілер	39[n]	20,00	780,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	16[o]		
	Барлығы	55		
Тұлғалық даму мотивациясы	Теріс рангілер	0[p]	,00	,00
	Оң рангілер	42[q]	21,50	903,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	13[r]		
	Барлығы	55		

Ескертпе: a. Құндылықтық мотивация < Құндылықтық мотивация; b. Құндылықтық мотивация > Құндылықтық мотивация; c. Құндылықтық мотивация = Құндылықтық мотивация; d. Танымдық мотивация < Танымдық мотивация; e. Танымдық мотивация > Танымдық мотивация; f. Танымдық мотивация = Танымдық мотивация; g. Әлеуметтік мотивация < Әлеуметтік мотивация; h. Әлеуметтік мотивация > Әлеуметтік мотивация; i. Әлеуметтік мотивация = Әлеуметтік мотивация; j. Кәсіби мотивация < Кәсіби мотивация; k. Кәсіби мотивация > Кәсіби мотивация; l. Кәсіби мотивация = Кәсіби мотивация; m. Қорғаныштық мотивация < Қорғаныштық мотивация; n. Қорғаныштық мотивация > Қорғаныштық мотивация; o. Қорғаныштық мотивация = Қорғаныштық мотивация; p. Тұлғалық даму мотивациясы < Тұлғалық даму мотивациясы; q. Тұлғалық даму мотивациясы > Тұлғалық даму мотивациясы; r. Тұлғалық даму мотивациясы = Тұлғалық даму мотивациясы; s. Әлеуметтік жауапкершілік < Әлеуметтік жауапкершілік.

Кестеде көрсетілген Т-Вилкоксон критерийінің эмпирикалық мәліметтеріне терең және мағыналық талдау жасау арқылы студенттердің ішкі мотивациялық аумағындағы үрдістердің өзгерісін айқындауға болады.

Құндылықтық мотивация шкаласы бойынша оң рангтердің айқын басымдылығы (44 студентте өсім тіркелген, рангтер қосындысы - 1022,00) назар аудартады. Бұндай нәтиже студенттердің еріктілік іс-әрекетті өздерінің ішкі ізгілендіруші, альтруистік құндылықтарын жүзеге асыру кеңістігі ретінде түсіне бастағанын айғақтайды. Тек 1 зерттелушіде ғана төмендеу үрдісі байқалған, ал 10 студентте көрсеткіш тұрақты сақталған. Мұндай нәтиже топтың негізгі адамгершілік бағдарларының экспериментке дейін де жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Танымдық және әлеуметтік мотивация шкалалары бойынша теріс рангтердің жалпы көрсеткіші нөлге тең болды. Мұндай серпін ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ортаның зерттелушілер үшін дамытушылық сипатта болғанын аңғартады. Танымдық мотивацияның 45 студентте өсуі еріктіліктің жаңа өмірлік дағдыларды меңгеруге, интеллектілік және машықтандырушы тәжірибе жинақтауға деген қызығушылығын оятқанын білдіреді. Ал әлеуметтік мотивацияның 46 студентте жоғарылауы (рангтер қосындысы - 1081,00) олардың құрдастар ортасымен жағымды қарым-қатынас орнату, әлеуметтік қолдауға іс жүзінде ілгерілеу қажеттілігінің еріктілік ұжым аясында қанағаттандырылғанын білдіреді.

Болашақ маман иесі ретінде қалыптасу үдерісінде кәсіби мотивацияның орны ерекше. Эксперимент нәтижесінде 41 студенттің аталмыш көрсеткіші оң бағытта өзгерген. Студенттер еріктілік тәжірибені өздерінің болашақ кәсіби құзыреттіліктерін (коммуникация, топпен жұмыс, ұйымдастырушылық қабілет) шыңдайтын және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыратын маңызды фактор ретінде қабылдай бастаған.

Қорғаныштық мотивация (39 студентте артқан) және тұлғалық даму мотивациясы (42 студентте артқан) көрсеткіштерінің серпіні студенттердің эго-жүйесіндегі жағымды өзгерістерді сипаттайды. Қорғаныш тетіктерінің белсендірілуі еріктілік жұмыс арқылы студенттердің ішкі мазасыздық немесе өз-өзіне сенімсіздік сезімдерінің орнын толтырып, психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізгенін көрсетеді. Ал тұлғалық даму мотивациясының өсуі олардың өзін-өзі бағалау деңгейінің артуымен және тұлғалық өсу сезімінің тереңдеуімен тікелей байланысты деуге толық негіз бар.

Дегенмен, рангтер кестесінде көрініс тапқан осындай оң үрдістер мен бағыттардың қаншалықты кездейсоқ емес екенін және олардың статистикалық сенімділік деңгейін нақты айқындау үшін Т-Вилкоксон критерийінің мәндері есептелген статистикалық көрсеткіштер кестесіне талдау жасау қажет.

Рангтер кестесінде байқалған оң серпіннің математикалық негіздемесі мен статистикалық маңыздылық деңгейін анықтау мақсатында Т-Вилкоксон критерийінің эмпирикалық мәндері есептелді. Алынған нәтижелер төмендегі статистикалық критерийлер кестесінде ұсынылған (34-кесте).

Кесте 34 – Эксперименттік топтағы студенттердің еріктілік мотивациясы көрсеткіштерінің статистикалық мәндері (N=55)

Статистикалық көрсеткіш	Құндылықтық мотивация	Танымдық мотивация	Әлеуметтік мотивация	Кәсіби мотивация	Қорғаныштық мотивация	Тұлғалық даму мотивациясы
Z	-5,839[b]	-6,038[b]	-6,105[b]	-5,701[b]	-5,563[b]	-5,748[b]
Асимп. мәні (екі жақты)	,000	,000	,000	,000	,000	,000

Кестеде көрсетілген статистикалық мәліметтер эксперименттік топтағы студенттердің еріктілік мотивациясының барлық бағыттары бойынша айтарлықтай жоғары деңгейдегі оң өзгерістер орын алғанын математикалық-статистикалық тұрғыдан дәлелдейді. Статистикалық есептеулер барысында барлық алты мотивациялық шкала бойынша маңыздылық деңгейі p=0,000 көрсеткішін берді. Бұндай нәтиже педагогикалық-психологиялық зерттеулердегі ең жоғары сенімділік деңгейіне (p<0,01) сәйкес келеді және алынған нәтижелердің кездейсоқ емес, бағытты түрде ұйымдастырылған сыртқы педагогикалық-психологиялық ықпалдың тікелей заңды нәтижесі екенін айғақтайды.

Әлеуметтік мотивация (Z = -6,105; p=0,000) және танымдық мотивация (Z = -6,038; p=0,000) шкалалары бойынша ең жоғары эмпирикалық мәндер тіркелді. Аталмыш көрсеткіш жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың студенттердің әлеуметтік белсенділігі мен танымдық қажеттіліктерін оятуда барынша тиімді болғанын көрсетеді. Студенттердің еріктілік ортада жаңа әлеуметтік байланыстар орнатуы және өздерінің машықтандырушы дағдыларын дамытуы статистикалық тұрғыдан толық дәлелденіп отыр.

Құндылықтық мотивация (Z = -5,839; p=0,000) және тұлғалық даму мотивациясы (Z = -5,748; p=0,000) көрсеткіштерінің жоғары статистикалық маңыздылығы студенттердің ішкі тұлғалық құрылымындағы терең өзгерістердің орын алғанын көрсетеді. Алынған мәліметтер еріктілік іс-әрекет барысында студенттердің альтруистік бағдарларының бекігенін және өздерінің тұлғалық өсуін, өзін-өзі бағалау деңгейін нақты сезінгенін айқын көрсетеді.

Кәсіби мотивация (Z = -5,701; p=0,000) мен қорғаныштық мотивация (Z = -5,563; p=0,000) шкалалары бойынша алынған Z-мәндері де жоғары сенімділік шегінде оң динамиканы айқындап тұр. Бұндай нәтиже еріктілік іс-әрекетінің студенттер үшін болашақ мансаптық дамудың тәжірибелоік алаңына айналғанын және сонымен бірге олардың ішкі мазасыздықтарын бәсеңдетіп,

эго-жүйесін жағымды қорғау тетіктерін қалыптастырғанын статистикалық деңгейде негіздейді.

Осылайша, мәліметтерді өзара байланыстыра келе, эксперименттік топтағы студенттердің еріктілік мотивациясы құрылымындағы өзгерістер серпіні статистикалық тұрғыдан жоғары деңгейде сенімді және заңды сипатқа ие деп қорытынды жасауға толық негіз бар.

Енді Л. Берковиц пен К. Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» әдістемесі бойынша эксперименттік топта алынған эмпирикалық мәліметтердің рангтік көрсеткіштеріне тоқталып өтеміз. Нәтижесі 35-кестеде ұсынылған.

Кесте 35 – Эксперименттік топтағы студенттердің әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерінің рангтер үлесі (N=55)

Сапалар	Рангілер	N	Орташа ранг	Рангілердің қосындысы
1	2	3	4	5
Әлеуметтік жауапкершілік	Теріс рангілер	0[s]	,00	,00
	Оң рангілер	18[t]	9,50	171,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	37[u]		
	Барлығы	55		
Ескертпе: s. Әлеуметтік жауапкершілік < Әлеуметтік жауапкершілік; t. Әлеуметтік жауапкершілік > Әлеуметтік жауапкершілік; u. Әлеуметтік жауапкершілік = Әлеуметтік жауапкершілік.				

Кестеде ұсынылған мәліметтер бойынша әлеуметтік жауапкершілік шкаласында теріс рангтер мүлдем тіркелмеген (0). Ал 18 студентте ықпалдан кейін аталмыш көрсеткіштің оң бағытта өскені байқалады, олардың оң рангтер қосындысы 171,00 мәнін көрсетіп отыр. Қол жеткізіп отырған нәтиже ұйымдастырылған сыртқы ықпалдың нәтижесінде топтың белгілі бір бөлігінде қоғамдық міндеттерді орындауға, азаматтық белсенділік танытуға деген ішкі сезімнің күшейгенін аңғартады.

Сонымен бірге зерттелушілердің басым бөлігінде, яғни 37 студентте көрсеткіштердің өзгеріссіз қалғаны назар аудартады. Психология ғылымында әлеуметтік жауапкершілік феномені тұлғаның ерте жастан, отбасылық тәрбие мен ұзақ мерзімді әлеуметтену процесінде қалыптасатын терең, негізді интегралды қасиеті ретінде қарастырылады. Сондықтан қысқа немесе орта мерзімді сыртқы эксперименттік ықпал аталмыш құрылымды зерттелушілердің барлығында бірдей толықтай өзгеріске ұшырамағанымен, таңдаманың бір бөлігінде оң серпін тудырғаны байқалады.

Рангтер кестесінде көрініс тапқан аталмыш үрдістің қаншалықты кездейсоқ емес екенін және оның нақты статистикалық сенімділік деңгейін айқындау үшін әлеуметтік жауапкершілік шкаласының статистикалық критерийлер кестесіне талдау жасау қажет.

Рангтер кестесінде байқалған өзгерістердің математикалық негіздемесі мен статистикалық маңыздылық деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік жауапкершілік шкаласы бойынша Т-Вилкоксон критерийінің эмпирикалық мәндері есептелді. Алынған нәтижелер төмендегі статистикалық критерийлер кестесінде ұсынылған (36-кесте).

Кесте 36 – Эксперименттік топтағы студенттердің әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерінің статистикалық мәндері (N=55)

Статистикалық көрсеткіш	Әлеуметтік жауапкершілік
Z	-3,827[b]
Асимп. мәні (екі жақты)	,000

Кестеде көрсетілген статистикалық мәліметтер эксперименттік топтағы студенттердің әлеуметтік жауапкершілік деңгейінде статистикалық тұрғыдан маңызды оң өзгерістер орын алғанын дәлелдейді. Статистикалық есептеулер барысында әлеуметтік жауапкершілік шкаласы бойынша маңыздылық деңгейі p=0,000 (Z = -3,827) көрсеткішін берді. Аталмыш мән педагогикалық-психологиялық зерттеулердегі ең жоғары сенімділік деңгейіне (p<0,01) сәйкес келеді және алынған нәтиженің кездейсоқ емес, мақсатты түрде ұйымдастырылған сыртқы педагогикалық-психологиялық ықпалдың заңды нәтижесі екенін айғақтайды.

Аталмыш көрсеткіш студенттердің басым бөлігінде (37 адам) нәтиженің тұрақты қалуына қарамастан, оң серпін көрсеткен 18 студенттің есебінен жалпы топ бойынша статистикалық маңызды ілгерілеудің орын алғанын көрсетеді. Демек, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс студенттердің тұлғалық құрылымындағы әлеуметтік жауапкершілік сияқты терең әрі тұрақты негізгі қасиетті белсендіруде де өз тиімділігін статистикалық деңгейде дәлелдеп отыр.

Осылайша, эксперименттік топ бойынша еріктілік мотивациясы мен әлеуметтік жауапкершілік шкалаларының мәліметтерін өзара байланыстыра келе, ұйымдастырылған психологиялық ортаның студенттердің ішкі мотивациялық аумағын дамытуда және азаматтық-жауапкершілік ұстанымын қалыптастыруда конструктивті әсер бергенін атап өтуге болады.

Бақылау тобының нәтижелері. Зерттеу жұмысының айқындаушы кезеңінде алынған нәтижелердің шынайылығын және сыртқы бағытталған педагогикалық-психологиялық ықпалдың тиімділігін салыстырмалы түрде негіздеу мақсатында қорытындылау тобындағы (N=60) студенттердің көрсеткіштері талданды. Қорытындылау тобындағы студенттер әдеттегі оқу үдерісіне қатысып, олардың еріктілік белсенділігін арттыруға бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық шаралар жүргізілген жоқ.

Бақылау тобындағы зерттелушілердің алғашқы және қайталанған диагностика нәтижелерінің айырмашылығы мен бағытын тіркеу үшін тәуелді таңдамаларға арналған Т-Вилкоксон белгілер критерийі пайдаланылды. E. Gil

Clary, Mark Snyder негізіндегі «Еріктілік мотивациясы» (VFI) әдістемесі бойынша қорытындылау тобында алынған эмпирикалық мәліметтердің рангтік көрсеткіштері төмендегі 37-кестеде ұсынылған.

Кесте 37 – Бақылау тобындағы студенттердің еріктілік мотивациясы көрсеткіштерінің рангтер үлесі (N=60)

Сапалар	Рангілер	N	Орташа ранг	Рангілердің қосындысы
1	2	3	4	5
Құндылықтық мотивация	Теріс рангілер	28[a]	26,09	730,50
	Оң рангілер	31[b]	33,53	1039,50
	Сәйкес келген қорытындылау саны	1[c]		
	Барлығы	60		
Танымдық мотивация	Теріс рангілер	24[d]	30,52	732,50
	Оң рангілер	32[e]	26,98	863,50
	Сәйкес келген қорытындылау саны	4[f]		
	Барлығы	60		
Әлеуметтік мотивация	Теріс рангілер	26[g]	31,69	824,00
	Оң рангілер	32[h]	27,72	887,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	2[i]		
	Барлығы	60		
Кәсіби мотивация	Теріс рангілер	23[j]	26,59	611,50
	Оң рангілер	28[k]	25,52	714,50
	Сәйкес келген қорытындылау саны	9[l]		
	Барлығы	60		
Қорғаныштық мотивация	Теріс рангілер	22[m]	29,07	639,50
	Оң рангілер	31[n]	25,53	791,50
	Сәйкес келген қорытындылау саны	7[o]		
	Барлығы	60		
Тұлғалық даму мотивациясы	Теріс рангілер	27[p]	28,52	770,00
	Оң рангілер	30[q]	29,43	883,00
	Сәйкес келген қорытындылау саны	3[r]		
	Барлығы	60		

37-кестенің жалғасы

Ескертпе: a. Құндылықтық мотивация < Құндылықтық мотивация; b. Құндылықтық мотивация > Құндылықтық мотивация; c. Құндылықтық мотивация = Құндылықтық мотивация; d. Танымдық мотивация < Танымдық мотивация; e. Танымдық мотивация > Танымдық мотивация; f. Танымдық мотивация = Танымдық мотивация; g. Әлеуметтік мотивация < Әлеуметтік мотивация; h. Әлеуметтік мотивация > Әлеуметтік мотивация; i. Әлеуметтік мотивация = Әлеуметтік мотивация; j. Кәсіби мотивация < Кәсіби мотивация; k. Кәсіби мотивация > Кәсіби мотивация; l. Кәсіби мотивация = Кәсіби мотивация; m. Қорғаныштық мотивация < Қорғаныштық мотивация; n. Қорғаныштық мотивация > Қорғаныштық мотивация; o. Қорғаныштық мотивация = Қорғаныштық мотивация; p. Тұлғалық даму мотивациясы < Тұлғалық даму мотивациясы; q. Тұлғалық даму мотивациясы > Тұлғалық даму мотивациясы; r. Тұлғалық даму мотивациясы = Тұлғалық даму мотивациясы.

Кестеде ұсынылған Т-Вилкоксон критерийінің эмпирикалық мәліметтері бақылау тобындағы студенттердің еріктілік мотивациясы құрылымында эксперименттік топтан мүлдем өзгеше, тұрақсыз динамиканың орын алғанын көрсетеді. Барлық шкалалар бойынша оң рангтер мен теріс рангтердің саны бір-біріне өте жақын болды. Демек, қорытындылауц тобында айқын бағытталған даму үрдісі болмағанын аңғартады.

Құндылықтық мотивация шкаласы бойынша 28 студентте көрсеткіштің төмендеуі (теріс рангтер қосындысы - 730,50) және 31 студентте өсуі (оң рангтер қосындысы - 1039,50) тіркелген. Мұндай нәтиже сыртқы мақсатты педагогикалық-психологиялық ықпал болмаған жағдайда студенттердің ішкі альтруистік, ізгілендіруші құндылықтарының еріктілік іс-әрекетімен байланысы өзгеріссіз қалатынын немесе кездейсоқ факторларға тәуелді болатынын білдіреді.

Танымдық мотивация шкаласында 24 зерттелушіде көрсеткіш төмендесе, 32 зерттелушіде оң серпін байқалады. Әлеуметтік мотивация бағытында да ұқсас көрініс орын алып, 26 студентте теріс рангтер, ал 32 студентте оң рангтер тіркелген.

Аталмыш серпін бақылау тобындағы студенттердің жаңа дағдыларды меңгеруге немесе еріктілік орта арқылы әлеуметтік байланыстар орнатуға деген қызығушылықтарының жүйесіз екенін, әрі топ бойынша біркелкі даму бетбұрысының қалыптаспағанын айғақтайды.

Болашақ маман иесі ретінде қалыптасу аспектісін сипаттайтын кәсіби мотивация шкаласында 23 студентте төмендеу, 28 студентте өсу және 9 студентте нәтиженің сәйкес келуі (өзгеріссіз қалуы) байқалады.

Мұндай үлестірім студенттердің өз мамандығы мен еріктілік жұмыс арасындағы тәжірибелік байланысты өздігінен нақты сезіне қоймағанын көрсетеді.

Қорғаныштық мотивация (22 теріс, 31 оң ранг) және тұлғалық даму мотивациясы (27 теріс, 30 оң ранг) шкалаларындағы көрсеткіштердің теңбе-теңдік жағдайы студенттердің эго-жүйесінде, өзін-өзі бағалау деңгейінде және

психологиялық қорғаныс тетіктерінде ешқандай бағытты сапалық өзгерістердің орын алмағанын аңғартады.

Эксперименттік топта теріс рангтердің жалпы көрсеткіші нөлге тең болса, бақылау тобындағы әр шкала бойынша теріс рангтердің көптеп тіркелуі сыртқы психологиялық-педагогикалық қолдаудың жоқтығынан студенттердің еріктілікке деген ынтасының төмендеу үрдісі де қатар жүріп отырғанын көрсетеді.

Дегенмен, бақылау тобының рангтер кестесінде көрініс тапқан осы тектес кездейсоқ ауытқулар мен өзгерістердің статистикалық тұрғыдан маңызды емес екенін және олардың сенімділік деңгейін нақты анықтау үшін Т-Вилкоксон критерийінің мәндері есептелген статистикалық көрсеткіштер кестесіне талдау жасау қажет.

Рангтер кестесінде байқалған жүйесіз ауытқулардың математикалық негіздемесін тексеру және олардың статистикалық маңыздылық деңгейін анықтау мақсатында бақылау тобы бойынша Т-Вилкоксон критерийінің эмпирикалық мәндері есептелді. Алынған нәтижелер төмендегі 38-кестеде ұсынылған.

Кесте 38 – Бақылау тобындағы студенттердің еріктілік мотивациясы көрсеткіштерінің Т-Вилкоксон критерийі бойынша статистикалық мәндері (N=60)

Статистикалық көрсеткіш	Құндылықтық мотивация	Танымдық мотивация	Әлеуметтік мотивация	Кәсіби мотивация	Қорғаныштық мотивация	Тұлғалық даму мотивациясы
Z	-1,168[b]	-,535[b]	-,244[b]	-,483[b]	-,674[b]	-,449[b]
Асимп. мәні (екі жақты)	,243	,593	,807	,629	,500	,653

Кестеде ұсынылған статистикалық мәліметтер бақылау тобындағы студенттердің еріктілік мотивациясының ешқандай бағыты бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды өзгерістердің орын алмағанын математикалық-статистикалық түрде дәлелдейді. Статистикалық есеп барысында барлық алты мотивациялық шкала бойынша маңыздылық деңгейі p мәнінің қабылданған критикалық шегінен ($p>0,05$) айтарлықтай жоғары екенін көрсетті. Аталмыш нәтиже бақылау тобындағы алғашқы және қайталанған диагностика арасындағы айырмашылықтардың барлығы кездейсоқ сипатқа ие екенін айғақтайды.

Құндылықтық мотивация (Z = -1,168; p = 0,243) шкаласындағы p мәні статистикалық маңыздылық деңгейіне жетпеген. Бұндай көрсеткіш сыртқы бағытталған педагогикалық-психологиялық ықпал болмаған жағдайда студенттердің ішкі адамгершілік-ізгілендіруші бағдарларының өздігінен ешқандай өзгеріске ұшырамайтынын білдіреді. Дәл осындай көрініс тұлғалық даму мотивациясы (Z = -0,449; p = 0,653) шкаласында да көрініс тауып, студенттердің өзін-өзі бағалауы мен тұлғалық өсу сезімінде заңды ілгерілеудің жоқтығын негіздейді.

Танымдық мотивация (Z = -0,535; p = 0,593) және әлеуметтік мотивация (Z = -0,244; p = 0,807) шкалалары бойынша p мәндерінің өте жоғары болуы топ ішіндегі өзгерістердің толықтай статикалық сипатта екенін айқындайды. Студенттердің еріктілік жұмыс арқылы жаңа білім алуға немесе әлеуметтік байланыстарды кеңейтуге деген ынтасы уақыт факторының әсерінен өздігінен дамымаған.

Кәсіби мотивация (Z = -0,483; p = 0,629) мен қорғаныштық мотивация (Z = -0,674; p = 0,500) бағыттарында да математикалық сенімділік тіркелмеген. Болашақ мансаптық дағдыларды еріктілікпен байланыстыру немесе ішкі мазасыздықтарды еріктілік арқылы компенсациялау үрдістері бақылау тобындағы студенттерде заңды серпін тудырмаған.

Осылайша, бақылау тобы бойынша алынған статистикалық критерийлерді жалпылай келе, бағытты психологиялық-педагогикалық ықпал жүргізілмеген жағдайда студенттердің еріктілік мотивациясының құрылымында ешқандай статистикалық мәні бар оң өзгерістердің орын алмағаны математикалық-статистикалық тұрғыда дәлелденді. Аталмыш нәтиже өз кезегінде эксперименттік топта қол жеткізілген жоғары статистикалық маңыздылықтағы (p=0,000) оң көрсеткіштердің кездейсоқ емес, тек біз ұсынған технологияның бірегей тиімділігі екенін толықтай айғақтайды.

Л. Берковиц пен К. Луттерманның «Әлеуметтік жауапкершілік шкаласы» әдістемесі бойынша бақылау тобында (N=60) алынған эмпирикалық мәліметтердің рангтік көрсеткіштері де өзіндік ерекшеліктерді аңғартады. Аталмыш көрсеткіштер мақсатты сыртқы ықпал болмаған жағдайда студенттердің азаматтық-жауапкершілік ұстанымының табиғи серпінін сипаттайды (39-кесте).

Кесте 39 – Бақылау тобындағы студенттердің әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерінің рангтер үлесі (N=60)

Сапалар	Рангілер	N	Орташа ранг	Рангілердің қосындысы
Әлеуметтік жауапкершілік	Теріс рангілер	11[s]	13,50	148,50
	Оң рангілер	16[t]	14,34	229,50
	Сәйкес келген қорытындылау саны	33[u]		
	Барлығы	60		

39 - кестенің жалғасы

Ескертпе: s. Әлеуметтік жауапкершілік < Әлеуметтік жауапкершілік; t. Әлеуметтік жауапкершілік > Әлеуметтік жауапкершілік; u. Әлеуметтік жауапкершілік = Әлеуметтік жауапкершілік.

Кестеде ұсынылған мәліметтерге сәйкес, әлеуметтік жауапкершілік шкаласы бойынша 11 студентте көрсеткіштің төмендеуі (теріс рангтер қосындысы - 148,50) және 16 студентте ілгерілеу үрдісі (оң рангтер қосындысы - 229,50) тіркелген. Сонымен қатар бақылау тобындағы зерттелушілердің басым бөлігінде, яғни 33 студентте алғашқы және қайталанған диагностика нәтижелерінің толық сәйкес келгені (өзгеріссіз қалғаны) байқалады.

Мұндай үлестірім әлеуметтік жауапкершіліктің тұлғалық құрылымдағы тұрақтылығы мен негізгі сипатын тағы бір мәрте растайды. Сыртқы мақсатты психологиялық-педагогикалық ықпал жасалмағандықтан, бақылау тобы студенттерінің басым көпшілігінде аталмыш қасиет ешқандай өзгеріске ұшырамаған. Ал топтың шағын бөлігінде көрініс тапқан оң және теріс бағыттағы ауытқулар біркелкі заңдылыққа бағынбайды және студенттердің күнделікті өміріндегі кездейсоқ әлеуметтік факторлардың әсерінен болуы мүмкін.

Рангтер кестесінде орын алған осы тектес шағын айырмашылықтардың қаншалықты кездейсоқ екенін және олардың нақты статистикалық сенімділік деңгейін анықтау үшін әлеуметтік жауапкершілік шкаласы бойынша есептелген статистикалық критерийлерге қарау қажет.

Рангтер кестесінде байқалған ауытқулардың математикалық негіздемесін тексеру және оның статистикалық маңыздылық деңгейін анықтау мақсатында бақылау тобында әлеуметтік жауапкершілік шкаласы бойынша Т-Вилкоксон критерийінің эмпирикалық мәндері есептелді. Алынған нәтижелер төмендегі 40-кестеде ұсынылған.

Кесте 40 – Бақылау тобындағы студенттердің әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерінің статистикалық мәндері (N=60)

Статистикалық көрсеткіш	Әлеуметтік жауапкершілік
Z	-1,095[b]
Асимп. мәні (екі жақты)	,273

Кестеде ұсынылған статистикалық мәліметтер бақылау тобындағы студенттердің әлеуметтік жауапкершілік деңгейінде ешқандай статистикалық маңызды өзгерістердің орын алмағанын нақты дәлелдейді.

Математикалық-статистикалық есеп қорытындысы бойынша әлеуметтік жауапкершілік шкаласында маңыздылық деңгейі p = 0,273 (Z = -1,095) тең болды. Осы тектес нәтиже педагогикалық-психологиялық зерттеулерде қабылданған критикалық шектен (p>0,05) айтарлықтай жоғары және топ

ішіндегі алғашқы және қайталанған өңдеу арасындағы айырмашылықтардың толықтай кездейсоқ сипатқа ие екенін айғақтайды.

Бақылау тобында математикалық сенімділіктің тіркелмеуі студенттердің азаматтық-жауапкершілік ұстанымдарының тұрақты қалыпта сақталғанын және уақыт факторының әсерінен өздігінен өзгеріске ұшырамағанын көрсетеді.

Осылайша, эксперименттік және бақылау топтары бойынша алынған барлық статистикалық мәліметтерді өзара салыстыра келе, мақсатты түрде ұйымдастырылған сыртқы психологиялық-педагогикалық ықпалдың студенттердің еріктілік мотивациясын жүйелі дамытуда және олардың әлеуметтік жауапкершілік сезімін белсендіруде жоғары деңгейдегі нәтижелілік көрсеткенін ғылыми негізде толықтай қорытындылауға болады.

Эксперименттік және бақылау топтарында алынған нәтижелерді Т-Вилкоксон белгілер критерийі арқылы салыстырмалы математикалық-статистикалық талдау қорытындысы зерттеу жұмысының жоғары ғылыми дәлелділігін айқындайды.

Статистикалық есептеулердің нәтижесінде эксперименттік топтағы студенттердің еріктілік мотивациясының барлық алты шкаласы бойынша (құндылықтық, танымдық, әлеуметтік, кәсіби, қорғаныштық, тұлғалық даму) ең жоғары маңыздылық деңгейінде (p=0,000) оң динамика тіркелді. Әсіресе әлеуметтік және танымдық мотивация бағыттарындағы ең жоғары эмпирикалық мәндер еріктілік іс-әрекет ортасының студенттер үшін жаңа әлеуметтік байланыстар орнату және өмірлік маңызды тәжірибелік дағдыларды меңгеру кеңістігіне айналғанын психологиялық тұрғыдан негіздейді.

Сонымен қатар құндылықтық және тұлғалық даму мотивацияларының өсуі студенттердің еріктілікке деген ынтасының сыртқы прагматикалық сипаттан ішкі альтруистік, тұлғаны өзектендіруші деңгейге өткенін сипаттайды.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілік деңгейінде де статистикалық тұрғыдан жоғары маңыздылықтағы (p=0,000) оң серпіннің тіркелуі мақсатты түрде ұйымдастырылған сыртқы ықпалдың студенттердің азаматтық-жауапкершілік ұстанымын белсендіруге де оң әсер ете алғанын дәлелдейді.

Эксперименттік топтағы осы тектес заңды даму үрдістері бақылау тобында жүргізілген математикалық-статистикалық талдау нәтижелерімен толықтай сәйкестендіріліп, дәлелдене түседі.

Бақылау тобында еріктілік мотивациясының барлық алты шкаласы бойынша да (p мәндері 0,243-тен 0,807-ге дейінгі шекте) және әлеуметтік жауапкершілік шкаласы бойынша да (p=0,273) ешқандай статистикалық маңызды өзгерістердің орын алмағаны нақтыланды. Бақылау тобындағы оң және теріс рангтердің теңбе-тең бөлінуі мен p мәнінің қабылданған критикалық шектен айтарлықтай жоғары болуы бақылау тобында көрініс тапқан кез келген ауытқулардың жүйесіз және кездейсоқ сипатқа ие екенін айғақтайды.

Осылайша, бақылау тобында өзгерістердің статистикалық тұрғыдан мәнсіз болуы аясында эксперименттік топта қол жеткізілген жоғары деңгейдегі заңды ілгерілеулер біз ұсынып отырған педагогикалық технологияның студенттердің

еріктілік мотивациясын жүйелі дамытудағы және азаматтық-жауапкершілік ұстанымын қалыптастырудағы жоғары тиімділігін ғылыми негізде толықтай қорытындылауға мүмкіндік береді.

Келесі кезекте *студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу ұстанымдарын бағалауға арналған авторлық сауалнама* нәтижелері олардың еріктілік туралы түсініктеріндегі, еріктілік іс-әрекетке қатысу тәжірибесіндегі және қоғамдық пайдалы іс-әрекетке дайындығындағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар сауалнама студенттердің әлеуметтік өзара әрекеттесу, коммуникативтік белсенділік және ортақ нәтижеге қол жеткізуге бағытталған ұстанымдарының қалыптасу динамикасын анықтауға негіз болды.

Алынған нәтижелер төмендегі кестелерде ұсынылған.

1-сұрақ бойынша: «Сіздің ойыңызша, ерікті деген кім?» деген сұраққа студенттердің жауаптары төмендегідей (41-кесте) болды:

Кесте 41 – Тәжірибеге дейін және тәжірибеден кейінгі жауап көрсеткіштері

Жауап нұсқалары	Эксперим енттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
Тегін көмек көрсететін адам	41 (74,5%)	45 (75,0%)	39 (70,9%)	44 (73,3%)
Қаржылай көмек көрсететін адам	4 (7,3%)	5 (8,3%)	2 (3,6%)	5 (8,3%)
Бос уақытын арнайтын адам	7 (12,7%)	8 (13,3%)	11 (20,0%)	9 (15,0%)
Қоғам қолдауын сезінетін адам	2 (3,6%)	1 (1,7%)	2 (3,6%)	1 (1,7%)
Басқа жауап	1 (1,8%)	1 (1,7%)	1 (1,8%)	1 (1,7%)

Кесте 42 - 2-сұрақ бойынша: «Еріктілік іс-әрекетке қатысты сіздің көзқарасыңыз...»

Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы(n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
Оң көзқарастамын, белсенділік танытып, басқаларға көмектесуді қажет деп ойлаймын	49 (89,1%)	54 (90,0%)	52 (94,5%)	55 (91,7%)
Бейтарап, көмектесуді жөн көремін, бірақ әрдайым қатыса алмаймын	5 (9,1%)	5 (8,3%)	3 (5,5%)	4 (6,7%)

42-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Теріс, жұмысы көп болғандықтан уақытымды жоғалтқым келмейді	1 (1,8%)	0 (0,0%)	0 (0,0%)	0 (0,0%)
Жауап беруге қиналамын	0 (0,0%)	1 (1,7%)	0 (0,0%)	1 (1,7%)

Кесте 43 - 3-сұрақ бойынша: «Сіздің еріктілік іс-әрекетпен айналысқан кездеріңіз болды ма?...»

Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
1	2	3	4	5
Бұрын еріктілік іс-әрекетпен айналыспадым, бірақ болашақта ерікті болғым келеді	26 (47,3%)	29 (48,3%)	22 (40,0%)	28 (46,7%)
Бұрын еріктілікпен айналыстым және болашақта да жалғастыруды жоспарлаймын	6 (10,9%)	7 (11,7%)	9 (16,4%)	8 (13,3%)
Қазіргі уақытта еріктілік қызметпен айналысып жүрмін	1 (1,8%)	2 (3,3%)	4 (7,3%)	2 (3,3%)
Бұрын еріктілікпен айналыстым, бірақ қазір қатыспаймын	18 (32,7%)	17 (28,3%)	17 (30,9%)	17 (28,3%)
Еріктілікпен айналысуға қызығушылық танытпаймын	4 (7,3%)	5 (8,3%)	3 (5,5%)	5 (8,3%)

Кесте 44 - 4-сұрақ бойынша: «Сіздің еріктілік іс-әрекетке қатысуыңызға не ықпал етті?...»

Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
Мұқтаж адамдарға көмектесу	25 (45,5%)	28 (46,7%)	28 (50,9%)	29 (48,3%)
Қоғам тарапынан қысым	1 (1,8%)	1 (1,7%)	1 (1,8%)	1 (1,7%)
Жақындарымның оң тәжірибесі	4 (7,3%)	5 (8,3%)	5 (9,1%)	5 (8,3%)
Жаңа таныстар табу	7 (12,7%)	7 (11,7%)	8 (14,5%)	7 (11,7%)

44 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Қауымдастыққа пайдамды тигізу	6 (10,9%)	7 (11,7%)	9 (16,4%)	8 (13,3%)
Міндеткерлік сезімі	1 (1,8%)	1 (1,7%)	1 (1,8%)	1 (1,7%)
Көңіл-күй / денсаулық	2 (3,6%)	2 (3,3%)	3 (5,5%)	2 (3,3%)
Жаңа тәжірибе жинақтау	6 (10,9%)	7 (11,7%)	10 (18,2%)	8 (13,3%)
Білмеймін	15 (27,3%)	16 (26,7%)	10 (18,2%)	15 (25,0%)

Кесте 45 - 5-сұрақ бойынша: «Еріктілік іс-әрекетке көбірек көңіл бөлу үшін Сізге не кедергі келтіреді?...»(5 жауапқа дейін таңдауға болады)

Кедергі факторлары	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
1	2	3	4	5
Уақыттың шектеулілігі	50,9	50,0	47,3	49,0
Жұмыстағы міндеттер	5,5	6,7	5,5	6,7
Отбасылық жағдайлар	12,7	13,3	10,9	13,3
Саяхат	3,6	3,3	3,6	3,3
Көмек / ұсыныс жасалмады	10,9	11,7	7,3	11,7
Ақпараттың жеткіліксіздігі	10,9	10,0	5,5	9,0
Пайда жоқ деп ойлау	3,6	3,3	1,8	3,3
Қызығушылықтың жоқтығы	7,3	8,3	3,6	8,3
Үнемі қатысудың қиындығы	5,5	5,0	3,6	5,0
Жұмыстың тым ұзақ болуы	12,7	13,3	10,9	13,3
Денсаулық жағдайы	1,8	3,3	1,8	3,3
Жас мөлшері	9,1	8,3	7,3	8,3
Мүгедектік	1,8	1,7	1,8	1,7
Еріктілікке қатысты сенімсіздік	3,6	5,0	1,8	5,0
Дағдылардың жеткіліксіздігі	3,6	3,3	1,8	3,3
Қайда баруды білмеу	7,3	8,3	3,6	8,3
Құқықтық хабарсыздық	1,8	1,7	0,0	1,7
Сабаққа деген үлгермеушілік	0,0	0,0	0,0	0,0
Шарттардың нашар болуы	0,0	0,0	0,0	0,0
Төленетін жұмысты таңдау	5,5	5,0	3,6	5,0
Еріктілік жұмысының жоқтығы	5,5	5,0	3,6	5,0
Ұйыммен бірге қатысу мүмкіндігі жоқ	1,8	3,3	1,8	3,3
Ризашылықтың жеткіліксіздігі	1,8	1,7	0,0	1,7

45-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Басқасы	10,9	11,7	9,1	11,7
Жауап жоқ	29,1	30,0	18,2	28,3
«Ескерту – студенттер бірнеше жауап нұсқасын таңдағандықтан, пайыздық көрсеткіштердің қосындысы 100%-ды құрамайды.».				

Кесте 46 - 6-сұрақ бойынша: «Аптасына қанша уақыт еріктілік іс-әрекетке арнауға дайынсыз?...»


Жауап нұсқалары	Эксперименттік топ(n=55)	Бақылау тобы (n=60)	Эксперименттік топ (n=55)	Бақылау тобы (n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
1	2	3	4	5
Аптасына 1–2 сағат	10 (18,2%)	11 (18,3%)	11 (20,0%)	11 (18,3%)
Аптасына 3–4 сағат	10 (18,2%)	12 (20,0%)	11 (20,0%)	12 (20,0%)
Аптасына жарты күн	4 (7,3%)	4 (6,7%)	5 (9,1%)	4 (6,7%)
Аптасына 1 күн	7 (12,7%)	7 (11,7%)	8 (14,5%)	7 (11,7%)
Аптасына 1 күннен артық	5 (9,1%)	5 (8,3%)	6 (10,9%)	5 (8,3%)
Апта сайын емес, уақытым болған кезде	9 (16,4%)	10 (16,7%)	8 (14,5%)	10 (16,7%)
Өз уақытымды бөлуге дайын емеспін	6 (10,9%)	7 (11,7%)	4 (7,3%)	7 (11,7%)

Кесте 47 – «Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу ұстанымдарын бағалауға арналған» авторлық сауалнама нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Жоғары		Орта		Төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1	«Сіздің ойыңызша, ерікті деген кім?»	29,1	25,0	49,1	50,0	21,8	25,0
2	«Еріктілік іс-әрекетке қатысты сіздің көзқарасыңыз қандай?»	52,7	50,0	41,8	43,3	5,5	6,7
3	«Сіздің еріктілік іс-әрекетпен айналысқан кездеріңіз болды ма?»	30,9	25,0	45,5	48,3	23,6	26,7
4	«Сіздің еріктілік іс-әрекетке қатысуыңызға не ықпал етті?»	34,5	26,7	45,5	48,3	20,0	25,0
5	«Еріктілік іс-әрекетке көбірек көңіл бөлуге Сізге не кедергі келтіреді?»	30,9	25,0	47,3	48,3	21,8	26,7
6	«Аптасына қанша уақыт еріктілік іс-әрекетке арнауға дайынсыз?»	32,7	26,7	45,5	48,3	21,8	25,0

Кестеде авторлық сауалнаманың сұрақтары бойынша алынған нәтижелердің қорытынды көрсеткіштері ұсынылған. Нәтижелерді салыстыру

эксперименттік топ студенттерінің еріктілік іс-әрекетке қатысты ұстанымдарында оң өзгерістер қалыптасқанын көрсетеді. Атап айтқанда, барлық сұрақтар бойынша жоғары деңгей көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болып, орта және төмен деңгейдегі студенттердің үлесі біртіндеп азайғаны байқалады. Бұл студенттердің еріктілік туралы түсінігінің, оған деген оң көзқарасының, қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға дайындығының және әлеуметтік өзара әрекеттесу белсенділігінің артқанын дәлелдейді. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі елеусіз сипатта болды. Авторлық сауалнама бойынша алынған қорытынды нәтижелердің өзгеру динамикасы төмендегі 24-суретте көрнекі түрде берілген.




Сурет 23 –«Студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу ұстанымдарын бағалауға арналған» авторлық сауалнаманың ЭТ және БТ нәтижелерінің динамикасы

Альтруизм шкаласы бойынша айқындау және қорытындылау кезеңдерінде алынған нәтижелерді салыстыру студенттердің әлеуметтік белсенділігі мен риясыз көмек көрсетуге дайындығындағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері төмендегі 48- кестеде берілген.

Кесте 48 – Альтруизм шкаласы (SRA) бойынша нәтиже

Деңгейлері	Эксперименттік топ % (n=55)	Бақылау тобы %(n=60)	Эксперименттік топ % (n=55)	Бақылау тобы %(n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
1	2	3	4	5
Төмен	17 (30,9)	18 (30)	14 (25,5)	17 (28,3)
Орта	26 (47,3)	28 (46,7)	25 (45,5)	28 (46,7)
Жоғары	12 (21,8)	14 (23,3)	16 (29,1)	15 (25)

Кестеде келтірілген нәтижелер альтруизм деңгейінің қалыптасуында эксперименттік топ студенттерінің оң динамикасын көрсетеді. Анықтау кезеңінде эксперименттік топта төмен деңгейдегі студенттердің үлесі 30,9%-ды құраса, қорытындылау кезеңінде бұл көрсеткіш 25,5%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 21,8%-дан 29,1%-ға дейін өсті, ал орта деңгейдегі көрсеткіш 47,3%-дан 45,5%-ға дейін аздап төмендеді. Бұл орта деңгейдегі студенттердің бір бөлігінің жоғары деңгейге ауысқанын көрсетеді. Бақылау тобында өзгерістер айтарлықтай байқалмай, жоғары деңгей 23,3%-дан 25,0%-ға ғана өсіп, төмен деңгей 30,0%-дан 28,3%-ға дейін азайды. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қалыптастыру жұмыстарының студенттердің альтруистік мінез-құлқын дамытуға және өзгелерге риясыз көмек көрсетуге бағытталған ұстанымдарының қалыптасуына оң ықпал еткенін дәлелдейді (24-сурет).




Сурет 24 – Альтруизм деңгейі көрсеткіштерінің айқындау және қорытындылау кезеңдеріндегі өзгеру динамикасы

Студенттердің рефлексиялық компонентінің қалыптасу деңгейіндегі өзгерістерді анықтау мақсатында «Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтау» авторлық анкета-тестінің нәтижелері талданды. Айқындау және қорытындылау кезеңдерінде алынған көрсеткіштерді салыстыру арқылы студенттердің өз іс-әрекетін бағалау, еріктілік тәжірибесін саралау және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған рефлексиялық қабілеттерінің қалыптасу динамикасы айқындалды. Зерттеу нәтижелері төмендегі 49-кестеде және диаграммада ұсынылған.

Кесте 49 – «Студенттердің рефлексивтік қабілетін анықтау анкета-тесті»

Деңгейлері	Эксперименттік топ % (n=55)	Бақылау тобы %(n=60)	Эксперименттік топ % (n=55)	Бақылау тобы %(n=60)
	Тәжірибеге дейін		Тәжірибеден кейін	
1	2	3	4	5
Төмен	12 (21,8)	20 (33,3)	10 (18,2)	19 (31,7)
Орта	24 (43,6)	27 (45)	23 (41,8)	27 (45,0)
Жоғары	19 (34,6)	13 (21,7)	22 (40)	14 (23,3)

Алынған нәтижелер студенттердің рефлексиялық қабілетінің қалыптасуында эксперименттік топтың оң даму динамикасын көрсетеді. Айқындау кезеңінде эксперименттік топта төмен деңгейдегі студенттердің үлесі 21,8%-ды құраса, қалыптастыру экспериментінен кейін бұл көрсеткіш 18,2%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 34,6%-дан 40,0%-ға дейін өсіп, орта деңгейдегі студенттердің үлесі 43,6%-дан 41,8%-ға дейін аздап төмендеді. Бұл орта деңгейдегі студенттердің бір бөлігінің жоғары деңгейге ауысқанын көрсетеді. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі мардымсыз болды: төмен деңгей 33,3%-дан 31,7%-ға дейін азайып, жоғары деңгей 21,7%-дан 23,3%-ға дейін ғана өсті. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қалыптастыру эксперименті барысында жүзеге асырылған жұмыстардың студенттердің өз іс-әрекетін бағалауына, еріктілік тәжірибесін саралауына және рефлексиялық қабілеттерінің дамуына оң ықпал еткенін дәлелдейді.



Сурет 25 – Рефлексиялық қабілет көрсеткіштерінің айқындау және қорытындылау кезеңдеріндегі өзгеру динамикасы

Сонымен, қорытындылау кезеңінде алынған нәтижелер студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруға бағытталған педагогикалық технологияның тиімділігі туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік берді. Эксперименттік және бақылау топтарының айқындау және қорытындылау кезеңдеріндегі нәтижелерін салыстыру студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасу динамикасын айқын көрсетті. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында алынған нәтижелер төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

– зерттеу барысында жүзеге асырылған жүйелі педагогикалық жұмыстар студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде тиімді қалыптастыруға мүмкіндік берді;

– зерттеу аясында негізделген педагогикалық шарттардың, әзірленген «Volunteer Hub» технологиясының және оқу-тәрбие процесіне ықпалдастырылған еріктілік бағдарламаларының тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен дәлелденді;

– тәжірибелік-эксперимент жұмысының барлық кезеңінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің мотивациялық, когнитивтік, процессуалдық және рефлексиялық компоненттерінің көрсеткіштері мен өлшемдеріндегі өзгерістерді кешенді талдауға мүмкіндік туды. Қалыптастыру экспериментінің қорытындысы барлық компоненттер бойынша оң даму динамикасының қалыптасқанын және студенттердің әлеуметтік жауапкершілік деңгейінің артқанын көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Зерттеу барысында оның мәселесіне қатысты ғылыми еңбектер мен жоғары білім берудің педагогикалық процесінің бүгінгі талаптары мен жағдайларын, сондай-ақ мемлекеттік стратегиялық құжаттамаларды жан-жақты талдау нәтижесінде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру *психологиялық-педагогикалық проблема тұрғысынан негізделді.* Білім алушының әлеуметтік жауапкершілігі ұғымы психология, педагогика ғылымдарының негізгі категоряларының бірі, *бұл біріншіден, екіншіден* әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру белгілі бір педагогикалық құралдар, формалар және әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады, *үшіншіден* отандық педагогика ғылымында аталған проблема жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

2. Зерттеудің негізгі түйінді ұғымдары қарастырылған философиялық, әлеуметтану, психологиялық-педагогикалық алыс және жақын шетелдік еңбектерде, сондай-ақ қазақстандық зерттеулерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған терең талдау негізінде *«студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі»* ұғымының мәні нақтыланды және авторлық анықтама берілді.

- Біздің тұжырымдауымызша ***«студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі*** дегеніміз - оның қоғам мен қоршаған ортаның игілігі үшін саналы тұрғыдан ізгі ісін жүзеге асырудағы тұлғалық қасиеттерінің, интеллектуалдық білімдерінің, әлеуметтік біліктерінің, мінез-құлық сапаларының жиынтығы; Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің *тұлғалық қасиеттеріне* қажеттілік, ерік-жігер, өзін-өзі реттеу жатады, *интеллектуалдық білімдеріне* қоғамдық нормалар, рухани құндылықтар, моральдық пайымдаулар, *әлеуметтік біліктерге* өзараәрекеттестік, коммуникативтілік, нәтижеге ерісу, *мінез-құлық сапаларына* адалдық, белсенділік, жауапкершілік енеді.

3. «Ерікті», «еріктілік», «еріктілік іс-әрекет» ұғымдары зерттелген әдебиеттерге жасалған талдау негізінде осы ұғымдарды нақтылаймыз. Біздің анықтауымызша «***ерікті*** – қоғам алдындағы міндеттерді өз мойнына алып, мәжбүрлеусіз, ақысыз, риясыз жұмыс атқарушы тұлға», ал «***еріктілік*** - қайырымдылық мәні мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді мәжбүрлеусіз, ақысыз, риясыз орындауға бағытталған *іс-әрекет*». Олай болатын болса, қайырымдылық мәні мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді мәжбүрлеусіз орындау және оны өз мойнына алу – *бір жағынан* әлеумет алдындағы жауапкершілікті білдірсе, *екінші жағынан* осы тұлғаның әлеуметтік топ арасынан шығуы және әлеуметтік топқа, қоғамға риясыз қызмет етуі әлеуметтік құбылыс. *Үшіншіден* тұлғаның осы процесті жүзеге асыруда студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қамтитын тұлғалық қасиеттері, интеллектуалдық білімдері, әлеуметтік біліктері, мінез-құлық сапалары дамиды.

4. Осы талдаулар бізге студенттердің еріктілік іс-әрекеті түсінігін нақтылауға мүмкіндік берді: «***студенттердің еріктілік іс-әрекеті*** дегеніміз - бұл олардың тұлғалық қасиеттерін, интеллектуалдық білімдерін, әлеуметтік

біліктерін, мінез-құлық сапаларын қамтитын әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың тиімді құралы».

5. *Еріктілік іс-әрекет процесі* қарастырылған еңбектерді талдау оның *ерекшеліктері* объект және субьектіне қатысты, қызмет саласына қарай, мазмұндық сипатына, түрлеріне, мәніне байланысты айқындалатынын көрсетті. Еріктілік іс-әрекет процесі ерекшеліктерінің студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы *мүмкіндіктері жоғары:* Еріктілік іс-әрекеті процесінің *еріктілік еркін таңдау ерекшелігі* студенттердің әлекиеттік жауапкершілігі құрамындағы еріктілік іс-әрекетке қатысуға қажеттілікті арттырады, ерік-жігерін шыңдайды, өзін-өзі реттеуіне ықпал етеді; *қоғамдық маңыздылығы ерекшелігі* – қоғамдық нормалар туралы білімдерін кеңейтеді; *риясыз және рухани-адамгершілік ерекшелігі* рухани құндылықтарды меңгеруіне ықпал етеді, моральдық пайымдауларын тереңдетеді; *әлеуметтік өзара әрекеттестік ерекшелігі* тұлғааралық өзара әрекеттестік қабілеттерін дамытады; *мақсатты-нәтижелік ерекшелігі* коммуниткативтілігін дамытады, нәтижеге ерісу қабілеттерін қалыптастырады; *субъектілік-бастамашылық ерекшелігі* белсенділік сапасын арттырады; жауапкершілікке негізделген сипаты адалдық пен жауапкершілік сапаларын арттырады.

6. Осы тұрғыдан зерттеу барысында еріктілік іс-әрекет процесі студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың *құралы* тұрғысынан жан-жақты негізделеді.

7. Зерттеуді жүргізуде негізге алынатын студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекеті процесінде қалыптастыруға ықпал ететін әдіснама қарастырылады: тұлғаны дамыту теориялары (субъектілік теориясы С.Л.Рубинштейн, К.А. Абульханова, А.В. Брушлинский, А.Р.Ерментаева), тұлғаның әлеуметтену теориясы (Ч.Кули, Дж.Мид, А.Бандура, А.В.Мудрик, Г.М. Андреева, Г.О. Әбдікерова); іс-әрекет теориясы (Л.С.Выготский, А. Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, С.М.Жақыпов) еріктілік іс-әрекет қағидаттары, нормативтік-құқықтық құжаттары (Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында еріктілікті дамыту мен қолдаудың 2024–2026 жылдарға арналған Жол картасы, 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №42-VI «Еріктілік іс-әрекет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы); әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру тұғырлары (жүйелік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, мәдениеттанушылық, тұлғалық-бағдарлы және институционалдық).

8. Педагогика ғылымы саласы тұрғысынан еріктілік іс-әрекеті процесі ұғымының мәні нақтыланды: «студенттердің еріктілік іс-әрекеті процесі *дегеніміз* олардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру мен тәрбиелеу ортасында мақсатты, жоспарлы ұйымдастырылған әдіс-тәсілдер мен формаларды жүзеге асыру» деп тұжырымдаймыз.

Осыған байланысты *студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру* дегеніміз – еріктілік іс-әрекет құралдары,

жүзеге асыру формалары, педагогикалық әдістері арқылы студенттің әлеуметтік жауапкершілігін құрайтын тұлғалық қасиеттерін, интеллектуалдық білімдерін, әлеуметтік біліктерін және мінез-құлық сапаларын *еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік және мінез-құлықтық* кезеңдермен қалыптастыру.

9. Еріктілік іс-әрекеті процесі жоғары оқу орнының тәрбие ортасында бірнеше *формада* көрініс таба алады: еріктілік жобалар, әлеуметтік акциялар, тренингтер, шеберлік сабақтары, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, тәлімгерлік бағдарламалар, әлеуметтік қолдау іс-шаралары, экологиялық бастамалар, конференциялар және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар.

Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалаптастыруда қолданылатын *әдістер (*интерактивті, диалогтік, жобалау, кейс, тәжірибелік, рефлексивтік, сервис-лернинг, кинотайм және т.б.) олардың стреске төзімділігін (тұлғалық қасиеттері, интеллектуалдық білімдер, бейімделу біліктері, мінез-құлық сапалары) қалыптастыруға тікелей ықпал етеді.

10. Зерттеу барысында студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды және екі топқа топтастырылды: өзара шартталған қағидалар және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар. Біріншісі – зерттеу пәніне сәйкес белгіленген процестің тиімді жүзеге асуында негізге алынатын және сақталуын қажет ететін өзара *шартталған қағидалар (*Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру; Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру; Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру*).* Екіншісі – аталған процестің тиімділігін қамтамасыздандыратын *іс-шаралар жиынтығы.*Мәселен, 1)Әлеуметтік-педагогикалық дамытушы орта құру *–Volunteer Hub еріктілер хабы* арқылы іске асады; 2)Оқу-тәрбие процесіне еріктілік бағдарламаларын ықпалдастыру – *«Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасымен*; 3)Еріктілік іс-әрекетін қоғамдық-қайырымдылық-жауапкершілік сұлбасымен жүзеге асыру – *«Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасы* арқылы; 4)Еріктілік іс-әрекетін субъективті белсенділік ұстанымына айналдыру – *«SAQ Officers» жобасын* жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

11. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың *құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, бағалаушылық* бөліктерден тұрады. Аталған қалыптастырудың *мотивациялық, когнитивтік, процессуалдық, рефлексиялық компоненттеріне* сәйкес түрткісін, білімдері мен біліктерін, сапаларын қамтитын өлшемдері мен көрсеткіштері төмен, орта, жоғары деңгейлермен анықталады.

12. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру технологиясы *еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік, мінез-құлықтық* кезеңдермен жүзеге асырылғанда ғана нәтижелі болады.

13. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптасуының жоғары, орта, төмен деңгейлерін диагностикалық айқындау, мазмұндық-технологиялық қамтамасыздандырғанда және оларды кезеңдермен жүзеге асырып, бағалау жүйесімен қорытындылағанда ғана нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

14. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру диагностикасын; студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік, мінез-құлықтық кезеңдермен қалыптастырудың технологиясын: Volunteer Hub еріктілер хабы Ережесі мен іс-шаралары мазмұнын; «Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасының; «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасының; «SAQ Officers» жобасының мазмұнын психофизиологиялық, психотехникалық, педагогикалық-инновациялық, цифрлық құралдарды, әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырғанда студенттің әлеуметтік жауапкершілігінің жан-жақты дамуына тиімді ықпал етіп, нәтижелі болады.

Зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер бойынша келесідей *ұсыныстар* жасауға болады:

1. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастырудың әдіснамалық теориялары мен тұғырлары; зерттеудің негізгі ұғымдарының мәні мен мазмұны, құрылымы мен ерекшеліктері, психологиялық-педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделі, технологиясы осы саладан білім алушыларға, жас ғалымдарға, зерттеушілерге теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге көмектеседі. Ғылыми жаңалықтарды педагогтардың біліктілігін жетілдіретін ұйымдардың курстарында және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруда жоғары оқу орындарының білім беру процесін және тәрбие ортасын тиімді пайдалану керек.

3. Volunteer Hub еріктілер хабы, «SAQ Officers» жобасының мазмұнын жоғары оқу орнының тәрбие жоспарына ендірген жөн.

4. ««Peer-to-Peer» тәлімгерлік жобасының; «Инклюзия және теңдік» әлеуметтік қолдау жобасын жоғары оқу орнының, қосымша білім беру ұйымдарының, білім беру процесіне ендіруді қарастыру қажет.

5. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруда біздің ұсынып отырған технология мазмұнын психофизиологиялық, психотехникалық, педагогикалық-инновациялық, цифрлық құралдарды, әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырған дұрыс.

6. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орнының, қосымша білім беру ұйымдарының білім беру-тәрбие процесінде және педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында әлеуметтік, қайырымдылық іс-шараларын өткізуде негізге алу қажет.

Зерттеу мәселесі ауқымды да жан-жақты болғандықтан толықтай шешімін тапты деуге болмайды. Болашақта студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды басқару, жоғары сынып оқушыларын еріктілік іс-әрекетке баулу, болашақ маманның еріктілік іс-әрекетін дамыту; студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық технологиясы және т.б. тақырыптар арнайы зерттеуді қажет етеді және зерттеудің перспективасын анықтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (2024 жылғы 14 маусымдағы № 471 қаулысының өзгерістері мен толықтыруларымен) // Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248. Дата обращения 15.06.2026.

2 Қазақстан Республикасында волонтерлікті дамыту мен қолдаудың 2024–2026 жылдарға арналған жол картасы // Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет-ресурсы. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam. Дата обращения: 15.06.2026.

3 Волонтерлік қызмет туралы: Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI Заңы (2026 жылғы 12 шілдедегі өзгерістер мен толықтыруларымен) // Егемен Қазақстан. – 2017. – 6 қаңтар. – № 3 (28984). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000042. Дата обращения: 15.06.2026.

4 Орнықты даму мақсатында халықаралық еріктілер жылы, 2026 жыл: БҰҰ Бас Ассамблеясының № 78/127 қарары // Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсы. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa. Дата обращения: 15.06.2026.

5 Утемисова Ж.Е. Волонтерство в Казахстане: историческое культурное наследие и современные тенденции // «Білім берудегі инновациялар: тәжірибе мәселелер және перспективалар» III Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясы. – Алматы, 2024. – 96 – 99 бб

6 Философский словарь / под ред. И. Т. Фролова; науч. ред.-сост.: П. П. Апрышко, А. П. Поляков, Ю. Н. Солодухин. – 8-е изд., дораб. и доп. – М.: Республика; Современник, 2009. – 846 с. – ISBN 978-5-250-02323-1.

7 Афанасьев В.Г. Человек в управлении обществом. – М., 1988. – 279 с.

8 Философиялық энциклопедия. – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 527 б.

9 Анисимов С.Ф. Мораль и поведение. – М.: Мысль, 1985. – 158 с.

10 Гулевская А.Ф., Максимов В.П. Педагогические условия формирования социальной ответственности студентов экономических специальностей: монография. – Южно-Сахалинск: Изд-во СахГУ, 2012. – 208 с.

11 Данилова Е. Е., Бегунова Л. А., Лисичкина А. Г., Андреева Д. А. Методика «Ответственность у подростков»: разработка и описание // Психолого-педагогические исследования. – 2024. – Т. 16, № 3. – С. 69–84. – DOI: 10.17759/psyedu.2024160305.

12 Voronin A.S. Glossary of Terms in General and Social Pedagogy. – Ekaterinburg: GOU VPO USTU-UPI, 2006.

13 Иванников А.И. Моральная и юридическая ответственность // Северо-Кавказский юридический вестник. – 2017. – № 3.

14 Berei E.B. The Social Responsibility among Higher Education Students // Education Sciences. – 2020. – Vol. 10, № 3. – Art. 66.

15 Simonton K.L., Shiver V.N. Examination of Elementary Students' Emotions and Personal and Social Responsibility in Physical Education // European Physical Education Review. – 2021. – Vol. 27, № 4. – P. 871–888.

16 Tan C., Yi L., Haider A., Kwen L., Mamnoon R., Li K., Liu M. The Influence of Teachers' Management Efficiency and Motivation on College Students' Academic Achievement under Sustainable Innovation and the Cognition of Social Responsibility after Employment // Journal of Environmental and Public Health. – 2022. – Vol. 2022. – Art. 1663120.

17 Frankl V. The Doctor and the Soul: Logotherapy and Existential Analysis. – Moscow: Alpina Non-fiction, 2017.

18 May R. The Discovery of Being: Writings in Existential Psychology. – New York: W. W. Norton & Company, 1994. – 192 p. – ISBN 978-0-393-31240-9.

19 Spadey R.J. In Search of Enlightened Leadership // The Civilization of Tomorrow: New Management Theory in Action. – Kursk: ROSI Publishing House, 2006.

20 Lawrence Kohlberg: Consensus and Controversy / ed. by S. Modgil, C. Modgil. – London: Routledge, 2011. – 569 p.

21 Fromm E. Escape from Freedom. – New York: Henry Holt and Company, 1994. – 320 p. – ISBN 978-0-8050-3149-2.

22 Alsaeed H. The Role of Public Education Schools in Developing Social Responsibility in the Light of Global Trends // Creative Education. – 2022. – Vol. 13. – P. 2754–2780. https://www.scirp.org/pdf/ce_2022091315325735.pdf. Дата обращения: 01.07.2025.

23 Хворостовская В.Г. Воспитание ответственности у младших подростков в пионерском отряде: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Челябинск, 1981. – 24 с.

24 Мясищев В.Н. Психология отношений: избранные психологические труды / В. Н. Мясищев; под ред. А. А. Бодалева. – 4-е изд. – М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: МОДЭК, 2011. – 398 с. – ISBN 978-5-89502-790-5.

25 Ananiev B.G. Man as an Object of Knowledge. – St. Petersburg: Peter, 2018. – ISBN 978-5-496-02299-6.

26 Сухомлинский В. А. Рождение гражданина. – М.: Родина, 2023. – 400 с. – ISBN 978-5-00222-038-0.

27 Feldstein D.I. Social Development in the Space-Time of Childhood. – Moscow: Flint, 1997. – ISBN 5-89502-009-7.

28 Bulatnikov I.E. Responsibility Education. – Kursk: Dream, 2019.

29 Муздыбаев К. Психология ответственности. – М.: ЛЕНАНД, 2017. – 248 с. – ISBN 978-5-397-05836-0.

30 Плахотный А.Ф. Проблема социальной ответственности. – Харьков: Вища школа, 1981. – 257 с.

31 Ковалева А. И., Луков В. А., Перинская Н. А. Социология молодежи: научная школа Московского гуманитарного университета: в 2 ч. Ч. 1. – М.: Изд-во Московского гуманитарного университета, 2016. – 442 с.

32 Сидорова Т.Н. Особенности социальной ответственности у старшеклассников // Вопросы психологии. – 1987. – № 5. – С. 45–48.

33 Формирование социальной ответственности в процессе непрерывного образования: материалы Всероссийской научно-практической конференции, 27 марта 2007 г. / отв. ред. Л.А. Барановская. – Красноярск: РИЦ СибГТУ, 2007. – 48 с.

34 Никитин А.Ф. Высокий долг родителей. – М.: Знание, 1985. – 40 с.

35 Анисимов С.Ф. Мораль и поведение. – М.: Мысль, 1985. – 158 с.

36 Абульханова-Славская К.А. Типология личности и гуманистический подход // Гуманистические проблемы психологической теории. – М.: Наука, 1995. – С. 27–48.

37 Қорқыт Ата кітабы: Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі / ауд. М. Жолдасбеков, Г. Шадиева. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. – 752 б.

38 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / құраст. Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

39 Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.

40 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Даналық кітабы) / транскрипциясын жасаған Е. Тілешов. – Алматы: Мұрагер, 2008. – 256 б.

41 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 2: Өлеңдер мен қара сөздер. – 336 б.

42 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.

43 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық / жауапты ред. А. К. Жүндібаева. – Астана: «Хас Сак» баспасы, 2018. – 200 б.

44 Бөкейхан Ә. Шығармаларының 15 томдық толық жинағы / құраст. С. Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2018. – Т. 5. – 520 б.

45 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, Әдебиет танытқыш, зерттеулер. – 2013. – Т. 1. - 384 б.

46 Утемисова Ж.Е., Наутиев Б.Ж. Әлеуметтік жауапкершілік – рухани тәуелсіздіктің құрамдас бөлігі. «Міржақып Дулатов: идеялар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» ғылыми-практикалық конференция. – Атырау, 2025. – 19 - 21бб.

47 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Marfu Press, 2024. – 208 б. – ISBN 978-601-332-918-5.

48 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Т. 4: Психология, ғылыми мақалалар. – 432 б.

49 Вэй Т., Булатбаева А.А. Сравнение волонтерской деятельности в образовании вузов Казахстана и Китая: культурные основы, институциональные механизмы, интеграция в учебные программы // Вестник

КазНУ имени аль-Фараби. Серия «Педагогические науки». – 2026. – Т. 87, № 2. – С. 196–206. – DOI: https://doi.org/10.26577/JES872202614

50 Этика и социальная ответственность ученых: коллективная монография / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы, 2014.

51 Джаманбалаева Ш.Е. Социальная ответственность высших учебных заведений // Вестник КазНУ. Серия: Психология и социология. – 2015. – Т. 53, № 2. – С. 84–90.

52 Маульшариф М. Социальная ответственность высших учебных заведений и их вклад в развитие региона // Вестник КазНУ. Серия: Психология и социология. – 2015. – Т. 54, № 3. – С. 126–131.

53 Книсарина М.М. и др. Онлайн-обучение в системе развития социальной ответственности обучающихся // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2021. – Т. 71, № 3. – С. 46–56. – DOI: 10.51889/2021-3.1728-5496.05.

54 Сламбекова Т.С., Конырова А.А. Психолого-педагогические механизмы формирования социальной ответственности у будущих педагогов // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2024. – № 2 (147). – С. 453–467. – DOI: 10.32523/2616-6895-2024-147-2-453-467.

55 Gulmira A., Kumarbekuly S., Kelgembayeva B., Kaldybay K. Effective Strategy for Kazakhstan Higher Education Institutions (HEIs) According to Best Practice in UK // Journal of Ecohumanism. – 2024. – Vol. 3, № 7. – P. 4714–4728. – DOI: 10.62754/joe.v3i7.4583.

56 Yessenali A., Azretbergenova G., Izatullayeva B., Baibosynova G., Zhetibayev Z., Myrzaliev B. et al. Conceptual Platform and Applied Aspects of Interaction between Government and Business Agencies in the Republic of Kazakhstan // Journal of Infrastructure, Policy and Development. – 2024. – Vol. 8, № 5. – Art. 3396. – DOI: 10.24294/jipd.v8i5.3396.

57 Paridinova B., Kaldybay K. Importance of Spiritual Worldview for Future Teachers // Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. – № 3 (385). – P. 211–218. – DOI: 10.32014/2020.2518-1467.87.

58 Трофимова Н.В. Воспитание социальной ответственности студентов колледжа в волонтерской деятельности: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Воронеж, 2018. – 190 с.

59 Донева О.В. Критерии сформированности социальной ответственности студентов вуза // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 3-3. – С. 580–584. https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=33719. Дата обращения: 01.01.2025.

60 Конырова А.А., Сламбекова Т.С., Сарсенбаева Б.Г. Әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруда когнитивті компоненттің критерийлік көрсеткіштері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – № 2. – Б. 196–206. – DOI: 10.48081/LFSL3897.

61 Книсарина М.М. Социальная ответственность студентов в условиях профессиональной подготовки в вузах Западного Казахстана: отчет о НИР (грант № AP09058126). – Уральск, 2023. – 187 с.

62 Abdigapbarova U., Utemisova Z. Psychological Mechanisms of the Formation of Students' Social Responsibility through Volunteer Activities // Bulletin of Abai KazNPU. Series of Psychology. – 2025. – № 2 (83). – P. 307–315. – DOI: 10.51889/2959-5967.2025.83.2.027.

63 Утемисова Ж.Е. Жоғары білім беру кеңістігінде еріктілік іс-әрекетінің маңыздылығы «Білім берудегі инновациялар: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» IV халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2025. – 114 –117 бб.

64 Utemisova Zh. Formation of students ' social responsibility in the process of volunteer activity. Международный научный журнал. // «Endless Light In Science» – Астана, 2024. – 55–58 бб.

65 Сергиенко Е.А. Системно-субъектный подход: обоснование и перспектива // Психологический журнал. – 2011. – Т. 32, № 1. – С. 120–132.

66 Brushlinskii A.V. Subjective-Activity Concept and the Theory of Functional Systems // Journal of Russian & East European Psychology. – 2002. – Vol. 40, № 2. – P. 45–65. – DOI: 10.2753/RPO1061-0405400245.

67 Ретроспектива и перспектива принципа субъекта в исследованиях мышления школой С.Л. Рубинштейна // Вопросы философии. – 2021. – № 9. – С. 75–81. – DOI: 10.21146/0042-8744-2021-9-75-81.

68 Байжуманова Б.Ш. Қазақстандағы субъект психологиясының негізін салушы ғалым – Ардах Ерментаева . – Минск: БГУ, 2018. https://bsu.by. Дата обращения: 07.05.2026.

69 Cooley C. H. Social Organization: A Study of the Larger Mind / Introduction by Philip Rieff. – New York: Schocken Books, 1962. – 425 p.

70 Mead G. H. Mind, Self, and Society: The Definitive Edition / ed. by C. W. Morris; annotated by D. R. Huebner and H. Joas. – Chicago: University of Chicago Press, 2015. – 536 p. – ISBN 978-0-226-11273-2.

71 Мудрик А.В. Социализация человека: учеб. пособие. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: МОДЭК, 2011. – 624 с.

72 Андреева Г.М. Социальная психология: учебник для высших учебных заведений. – 5-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2005. – 363 с.

73 Абдикерова Г.О. Социализация современной личности: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 281 с.

74 Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность: учебное пособие. – 2-е изд., стер. – М.: Смысл; Академия, 2005. – 352 с.

75 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2002. – 720 с.

76 Жарықбаев Қ.Б. Психология: оқулық. – Алматы: MLD-GUL, 2010. – 722 б.

77 Намазбаева Ж.И. Психология: оқулық / Ж.И. Намазбаева. – Алматы: Print-S, 2005. – 296 б.

78 Жақыпов С. Жалпы психология негіздері: оқулық. – Алматы, 2012. – 203 б.

79 Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя: учеб. пособие. – М.: Академия, 2004. – 320 с.

80 Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 357 б.

81 Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы. – Алматы, 2016. – 432 б.

82 О.В. Акулова, Е.С. Заир-Бек, С.А. Писарева, Е.В. Пискунова, Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына / Компетентностная модель современного педагога: учеб.-метод. пособие. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2009. – 158 с.

83 Якиманская И.С. Разработка технологии личностно-ориентированного обучения // Вопросы психологии. – 1999. – № 3. – С. 39–45.

84 Педагогическая энциклопедия: в 2 т. / гл. ред. В.В. Давыдов. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1993. – Т. 1. – 608 с.

85 Сластенин В.А. Идея комплексного подхода к воспитанию и подготовке учителя // Приобщение к педагогической профессии: практика, концепция, новые структуры. – Воронеж, 1992.

86 Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 1993. – 375 с.

87 Зеер Э.Ф. Психология профессий: учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003. – 336 с.

88 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34–42.

89 Рубинштейн С.Л. Принципы творческой самодеятельности // Вопросы психологии. – 1986. – № 4. – С. 101–108.

90 Слободчиков В.И. О понятии образовательной среды в концепции развивающего образования // Вторая Российская конференция по экологической психологии: тезисы. – М., 2000. – С. 172–176.

91 Основы педагогики и психологии высшей школы / под ред. А.В. Петровского. – М.: Изд-во МГУ, 1986. – 386 с.

92 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.

93 Якиманская И. С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе / И. С. Якиманская. – 2-е изд. – М.: Сентябрь, 2000. – 111 с.

94 Сериков В.В. Развитие личности в образовательном процессе: монография. – М.: Логос, 2012. – 448 с.

95 Ұрпаққа – білім, ұлтқа – қызмет! – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2022. – 232 б. – ISBN 978-601-266-550-5.

96 Мұқанбетова Ш.Т. Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Атырау: АтМУ, 2008. – 149 б.

97 Афанасьев В. Г. Системность и общество. – 2-е изд. – М.: URSS; ЛЕНАНД, 2018. – 368 с. – ISBN 978-5-9710-5306-4.

98 Садовский В.Н. Диалектика и системный подход // Диалектика и системный анализ / отв. ред. Д.М. Гвишиани. – М.: Наука, 1986. – С. 27–38.

99 Кузьмина Н.В. Использование различных форм внеурочной работы для воспитания у учащихся потребности в самообразовании: дис. ... канд. пед. наук. – М., 1968.

100 Берестова Л.И. Социально-психологическая компетентность как профессиональная характеристика руководителя: автореф. дис. ... канд. психол. наук. – М., 1994.

101 Смелзер Н. Социология: учебник. – М.: Феникс, 1994.

102 Норт Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики. – М.: Начала, 2007.

103 Зборовский Г.Е. Общая социология: учебник. – Екатеринбург: Гардарики, 2003.

104 Певная М.В. Волонтерство как социологическая проблема // Социологические исследования. – 2013. – № 2. – С. 110–119.

105 Парсонс Т. О структуре социального действия / пер. В.Ф. Чесноковой, С.А. Белановского. – М.: Академический Проект, 2010.

106 Искакова М.О., Салимова У.Д. Воспитательный процесс вуза как социализирующая ситуация развития экологического воспитания студентов // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – № 2 (62). – 278 – 283 - бб. https://bulletinpedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/48/68

107 Carroll A. B. Carroll's Pyramid of CSR: Taking Another Look // International Journal of Corporate Social Responsibility. – 2016. – Vol. 1. – Article 3. – DOI: https://doi.org/10.1186/s40991-016-0004-6.

108 Elkington J. Cannibals with Forks: The Triple Bottom Line of 21st Century Business. – Oxford: Capstone, 1997. – 416 p.

109 Bustamante-Ubilla M.A., Carvache-Franco M., Carvache-Franco O., Carvache-Franco W. Model of Dimensions and Variables of Corporate Social Responsibility Updated through Structural Equations // PLoS ONE. – 2024. – Vol. 19, № 6.

110 Avery G.C., Bergsteiner H. A Theoretical Responsibility and Accountability Framework for CSR and Global Responsibility // Journal of Global Responsibility. – 2010. – Vol. 1, № 1. – P. 8 – 33.

111 Ананьев Б.Г. Личность, субъект деятельности, индивидуальность / Б.Г. Ананьев; под ред. А.В. Брушлинского, В.А. Кольцовой. – М.: Директ-Медиа, 2008. – 134 с.

112 Выготский Л.С. Психология развития. Избранные работы. – М.: Юрайт, 2025. – 281 с. – ISBN 978-5-534-07290-7.

113 Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики / под ред. и с предисл. Д.А. Леонтьева. – 5-е изд., испр. и доп. – М.: Смысл, 2020. – 526 с.

114 Третьякова В.С., Кайгородова А.Е., Шаров А.А., Зеер Э.Ф. Базовые компоненты личностного ресурса, характеризующие персонифицированный субъект деятельности: исследование влияния на академическую успешность студента вуза // Science for Education Today. – 2024. – Т. 14, № 2. – С. 206 – 230.

115 Соколова И.Ю., Борисова Е.Е. Личностный потенциал человека и его развитие в образовательном процессе жизнедеятельности // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – № 6 - 2.

116 Dvoinin A.M., Trotskaya E.S. Cognitive Predictors of Academic Success: How Do the General Patterns Work in the Early Stages of Education? // Psychological Science and Education. – 2022. – Vol. 27, № 2. – P. 42 – 52.

117 Deci E.L., Ryan R.M. Facilitating Optimal Motivation and Psychological Well-Being across Life's Domains // Canadian Psychology. – 2008. – Vol. 49, № 1. – P. 14–23.

118 Duckworth A.L., Quirk A., Gallop R., Hoyle R.H., Kelly D.R., Matthews M.D. Cognitive and Noncognitive Predictors of Success // Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America. – 2019. – Vol. 116, № 47. – P. 23499–23504.

119 Шапоров А.М. Педагогические условия академической успешности обучающихся: дис. ... канд. пед. наук. – Ярославль, 2022. – 381 с.

120 Деленьян А.В. Социальная успешность студентов среднего профессионального образования // Социальная работа в современном мире: теория и практика: сб. науч. ст. II Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, Майкоп, 11–12 апреля 2024 г. – Майкоп: Адыгейский государственный университет, 2024. – С. 96–98.

121 Поставнев В.М., Поставнева И.В., Двойнин А.М., Романова М.А. Общие и частные когнитивные способности как предикторы академической успешности ребенка на ранних этапах образования // Вестник Московского государственного педагогического университета. Серия: Педагогика и психология. – 2020. – № 4. – С. 64 – 73.

122 Reynolds K., Bazemore C., Hanebuth C., Hendren S., Horn M. The Relationship of Non-Cognitive Factors to Academic and Clinical Performance in Graduate Rehabilitation Science Students in the United States: A Systematic Review // Journal of Educational Evaluation for Health Professions. – 2021. – Vol. 18.

123 Геворкян Г.Г. Профессиональная успешность как предмет научной рефлексии в зарубежной и отечественной психологии // Гуманизация образования. – 2015. – № 5. – С. 12–19.

124 Ермолова Т.В., Балыгина Е.А., Литвинов А.В., Гузова А.В. Формирование мотивации достижения у подростков в современном

образовательном пространстве // Современная зарубежная психология. – 2019. – Т. 8, № 2. – С. 7–18.

125 Водяха Ю.Е., Багаева Л.А. Особенности представлений о социальной успешности у студентов с разным уровнем интеллекта // Проблемы психологического благополучия: материалы Международной заочной научной конференции, Екатеринбург, 19 марта 2021 г. – Екатеринбург: Уральский государственный педагогический университет, 2021. – С. 62–72.

126 Доний Е.И. Когнитивные предикторы академической и специальной успешности младших подростков с интеллектуальной и художественно-изобразительной одаренностью: дис. ... канд. психол. наук. – М., 2023. – 159 с.

127 Кульпин С.В. Экономические основания образовательной успешности в вузах // Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Социально-экономические науки. – 2020. – № 3. – С. 274–285.

128 Мусханова И.В. Образовательное развивающее пространство педагогического вуза: коммуникативно-средовый аспект // Вестник ГГНТУ. Гуманитарные и социально-экономические науки. – 2021. – Т. 17, № 3 (25). – С. 76–81.

129 Суворова С.А. Роль воспитательной среды в персонифицированном образовании // Персонификация образовательного процесса в открытой образовательной среде современного образования. – 2022. – С. 23–29.

130 Пичко Н.С. и др. Образовательная среда вуза как фактор профессионального самоопределения студентов. Ч. 1: монография. – М.: Перо; Центр научной мысли, 2011. – 243 с.

131 Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология. – 12-бас. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 648 б.

132 Подшивалов В.Н. Социальная ответственность личности: философско-антропологический аспект: дис. ... канд. филос. наук: 09.00.13. – М., 2009.

133 Белов А.В. Социальная ответственность: содержание и механизм реализации: дис. ... канд. филос. наук: 09.00.11. – Волгоград, 2011. – 148 с.

134 Родионова Е.В. Юридическая ответственность как разновидность социальной ответственности: современные проблемы: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.01. – М., 2007. – 185 с.

135 Антипина Н.В. Формирование социальной ответственности в профессиональном самоопределении старшеклассников: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Калининград, 2004.

136 Васильев С.Н. Формирование социальной ответственности у курсантов военного вуза: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – Кострома, 2006. – 214 с.

137 Кривошеева О.Р. Формирование социальной ответственности студентов физкультурного вуза: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Омск, 2007. – 246 с.

138 Иванов М.Г. Формирование социальной ответственности студентов средствами правового воспитания: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. – Тамбов, 2009. – 279 с.

139 Сидоркина С.Л. Формирование социальной ответственности у подростков посредством социально значимой деятельности: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Нижний Новгород, 2010.

140 Трубников А.П. Формирование социальной ответственности старшеклассников в деятельности молодежного центра: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Курск, 2012. – 315 с.

141 Лаврентьева О.А. Формирование социальной ответственности подростков в жизнедеятельности школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Новосибирск, 2016. – 238 с.

142 Абубакирова Р.К. Формирование социальной ответственности подростков в условиях сельского сообщества: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – М., 2015. – 212 с.

143 Барановская Л.А. Формирование социальной ответственности студента в социокультурном образовательном пространстве: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.01. – Чита, 2012. – 425 с.

144 Пирогланов Ш.Ш. Педагогические условия формирования социальной ответственности военнослужащих: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Махачкала, 2017. – 145 с.

145 Коваленко Е.И. Развитие социальной ответственности ординаторов медицинского вуза: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Сургут, 2018. – 232 с.

146 Ярычева Х.У. Контекстный подход к развитию социальной ответственности у будущих социальных работников: дис. ... канд. пед. наук: 5.8.7. – Грозный, 2026.

147 Kovacevik K. The Preference of Ethical Norms and the Respectability Towards Social Responsibility in Companies and Business as Factors for Their Long-Term Survival and Development: Master Thesis. – Stip: Goce Delcev University, Faculty of Economics, 2011.

148 Hajdu A. Institutional Perspectives on Corporate Social Responsibility (CSR) in Agricultural Enterprises Amidst Social Movement Debates: Dissertation. – Halle (Saale): Martin-Luther-Universität Halle-Wittenberg, 2024. – 148 p.

149 Khan S.A. Essays on Corporate Social Responsibility (CSR) as Risk Management Strategy: Dissertation. – Halle (Saale): Martin-Luther-Universität Halle-Wittenberg, 2025.

150 Minulla T. Just for Show? The Institutional Role of Voluntary Sustainability Initiatives in Corporate Social Responsibility Governance: Dissertation. – Berlin: Technische Universität Berlin, 2025.

151 Хаджимурадова Т.Х. Волонтерские практики как средство воспитания моральной ответственности у будущих бакалавров социальной работы: дис. ... канд. пед. наук: 5.8.7. – Грозный, 2021.

152 Арсанукаева Э.Д. Развитие социального интеллекта у будущих бакалавров социальной работы средствами проектной деятельности в вузе: дис. ... канд. пед. наук: 5.8.7. – Грозный, 2024.

153 Панарин И.А. Психология социальной ответственности лидеров молодежных движений: дис. ... д-ра психол. наук: 19.00.05. – М., 2010.

154 Нургалиева А.К. Научно-педагогические основы формирования ответственности подростков в воспитательном процессе общеобразовательной школы: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Караганда, 2009. – 30 с.

155 Конырова А.А. Педагогикалық мамандық студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 8D01823 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 160 б.

156 Сандықбаева Ө.Д. Жастар белсенділігінің әлеуметтік-мәдени құндылық негіздері: дис. ... 24.00.01 – Мәдениет теориясы және тарихы. – Алматы, 2010.

157 Тұрсынбаева Б.Ж. Қазақстандық студент жастардың экологиялық санасы – әлеуметтік белсенділік факторы: дис. ... 6D050100 – Әлеуметтану. – Астана, 2025.

158 Бутова Е.В. Шығармашылық мамандық студенттерінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: дис. ... 6D010300 – Педагогика және психология. – Алматы, 2015.

159 Умербекова А.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту: дис. ... 6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі. – Алматы, 2018.

160 Дюсенова А.Ж. Жоғары оқу орындарында білім алушы-қандастардағы әлеуметтік интеллектінің даму ерекшеліктері: дис. ... 8D03103 – Психология. – Астана, 2026.

161 Нурымбетов Е.Ш. Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау: дис. ... 8D03101 – Әлеуметтану. – Алматы, 2025.

162 Отарбаева Б.З. Формирование политики социального партнерства в Республике Казахстан (политологический анализ): дис. ... 23.00.02. – Алматы, 2010.

163 Атабекова Б.Б. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту: дис. ... 6D010300 – Педагогика және психология. – Алматы, 2020.

164 Кусаинова Р.Е. Социально-педагогическое сопровождение инновационной деятельности преподавателя университета: дис. ... 8D01823 – Социальная педагогика и самопознание. – Алматы, 2025.

165 Галимжанова С.Б. Социальная ответственность предпринимательства в Республике Казахстан: теория и практика: дис. ... 08.00.05 – Экономика. – Алматы, 2010.

166 Булдыбаева Г.Н. Социологический анализ социально-корпоративной ответственности компаний нефтегазового сектора Западного региона Казахстана: дис. ... 6D050100 – Социология. – Алматы, 2013.

167 Бекенова Ж.Н. Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі: дис. ... 8D02202 – Философия. – Алматы, 2024.

168 Тауекелова Т.Б. Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері: дис. ... 8D03101 – Әлеуметтану. – Алматы, 2025.

169 Utemissova Z., Abdigapbarova U., Rezuanova G. Examining the Social Responsibility, Social Entrepreneurship, and Volunteering Levels of University Students // Journal of Social Studies Education Research. – 2025. – Vol. 16, № 3. – P. 69–99.

170 Ахметова И.А. Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік феномені (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 8D02201 – Философия. – Қарағанды, 2025.

171 Майкова О.А. Феномен волонтерства в контексте становления гражданского общества: дис. ... канд. филос. наук. – М., 2025.

172 Певная М.В. Волонтерство как социальный феномен: управленческий подход: дис. ... д-ра социол. наук. – Нижний Новгород, 2016.

173 Сычева А.В. Добровольческое движение современной российской молодежи как фактор развития гражданского общества: дис. ... канд. социол. наук. – Тула, 2017.

174 Кудринская Л.А. Добровольческий труд: опыт теоретической реконструкции: дис. ... д-ра социол. наук. – М., 2006.

175 Костюченко М.О. Развитие социальной активности студентов в воспитательном процессе вуза: на примере волонтерской деятельности: дис. ... канд. пед. наук. – 2017.

176 Федулова И.В. Формирование социально-гражданского потенциала студентов-медиков средствами волонтерской деятельности: дис. ... канд. пед. наук. – Казань, 2022.

177 Екимова С.Г. Волонтерская деятельность как ресурс личностно-профессионального развития будущих специалистов по социальной работе: дис. ... канд. пед. наук. – Хабаровск, 2010.

178 Виситаева И.З. Формирование социальной успешности студентов средствами волонтерской деятельности в педагогическом вузе: дис. ... канд. пед. наук. – Грозный, 2025.

179 Абенова С.У. Психолого-педагогические условия развития экологического волонтерства будущих специалистов: дис. ... д-ра философии (PhD). – Астана, 2020.

180 Акимиш Д.Е. Управление экологической волонтерской деятельностью в высшей школе Казахстана: дис. ... канд. пед. наук. – М., 2025.

181 Омельченко А.С. Медицинское добровольчество как фактор влияния на культуру личности студента медицинского вуза: дис. ... канд. культурологии. – СПб., 2024.

182 Овсий В.В. Молодежное волонтерство в современной России: особенности формирования и перспективные направления развития: дис. ... канд. социол. наук. – 2022.

183 Al Mutawa O. Impact of Volunteer Management Practice on Volunteer Motivation and Satisfaction to Enhance Volunteer Retention: PhD Thesis. – London: Brunel University London, 2015.

184 Bender D.W. Exploring the Impact of Volunteer Support on Volunteer Motivation to Improve Volunteer Retention in the Bavarian Red Cross: PhD Thesis. – University of Gloucestershire, 2020.

185 Tsai C.-Y. Volunteer Motivation and Leadership in Emergency Volunteering: PhD Thesis. – University of Tasmania, 2024.

186 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: в 4 т. / пер. с нем. и доп. О. Н. Трубачева. – 4-е изд., стер. – М.: Астрель; АСТ, 2004. – Т. 2: Е–Муж. – 672 с.

187 Académie française. Dictionnaire de l’Académie française. – 9e éd. – 2024. – Article «Volontaire». – URL: https://www.dictionnaire-academie.fr/article/A9V1160

188 Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный: в 2 т. – М.: Русский язык, 2000.

189 Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 полутомах / под ред. И. Е. Андреевского, К. К. Арсеньева, Ф. Ф. Петрушевского. – СПб.: Ф. А. Брокгауз – И. А. Ефрон, 1890–1907.

190 Большой юридический словарь / под ред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2002. – 703 с.

191 Кравченко С.А. Социологический энциклопедический англо-русский словарь. – М.: Астрель: АСТ: Транзиткнига, 2004. – 511 с.

192 Абрамов Н. Словарь русских синонимов и сходных по смыслу выражений. – 7-е изд., стереотип. – М.: Русские словари, 1999. – 431 с.

193 Anheier H.K., Salamon L.M. Volunteering in Cross-National Perspective: Initial Comparisons // Law and Contemporary Problems. – 1999. – Vol. 62, № 4. – P. 43–66.

194 Холостова Е.И. Волонтеры // Словарь-справочник по социальной работе / под ред. Е.И. Холостовой. – М.: Юристъ, 1997. – С. 121–124.

195 Кузьмин К.В., Сутырин Б.А. История социальной работы за рубежом и в России (с древности до начала XX века): учеб. пособие. – М.: Академический Проект: Трикста, 2005. – 624 с.

196 Нұрман Ш.Т., Нурманова Ш.Б. Қазақ зиялыларының XX ғасырдағы ерікті қоғамдар қызметіндегі тәжірибесі мен тағылымы // Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2025. https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/2347/944/6902. Дата обращения: 01.08.2026.

197 Wilson J. Volunteering // Annual Review of Sociology. – 2000. – Vol. 26. – P. 215–240.

198 Ellis S.J., Noyes K.H. By the People: A History of Americans as Volunteers. – San Francisco: Jossey-Bass, 1990.

199 Stebbins R.A. Volunteering: A Serious Leisure Perspective // Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly. – 1996. – Vol. 25, № 2. – P. 211–224.

200 Мерсиянова И.В., Якобсон Л.И. Практики филантропии в России: вовлеченность и отношение к ним населения. – М.: Изд. дом Государственного университета – Высшей школы экономики, 2009. – 201 с.

201 Сикорская Л.Е. Педагогический потенциал добровольческой деятельности в социализации студенческой молодежи: автореф. дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.01. – Елец, 2011.

202 Андрианова Д.Д. Педагогические условия развития волонтёрства подростков в образовательных программах основного и дополнительного образования: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – СПб., 2020. – 24 с.

203 Кудринская Л.А. Добровольческий труд: опыт теоретической реконструкции: автореф. дис. ... д-ра социол. наук. – М., 2006. – 29 с.

204 Азарова Е.С. Психологические детерминанты и эффекты добровольческой деятельности: автореф. дис. ... канд. психол. наук. – Хабаровск, 2008. – 20 с.

205 Абильдина С.К. Жоғары оқу орны студенттерін волонтерлік қызметке даярлаудың педагогикалық шарттары // Қостанай өңірлік университетінің педагогикалық хабаршысы. – 2021.

206 Дюсембинова Р.К., Рымханова А.Р., Абильдина С.К., Ранова Г.А. Социально-педагогические условия организации волонтерского движения студентов в рамках инклюзивного образования // Мир педагогики и психологии. – 2021. – № 10 (63).

207 Каримова Р.М., Фомина Т.Н. Изучение портрета волонтера на примере казахстанской студенческой молодежи // Педагогика және психология. – 2022. – № 3 (52). – DOI: 10.51889/1837.2022.45.47.003.

208 Торыбаева Ж.З., Тусеев М.У., Лауланбеков А.Б. Білімдік ортаның қауіпсіздігі мен салауаттылығын қамтамасыз етудегі волонтерлік қызметті ұйымдастырудың психологиялық аспектілері // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2024.

209 Акимиш Д.Е., Брель Е.Ю. Экологическая волонтерская деятельность в вузах Казахстана (на примере Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева) // Научно-педагогическое обозрение (Pedagogical Review). – 2024. – Вып. 5 (57). – С. 167–176. – DOI: 10.23951/2307-6127-2024-5-167-176.

210 Щербакова Н.В. Понятие «волонтерская деятельность» в контексте философского знания // Вестник Забайкальского государственного университета. – 2012. – № 11 (90). – С. 98–103.

211 Луговая Е.А. Феномен добровольчества в социокультурном пространстве России: автореф. дис. ... канд. культурологии. – Саратов, 2012. – 20 с.

212 Вакушенко Т.Д., Зайцева Н.Д. Волонтерская деятельность будущих специалистов по социальной работе // Социально-психологические проблемы современного общества и человека: пути решения: материалы Международной научно-практической конференции. – Витебск: УО «ВГУ им. П.М. Машерова», 2015. – С. 62–65.

213 Овсий В.В. Молодежное волонтерство как объект социологического исследования // Гуманитарий Юга России. – 2020. – Т. 9, № 1. – С. 198–209.

214 Буякова К.И. Педагогическое сопровождение волонтерской деятельности как образовательного ресурса для развития субъектной позиции студентов: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Томск, 2021. – 162 с.

215 Баланян М.Н. Социокультурный потенциал волонтерского движения современной студенческой молодежи: дис. ... канд. социол. наук: 22.00.06. – Майкоп, 2015. – 147 с.

216 Шакурова М.В. Методика и технология работы социального педагога: учеб. пособие. – М.: Академия, 2008. – 272 с.

217 Хаджимурадова Т.Х. Вовлечение студентов в волонтерские практики как средство преодоления недостаточной профессиональной мотивации // Мир науки, культуры, образования. – 2020. – № 4 (83).

218 Шлихтер А.А. Направления и механизмы взаимодействия социально-ответственного бизнеса с некоммерческим сектором США. – М.: ИМЭМО РАН, 2010.

219 Еріктілік – ең сауапты іс // Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты. – 2020. https://www.muftyat.kz/ar/articles/islam-and-society/2020-08-18/32631-eriktilik-en-sauapty-is. Дата обращения: 02.07.2024.

220 Эллисон С.Т. Еріктілік және қаһармандық // Қаһармандықты зерттеу энциклопедиясы / ред. С.Т. Эллисон, Д.К. Бегган, Г.Р. Гуталс. – Cham: Springer, 2024. – DOI: 10.1007/978-3-031-48129-1_489.

221 Butcher J., Einolf C.J. Volunteering: An Introduction and Theoretical Framework // Perspectives on Volunteering: Voices from the South / eds. J. Butcher, C.J. Einolf. – Cham: Springer International Publishing, 2017. – P. 3–23. – DOI: 10.1007/978-3-319-39899-0_1.

222 Имашева А.А., Утемисова Ж.Е. Қазақстандағы волонтерлік қызметтің дамуы: құқықтық негізі мен мемлекеттік қолдауы. // Международный научный журнал «Endless Light In Science» - Астана, 2025. - 72-78 бб

223 Utemisova Zh. Formation of Students' Social Responsibility through Volunteer Activities // Pedagogy and Psychology. – 2025. – № 1 (62). – P. 88–95. – DOI: 10.51889/2960-1649.2025.62.1.010.

224 Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 220 б.

225 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / жалпы ред. басқарған А. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 384 б.

226 Мясищев В.Н. Структура личности и отношение человека к действительности // Психология личности. – М.: Изд-во МГУ, 1982.

227 Rogers C.R. Freedom to Learn: A View of What Education Might Become. – Columbus, Ohio: Charles E. Merrill Publishing Company, 1969.

228 Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. – 3-е изд. – Казань: Центр инновационных технологий, 2003. – 608 с.

229 Яковлева Н.М. Теория и практика подготовки будущего учителя к творческому решению воспитательных задач: дис. ... д-ра пед. наук. – Челябинск, 1992. – 403 с.

230 Ипполитова Н.В., Стерхова Н.С. Анализ понятия «педагогические условия»: сущность, классификация // General and Professional Education. – 2012. – № 1. – С. 8–14.

231 Куприянов Б.В., Дынина С.А. Современные подходы к определению сущности категории «педагогические условия» // Вестник Костромского государственного университета им. Н.А. Некрасова. – 2001. – № 2. – С. 101–104.

232 Баймуханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру: философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 159 б.

233 Шалғынбаева Қ.Қ. Студенттердің кәсіби тұлғалық құндылықтарын дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары // Білім – Образование. – 2020. – № 2. – Б. 83–90.

234 Polatova S. Psychological and Pedagogical Conditions for Trilingual Education at University // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series. – 2024. – Vol. 149, No. 4. – pp. 32–48.

235 Лесгафт П.Ф. Избранные педагогические сочинения / П.Ф. Лесгафт; сост. И.Н. Решетень / под ред. Г.Г. Шахвердова. – М.: Педагогика, 1988. – 400 с.

236 Крылова Н.Б. Культурная среда образовательного учреждения. – М.: Народное образование, 2000.

237 Abdigapbarova U., Utemisova Z. Model of the Formation of Students' Social Responsibility through Volunteer Activities // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2025. – № 4 (88).

238 Жиенбаева Н.Б., Әбдіғапбарова Ұ.М. Организационно-методическое обеспечение инновационной программы цифровой

трансформации персонализированной формы студентоцентрированного обучения // Педагогика және психология. – 2021. – № 3 (48). – Б. 114–122. – DOI: 10.51889/2021-3.2077-6861.13.

239 Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика: монография. – 2-е изд. – Алматы: Дарын, 2022. – 391 с.

240 Жексембинова А.К. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. – Алматы, 2017. – 171 б.

241 Kariyev A., Baydjanov B., Umnov D., Imankulova M. Research on Relationships Between Self-Esteem and Social Activeness of Young People: Gender Differentiation Exemplified by the Kazakhstan-Uzbekistan Sample // Insight: The Psychological Dimensions of Society. – 2024. – № 12. – P. 358–377.

242 Хуторской А.В. Современная дидактика: учеб. пособие. – 2-е изд., перераб. – М.: Высшая школа, 2007. – 638 с.

243 Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Смысл, 2001. – 366 с.

244 Киселева Т.Г., Красильников Ю.Д. Социально-культурная деятельность: учебник. – М.: Московский государственный университет культуры и искусств, 2004. – 539 с.

245 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 1999. – 224 с.

246 Downes S. Learning Networks and Connective Knowledge // Collective Intelligence and E-Learning 2.0: Implications of Web-Based Communities and Networking. – Hershey, PA: IGI Global, 2010. – P. 1–26.

247 Eyler J., Giles D.E. Where’s the Learning in Service-Learning? – San Francisco: Jossey-Bass, 1999. – 352 p.

248 Jacoby B. Civic Engagement in Higher Education: Concepts and Practices. – San Francisco: Jossey-Bass, 2009. – 400 p.

249 7000 Volunteers Join Flood Relief Operations in Atyrau // Qazinform. https://qazinform.com/news/7000-volunteers-join-flood-relief-operations-in-atyrau-c46c38. Дата обращения: 10.07.2025.

250 Eyler J., Giles D.E. Where’s the Learning in Service-Learning? – San Francisco: Jossey-Bass, 1999.

251 Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебник. – Алматы, 2001.

252 Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту: дис. ... пед. ғыл. д-ры: 13.00.01. – Алматы, 2006. – 273 б.

253 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004.

254 Education for Sustainable Development // UNESCO. https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000380898. Дата обращения: 01.08.2026.

255 Orr D.W. Earth in Mind: On Education, Environment, and the Human Prospect. – Washington: Island Press, 2004. – 240 p.

256 Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану: оқулық. – Алматы: KEMEL KITAP, 2023. – 326 б.

257 Шілдебаев Ж.Б. Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық негіздері және әдістемесі: монография. – Алматы: KEMEL KITAP, 2024. – 360 б.

258 Booth T., Ainscow M. Index for Inclusion: Developing Learning and Participation in Schools. – 3rd ed. – Bristol: Centre for Studies on Inclusive Education (CSIE), 2011. – 190 p.

259 Нұрғалиева Г.К. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық қолдау // Арнайы педагогика. – 2020. – № 3. – Б. 21–27.

260 Сулейменова Р.А. Об организации системы раннего вмешательства в нарушенное развитие детей в Казахстане // Новые подходы и пути обучения, воспитания, коррекции и интеграции детей с проблемами в развитии. – Бишкек, 1998. – С. 54–57.

261 QazVolunteer.kz – Волонтерлердің бірыңғай платформасы // «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ. – Астана. https://qazvolunteer.kz/kk. Дата обращения: 12.03.2024.

262 Пряжников Н.С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения: учеб.-метод. пособие. – М.; Воронеж: МОДЭК, 2002. – 392 с.

263 Словарь иностранных слов. – 15-е изд., испр. – М.: Русский язык, 1988. – 608 с.

264 Дахин А.Н. Моделирование компетентности участников открытого общего образования: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Новосибирск, 2010. – 44 с.

265 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – 2026. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000. Дата обращения: 01.07.2026.

266 Лаврентьева О.А. Формирование социальной ответственности подростков в жизнедеятельности школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Новосибирск, 2016. – 238 с.

267 Гладышева И.А. Социальная ответственность личности: пути ее формирования: специальный курс для студентов экономического факультета. – Н. Новгород: Изд-во О.В. Гладкова, 2005. – 88 с.

268 Martins C., da Silva J. T., de Jesus S. N., Ribeiro C., Estêvão M. D., Baptista R., Carmo C., Brás M., Santos R., Nunes C. The Volunteer Functions Inventory (VFI): Adaptation and Psychometric Properties among a Portuguese

Sample of Volunteers // European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. – 2024. – Vol. 14, № 4. – P. 823–837. – DOI: 10.3390/ejihpe14040053.

269 Berkowitz L., Lutterman K.G. The Traditionally Socially Responsible Personality // Public Opinion Quarterly. – 1968. – Vol. 32, № 2. – P. 169–185.

270 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.

271 Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 2 т. – М.: НИИ школьных технологий, 2006. – Т. 1. – 816 с. – ISBN 5-87953-227-5.

272 Dlimbetova G.K., Abenova S.U., Bulatbayeva K.N., Fahrutdinova G. Zh., Bakirova K.Sh. Formation of Youth Readiness to the Development of Environmental Volunteering at University // Proceedings of the V International Forum on Teacher Education (IFTE-2019). – 2019. – P. 915–926. – DOI: 10.3897/ap.1.e0869.

273 Слепко Ю.Н., Ледовская Т.В., Цымбалюк А.Э. Анализ данных и интерпретация результатов психологического исследования: учеб. пособие. – 2-е изд., испр. и доп. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ им. К.Д. Ушинского, 2015. – 164 с.

ҚОСЫМША А

Зерттеу базаларында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілгендігі туралы анықтама

«БЕКІТЕМІН»
Х.Досмұхамедұлы атындағы
Атырау университетінің
Әлеуметтік мәселелер және жастар
саясаты жөніндегі проректоры
_____ Л.Е.Койшигулова
2026 жыл

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне

ЕНДІРУ АКТІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 8D01101-«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты Ж.Е.Утемисованың **«Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру»** докторлық (PhD) диссертация тақырыбының негізгі қағидаларын тәжірибеден өткізуге Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті (Инновациялық білім беру факультеті) базасында педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 1–4 курс бакалавр студенттерімен жүргізілді.

Эксперименттік жұмыс 2022–2026 жылдар аралығында зерттеуде әзірленген модель және оны жүзеге асыру қалыптастыру технологиясы негізінде еріктілік-бағдарлық, танымдық-әрекеттік және мінез-құлықтық кезеңдердің сабақтастығында жүргізілді. Әр кезеңде студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық шарттар, іс-шаралар, құралдар, әдістер мен формалар жүйелі түрде жүзеге асырылды. **«Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру»** тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелері тәжірибелік тұрғыдан маңызды және алға қойылған міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасалып, осы актімен расталады.

Инновациялық білім беру
факультеті деканы,
п.ғ.д., профессор **А.У.Муханбетжанова**

ҚОСЫМША Ә

БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университеті Инновациялық білім беру
факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор
Мухамбетжанова А.У.
_____
_____ 2023

«VOLUNTEER HUB» еріктілер орталығы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. «Volunteer Hub» еріктілер орталығы (бұдан әрі – Хаб) – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттерінің еріктілік бастамаларын біріктіруге, еріктілік іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және қоғамдық маңызы бар әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық орта.

1.2. Хаб студенттердің еріктілік іс-әрекетін ұйымдастыруды, үйлестіруді, әдістемелік сүйемелдеуді және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыратын еріктілік орталығы болып табылады.

1.3. Хаб қызметі «Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттерімен сабақтастықта ұйымдастырылады.

1.4. Хаб өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, жоғары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Жарғысын, университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Хаб мақсаты мен міндеттері

2.1. Хаб мақсаты – студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық ортаны ұйымдастыру және олардың қоғамдық пайдалы қызметке саналы әрі белсенді қатысуына жағдай жасау.

2.2. Хаб міндеттері:

– студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу қажеттілігі мен жағымды мотивациясын қалыптастыру, ерік-жігерін, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі дамытуға ұмтылысын қолдау;

– әлеуметтік жауапкершілік, еріктілік іс-әрекет, қоғамдық нормалар, рухани-адамгершілік құндылықтар мен моральдық қағидалар туралы білімдерін кеңейту;

– әлеуметтік өзара әрекеттесу, коммуникация, командада жұмыс істеу, әлеуметтік жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру біліктерін дамыту;

– студенттердің еріктілік бастамаларын қолдау және оларды нақты қоғамдық пайдалы іс-әрекетке тарту;

– еріктілік іс-әрекет барысында белсенділік, адалдық, жауапкершілік және азаматтық ұстанымның көрінуіне жағдай жасау;

– студенттердің өз әрекеттерін талдау, бағалау және рефлексия жасау дағдыларын дамыту;

– университет пен әлеуметтік серіктестер арасындағы еріктілік бағытындағы өзара байланысты дамыту.

3. Volunteer Hub қызметінің негізгі қағидаттары

Хаб қызметі:

– ерiктiлiк және еркін таңдау;
– риясыздық;
– қоғамдық пайдалылық;
– әлеуметтік жауапкершілік;
– адамгершілік және адалдық;
– ынтымақтастық және өзара әрекеттестік;
– студенттің субъектілік белсенділігі;
– қауіпсіздік және этикалық нормаларды сақтау қағидаттарына негізделеді.

4. Хаб қызметінің негізгі бағыттары

– әлеуметтік ерiктiлiк;
– білім беру саласындағы ерiктiлiк;
– экологиялық ерiктiлiк;
– инклюзивті ерiктiлiк;
– мәдени ерiктiлiк;
– қоғамдық қауіпсіздік бағытындағы ерiктiлiк;
– спорттық ерiктiлiк.

5. Хаб қызметін ұйымдастыру

5.1. Хаб қызметіне жалпы басшылықты жетекшісі (үйлестіруші) жүзеге асырады.

5.2. Хаб қызметіне студенттер ерікті түрде қатысады.

5.3. Хаб құрамына жетекшісі, студенттік үйлестірушілер және студент-еріктілер кіреді.

5.4. Хабтың ұйымдастырушылық құрылымы тұрақты және уақытша еріктілер командаларын құруға мүмкіндік береді.

5.5. Хаб жетекшісі:

– хаб қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады;
– еріктілік бағдарламалары мен жобаларын ұйымдастырады;
– студенттерге әдістемелік қолдау көрсетеді;
– әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
– еріктілік іс-әрекет нәтижелеріне мониторинг жүргізеді;
– хаб қызметінің қорытындыларын жинақтайды.

6. Volunteer Hub аясындағы психологиялық-педагогикалық жұмыстар

6.1. Студенттердің әлеуметтік жауапкершілігін еріктілік іс-әрекет процесінде қалыптастыру мақсатында хаб аясында психологиялық-педагогикалық жұмыстар ұйымдастырылады.

6.2. Психологиялық-педагогикалық жұмыстар студенттердің еріктілік іс-әрекетке мотивациясын, әлеуметтік жауапкершілік туралы білімдерін, әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін және жауапты мінез-құлық дағдыларын дамытуға бағытталады.

6.3. Хаб аясында **Peer-to-Peer Buddy Team, Eco & Tech инклюзия және теңдік, SAQ Officers жобасы** және өзге де еріктілік бастамалар жүзеге асырылады.

6.4. Жұмыстар интерактивті, диалогтік, ынтымақтастық, сервис-оқыту, жобалау, тренинг, жағдаяттық тапсырмалар және рефлексия әдістерін қолдану арқылы ұйымдастырылады.

7. Хаб қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

Студент-ерікті құқылы: еріктілік бағытын еркін таңдауға; қажетті ақпарат пен әдістемелік қолдау алуға; жобаларды ұсынуға және әзірлеуге; хабтың іс-шараларына қатысуға; өзінің еріктілік тәжірибесін талқылауға және бағалауға; жетістіктерінің белгіленген тәртіппен танылуына.

Студент-ерікті міндетті: осы Ережені сақтауға; қабылданған міндеттемелерін жауапкершілікпен орындауға; еріктілік іс-әрекеттің этикалық нормаларын сақтауға; басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге; қауіпсіздік талаптарын орындауға; өзі қатысатын әлеуметтік жобаларға жауапкершілікпен қарауға.

8. Әлеуметтік серіктестік

8.1. Хаб еріктілік іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында білім беру ұйымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, мемлекеттік мекемелермен және басқа да әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық орнатады.

8.2. Әлеуметтік серіктестік бірлескен жобалар, акциялар, тренингтер, кездесулер, тәжірибелік жұмыстар және өзге де қоғамдық пайдалы іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

9. Хаб қызметінің мониторингі және нәтижелерін бағалау

9.1. Хаб қызметінің нәтижелілігі студенттердің еріктілік іс-әрекетке қатысу белсенділігі, жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік серіктестік және студенттердің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасу динамикасы негізінде зерделенеді.

9.2. Мониторинг сауалнама, бақылау, рефлексия, өзін-өзі бағалау, еріктілік іс-әрекет нәтижелерін талдау және зерттеу мақсатына сәйкес диагностикалық әдістемелер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

10. Еріктілерді ынталандыру

Хабтың белсенді қатысушыларын ынталандыру мақсатында сертификаттар мен алғыс хаттар табысталып, еріктілік сағаттары есепке алынады. Студент-еріктілердің жетістіктері университеттің ресми ақпараттық ресурстарында жарияланып, үздік тәжірибелері танытылады.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар университетте белгіленген тәртіппен енгізіледі.

11.2. Хабтың барлық қатысушылары осы Ережемен таныстырылуға тиіс.

11.3. Хабтың қызметі еріктілік қағидатына негізделеді және студенттердің хаб қызметіне қатысуы олардың еркін таңдауы негізінде жүзеге асырылады.

Құрастырушы _____ Утемисова Ж.Е.

ҚОСЫМША Б
Сертификаттар



СЕРТИФИКАТ

Утемисова Жанна Ербосыновна

«Төтенше жағдайлардағы волонтерлікті дамыту және ТЖ жою» жобасының онлайн-волонтерлерін оқыту аясында ұйымдастырылған «Төтенше жағдайлар саласындағы волонтерлік» бағдарламасы бойынша оқу курсын сәтті аяқтағанын растайды

Бағдарлама келесі бағыттар бойынша теориялық дайындықты қамтыды:
- ТЖ-волонтерлікке кіріспе
- Волонтерлік жоба құрылымын түсіну
- Күйінудің алдын алу және стресске төзімділікті дамыту

Подтверждает успешное прохождение обучение по программе «Волонтерство в сфере чрезвычайных ситуаций» проведенное в рамках обучения онлайн-волонтеров проекта «Развитие волонтерства в чрезвычайных ситуациях и ликвидации ЧС»

Программа включает теоретическую подготовку по следующим направлениям:
- Введение в ЧС волонтерство
- Понимание структуры волонтерского проекта
- Профилактика выгорания и развитие стрессоустойчивости

Жоба жетекшісі Г. Камарова

Астана 2026



СЕРТИФИКАТ №SHV-2022SAQ/26

Осы сертификат мына тұлғаға:

Утемисова Жанна Ербосыновна

«Ұлттық волонтерлік желісі» ЗТБ және «Caravan of Knowledge» ҚҚ жүзеге асыратын «SAQ» жобасы аясында әзірленген, «Шеврон» энергетикалық компаниясының қолдауымен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық курсын оқыту негіздері бойынша 15 академиялық сағат көлеміндегі онлайн-оқытуды аяқтады.

Кезеңі: 2026 жылғы 13-19 сәуір аралығында.
Сертификаттың қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 1 мамыр - 2027 жылғы 1 сәуір.

Татьяна Миронюк
«Ұлттық волонтерлер желісі» ЗТБ
атқарушы директоры

*Оқытуға құқық береді



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР ЖЫЛЫ 2026

СЕРТИФИКАТ

№ M_001_2026

Осы сертификат
Является подтверждением того, что

Утемисова Жанна Ербосыновна

«Волонтерлік және қайырымдылық қызметті этикалық тұрғыда жариялау» тақырыбындағы бұқаралық ақпарат құралдарына арналған онлайн-тренингке қатысқанын растайды.

Участвовал в онлайн-тренинге для представителей средств массовой информации: «Этичное освещение волонтёрской и благотворительной деятельности»

Күні: 2026 жылғы 5 маусым.

Дата: 05 июня 2026 г.


Ұлттық волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Досымбетов А. А.

руководитель Национального фронт-офиса волонтеров

Тренер Казиев Б. М.

ҚОСЫМША В

Мемлекеттік мекеме жауаптары


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ІСТЕРІ КОМИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-09-28
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КОМИТЕТ ПО ДЕЛАМ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-09-28
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

Ж.Е. Утемисоваға
Атырау облысы, Атырау қаласы,
Әбілқайыр хан даңғылы, 41 үйі, 85 пәтері

2025 жылдың 28 шілдедегі
№ ЖТ-2025-02513658 өтінішіне

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің *(Бұдан әрі – Министрлік)* Азаматтық қоғам істері комитеті, PhD философия докторы дәрежесін алу мақсатында «Педагогика және психология» мамандығы бойынша дайындалып жатқан докторлық диссертациялық зерттеу аясында волонтерлік қызметіне қатысты мәліметтерді ұсыну туралы Сіздің сұранысыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Волонтерлік қозғалысты дамытуға қызығушылық танытқаныңыз үшін алғысымызды білдіре отырып, ғылыми әрі қоғамдық қызмет шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенімізді жеткіземіз.

1. Волонтерлік қызметке қатысты әкімшілік деректерді жинау жартыжылдық сайын жүзеге асырылады. Елімізде волонтерлік қызметтің негізгі бағыттары – экологиялық, әлеуметтік, патриоттық, инклюзивті, білім беру және басқа да салалар.

Жоғары оқу орындарының «Педагогика» және «Психология» мамандықтарындағы студенттердің волонтерлік жобаларға қатысуы жоғары оқу орындарынан келіп түсетін есептерде тіркеледі. Өңірлік фронт-офистерден алынған ақпаратқа сәйкес, бұл бағыттағы студенттер мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында білім беру және инклюзивті волонтерлік жобаларға белсенді қатысып келеді. 2024 жыл бойынша іс-шараларда 275000 волонтерлер қатысты.

2. Ұлттық және өңірлік волонтерлік фронт-офистердің қызметі туралы

Ұлттық және өңірлік фронт-офистер еліміздің 20 өңірінде жұмыс істейді және волонтерлік бастамаларды үйлестірумен, сүйемелдеумен және мониторингтеумен айналысады. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында аталған фронт-офистер 17441-ден астам оқыту және әлеуметтік іс-шара өткізді.

Фронт-офистердің қызметі бойынша есептерде олардың сандық және сапалық көрсеткіштері қамтылып, 2024 жылдың қорытынды есебі Qazvolunteer.kz порталында жарияланған.

3. Волонтерлерді қолдау және ынталандыру туралы

Волонтерлерді ынталандыру мақсатында жыл сайын волонтерлік қызметті ұйымдастыруға арналған «Волонтерлік қызметті қолдау және волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға және волонтерлік акцияларды өткізуге қатысуға тарту тәртібі жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2025 жылғы 24 қаңтардағы № 26-НҚ бұйрығы шығарылды.

Осы бұйрыққа сәйкес волонтерлер мен волонтерлік ұйымдарды марапаттау тәртібі, оларды түрлі бағдарламалар мен акцияларға тарту жөніндегі ұсынымдар, «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы байқауын өткізу қарастырылған.

2024 жылы аталмыш байқауға 300-ден астам өтінім түсіп, түрлі номинациялар бойынша 20 жеңімпаз марапатталған *(оның ішінде халықаралық жобаны дайындау мен волонтерліктегі инновациялар бойынша).*

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар шеңберінде де «Волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау» саласы енгізілген.

Сондай-ақ, жастардың жаңа бастамалары мен идеяларын қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын жүзеге асырылуда. 2024 жылы аталған грантқа «Волонтерлік» бағыты қосылып, 5 волонтер грант иегері атанды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 бабына сәйкес, Сіз аталған жауаппен келіспеген жағдайда, оған шағым келтіруге құқығыңыз бар.

Төраға **Г. Сұлтанова**

Ж.Н. Закирьянова
☎ +7 (7172) 74-12-86

ҚОСЫМША Г
Марапаттар



АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ

УПРАВЛЕНИЕ
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060010, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77
Тел.: 8(7122) 27-11-14, 27-09-81
E-mail: obl.zdrav@atyrau.gov.kz

060010, город Атырау, Әйтеке би, 77
Тел.: 8(7122) 27-11-14, 27-09-81
E-mail: obl.zdrav@atyrau.gov.kz

03.10.2025 № 2475

Құрметті Жанна Ербосынқызы!

Төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлік қызметті дамытуға, студенттердің азаматтық жауапкершілігі мен әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған нәтижелі еңбегіңіз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Студенттермен бірлесіп төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлік қызмет бағытында жүргізген жұмыстарыңыз олардың еріктілік іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға, жедел әрекет ету, өзара көмек көрсету, жауапкершілік таныту және қоғам игілігіне қызмет ету дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Еріктілік тақырыбындағы ғылыми зерттеуіңіз аясында теориялық ізденістерді студенттермен жүргізілетін практикалық жұмыстармен сабақтастырып, төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлік қызметтің маңызын насихаттауға және жастар арасында еріктілік мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз.

Алдағы уақытта да студенттердің еріктілік бастамаларын қолдауға бағытталған жұмыстарыңызға шығармашылық табыс, ғылыми ізденістеріңізге толағай жетістіктер тілейміз!

Құрметпен,
Жұмылдыру және азаматтық қорғау бас маманы **Б. Наутиев**

000034

Атырау облысы
Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды
реттеу басқармасы

АЛҒЫС ХАТ

Утемисова Жанна Ербосыновна

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын іске асыру аясында өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға, елді мекендердің тазалығы мен көркеюіне және қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қосқан елеулі үлесіңіз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сіздің қажырлы еңбегіңіз бен табиғатқа деген жанашыр көзқарасыңыз өскелең ұрпаққа өнеге болып, еліміздің экологиялық құндылықтарын дәріптеуге ықпал ете берсін! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге береке және алдағы қызметіңізге толағай табыс тілейміз!

Басқарма басшысы: Ж.Қ.Оспан

15 қыркүйек 2026 жыл
Атырау облысы